АТАМЕКЕН

Өмір КӘРІПҰЛЫ

ТАМЫЗЫҚ

АТАМЕКЕН

Өмір
КӘРІПҰЛЫ

ТАМЫЗЫҚ

ӘҢГІМЕЛЕР

«Құс Жолы»
Алматы, 2008 ж.

ББК 84 Қаз 7-44
К 25

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
«Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылған

КӘРІПҰЛЫ Ө.
К 25 ТАМЫЗЫҚ: Әңгімелер — Алматы:
"Құс Жолы", 2008. - 352 - б.

ISBN 978-601-7074-13-5

Өмір Кәріпұлының оқырманға ұсынған бұл жинағы соңғы ізденістерінің жемісі. Кітапқа енген туындылардың тақырыбы сан алуан. Аңыз-әңгімелерінің бас кейіпкерлері — Қожанасыр мен Атымтай жомарт, Алдар Көсе сынды тұлғалар. Өзге де шығармаларында ауыл адамдарының арманы мен мұңы, сағынышы бар. Мысалдарының тәрбие-тәлімдік жағы басым. Қыска да нұсқа жазылған.

ББК 84 Қаз 7-44

К **4702250201**
00(05)—08



ISBN 978-601-7074-13-5

© Кәріпұлы Ө., 2008.
© "Құс Жолы", 2008.

I

Әңгімелер

ШҮЛЕНГЕР

♦ Атымтай хан ордасынан жаяу қайтты. Жүре-жүре көлге жетіп жығылған. Ұйықтап кеткен екен, денесіне тиген қолайсыз бірдеңеден шошып оянды да, ұйқылы кезімен су бетін шолды. Айдынға сыймай шоршыған балықтар таңғы ұйқы ашар ойынына кірісіпті. Түрткі шортандардан басталған тәрізді. Мейлінше молығып алған қомағайлар сойқанды күн шықпай бастап жіберген. Соңына қуғын түскен момын балықтар су бетіне атылып шығып, қайта құлап түседі. Жиекке шығып қалғандары да бар. Жеңді білектей сазандар мен табандар шоршып тулап жатты.

Жалғыз атынан айрылып жаяулап қалған Атымтай бір шешімге келе алмай дағдарып тұрды да қойды. Сөйткенше болмады, қамыс арасынан дәу қара есек шыға келді. Жонынан жарылып семіріп алған момын жануар Атымтайға жақындап келді. Ноқтасы басында жүр. «Енді не тұрыс бар?!» деп қайрады өзін.

Іле кірісті. Өткір кездігімен жас шыбықтарды отап шықты да, себет тоқуға кірісті. Екі үлкен себетке салынған олжасын теңдеп алып, шаһарға төтелей тартты. Базар енді-енді қыза бастаған. Мұны танып қалғандар:

— Уа, әлеумет, Атымтай жомартты қарсы алыңдар! Балық үлестірмекші, — деп жар салды.

Әне-міне дегенше тындырды шаруасын. Балықты қылдай бөлісіп алып, тегін олжаға кенелгендер Атымтайға «Алла разы болсын» айтып, алғысты жаңбырша жаудырды. Қолы ашық жомарттығымен жалпақ жұртқа танылған әпенділеу оны үлкен-кіші қоршалап жібермей қойды. Ырымдап балаларымызға тұмарша ғып тағып береміз деп, ыстықта желпінетін көлдей дәу орамалын бір жапырақтан бөлісіп алды. Қызды-қыздымен қолындағы аса таяғын, мүйіз сапты кездігін, ұзын бойына жараскан шекпенін де «мен алам, мен алам» деп талапайға салды. Қашанғы сабырлы әдетінен танбады. Жүрегін мақтаныш кернеп, бір түрлі жеңілейіңкі сезінді өзін. «Бізден бала-шағаңызға сәлемдеме» деп мырзалық көрсеткендер де табылды. Бір тілемсек «сізге есек мінген жараспайды, маған қалдырып кетіңіз» деп шаужайына оратылып еді, иесіне тапсырамын деп зорға құтылды.

Қала қақпасынан шыққаны сол еді, аш-арықтар бөгеді жолын. Тоқ қоржындағы жеміс-жидекті алдарына тастай беріп, ілгері аттағаны сол, ұрылар килікті. «Сенбісің, Атымтай жомарт? — деп дәу қара сапысын иегінің астына төндірді. — Тырп етсең кеңірдегің қырқылады. Жүйрік атың кайда?»

—Ханға бергенмін.

—Бізге ненді бересің?

—Қалағандарыңды аласыңдар.

—Шеш онда лыпаңды! — деді дәупірім.

—Немді шешейін?!

— Дамбалыңды.., - деді әлгі қарық боп күліп. - Айта жүру үшін, Атымтай жомартты да тонағанбыз демейміз бе. Соның өзі неге тұрады. Белбауың да жетеді бізге.

Әпенді жазған ыржиды. Қайдан біледі екен мені деп ойлады. Соншалықты әйгілі болатындай ненде қызмет етті дейсің ел-жұртқа. Белдігін олжалағандар қыр асқан соң есегін тебінді.

Құлазып кетті бір түрлі. Әкесі түсті есіне. Шіріген бай болатын. Бұларға енші үлестіргенде, үлкен баласы

Қоқырбайға малды аз берді. Бала кезінен өзімшіл, көжесін теріс қарап отырып ішетін тоң мойындау оны әкесі: «Қара басынан артылмайтын қарау болады-ау, осы неме!» — деп жактырмайтын. Әкесінің болжамы дұрыс болды. Үлес аз тисе де, Қоқырбай қойлы бай атанды. Ірі байлардың қатарына қосылып, дәулеті еселей түсті. Мырзалыққа жоқ еді. Аулына арнайы ат басын бұрып, түстеніске келе жатқандарды көріп қалса, үйінен жылыстап кететін әдетке басты. Қонақасыға да сараң. Танымайтын адамды қондырмайтын қытымырлығы жалпақ жұртқа белгілі. Өзгеге сараңдығын былай қойғанда, өзіне де қимайтын еді жылы-жұмсақты. Соғымға кәрі-құртаңын соятын жылқының. Сере деген түсіне де енбейтін. Қыдырмаларға жаны өш. Ит қосып қуады ондайларды. Сұрамшаққа боса-болмаса қырын. Қотан шетіне таяп кеткендерді малымды ұрлағалы жүр деп дүре соқтырады. Аш-арықтарды «содан алыңдар» деп Атымтайға сілтей салады. Мініске ат, көшуге көлік сұрағандар Атымтайдың аулына ағылады. Соғым айында және тонайды кедей-кепшік.

Қара есектің митың-митың жүрісінен қиялы оза берген. Біреулер бай болсам деп армандайды. Бұл бергенге мәз. «Аларманға алтау ал, береренге бесеу көпті» неге ойламайды?! Еншісіне тиген екі қос жылқы, үш отар қой қайда? Жүз қаралы түйе ше?! Құлаш-құлаш ақ киіз бен анасының көзіндей сырмақ, текеметтер қайда?

Атымтай құлазып кетті. Есекпен жол жүріп дағдыланбаған еді. Іші пысты салпаң құлақтың митың-митыңына. Өзінде де бар. Тақымына басқан жалғыз атын хан сұрағанда бере салғаны несі?! Енді міне, итпектеумен қу жаны келеді. Балық сатып бала-шағасына базарлық апармақшы еді. Оны да бұйыртпады өңшең аш көз сұрамшақ. Ау, сонда олар мұны арнасынан асып жататын Еділ — Жайық деп біле ме?! Асау толқыны жағалауды жеміріп жайыла ағатын өзен де ортаяды. Кісіге біткен дәулеттің де есебі болады, судың да сұрауы бар.

Есекті көл жиегіне жіберді де, ағасының аулына жаяу

тартты. Әне-міне дегенше келіп жетті ақ шаңқан үйлердің сыртына. Иттер үріп шықты алдынан. Жойдасыз қабаған төбеттердің қоршауында қалған ол шырғай шоқпарды нәштеп сілтеді.

— Сенбісің-ей? — деді іргені түргізіп тастап көлеңкелеп жатқан ағасы. — Диуана боп кеткеннен саумысың?!

—Одан да құр емеспін, — деді Атымтай.

— Біздің тұқымға дәруіш жетіспей жүр еді, — деп осқырына мырс етті Қоқырбай. — Ойсыраған орынды сен толтыратын болдың.

— Мейлі, ауыз өзіндікі ғой, не десең де еріктісің, — деп ол ағасына жек көре қарады. — Жаяулап қалдым. Маған бір аттың майын қи.

Үй иесі осқырынды.

—Жомарт болғандағы сиқың осы ма?!

... Қолдаулаған құла құнанға мінген Атымтайдың аяғы жер сызып келе жатты. Қарсы жолыққан бала:

— Атымтай жомартты іздеп шығып едім, — деді бір түрлі мұңайып. — Мырза дейді ел оны. Байдын қозысын бағушы едім. Тайды зорықтырып өлтірдің деп төлеуіне жалғыз сиырымызды алып қойды.

Атымтай сөзге келмеді. Құнанды балаға мінгізді де, ілгері озды. Белеңге шыққан ол ойдағы ауылды шолғанда, өз көзіне сене алмады. Бес қанат құба төбел үйдің маңы қара-құраға толып кетіпті. Үй сыртында мама ағашта байлаулы тұрған құбақан ат назарын бірден тартты. Қалмақша қаңтарылған ер-тоқымды аттар да көңіліне күдік тудырып, әр ойдың басын бір шалды. Есік алдындағы шымдауытта желіге байланған құлындар тыпыршып шиыршық атады. Биелер де дамылсыз бас шұлғып, шыбындап тұр. Жүзге тарта ұсақ мал тобылғы өзекте жайылып жатыр. Үш қыздан кейін көрген жалғыз ұлы қой-ешкінін соңында жүр. Тай мініп алыпты. Бәйбішесі Жауқазын ақ жаулығы ағараңдап жер ошақтағы отты қағыстырумен әлек. Қара қазан қақпағынан бу атады. «Келген қонақтарға ас қамдап жатыр-ау» деп ойлады.

Үлкен қызы бой жетіп қалып еді. Құда түсуге келгендер
ме деп жүрісін жылдамдата түсті.

Келген ханның уәзірі екен. Атымтайды қусырмалап суын қайтарып алған соң, хан жарлығын мәлім етті. Жарлықтың ұзын-ырғасы мынаған саяды: — Байлықты өз орнына жұмсамай рәсуа ету — ел ақтаған қыдырмашы мен арамтамақтардың дәс алуына, жатып ішер жалқаулардың, тегін асқа тік қасық ашпа-жалап қомағайлардың еркінсуіне әкеп соғады. Кімде-кім малды орынсыз жұмсап, асыра шашпа мырзалыққа салынса, дәулетін ысырап етіп дарақылық көрсетсе — талқыға түсіп жазаланады. Мақтан құмарлықпен жомарт атанғысы келгендердің малы тәркіленеді. Хан жарлығына құлақ аспағандар қатал жазаға ұшырайды. Елден қуылады. Уәзір мұнымен де тынбай, Атымтайға ханның жеке сәлемін ауырлатып айтты. Мына он құлынды бие үш жылда бір қос жылқыға жетуге тиісті. Жүз қой екі отарға ұласады. Өйтпеген жағдайда әміршінің қаһарыпа кезігіп керт басына қатер төнеді.

Атымтай құп алды хан бұйрығын. Қиқақтаса қара есекке теріс мінгізіп, алдына сап айдап кетуден тайынатын түрі жоқ мына уәзірдің. Ілік іздеп тиісерге сылтау таппай отырғанын көрмейсің бе?!

- Құп, тақсыр! - деді Атымтай кеудесіне қолын апарып. — Хан иемнің сенімінен шығуға тырысамын.

Жау жетті, ел көшті заманнан титықтаған, қара халық хан жарлығын мақұл көріп қарсылықсыз мойын ұсынды. Тамақсау қомағайлар құлқынын тыйып, қыдырымпаз аш көздерге де тоқтам түсті. Сұрамшақтың да қолы созылмайтын болды. Беруге жоқ, алуға бар ындыны кепкен нысапсыздар да амалсыздан тоқырады. Ағайын-туысқа салығын салып міндетсіген жатып ішер жалқаулар да өз күнін өзі көруге дағдыланды. Сонымен қоса, сарандық етек алды. Әміршінің тыйымын бетке ұстап сылтауратқандар кесіп алса қан шықпас безерлікпен жат тұрмақ жақынына да бұлдады су-суанын. Байлыққа дәнігіп, мыңғыртып мал өсірген сасық байлар ырысымызды шайқайды деп, аш-

арықты ауыл маңына жолатпай ит қосып қуды. Қонақуарлық пен мырзалық мүлде ұмытылды. Кісілік пен бекзаттылық тек қана байлықпен өлшенді. Бай байға, сай сайға құйды. Қара тобырдан күй кетті. Итшілеп өлмес күнін көрген кедей-кепшік дүмділердің табанына тапталып құлдыққа түсті. Мейірімсіздік етек алып, адамдар бір-бірінен сырт айналды. Мырзалық пен шүлендік мүлде ұмытылды. Шық бермес Шығайбайлардың қатары молығып, сараңдық салтанат құрды.

Жан керек еді Атымтайға, жұмылған қолы біразға дейін ашылмай жүрді. Нағыз сараңның өзі болмаса да соған жақындады. Табан тіреп қала алмады біржолата. Қанына сіңісті әдет күндердің күнінде қайта күш алды. Жоқ-жітікті аяды. Ішіне кіріп орныға бастаған қаттылық берішке айналып жүрегіне шауып кететін түрі бар. Соны байқаған ол ескі машыққа қайта басты. Көбейе бастаған мал бірте-бірте ортаюға бет алды. Құдай қосқан қосағы аларманның жолын бөгеп: — Халқым-ау, аямайсыңдар ма?! Қылша мойны талша қиылатын болды ғой мына әпенді байғұстың! Қатынын жесір, баласын жетім қалдырып, болмашы ырысың шайқағанда ел алдына шығасыңдар ма? — деп беттерін қайырмақшы болып еді, ерегісе ентеледі қаптаған сұрамшақ. «Атымтайға хан береді, бізге кім береді?» — деп бет бақтырмады.

Басында мырзасынбау керек еді. Дәндеткен өзі. Жауқазын еріне қарады. Ері жерге қарады. «Болмас, — деді Атымтай нық шешімге бекіп: — Жұртым үшін жан пида. Көппен көрген ұлы той».

Бір отар қой мен төрт-бес айғыр үйірлі жылқы айналасы бес-алты айдың ішінде кедей-кепшіктің күн көрісіне сеп болды. Атымтай да қарап қалмаған, шарт қойды оларға. «Менен алған мал молығатын болсын». Құп десті жарлы-жақыбай.

Күндердің күнінде шабарман жетті хан ордасынан. Атымтайды қусыра келді. Өрістегі малының есебін алды. Сауындық төрт-бес ешкі, ыңыршағы айналған жауыр аттан

басқа түк таппады. Ордаға айдалып келді Атымтай пакыр. Әміршінің қабағы қату еді. Мұртының шалғайы құлағына оратылған бас уәзір салғаннан суықсып, хан жарлығын алқа-қотан отырысқа жиналғандарға мәлім етті. Шартты орындамай бұра тартқан, жарлыққа құлақ аспай өзім білемге салынған, жалған мақтанға беріліп, ел алдына шығып, асыра шашпа мырза атанбақшы болған Атымтайға кешірім жоқ. Өзге мырзалар жұмылған қолын ашпаған қалпында дәулетті еселей арттырып елбасының құзырына тоқтаған. Соның арқасында, дала малға толып, ел дәулеті еселенген. Сараңдық салтанат құрып, мақтанқұмар жалған жомарттар азайған. Дайын асқа тік қасық жалқаулар жөнге келіп, адал еңбекке бейімделген. Тегін ас аузынан қайтқанға дәніккен жатып ішерлер тырбанып жан сақтаудың қамына көшкен. Жалғыз Атымтай ғана бұра тартып жарлыққа құлақ аспаған. Түпкі максаты белгілі — игі жақсылармен деңгейлесіп, жұрт көзіне түсіп жомарт атанбақшы. Бүйректен сирақ шығарып, шырық бұзған мақтанқұмарға кешірім болмақшы емес.

Атымтай көзімен жер шұқыды. Ләпбай тақсырлаған өңшең жарамсақ уәзірдің шешімін мақұлдап қолдады. Мұны су түбіне кетіруге ыңғай беріп, саған сол керекті бір ауыздан даурығыса айтысты. Ағасы Қоқырбай да солардың жағында. Әміршінің әлпетінен және шошыды. Заманның ойпаң-тойпаңына киліге-киліге еті өліп кеткен қатыгез хан мұны шыбын құрлы көрсін бе?! Уәзірдің мәлімдемесін құп алды.

- Дарға асылады, - деді уәзір ордаға жиналғандарды тепсір-тентек көзімен шұғыл шолып. - Құнын он еселеп толтырып, жан сауғаға айып төлеп құтқарып қалам дейтіндер болса айтсын датын.

Үнсіздік ұзаққа созылды. Шыдамады білемін, Айдабол шешен сөз бастады. Қамшысын алдына көлденең тастай беріп: - Ей, ағайын, ел ішіндегі момынымыз емес пе?! Өкпеге қисақ та өлімге қимайық. Көп түкірсе көл. Құтқарайық жазадан, — деді ел жуандарына сұрау тастап.

— Болмайды! — деді мыңды айдаған сараң байлардың бірі жылқыша осқырынып. — Далада жатқан малымыз жоқ. Жомартсыған немеге сол керек!

Осымен сөз тоқтады. Уәзір тағы ұйытқыды. Ең ауыр жазаға тартылады деп ескертті. Басы алынады. Қылышпен шабылады мойны. Соны нығарлап тұрып айтты.

Атымтай селт етпеді. Ағасына қарап еді, оның да беті қалыңдап алыпты. Түк шімірігетін емес. Ханның алғысына бөленген бай-бағландар сараңдықтан алдарына жан салмағандарына мағұрланып күлмең қақты. Шүленсіген неменің әуселесін көрейік енді дегенді қабақтарымен аңдатып түрт шайтанға басты. Атымтайға тілектестер қыбыжықтай берген.

Хан жазғы қоныста отырған еді. Он екі қанат ордаға тіркесе тігілген ақ шаңқаннын маңы қара-құрадан шола. Ордаға жиналғандар сыртқа шыққанда, мал тұяғынан көтерілген шаңды көріп таң қалысты. Отар-отар қой, үйір-үйір жылқы айдағандар хан ордасын жан-жақтан қусырмалап ентелеп кеп қапты. Мал айдаған жаяу-жалпылы қара тобыр бір қыдыру. Ашулы ма калай өздері, ащы айқайы тіке құлаққа ұрады. Өң-түстері өрт сөндіргендей түтігіңкі. Ат үстіндегілер тіптен екпінді. Бастырмалата тықсырады қалың жылқы үйірін. Өгізге мінгесіп, түйе мінгендердің де айқайы ащы. Мал айдаған боп, жау қайдалаған олардың сыңайынан сескенген шабармандар «қайт-қайттап» ереуілдеп еді, қызыл судай лықсыған қалың нөпір бой бермеді, ордаға ентелей берді. Жылқы кісінеп, қой маңырап, төңірек азан-қазан боп кетті. Айқай-ұйқай үдеді. Екі жақ сойыл соғыстырып та қалды. Осы мезетте түйелі біреу ордада ошарылған жақсы-жайсаңдарға тақап келді. Ақатанды желдірте екпіндеп кеп тоқтаған қол тоқпақтай қара шал қыранша саңқылдап, жұрт назарын өзіне аударды.

— Уай, хан ием, көгеріш топырағымен өнікті, хан ел-жұртымен келісті! Қарашаның қамы деп қара тобырға сынақ бергеніңе, жалқауды ширатып, жатып ішерді қатарға

қосам ба деп жасаған амалыңа қарсылығымыз жоқ. Елде бар болса, ерінге тиеді, жауда бар болса, тезегі тиеді. Қойыннан төгілсе қонышқа. Өз өлтірмейді, жат жарылқамайдыны малданып, пейілі кен, ниеті түзу шүленгерден дәметсек онын несі сөгет? Жатқа жағынып, жауға бағынып сауға сұрасақ — бауырластығымызды бұлдағанымыз шығар. Дүние кімдерге жолдас болған. «Бай — бір жұтық». «Қас екеніңді қабағыңнан танимын, саран екенінді табағыңнан танимын» деген ғой атам қазақ. Хан ием, артық кетсек айыпқа бұйырма. Қабағыңыз түйілетіндей қара халықтың сізден бөлектенген жері жоқ. Жауда да біргеміз, дауда да біргеміз. Жаратқан ием ала қайғыдан сақтасын. Кісі қайғысыз ішкен қара суға да семіреді. «Қара құс басып жеген, сұңқар шашып жеген». Ортамызда бір жалпақ жұртқа жанашыр шүленшіміз жүруші еді. Жазығы — жесірді есіркеп, жетімді жұбатқаны. Өле жегенше — бөле жегені. Албасты да алғанын орнына салады. Мына қаптаған мал Атымтайдың иелігінде. Өз бергенін өзіне қайтардық, — деп тоқтады сұңқылдақ шал.

Хан аз сөйлейтін аузы ауыр адам еді. Замана зобалаңы ет жүрегіне салмақты көбірек түсіріп қасаңсытып жібергені болмаса, сырты суықсығанымен іші үгітілме-тін. Жұмсақ еді кей жағдайда. Көпте ақыл бола бермейтініне билік тізгінін ұстаған жылдарда көзі әбден жеткен. Сараңсыған қытымырларды, ашпа-жалап дүние қоңыздарды шық бермес шығайбайлар мен қара судан қаймақ қалқыған қарымбайларды қолпаштағанда көздегені — өсер жасты өнікті де, өрісті адал еңбекке бейімдеп ата кәсіптен қол үзбей бейнетпен мал тапсын дегені еді. Кеш жарығынды кенде қылмайтын қыдырмаларды тұқыртып, нысаптыларға жол ашсам ба дегені еді. Сырттан келетін су жұқпас сумақайлар мен сұғанақтардың жолын кесіп, олардың ішке кіріп еркінсіп кетпеуіне тосқауыл болар деген түпкі ойы және бар-тын. Ішті былай қойғанда, іргеден сұғынғандар қауіпті. Жата-жата жамбасқа, келе-келе қойынға еніп, есіктен кірмей жатып төр менікі дейтін жат елдің кеудемсоқ

кекірлері - иесі момын үйді қонағы басынардың керімен қазақтар адал асын бөгденің аузына тосады, астындағы жалғыз атын түсіп беретін кеңпейіл шетінен дегенді әуезелеп, ішке кіріп алып, қамбаға үймелеген ала қоржындай тіске басар қызылыңды сыртқа тасыса не болғаны?! Сондайлардың алдын алудың амалы-тын. Бақса, сарандық бойға сіңіп алса, дертке бергісіз екен. Ондай сырқауға шалдыққандар дүниеге көзі тоймай, қайырымсыз қатыгез боп, адамгершіліктен алыстап, ардан безген атанады. Ардан безгені емей не? Мынды айдаған өңшең сарандар өзгені былай қойғанда өзіне де қимайтын кепке ұшыраған. Иығына ілгендерін қарашы — шидем-шекпен жыртық шапан. Аяғына кигені — көн етік. Бастарындағы жалбағайы тіптен өнсіз, кейіптерін сұрықсыздандырып, сұрын кетіріп тұр. Барлыққа мастанғандардың сырты келіспесе оған кешіріммен қарауға болады. Іші де бос бұлардың. Аталы сөзге жоқ «ләпбай тақсырлаған» өңшең жарамсақ күншілдікті өршітіп қараулыққа басқанын көрмеймісің?!

— Ұрлықы мал ғой мыналары! — деп бәрі бір ауыздан даурығысты. - Көз алдағанға сеніп қалмаңыз, хан ием.

Әмірші ширықты. Атымтайды сыншыл назармен бағып еді, сырты мен ішін қатар ұстап, суытқан аттай селт етпей тұрысына іші жылыды. Сабырлы момын кейпіне және сүйсінді. Оған мағұрланған хан шешімін өзгертіп:

— Атымтай шүленші ақылгерім боп ордада қалсын! — деді жұртқа естірте. - Сараңсыған қарау байларға отыз қамшыдан дүре соғылсын. Жарлық қолма-қол орындалсын!

Атымтай жомарт турасындағы аңыздың бір парасы осы. Жақсылықты дабыралап жас ұрпақтың құлағына құя берсе, ертеңіміздің еңсесі биіктеп, елдігіміздің тынысы ашылып, қайырымдылық пен жомарттық салтанат құра бермекші.

АТАМЕКЕНІН АҢСАҒАН ҚОЖАНАСЫР

♦ Бүгін ол ерте оянды. Бәйбішесі ойына күдік алды. Көріпкел құмалақшы Қожанасырға жақында жол жүресің, алыс сапарға аттанасың деп сарындағанын естіп қалған. Үйде болғанынан түзде ерулегені басым күйеуін жолынан қалдырып, шаужайына жармасу әдетінде жоқ. Бәрібір ол бұған тоқтамас еді.

— Қайда жиналдың? — деді Зәйтүн қасақана кейістеніп. — Дәйек жоқ қой сенде, отағасы.

— Олай деме, — деді Қожанасыр өзінше маңызданып. — Мен бұл жолы ұзақ сапарға аттанамын.

—Меккеге ме?

—Ата жұртқа.

— Өз елінде, қасиетті түрік жерінде, туған қыстағыңда тұрып жатып ата жұртың не-ей, отағасы?! — Зәйтүн ашуланды. — Ес жоқ-ау сенде, әпендім?! Жер ортасынан асқанда үйірінен шығандаған кәрі жылқыдай қиянды бетке алғаныңа жол болсын! Жат елге барып, не опа табасың?

— Ежелгі ата қонысымыз емес пе қасиетті Тұран жері?! Биік-биік таулары бар, айдын шалкар көлдері бар. Бұлқынып аққан бұлағы, қияға өрлеген шынары бар, құт мекенді бір көрсем деп ниет еттім. Бетімді қайтарма. Акылың бар еді ғой, бәйбіше.

— Ондай ғажайып өлкеден, жер жаннатынан басында неге ауған ата-бабаларымыз? Отыра бермегені қалай?

— Әйелмісің деген?! — отағасы зайыбына жаман көзімен қарады. - Түрік бабамыздың отыз ұлы болған. Солардың дені ата мекенде төрт құбыласы сай ел болып отырған көрінеді. Оның ішінде Алаш жұрты нығым отыр деп естимін. «Керегеміз — ағаш, атамыз — Алаш» деп өздерін еркін ұстайтын дала мінезді дегенді естіп жүрмін. Ежелгі көне бабаларымыз көк түріктің ұрпағымыз дейтін көрінеді. Тілі мен дініне, дәстүр-салтына берік, қайсар да намысты қандастарыма бір көрінгенім жөн шығар. Хассақ бауырларыммен дидарласқанымның өзі неге тұрады. Одан да жөн екен деп, оң сапар тілемеймісің, катын-ау!

— Кім бастайды сені онда? — Зәйтүн кәдімгідей-ақ шамырқанды. — Қасында сенімді жол серігің болса екен?

— Көк есегім аман болса, өзі-ақ апарады адастырмай, - Қожанасыр әйеліне бұйырды: — Сөзді қой да жол азықты қамда!

Қожанасыр іле шықты жолға. Көк есектің митың-митың өнімсіз жүрісімен Үшкіл таудын бауырындағы қыстақтан бірте-бірте ұзай берді.

— Жол болсын, Нәсіриддин қожа! — деді қарсы ұшыраскан ауылдасы.

—Әлей болсын!

—Бет аласың кай жақ?

—Ежелгі ескі жұртқа. Ата қонысқа.

—Ол қай тұс?

— Шығыста. Хазар теңізінің бойында, Тұран өлкесінің ойында. Аспан таудың етегінде, Сарыарқаның төскейінде, Сырдың жағасында, Жайықтың сағасында, Алатаудың төрінде, Ібір-Сібірдің төрінде...

— Ау, бұны қайдан білесің? — деп ауылдасы Нәсіриддинді шалып өтті. - Есегің ұғындырған шығар?

— Ағаш аралаған үйші, ел аралаған сыншы болады деген ғой бабаларымыз. Сен деймісің үй күшік?! Әйелінің қасынан шықпайтын, — деп танысын әзілмен түйреді Нәсіриддин. — Сұрай-сұрай Меккеге де барасың. Шын ниет еткенге қашық емес ол жақ.

— Төреңе құлдық, Нәсір әпенді! — деп анау екі қолын кеудесіне қойды. Ақ жол тілеймін саған.

— Ә, бәлем, солай ма? - деп масаттанды Қожанасыр. - «Қонақты көп қондырма — сырыңды алдырасың, жолаушыны бөгеме — жолынан қалдырасың» деген ғой бұрынғылар. Менен сәлем айт сұраған жанға. Алла жолымды оңғарса, бес-алты айда оралармын.

Ол енді аялды азайтты. Күн шығысты бетке алып суыт тартты. Өндімей-ақ қойды көк есектің жүрісі. Кінә есектен емес. Анау да бөгейді, мынау да бөгейді.

—Сапарлап барамысыз?

—Алла жолымды оңғарса.

—Межелегенің қай тұс?

—Ата мекенде қалған бауырларға.

—Оларың кімдер?

—Қазақ туғандар.

—Сәлем айтыңыз бізден.

—Құп, болады!

Жүрісін түзеп алған еді көк есек. Тағы бір жүз танысы бөгеді Нәсір әпендіні.

—Жүрісің суыт қой, Нәсір бей?

—Бауырларымды іздеп барамын.

—Адасып кетіп... сүйекке таңба боп...

— Жаман сөзге барма, Әзиз бей! Көк есегімнің қолқасы аман болса жолда қалмаспын.

Есек демекші, үнемі ел аралап, жер көрумен жүретін Нәсір әпенді талай шырғалаңға ұрынғанда, адамнан зият көк есегінің арқасында амалдап құтылып кететін қатерден. Бір жолы мұны жолбасарлар ортаға алсын. Қойны-қонышын тінткілеп, зықысын шығармай ма?!

Жасырған алтының қайда?

—Етігімнің қонышына тыққанмын.

Неге өтірік айтасың, жоқ қой қонышыңда.

Әй, болмадыңдар-ау! — деді ол жаны күйініп. — Есегімнің ыңыршағына жытырғанмын.

Білекгерін сыбанған ұрылар көк есектің көтеншегін армансыз сүзіп шығып: - Мұнда да жоқ. Өлтіреміз шынынды айтпасаң! — деп пышақтарын жалаңдатқанда, жаны қысылған Қожанасыр есегінің аузын нұсқайды.

Тісіне қыстырғанмын, тісіне!

Енді әлгілер көк есектің көмейіне салсын қолды. Әбден зықысы шығып қиықтанған хайуан көмейіне сұғынған қолды азуға басқанда, озбырдын жан даусы шықпай ма?! Қиықтанған ашулы есек ұрылардың олайғысын былай, былайғысын олай қалған ғой. Ұрылар естерін жиып бір шешімге келгенше, Нәсіриддин әпенді көзден тасаланып үлгеріпті.

Бір жолы Нәсір қожа базарға бармай ма.

— Әй, әпенді, есегіңді сатпаймысын, — дейді бір делдал.

— Бағасы удай ғой, — деп кергиді бұл. — Есті ғой, жануарым.

—Есті екенін дәлелдеп берші.

— Онда былай болсын, — дейді Нәсіриддин делдалға сұқтана тесіліп. — Қанша ғұмырыңның қалғанын менің есегім айтып бере алады.

Базаршылар «кәне-кәнелеп» есектің аузын бағыпты.

— Аузы емес, көтені сөйлейді, — деп Қожанасыр есегін бүйірінен жұдырығымен нығарлай нұқығанда есек тырқ-тырқ осыра бастайды.

— Неше осырса, сонша жыл өмір сүресің, — дейді де бұл есегін жетектеген бойда базар дарбазасына жылыстайды.

Әлгі әумесер: — Ақысын берейін, есегіңді көбірек осырта көрші! — деп жалынады ғой.

Сөйткен ақылды жануар мұны жолда қалдыруы мүмкін емес. Жүре берді, жүре берді. Үш күн, үш түн. Бәлкім, үш жұма, әйтпесе айларды артқа тастаған шығар. Нақты есебі есінде қалмапты. Есіл-дерті көне қоныска жетіп, хассақ бауырлармен аман-есен кауышып шер-құмардан шығу ғана. Есегі де бұрлықты, өзі де титықтады. Сонда да қайтпады алған бетінен. Бір бұлақтың басына кеп, есегін шалдырған. Ұйықтап кетіпті. Қасиетті Тұран жеріне кеп жеткен екен дейді. Үлкен де, кіші де мәре-сәре. Сонау Анадолыдан Нәсір бауырымыз іздеп кепті деп, ұлан-асыр той жасап, ат шаптырып, балуан күрестіріп жатыр. «Қожеке, сізді жауырыны жер иіскемеген палуан деп естиміз. Ортаға шығыңыз». «Бір қолымды қайырып артыма таңып тастаңдар, екі қолыммен ұстассам жазым боп кетуі кәдік күрескен адамым».

—Есегіңізде нендей қасиет бар?

—А, бұ жарықтығым, анда-санда ақша тышады.

— Онда бұл салпан құлақты бізге қалдырып кетіңіз, көзіңіздей көріп жүрейік.

— Менің Қожанасыр атанып жүргенім осы

жарықтықтың арқасы. Бере алмаймын, қалдырмаймын жануарымды!

Ояна келсе, есегін біреу жетектеп бара жатыр екен. Әлгіні тоқтатып, жөн сұраған. Мұны аяғына отырғызар емес. «Есек менікі», — дейді. Осыдан бес-алты ай бұрын қорадан шығып кетіп, іздей-іздей тапқан беті осы көрінеді.

— Нендей белгісі бар еді есегіннің? - деп сұрады Қожанасыр.

—Бір құлағы екінші құлағынан ұзын.

— Есек атаулының бір құлағы екінші құлағымен бірдей болмайды еш уақытта, — деп Қожанасыр бет бақтырмады. — Менің мінгішімнің ерекшелігі тайға таңба басқандай. Тышқанда боғының арасынан ділдә шығады ылғи.

—Қисынсыз!

— Олай болса, бәстесейік, — деп Нәсіриддин әпенді қолына түкірінді. — Бұл деген оңайлықпен тезек тастамайды. Біраз бусандырып шапқылатып алу керек. Сонда ғана ытқытады.

Қожанасыр есегіне мініп алды да, анаған нұсқау берді.

— Көзіңді есектің көтеншегінен айырмай, менің соңымнан бүлкектеп еріп отырасың. Серті былай — бусанып терлей бастады ма, онда құдай берді дей бер, тіке атқытады. Сен де карық, мен де карық.

Әлгі әпенді қуанышын жасыра алмай алақанына түкірінгенде, Қожекең есегін тебініп қалды да, тапырандата жөнелді. Бірте-бірте екпін алып ұзай берді ашық ауыз аңқаудан. Өкпесі өшіп діңкелеген оған: - «Ақымақ бас - екі аяққа дамыл бермес» дегенді есіне тұт, — деп қолын бұлғай-бұлғай қыр асып кете барды.

Жала жауып есегін олжалап кете жаздаған әлгіден аман-есен құтылған соң, сапарын әрі қарай жалғастырды. Жолын қырсық шалып, кедергіге тап бола берді де, бағытынан жаңылып адасайын деді. Қайдан келіп, қайда тұрғанын біле алмай дағдарып кәрі жолдас есегіне рай берді.

— Саған сендім енді, - деді бір түрлі босаңсып. — Қиыннан жол табатының бар еді ғой. Орта жолдан қайтсам,

дос-дұшпанның табасына қаламын. Бәрінен де үйдегі қатынның кекесіні батады шымбайға. Баста мені қасиетті ата жұртқа!

Кәрі жолдас көк есек иесінің қиналғанын білгендей пысқырынды. Есегі бастап, Қожанасыр қоштап жалғаса берді жүргіншілік. Бәлкім, екі апта, әйтпесе бір ай. Жүріп келеді, жүріп келеді. Жол мехнатынан қажығанда, әндетіп те алады. «Шыда Нәсіриддин, шыда! Атамекенге аман-есен жетіп, хассақ бауырлармен қауышқанда ұмытылады жол азабы».

Есек ұзарта түсті аяңын. Қыза-қыза бүлкекке басты. Ынталы жүрісін жақсы ырымға жорыды иесі. Күндізді былай қойып, түнде де жалғастырды сапарын.

Түн көзге түртсе көргісіз еді. Есегін еркіне жіберген Нәсір әпенді ел шетіне кеп іліккенде, шаһарға бергісіз қыстақты көріп: «Хассақ бауырлар үнемі көшіп-қонып жүреді деуші еді. Отырықшылыққа бейімделгені бек жақсы болған екен!» деп қуанып кетті. Тізгін тартар сәттің келгенін анық сезініп, қай үйге түссем екен деп ойлағанша болмады, есегі шеткергі құжыраның дарбазасына тұмсығын тірей тоқтады. Ит үрді. Үрісінде дігерлеген байбалам жоқтай көрінді де, алың-бұлында қарауытқан үй көзіне жылы ұшырады. Тысқа шыққан әйел: — Ау, бұ кім? - деп дауыстады.

— Бұл біз! — деді Нәсіриддин әпенді әйелін даусынан танып. — Кеп қалдық...

Әлкиса, Нәсіриддин әпенді Анадолы жерінде шыр етіп дүниеге келіп, ат жалын тартып мінгеннен бастап сайқы-мазақ күлдіргі мінезімен жұрт назарын өзіне аударумен өткен жан. Ол сондайлық, ашықауыз аңғал адам емес-тін. Жылағанды жұбатып, мұңайғанды күлдірсем деген ізгі ниеті оны мүтін дүниеге мәшһүр етті. Атағы Түрік елінен асып, көршілес халықтарға тарады. Шамамен он бірінші ғасырда дүниеге келсе керек. Нәсілі түрік болғандықтан, атамекенін аңсап, ежелгі қара қоныс Тұран өлкесін бетке алып, сапарға шыққаны, бабаларының құтты қонысынан

тапжылмай елдігін сактаған қандас бауырларымен қауышып, шер-құмардан шықсам деген ниеті — аңыз да болса ақиқатқа жуық.

Әйтсе де, былайғы сыншы көз Нәсіриддиннің ұзақ сапарға белі берік жүрісті ат мінбегеніне күмән келтіруі кәдік. Оған аздаған дәлеліміз бар. Жанның бәріне жалпақ шешей, көңіл жықпас, ақпейіл аңқылдақ адамға ат құтая ма?! Ата-бабадан үзілмей келе жатқан сеніскен досына астындағы атын түсіп беретін мырзалықтан Нәсір қожа да құр емес-тін. Кедей қолды мінгіш есекке ер салатыны содан да шығар. Ал оның ата қонысын аңсағаны құдайдың бірлігіндей десек қателеспейміз.

Қордалы мекеннен ессіз есірік қана жырақтайды.

КӨСЕНІҢ ХАНДЫ АЛДАҒАНЫ

♦ Ырыс-құт Бізбикемен ере келген-ді. Аяққа құйған астай шағын дәулетті келін боп босаға аттаған күннен бастап дөңгелетіп әкеткен. Шаруақор әйел Алдар Көсеге де камқор. Елдің еркесі атанған Алдардың ер-тұрманын оңап, үсті-басын бүтіндеп, жұтындырып қояды. Сыртын түзеуге жоқ күйеуін канша аялап мәпелесе де, Алдерекен алаң-ашық қалпынан жаңылмайды. Сол әдетіне ыза болғанда Бізбикенің тілі шығады.

— Балалардың көкесі-ау, бой-басынды оңап, сұлу торы аттай боп жүрмеймісің? — деп ренішін өтінішпен жеткізеді. - Саған келмейді сөз, маған келеді. Әйелі салқ деп сөз шығарады былайғылар. Үйден жөндем шығасың да, тоналып келесің.

Онысы рас. Қыл-аяғы қолына ұстаған шырғай сапты камшысына да ие бола алмайды. Басқаларды алдаймын деп жүргенде, өзінің шашылғанын білмей қалады. Аты кетеді ұрының жетегінде. Бір сумақай ер-токымын жымқырады. Жезделеген балдыздары азын-аулақ тапқан олжасын талапайлап және шығарады зықысын. Сырт киім құтаймайды. Белдік пен кісе отырған жерінде қалады.

Бізбике күйеуін әзірейілдей тергеді.

—Мауыты шапаның қайда қалған?

—Қонған үйде.

—Белдігің ше?

—Шешінген жерде.

—Күміс кісеңді кімге сыйладың?

— Тарту еттім сапарласқа.

Бізбике не күлерін, не жыларын білмейді.

—Көлденең тапқан олжаң қайда?

—Жоқ-жітікке үлестірдім.

—Қатын-балаңды кім асырайды?

—Сен барсың ғой.

Бізбике күледі еріксіз. Күлмегенде, жыласын ба енді. Атағынан шатағы басым сайқы-мазақ кушыкеш Алдардың көрмей-білмей етегінен ұстаған жоқ. Жүрегі кірсіз, аңқылдақ, ашық мінезді азаматты шаужайлауға дәті бармайды. Онда күйеуін жоғалтып алады. Ел ақтаған қыдырмалығын сұрамшақтыққа жеңдірсе қайтер еді?! Бұл білетін Алдекең ондай ұсақтыққа бара қоймайды. Өзін де, өзгелерді де мәз етіп, жалпақ жұртты күлкіге қарық қылып, езуін жидырмағаны үшін жамағаттан ақы сұрап не қылады?!

Бізбикені де азғырып айнытатындар бар. Күйеуін қусырмалап қоятыны содан.

—Қатын, жол азығыңды қамда.

—Тағы да сенделіс пе?

—Олай демеші. — Алдар басын шайқап-шайқап жіберді. — Жау жетті ел көштіден халық әбден запыс боп қалды емес пе?! Солардың көңілін аулаймын, қабағындағы кейістіктерін сейілтемін.

— Сені хан іздетіп жатыр дейді, ол не сөз? Бірдеңені бұлдіріп қойған жоқпысың?!

—Бара көрем ғой.

— Байқа, балалардың көкесі, хан құдай емес, құдайдан былай емес. Басқа пәле — тілден. Тіліңе сақ бол.

—Онда маған ауыз тұмылдырық жасап бере ғой.

Бізбике күліп жіберді.

- Әй, біздің үйдің кісісі-ай, саған дауа жоқ!

- Дауа сенде бар ма еді? Бай таппай калатындай жабысқан өзің емес пе маған.

Ерлі-зайыптылар қосыла күліп мәз болды. Бізбике күйеуін аттандырудың қамына кірісті. Ат-тұрман әбзелдерін реттеді. Отағасының жолға киетін киімдерін ыңғайлады. Ала коржынды азықпен сықады. Шөлдеп қалмасын деп торсыққа ашымақ құйып берді.

Алдар әсте кексе ат мінбейді. Құнан мен тайға әуес. Белі көтеріліп көбеңсіген қаска құнанға мінген Алдар Көсе керуеншілерге жанасалай жүрді. Бір бұлақтың басына кеп ошарылған олар бұдан жөн сұраған.

- Қайда тарттың?

- Базарлап бара жатырмын шаһарға.

- Белі берік мықты ат мінбегенің қалай? Жолда қаласың ғой қолдауы түскен арық құнанмен.

Алдар бір түрлі мұңайыңқы кейіпте қынжыла жауап қатты.

- Бұл құлағың құрғыр, жебір боп тұр ғой!

- Қалай-қалай?

- Кәдімгідей. Іші толған темір. Әсіресе күміс ақшаға өш. Тіміскілеп жүріп тауып жейді. Біреудің тайтұяқ алтынын да жұтып салды. Соның артынан шығар сәтін күтіп жүргенім ғой. Бір балгерге жүгініп едім, бүгін-ертең атқытады ішіндегісін деп үміттендіріп койды. Содан ғой жолаушылап жүргенім. Көбірек жүргізе бер деген. Кімде-кім бүгін түні кірпік ілмей құнанның тезектейтін сәтін жіті аңдыса, боғының арасынан табылған олжаға ортақтасады.

- Расың ба?

- Рас емей не енді?! Үш күн болды көз ілмегелі. Жамандатқырдың артын аңдумен жүрмін.

Дәмелі жігіттер «мен күзетем, мен күзетем» деп таласты. Үйқысын қандырып, онымен қоса, мінгішін емін-еркін отатып алған Алдар енді құнанды саудалауға кірісті. Сұрағанын берді де, құнанды бір саудагер иеленді.

Айырбаска жүрісті ат һәм бір уыс ділдә алып, бір тай кездемені канжығаға және бөктеріп шала байыған Алдарекең: «Алдағаным саудагер, саудагерді жауда көр», — деп әндетті жол үстінде.

Жолай жайлауға көше алмай қыстауда қалып қойған жатақтарға соғып, кездемені кедей-кепшікке қалдырды да, атақты сараң Қиякбайдың аулына туралады ат басын. Қара қосқа түсіп ат шалдырып, байдың ауылда екенін білген ол ана жолы Қиякбайдың үйіне түсіп сусындағанда, жоғалтқан камшысын бас жылқышының қолынан көріп және масайрады.

Қияқбай түпсіз саран адам. Әр басқан қадамын есепке құратын әккілігі және бар. Үйіне бас сұғып тізе бүккен адамнан есебін тауып алым алады. Әлгінің жылтыраған бірдеңесін жымқырып қалады. Төріне шығып қонақасы жегендер тіке тоналады. Қона жатқандар көлігінен айрылып жаяулап қайтады. Осындай суық қол жымқырмалығын өзінше өнер көретін сараң бай мұны да жұқалап жіберген-ді өткен жолы. Батсайы белбеуі мен қамшысын жымқырып қалған-ды. Соған дәсерсіген ол атақты алдауыш Көсені де жерге қараттым деп бөсетін көрінеді.

—Уа, Алдар мырза, жол болсын!

—Әлей болсын.

— Жүрісің суыт кой?! - деп үй иесі күлмең қакты. — Үлкен жерге бет алған сыңайың бар-ау. Атың да әндемді. Бой-басынды түзеп алыпсың. Әйелің ісмер деп естуші едім, жұтындырып қойғанын қарашы! Әттен, қамшың үйлеспейді екен сыла кейпіңе.

— Соны айтам да, — деп ол байға іш тарта қарады. — Қамшымды жоғалтып ап... Ана жолы осында аялдағанда таппай қап... Кейін оралармын деп едім, сонын сәті бүгін түсіп... Хан шақырткан сон жолға шығып едім. Елбасыға немді тарту етерімді білмей сасыл тұрғаным. Әлгі осында қалдырған қамшым әкемнің көзі еді. Өзегі күміс пен алтынның қоспасынан өрілген-ді. Тұрмыстан тарыққанда

кажетіңе жаратарсың деп өсиет еткен еді әкем. Ханға әкемнен қалған қамшыны сыйламақшы едім, құдай үшін бір қажетімді өтей көріңізші?! Астымдағы атымды алып, қайтарыңыз қамшымды. Бағана бір жылқышының қолынан көргендей болдым. Аумайды менің қамшымнан. Шыккыр көзім жаңылмаса, дәп сол менікі.

Қияқбай шоршып түсті.

— Ойбай, атама! Осыншама ырғын дәулетке кенелгенде, болмашыға қолымды былғап не көріпті маған?!

— Онда жөні түзу бір қамшыңызды бере тұрыңыз. Ханның алдына барғанда шыбыртқы ұстағаным келіспес.

Үй иесі сөзге келмеді. Төрде ілулі тұрған тобылғы сапты күміс сақиналы сары бас қамшыны ұстатты Алдардың қолына.

Былай шыға әндетті Алдерекең: «Ерледің-ау далаңбай, алдағанын сараң бай».

Көңілі көтерілген Алдардын қиялы қиянды шарлады. Басқаны дат дегізем деп жүргенде, өзінің шатылып қалатынын ойлап қояды. Хан неге шақыртты екен? «Менен алданбай жүрген тек хан ғана», — деп бөскен еді ана жолы қалың бір жиында. Сонысын жағымпаздар әміршіге жеткізіп қойып жүрмесе?! Онда құрығаны. Көрсет маған өнеріңді десе, не қайран қыламын?! Кулық-сұмдыққа жоқпын. Аздаған қушыкештігім бар.

Қатты ойланды. Дуалы ауыз қазыға жүгініп, одан ақыл сұрамақшы болды да, солай бұрды атының басын.

Қазы үкім жүргізіп жатыр екен. Кінәлі жап-жас жігіт. Атақты бір байдың қызын алып қашқан. Қыз жеме-жемде сертінен тайып, мені зорлыкпен мәжбүрледі деп түлкі бұлаңға салған. Кінәлі айыпқа жүз байтал төлесе ғана құтылады. Оған қоса, жүз шыбық дүре соғылады айыпкерге. Билер талқысы жігітті ауыр жазаға бұйырып, шешімін жұртка жарияламақшы боп жатқанда жеткен еді.

Үкімге наразылар мұны қоршап алды.

—Ақ сөзіңді айт, Көсе!

—Айтпағанда ше?!

—Онда шық ортаға.

— Шықпағанда ше?! — деді ол арқаланып. — Маған бір қыныбымен қылыш ұстатындар.

—Оны қайтесің?

—Әділетсіз парақор билікшілердің басын аламын.

Дүрлігіскен тобыр Алдардың қимылын бақты. Ол бір жігіт пен қызды ортаға шығарды. Жігіттің қолына қылыш беріп, қызға қынды ұстатты. Бозбала қылышты бойжеткеннің қолындағы қынға сұғындыру керек қайткен күнде. Соған күш салады. Бейкүнә ұрғашы қорғанады.

Еркек жұлқынып-ақ бақты. Нәтиже шығара алмады. Ұрғашы қолындағы қыннан оңайлықпен айрылатын емес. Ақыр соңында екеуі тең түсті.

— Бұдан нендей қорытынды шығаруға болады? — деп Көсе жиналғандарға сауал тастады. - Қынап ыңғай бермесе, қылыш қинай бермейді. Кінә ұлда емес қызда. Екі жақ та кінәлі.

Алдар осылай деді де, кідірмей ілгері озды. Қазыдан ақыл сұраймын деп келіп, оны шоңқитып тастағанына бір жағы мағұрланды, әрі қолайсызданды. Беделден айрылып қалатын болды деп аяды көмейі кең қазыны.

Ордаға бірден салып ұрып жетіп баруға батылы жетпей, орта жолда Жолболды шешеннің құжырасына бас сұқты.

— Сізден жөн білгелі келдім, — деді еш құйтырқысыз. — Қазыға соғып едім, ана ауыл мен мына ауылдың арасын бітістіре алмай басы қатып отыр екен.

—Менен білген жөнді қай қажетіне жаратасың?

—Ханның алдына бармақшы едім.

—Нендей шаруамен?

—Менің мақсатым — кімді болсын күлдіру ғой.

— Күлдіруің бұлдіруге ұласып кетпей ме?! - Шешен бұған суық қарады. - Байқағайсың. Хан саған алдатпайды.

—Тәуекел, тас түссе талайымнан. Батаңызды беріңіз.

—Не деп? Ханды тақырға отырғыз деп пе?

—Жеңіліп жер боп қайт десеңіз қатып кетер еді.

—Онда жай қолынды...

Алдар ат үстінде Жолболды шешеннің даналық сөздерін көңілінен өткізіп, сан ойдың басын шалды. «Өтірігің өрге баспасын, жасың жүзден аспасын» дегені жөн. Ордаға атпен барып, жаяу қайт дегеніне қалай түсінуге болады?! Абыройсыздыққа ұшыра дегені ме? Тағы не деп тұстапалдады қақсалың?

Тілмар шешеннен сөз қала ма, суырылған біраз. Барып-барып зорға тоқтады-ау. «Би турашылдығынан қалса, дауды көбейтеді, хан әділеттен тайқыса жауды көбейтеді». Тағы не деді? «Иі қанбаған тері көн есепті, қасиеті қашқан жібек бөз есепті». «Қыраннан қажыр кетсе, құзғын биіктен көрінеді». «Ойнақ тілеген қаншық қыналаудан жалықпас. Бұны не үшін айтты екен? «Кәрісі қадірсіз ауылдың адамдары арсыз келеді». Бұнысы қисынды. «Шал желіксе, шапанын жоғалтар, қатын желіксе ошағын жоғалтар». Бұған да түсінуге болады. «Тойшыл ауылдың малы жоғалғыш келеді». Ақ сөз. «Қатынға билік тисе, күйеуіне күл шығартады». Қатырып жіберіпті-ау! «Мал құтырынса, оңалайын дегені, ит құтырынса бөрі алайын дегені». Адамдары құтырса ше? Онда ақыр заманның жақындағаны ғой.

Алдар Көсе Жолболды шешеннен естіген сөзді түгел дерлік ұғып қала алмаған. «Хан ордасына атпен барып, жаяулап қайт» дегеніне түсіне алмай басы қатты.

Өрістегі қойшыға бұрылған.

—Малың аманда болсын! — деді.

—Дұшпаның табанда болсын! - деді анау.

Жөн білетін адам сияқты. Жағдайын айтып еді, Жолболды шешеннен де асырып жіберді.

— Жүрісін сылбыр. Тәрізі жау қуып емес, дау қуып бара жатқаннан саумысың?!

— Үстінен түстің, — деді Алдар қарық боп күліп. — Басқа пәле — тілден. Ханды да алдауға бармын деген едім бірде. Сол сөзім басыма пәле боп жабысатын түрі бар. Жолболды шешеннен ақыл сұрап едім, жөндеп ашылмады.

—Тұспалдаушы еді ғой. Не деп жұмбақтады?

— Хан ордасына атпен барып, жаяу қайт дегеніне түсіне алмадым.

— Түсінбейтін түгі де жоқ. Патшаға жақын жүрсең, не астыңдағы атың кетер, әйтпесе мойныңдағы басың кетер деген бұрынғыдан қалған сөз бар. Атыңнан айрылсаң да, басыңнан айрылма дегені ғой шешеннің. Оған қапа болма.

— Ә, онда ниеті түзу екен шешеннің, — деді Алдар кутыңдап. - Өзің нендей сөз қосасың?

— Қисынын тап та қисык кет, — деді қойшы жалбағайын қолына алып. — Тақсыр хан қол астындағы қараны балаша алдағанда, біздің де бір мәрте ұтысқа шыққанымыз жөн. Жолың болсын, тарт алға!

Алдар Көсе туралай салды хан ордасына. Межелі тұсқа ілігіп қалғанда, тезек терген әйелге жолықты. Ақ жапаға сықалған ала қапты өңгертті. «Бір қажетіңе жаратарсың» деді де қала берді.

Хан Алдарды салқын қарсы алды.

— Сөйле, — деді сұсты кейіпте. — Көрсет, қане кереметінді!

— Менде нендей керемет болушы еді?! Әншейін жұртты күлдіріп, көңілдерін көтеріп...

—Мына қабың не?

— Тезектен басқа терері жоқ. Сұрағанға бөліп берері жоқ, қара тобырдың ойдан-қырдан жиыстырған азын-аулақ мезіретісі ғой сізге.

Сөйткенше болмады, қаптың тесігінен сары бас жылан шыға келді. Түйме басты ханның ақ мысығы іліп түсті де, мыжғылап шайнап тастады.

— Бұл нендей жұмбақ?! — деді хан ғажаптанып. — Сен өзі сиқыршыдан саумысың?

— Ондайлығым жоқ, — деді Алдар оңтайлы сәтті құр жібергісі келмей. — Түнде далаға түнеп едім. Алтынға үйір келмей ме түйме бас. Асыл зат мәгнитше тартатын көрінеді жыланды. Күдіктенбеңіз, хан ием. Көңілге алатын түгі де жоқ. Халқыңыз қабағыңызды бағып, айтқаныңыздан шықпайды екен, дұшпаныңыз табанда болады.

— Дөп айтады, - деп уәзір ханды ұйытып тастады. - Мұны жақсылықтын жоралғысы деп білуіміз керек. Жалпақ жұртыңыздың өзіңізге беріп жіберген сый-сияпатын күдік-күмәнсіз ақ ниетпен қабыл алғаныңыз жөн. Еруліге қарулы, Алдарды да құр жібермейік, айта жүреді.

Хан қолма-қол жұмсарды. Алдарды аттандырып салуды уәзіріне тапсырды. Оқалы шапан киіп, қоржынын сәлем-сауқатқа сықап, ордадан олжалы қайтқан Алдар Көсе өлеңдетіп бара жатты.

Хан тақсырды алдадым,

Жоқ қой менің арманым...

Орта жолға барып қалғанда, артынан шабарман жетті шапқылап. Шаш ал десе бас алатын жау жетті, ол алдына салып айдай жөнелді.

Алдар саспады. Амалдауды ойлап қиялын әр қияға бір өрлетті.

Жарлық шығып қойыпты. Дүре соқтырмақшы екен.

—Не үшін? - деді Алдар.

— Ханды алдағаның үшін.

— Халықты алдағандар қайда қалады? — деді Алдар қатуланып.

—Ол кім еді?

—Хан ше?!

— Қалай, қайтіп алдаппын? — деді хан ашуын сабырға жеңдіріп. — Қол астымдағы бағынышты жұртты алдағанымды мойнына қойып дәлелдеп шықпасаң, өз обалың өзіңе, дарға асыласың.

Алдар Көсе қарық боп күлді.

— Таксыр! Жаны алқымында тұрған адамнан жөні түзу сөз шығушы ма еді? Мені ақ сөйлесін десеңіз, бір жолғы ағаттығыма кешірім жасаңыз.

—Қидым қасықтай қанынды.

— Онда мен де сізге кешірім жасадым, — деді Алдар ханға тайсалмай тік қарап. — Халықты балаша алдағаныңызды бетіңізге баспай-ақ қойдым. Бұдан былайғы жерде әділ билік жүргізіп, ұры мен сұғанақты дүрелетіп, жағымпаздар

мен жандайшапты тізелетіп, парақор қазы мен озбыр билікшіні тұқыртып, жамандарды сұсыңмен жаскап, игі жақсыны ізгілікке бастап, иелігіндегі жұртынды алаламай, елім деген ерлерді жазықсыз жазаламай, үкімшілікті бітімшілікке жеңдіріп, жесірді жұбатып, жетімді уатып, кәріні дауда сынап, жасты жауда сынап, кедейдің малын қорғап, арудың арын қорғап, ақымақты ақылмен жасқап, ақылгөйдің айтқанына тоқтап, бұра тартты бұғалықтап, шыға шапты ауыздыққа сүйеп, пәлеқор мен жәлеқорды ұзын арқан, кең тұсаумен ұстап, еліңді сырт дұшпанның сұғынан сақтап, салбөкселікке салынып ордада омалып жата бермей, шартарапқа қыранша көз жіберіп сестене білсең, төңірегіңе естілер жиылады. Ханы сесті, азаматы есті елді жау алмайды.

— Саған дауа жоқ, — деді хан дымы құрып. — Алдағаның былай қалып, сынағаның қиын соқты-ау! Құдайшылығыңды айтшы, ат-шапан айып кімнен?

—Сізден болат та.

Хан тұнжырап төмен қарады.

— Мынаның аузындағы сөзін алып қалыңдар да, өзін үш күншілік жерге дейін шығарып салыңдар, - деді әмірші уәзіріне бұйырып.

Әрі қарай созбадық. Аңыз-әңгімені тұспалмен аяқтағанды жөн көрдік. Алдардың астындағы аты да аман, өзі де аман. Мол олжаға қарық болып, ат-шапан айыпқа алдына мал салып қайтты десек нанармысыз.

Әділ билікшінің сүйтері анық.

АЛАШЕКЕ

♦ Алашеке қаншама тырмысқанымен тұрып кете алмады. Ақыры дәрмені таусылып, алдыңғы аяғымен жер тірей шоқиып отырды.

Бие сауым бұрын айналып-үйіріліп қылымсыған сымпыс құйрық, құрақ жал байталдар мен сары қарын биелер шеттеп, біразы қырдағы ескі қораның көлеңкесіне, енді біразы желі маңында үйездеп тұр.

Алашеке үйірінің шанжаулап кеткенін жақамады. Оқыс тұрмақ болып ұмтылғанда, шеге қадалғандай қос жамбасы сұққылап қоя берді. Бұрын бір жақ сауырына күш салып тұрып кете беретін еді: артқы аяқтары таңып тастағандай икемге келер емес.

Содан соң-ақ оның құлақ түбінен сұп-суық тер моншақтады-ай келіп. Мойылдай көзі аянышты жәудіреп, қос құлағын қайшылап, үйірін шола қарады.

Тал түс. Көктемнің мол шуакты көгілдір аспанында шөкімдей де бұлт жок. Ауық-ауық текірек самал есіп, жас шалғыны жапырыла қоймаған өлкенің құрағын судырата толқытып өтеді.

Құлағына құйрык-жалдың сусылы естілді де, токпақ жалы күдірейіп артына бұрылды. Бір ұмтылым жерде күрең бие шыбындап тұр екен. Алашеке жалыныштy оқыранды. Бірақ анау елең қылмады. Тілегі орындалып, көңілі жай тапқан соң, не қылсын бұны! Жыл сайын ерте құлындап, көктемнің ала қызба ләззатын Алашекемен бірге бөлісетін. Сондағы назды оқыранысы баурағыш еді-ау! Енді міне, арысы сүрініп, қарға адым жер мұң болған шақта, қасына келіп демеуге де зауықсыз.

Алашекенін бойын қызғаныш буды. Үйірдегі жел қуық байталдардын оғаш жүрісі сезік тудырған. Оның үстіне осы күндері бітіспес жауы Қоракөктің үйірін дамылсыз торуылдап, тай-байталдары көпе-көрнеу алдына салып, қуа жөнелетін омырау соқ өктемдігі, тынышын кетіріп бітті. Жануардың басы айналып, көзі қарауытты. Тағы да жан-дәрмен тұрып кетпекші боп алға өңмеңдеді.

Оны бәрінен де қинағаны: ұлы кеуденің жер болып, қара тастай шөгіп қалғаны еді. Жылқы баласы жүре оттап, аз жусайды. Қалғуынан сергектігі басым. Сары жамбас боп жатқаннан гөрі екі аяғына салмағын кезек салып тұрғанды ұнатады.

Әманда, омырауын керімсал самалға аймалатып, болат тұяқтары жер төсін жәрменкелі дүбірге толтырып, күңгір-күңгір кісінеп, еркіндік дүниесінен ләззат табар еді! Сонда ол өзгеше аруақтанып кететін. Осынау ұлан-ғайыр керім дала жақұттай қос жанарында дөңгеленіп, жал-құйрығы суылдап, сыбызғы үн шығарып, сырнайлы дүниеге наз тастағандай болатын. Сосын көріктей кеудесін саф ауаға толтыра арқырап кеп кісінейтін. Пай-пай, сондағы үні-ай! Жарты әлемге жар салғандай, қойнау-қойнаудағы үнсіздікті қуып шығып, бір жартастың жаңғырығын бір жартаска қосушы еді-ау! Және бұл кісінесе-ақ болды, қурай ызындап, құрақ суылдап аспан кенересін асқақ үн кернеп кетер еді...

Басқа төрт аяқтылар сияқты Алашеке де құлдырандаған құлын шағын енесінің бауырында бұла өткізді. Сыптығырдай сүйкімді торы құлынның он жақ жарты шекесі аппақ еді. Осы белгісі сонадайдан көзге ерекше шалынатын.

Алашеке тайдан құнан шыққан жылы еркіндік дүниесінен қол үзді. Бет-аузын түк басқан еңгезердей қара сақал жылқышы мойнына жыланша шұбатылған бірдеңені салып жіберіп, тақымға салып сүйрете жөнелгенде, көз алды бұлдырап, қызылды-жасылды от ұшқындарына толып кетті. Ана сүтін арда еміп, құлын-тайлармен құйрық тіге жарыс салған қамсыз бұла шағы көз ұшында бұлдырап қала берген...

Қара сақал жылқышы Алашекені қияндағы қыстауда қысы-жазы қой соңында жүрген Бердеш қарияның қолына әкеп тапсырды. Бердеш оны күздің екі айында қойға мінді де, кар бекіп, мал өрісі тарылған шақта, жылы қораға байлап тастады. Көк шөп пен ақбөртпе сұлы қыс бойында аузынан кеткен жок.

Кенеп дорба басына кигізілген сайын сонау күндері екі аяқтылардан көрген қорлығын ұмытайын деді. Бірақ сонда да болса, бүйірі бұлтиып, төрт аяғына салмағын кезек салып жусап тұрған шақкта, өз-өзінен селк ете қалады. Мойнына шұбатылған бірдеңені салып жіберіп шыңғырта тартқан қара сақалдың шалт қимылы көз алдына елестеп кететін. Тап сондағыдай тынысы тарылып, аядай қамыс қора кенет үстіне құлап кетердей санасын қорқыныш билейтін. Құлағына кісінеген төрт аяқтылардың үні жетер еді. Дүсір-дүсір еткен тұяқ дүбірімен қабат оқыранып пысқырған етене таныс үн еркіндікке шақырғандай болатын.

* * *

... Сол бір көктем Алашекенің өміріне үлкен өзгеріс ала келді. Қой қоздап, төл шираған соң, Бердештің аулы қыс қыстаудан жайлауға көшті. Жаңа жұртқа қонған соң, көп кешікпей бұл ауылға соңында жас құлыны бар бір бие пайда болды. Көпке дейін екеуінің аралары алшақ жүрді. Иесі екеуіне аңду салып, бірін аркандап, бірін матап ұстады.

Күн сайын арқан бойы жерден окыранған қара дөнежіннің үйірсек үні естілсе болды, Алашекенің тұла денесіне жұп-жұмсақ діріл жүгіріп, көкірегін белгісіз құмарлық сезімі кернеп-кернеп кетеді. Бөтен жылқының бұған іш тарта қарағанын, сауырының күнге шағылыса жылтырағанын аңдар еді.

Бір күні иесі оны матаудан босатып, кара дөнежіннің қасына жетектеп апарды. Содан соңғы әрекеті Алашекенің түйсігінде дәл бүгінгідей сайрап тұр. Көптен көз талдырып, көкірегін күпті қылған құштарлық мына жылқының тығыршықтай уыз денесін тым жақыннан көрген бойда күркіреудің көбік шашты асау арынындай алып қашты күйге ұшырады. Көз алды буалдырланып, шекесіне шапшыған ыстық қан тұла денесін өрт қызумен жандырып бара жатты. Жылтыр сауырына танауын тигізіп еді, белгісіз жұмсак иіс арыс бойын шымыр-шымыр еткізді.

Алашеке арқырап, ұзақ кісінеді. Бұл — онын қызықшыл

да құмары тарқамас жастығынын әні еді. Үзіп-үзіп кісінеген сайын көктемнің мол тынысы көкірегін ашып, майда жел әрі таза, әрі ашық үнін тым биікке көтеріп әкетті. Марғау жартастар мен тас керең төбешіктерге дейін жаңғырыға қайталап, оның әнін қызықтаумен болды.

Ол қара дөнежіннің қасына аркырап жетіп барды. Құрақтай судыраған құйрық-жалы, жылтыр сауыры, барша бітімі осы жаңа өзі шақырған күңгір әннің назды тілегіне ұштасқандай еді. Екеуі бір сәтке тұмсық түйістірді. Ананың ерні жұп-жұмсақ екен, бұның жұқа шабынан майда ғана ұйпады. Сосын оған артын беріп, қасыну ишарасын сездірді. Екеуі бірін-бірі көп жаһаттады.

Сөйтіп екеуінін жұп тірлігі осылайша өтіп жатты. Алашекенің түйсігінде мына дөнежін тек өзіне ғана тән, оған басқа төрт аяқтының жанасуы тиіс емес. Әлдеқалай Бердеш қарияның тоңқылдақ торысы желі басына таянса, құлағын жымып куып тастайды.

Бұл — оның табиғат тылсымы бойына дарытқан қызғанышы еді.

Бірақ өмір тәжірибесі аз жас айғыр алдында асу бермес асқарлы шындай нағыз еркекке тән егесті сайыс, алым-пірім жағаластың күтіп тұрғанын, бірді місе тұтпай өзгенің бауырындағыға қызыл көз құмарлықпен көз алартар кездің желікті шағының тайталасы боларын білмейтін.

Тек бейнетсіз татқан ләззаттын баурағыш ыстық құштарлығы жанына желік бітіріп, күн сайын сезімін ширықтыра түсетін.

Алайда, айғыр болған соң, егеске шықпай қалмайтынын, бір күндері жағаласка жаршы боп сайысқа өзі тіленетінін Алашеке қара дөнежіннің тоқыраған кезінде аңдаған.

Ақыры сол күн де келіп жетті. Бұның үйірі жүнді қарағанның тасасында жайылып жүрген. Алашеке кісінеген жат дауысты естіп қалды. Сөйткенше болған жоқ, құшақ жал омырауы есіктей бір қара-көк жылкы арындап келіп қалды. Өзінің тұлға-тұрпаты мейлінше ірі болар ма?!

Алашеке қоркыныш билеген денесін меңгере алмай қара

дөнежіннің ығына карай ойыса берді. Әлгі жылқы одыраңдап дөнежіннің жанына жетіп барды. Биенің бөксесіне тұмсығын көміп жіберіп, ғаламат жуан дауыспен оқыранды-ай келіп, сосын ол әзәзіл діріл жүгірген арыс кеудесімен қара дөнежінді иектеп жанына бастады.

Алашеке сонадай жерде состиып тұрған. Қорқыныштан да бетер бір қысас тұла бойын буып әкетіп барады. Сол-ақ екен, құлағын жымып тұра кеп ұмтылды. Алдыңғы аяғын көтере шапшып кеп, қара көкпен шайнасып берді. Алайда қарсыласы тегеурінді келді. Бұның шоқтығына ауызды салып қалып, жұлқа тартып қалғанда, Алашеке шекесінен түсті. Жан-дәрмен тұрмаққа әрекет жасап еді, қос тізерлей омырауымен жанши астына басып алған Қаракөкті көтеріп кете алмады. Азулы карсыласының алмастай өткір тістері алқымына баткан сайын, бұл да қарап қалмай ананың алдыңғы аяғын тістелей берді.

Бір зауым шақ өткенде, далақтап шауып Бердеш қария жетті. Қаракөк сытылып шыға берген.

* * *

Келер жылғы көктемде Алашеке қисапсыз іріледі. Бесті айғырдың бетінен сақта дегізер нағыз зар күйінде еді. Жылдағыдай ел жайлауға қонып, өрісте мал тоқайласып, ауыл-ауылға адамдар қыдырыстап, пейілді кеңге салған кез.

Алашеке биыл да үйірге түсті. Бірақ үйірі былтырғыдан көп. Қой фермасының меңгерушісі бұны Бердеш қариядан қояр да қоймай қолқалап сұрап алған. Бөлімше орталығында сауынға, әрі күш көлік үшін ұстап отырған бір үйір жылқының соңындағы Ақжал айғыр көрші колхоздың айтулы бір төбелескор айғырымен таласып мерт болды да, үйір қожасыз қалды. Енді сол үйірге осы күндері Алашеке ие.

Бөтен үйірді икемденген күндерде оның алды-артын пайымдауға мұршасы келмеді. Арыс кеудеде дүбір салған құмарлық әуенімен болған. Қызықшыл жастық әнін екілене шырқап, оңай қызыққа кенелген астам кеуде тау тұрса да қағып өтердей еді.

Бұның өмірінде ерлікке толы бұла дәурен енді туған. Көктемнің көкірек сыздатар жойқын қуаты қанына желік беріп, арыс тұлғасынын айдыны асып аруақтанып алған. Үйірдегі жел қуық байталдар оны бір-бірінен қызғанысып, нәркес көздері сүйкімді жәудіреп, қабақ астынан сүзіле қарап алдын кескестейді. Сонда Алашекенін көз алды мұнартып, көкірегінен жұмсақ діріл сезілер еді.

Шажағай өзенінің көктемгі тасқыны әлі қайтпаған. Сонау құз-құз шатқалдан бастау алып, екпіндей ағады, қалың малды ауылдардың үйірге түскен құтпан айғырларының даусы тау өзенінің күркірек ағысымен қосылып, иен даланы данғаза үнге толтырады. Арқырай кісінеп, жібек жалы алтын күнмен шағылыса, болат тұяқтарынан от шашырап ләззатты шақтың құмарына қанбай сайысқа тіленген азулы айғырлардың шәлкес мінездері шалт қимылға бастап, алақызба құмарлықтың теке-тіресі басталып та кеткен.

Алашеке сайыстан шеттеп жүрді. Бір шатақ байқалса, үйірін алдына салып қуа жөнеледі.

... Ай сүттей жарық. Бұлар калың жылқымен қатарласа жайылып жатқан. Іңір жусауы етіп, көк құраққа енді бас қоя бергенде, аркырай кісінеп бір бөтен айғыр жетіп келді. Өзі сондай ірі екен. Ай жарығымен зорая көрініп, айдыны асып-ақ тұр.

Бұл — былтырғы Алашекені шайнап өлімші қылған Қаракөк айғыр еді. Алты жасар жас айғыр айтулы төбелесқорлығымен көзге түсе бастаған. Омыраусоқ өктемдікке жаны құмар.

Алашеке алдын кескестеп сайысқа тіленді. Тұмсық түйістіріп еді, бірден сезді. Түйсігінде қалып қойған ата кегі күрт тұтанып жүре берді. Алдынғы аяктарын көтере шапшып кеп тарбайыса қалды. Болат тұяқтары шақ-шұқ етіп, ауыздары арандай ашылып, алым-перім жағалас басталды.

Бұлардың сайысы бір бие сауым өткенде барып тынды. Бір-бірін ала алмай тең түсті. Қаракөк басын шайқап-

шайкап жіберіп, келген жағына қарай тасырлатып шаба жөнелді.

Алашеке үйірге түскелі алғаш рет жеңіске жетті. Бірақ алдында нендей қауіп-қатер барын, Қаракөкпен сайыс осымен аяқталмайтынын, әлі талай қырғын-жорық айқастың боларын түйсініп еді.

* * *

Кеше ғана табан астында қоңырайып, майқара жусаны мен қара оты бұйраланып жатқан иен дала қарашаның айы түгесіле бере көк беттеніп сұлық жатып алды. Бір күні аспанды бұлт торлап, күн қабағы түйілді. Іле өлі жүнге ұқсас үлпілдек ақ қар жапалақтап жауып, жер бетін бүркеп салды.

Алашекенің үйірі қырат-қырқадан бойы озық оқшау көрінген Жанғыз төбенің қарағанды өзегінде жатқан. Тай-жабағылар ойын салып, биелер бір-бірімен қасынысып, енді біраз жылқы табан астындағы ақ ұлпаны сықырлата басып қызықтағандай болады.

Үйір қожасы ақша қарға шыланып тілге майда тиген ақ бас көде мен тарлауды қаладай аппақ күрек тісімен іскектеп күрт-күрт оттайды. Ол бұл күндері тым сұсты. Назды оқыранып қасынғысы келген биелердің үйірсек тілегін де елер емес. Кісінеуді де азайтып, анда-санда салғырт оқыранатыны бар.

«Қызығыңды көріп, қиындықтан шеттейтін мен емес. Еңсе көтеріп егеске шығар бір тумаңмын. Алда қауіп бар, қатер бар. Сол үшін де қылжақтаған жастық желігін, құмарлық желігін орынсыз жерде көрсетпеуім керек. Ер болып туған соң, ер-тоқым жастанған ұйқышы марғау атанба, қалғысаң ат үстінде жүріп қалғы. Жауың сені бұрын көрмесін, жауыңды сен бұрын таны. Жағаласа кеткенде қапы кеттім-ау деп өкінбейсің».

Алашеке каперіне осы ойларды бір де алған емес. Алайда табиғат ананың ұрпақ болашағы, жұбайлық парыз деген бұлжымас ұлы заңы естияр хайуанның да зердесіне мықтап ұялаған.

Түн түнегі басып, қою қараңғылық сілтідей тұнып тұр. Шоқтай боп иіріле жайылған жылқылардың болымсыз тұяқ дүсірімен, қыр шөбін быр-быр үзген қыбыр-кимылымен қабат жабағының мойнындағы қоңыраудың былдыр-былдыр еткен күміс сыңғыры елсіз жапан далада бір үйір жылқының жатқанын жария еткендей.

Үйір қожасы кенет жерден басын көтеріп алды. Кеңсірігін бір жат иіс жарып барады. Ауылда үй-үйдің көлеңкесінде серейіп-серейіп жататын салпаң құлақтардан тап осындай иіс сезілуші еді. Бірақ мына иіс одан алабөтен өткір, әрі жат. Қорқыныш билеген бойын шұғыл меңгеріп, үйірінің алды-артын орай қайырып тастады да, жанағы жат иіс сезілген жаққа одырайып сес шақыра қарады. Алдымен ол шоқтай жанған көзді көрді. Қараң-қараң еткен кішірек бейнелер қыңсылап, ыр-ыр етіп беймазалана бастады. Алда тұрған екі ұлыманың бойлары серек екен.

Үйір қожасы одырандап алдыңғы аяғымен жер тарпып, мойнын доғаша иіп, көп ұлымаға жақындай беріп еді, самсаған отты көздер жалт беріп иіріліп тұрған жылқыға бір бүйірден ұра кеп ұмтылды. Жылқылар шұр-шұр етіп, кейін ығысты. Ол бірден көрді, торы қулық жаңағылардың ортасында қалыпты. Кішірек қоңыр жабағы енесінің бауырына тығылды. Ілкіде азулы ұлыманың бірі сан етін жұлып түсіпті.

Алашекенің көзіне қан толды. Айбарланып көп ұлымаға тап берді. Әбүйір болғанда, алдына түскені бөлтірік еді. Мойын салып қуып жетіп, аяғымен тарпып қалғанда, бөлтірік қаңқ етті де, қираландап қалды. Осы мезетте ту сыртынан үрейлі үн естілді. Бұл — бөлтірігіне ара түскен сұр қаншық болатын. Жыртқыш енді ұмтылам дегенше, тұмсығына шойын тұяқ талмаурап тиді.

Ал бұл шақта көк шолақ арлан торы қулықтың жабағысын жеукемдеп жатқан. Жабағының жаны әлі шықпаған, басын соққылап, әлсіз үнмен шыңғырып пыр-пыр етеді. Торы қулық біресе жабағысына, біресе анадай жерде иіріліп тұрған топ жылқыға кезек барғыштап шұркырап жүр.

Үйір қожасының құлағына өз нәсілінің жан ұшырған

үні жетті. Енесінің соңында құлдыраңдап еріп жүретін ойыншыл кер жабағының даусын бірден таныды. Енді соны көп қара құлақ қанын судай шашып додалап жатқанын көргенде, қорқынышты мүлде ұмытты. Еңсесі биік ер бітімі егеске бола жаратылса керек еді. Шиыршық ата қос құлағын жымып, кан қызу додаға киліккен бөрілерге албастыдай төніп келді. Мұндай қоқайды сан көрген, әрі жабағының жылы-жұмсағына емін-еркін бас қойған, бөрілер ығыса қоймады. Қайта көк шолақ арлан арс етіп кеп алқымынан ала түсті. Алашеке жан дәрмен орғып түсті де, бұрыла беріп қос аяқтап тепті. Мүлт кетпепті, тайыншадай арлан тайкып шыға берді. Сол-ак екен, үйір қожасы шабуылды үдете түсті. Алдына келсе тарпып, артына келсе теуіп, жойқын тегеурінмен ұрыс салды.

Алашеке қарағанды, өзекте жайрап қалған жабағыға көп қарайлаған. Келесі күні ол торы құлықтың қасына еріп, кер жабағының денесі жатқан жерге барды. Кішкене төрт аяқтының көздері жансыз. Құлын мүшесінің сау жері жоқ екен. Шегі шұбалып, қарны төңкеріліп жатыр.

Алашеке қоркып кетті, оскырынып шеттей берді. Сол бетінде үйіріне қарай тасырлатып шаба жөнелді. Келе кісінеп-кісінеп жіберді. Бұл жолғы кісінесі астам кеудеден ағытылған айбарлы дабылдан гөрі, жүрек сыздатқан сағыныш үніндей тым мұңлы еді.

Сөйтіп естияр хайуан тіршілік иелерінің әр басқан қадамы қауіп пен қатерге толы екенін, өмір үшін күреске әрдайым дайын болмасан, анау қарағанды өзекте жайрап қалған кер жабағыдай от оттап, су ішуге зар боласың дегендей табиғат занының тылсымын түйсінген.

Алашеке шұғыл өзгерді. Жау қабақтанып алған. Кеш түсісімен үйірін шоқтай иіріп алады. Сосын өзі анадай жерде көлденеңдеп тұрады да қояды.

Алашекенің үйірі бөрілер үшін алынбас берік қамалдай: талай түндер бойында толассыз торуылдап, айқас салғанымен, бұнын айбарынан ығып, ауыздарына ештеңе түсіре алмай кететін.

Даңқ бұған оңайлықпен келген жоқ. Еңсесі түспес ерлікпен, жағаластан шайлықпас жүректілікпен келген. Үзақ қыс бойында кер жабағыдан басқа бір жылқыны ит-құсқа тістетпей аман алып шыққан Алашекенің даңқы шартарапқа жетті. Ел аузында: «Нағыз құтпан айғыр екен! Болса болғандай-ақ!» деген сөздер жырдай жатталды.

Нешеме қыстың түгесіліп, нешеме көктемнің өткені Алашекенің түйсігінде қалған жоқ. Алайда жылдар жылжып өткен сайын болмысында осынау тіршілік тылсымына деген өзіндік түйсігі де қалыптасқан.

Ене бауырындағы құлдырындаған құлын шағы ең қызықты күндері еді. Одан соңғы тіршілік нәрінің тәттісі қаншалықты көп болса, ашысы да жетерлік-ау!

Ол үлкен өмірге қадам басқан күндерден бастап күресе білуді үйренді. Сол күрестің, еңсесі түспес ерліктің арқасында атақ-даңқы аспандап шықты. Алайда данқ тұғырына көтерілген күрескердің дұшпаны да аз болмайтынын Алашеке қайдан білсін?!

Баяғы сол қаракөкпен араларындағы күрес әлі аяқталмай келеді. Теке-тірес, ит жығыс тарбайыс. Не үшін майдандасады, екеуіне не жетпейді? Ол арасы да мәлімсіз. Алашеке ата жауын есіне алса-ақ болды, айбарын шақырып аруақтанып кетеді.

Қалай болғанда да, марғаулықтан серпілтіп, намысыңды қоздырар қауіпті бір жауыңның болғаны да теріс емес. Ондайда сен бойкүйез ынжықтықтан адаланып, өзіңді сергек қалыпта ұстайсың. Қат-қат тереңдегі жігер-қайратың еріксіз бой көрсетеді.

Алашеке жер бетінің акылды қожалары адамдарды өзіне еш уакытта жау санаған емес. Не істесе де олардікі жөн сияқты.

Бір жолы қар түсе мұның үйіріне бір топ аттылы адам келіп, қашаған бедеу Қаракөк биені ұстамақшы болды. Айтулы қашаған Қаракөк бұрынғысынан бетер лағып маңайлатпады. Алашеке ызаланды. Тіпті ананың адамдардан қашатын қисыны жоқ. Бір-екі рет мойын салып

үйірге де қуып тықты. Бірақ Қаракөк биенің көзі үрейден шатынап, бір сұмдықты сезінгендей лағып қашып, бұғалық садырмады.

Екі аяқтылардан амал қалған ба! Бір мезгілде гүр-гүр етіп бір алып нәрсе келді. Одан екі-үш адам түсті. Өзара ақылдасқан болды. Сосын іштеріндегі біреуі қолына ұзын бірдеңені алып, шеттеп тұрған қашағанға жақындап келіп, қолындағысын анаған қаратып көздеп еді, бірдеңе зың етті де, Қаракөк бие тұрған орнында шөкесінен түсті. Енді тұрам дегенше, ұмтыла берді де, құлап түсті.

Алашеке аң-таң. Қаракөктің қасына таянды. Екі аяқтылар жүгіріп келіп, оның тамағына жалт-жалт еткен бірдеңені үйкеп еді, ананың бауыздауы ырсиып шыға келді де, қан аткылай бастады.

Үйір қожасының бойы тітіреді. Дәті шыдамады, бұрылып кетті. Содан көпке дейін көз алды қызылды-жасылды боп, Қаракөк биені орталарына алып қаумалап, сүйрелеп әкеткен әлгі екі аяқтылардың әрекетінен бір сұмдықты сезінгендейбоп, тұрды-тұрды да кісінеп жіберді.

Сонда ол мына төрт аяқтыларға келер қастықтың бір ұшығы адамдарда жатқанын, қаласа шетінен алып ұрып, ана Қаракөк бие тәріздендіріп қанын судай шашып, белгісіз бір жаққа әкете барарын түйсінген.

Алайда сол ақылды жан иелерінің де бір-бірімен жауласып, күреске түсетінін және олар бұлар тәрізді құр қол айқаспай, жойқын қарумен жазықсыз адамдарды қырып-жоятынын, бірдің кесірі мыңдарға тиетінін Алашеке түйсіне алған жоқ. Осынау кең дүниеге сыйыса алмай жүрген Қаракөк екеуі ғана емес еді.

Бірде оны қожасы тойға мініп барды, үйірі иесіз кетті жайылымға. Таң асып әбден жараған Алашеке өрістен суға құлаған үйірінің алдынан арқырап шауып шықты. Жылқы ішінде бір бөтен айғырдың жүргенін бірден көрді. Көрді де тұнығына тұмсық батырған дұшпанына қарсы ұмтылды. Тұла бойын запыран ашу кернеп, құлағын жымып жолбарыстай атылды. Кәдімгі Қаракөк айғырдың дәл өзі.

Екеуі қарама-қарсы шапшып кеп, қоян-қолтық ұстасып шайнасып берді. Біресе қос аяқтап шапшып ұстасып, біресе шөкелесе иықтасып, алмастай азулы тістерімен бір-бірін іреп жатты, сойғылап жатты.

Сайыс ұзаққа созылды. Бекемдік те, ерлік те сыналар сағаттың тегеурінді теке тіресі жер ортадан ауып барады. Алғашкыдай емес, екеуінің де қарқыны бәсең. Өліспей беріспес өр кеуде ширықты намыспен өршелене алға ұмтылып, өлермендене жұлқысып жүр.

Әбден тұралаған Қаракөк қарсыласының алдында сенделіп тұрды. Алашеке әлі тың еді, құлақ шекеден көме тістеп жұлқығанда, Қаракөк шөкеледі. Алашеке оны астына басып алып ұзақ шайнады.

Жеңіске жетіп астамсыған айғыр үйірін мойын салып қуа жөнелді. Артына бір қарағанда сенделіп тұрған Қаракөкті көрді. Көрді де кісінеп-кісінеп жіберді. Бұл кісінесі — жеңіс әнінің салтанаты болатын.

Алашеке қысы-жазы үйір соңында. Биылғы жылы да оның үйірі қыраулы қыс құрсауында үйреншікті мекенінде жатыр. Қыстың басы жайлы болып еді, қантар айы түгесіле бере ақ мылтық боран бірнеше күндер бойында толассыз соқты. Қарлы дала аяздан шаңытып, демімен үскірік бүркеді.

Боран осы кеше ғана толастаған. Алашекенің үйірі Жалғызтөбенін ықтасынында. Қатты желмен шиыр болып сіреуленген қар астынан шөп аршып жеу әлегінде. Кейбір кәртамыс биелер мен тай-жабағылардың қимылы бәсен. Құйрық-жалдары ұзарған, қабырғалары арса-арса.

Алашеке кесе қарды уыттана опырады. Аршыған шөпті ернімен үйіріп бір-екі үзеді де, тай-жабағыға орын босатып ығысып кетеді. Мұндайлық естияр қимыл, саналы қамқорлықтан саркідір биелер де құр емес. Соңындағы жалбыр жүн жабағыларына шөп аршып беру әлегінде.

Үйір қожасы ауық-ауық жерден басын көтеріп алып қарауыл қарайды, тың тыңдайды. Қауіп-қатермен бетпе-бет келіп әдіс алған сақ жануар күндіздің өзінде елегізіп бітеді.

Бір зауым өткен шақ. Кенет үйірдегі жылқы атаулы елең етісіп қарлы жотаға одырайыса қарады. Сөйткенше болмай, кішігірім тайыншадай көк шулан иек артпадан шыға келді. Төрт аяқтылар оттан басын жұлып-жұлып алып, тай-жабағыларды орталарына алып, иіріле қалды.

Алашеке еңсесін тіктеп, іргелі жауына айбат шеге қарсы жүрді. Алдын кес-кестеп, бетін қайтарып тастамаққа шүйілігіп еді, көк шулан ығыспады. Кере қарыс аузын ашып, гүр-гүр етті. Артқы аяғымен сіреу қарды бұрқырата осып-осып жіберді. Көзі қып-қызыл. Жалы тікірейіп, айбарын асырып барады.

Кеудесі алқам-салқам арыстан жал, бұка мойын азулы жырткыштың мысы басты ма, үйір қожасы тайкып шықты. Жалғыз жарым қасқырға албастыдай төніп, алдына салып қуып тастаушы еді, мына қарсы алдында тұрған ұлыма қорқынышты көрінді көзіне. Әдіс-айласын алдырмай, әліптің артын бақты. Шөкесінен түсіп жатқан бөрінің қарсы алдында одырайып тұрды да қойды.

Көк шулан бұл өңірдің бейтаныс қонағы. Осыдан аз күн бұрын мойны алыс сексеуілді өңірді жайлаған малды ауылдардың айғайына аттан қосып дүрліктіріп жүрген-ді. Ойда жоқта қатер бұлты шүйілігіп, қанатына адам отырғызған бір алып құс дала шуландарының сонына түсті. Аз күнде қатарларын селдіретіп тастаған. Әккі көк шулан жан сауғалап иен даланы бетке алып жортып кеткен. Ақыры міне, елсізде жатқан бір үйір жылқының үстінен түскен.

Көк шулан жеті-сегіз қар басқан жырынды еді. Күшіне амал-тәсілі сай. Жағаласар жауының осал жерін аңдап барып айқас салады. Онда да оралымсыздық етіп опық жемейді, серіппелі болат қақпандай бір-ақ ұмтылып шап етеді де, ұстағанын оппаға жығып тынады.

Көк бөрі бірден аңдады. Карсы алдында тұрған мына күжірейген айғыр осал емес. Мұндайлармен сан айқасқа түскен. Алдымен осы мықтыны жәукемдеп тастасын. Қалғандарын біртіндеп жайғайды, күнде біреуін қорқыратып жарады да тастайды.

Тап қазір ондай ниеттен аулақ еді, сілекейі шұбырып дәмді жылқы еті қолқасын ұрған аш қорқау оңтайына келгенін жайратпақ. Бірақ мына қарсыласы беттетер емес.

Көк бөрі шыдамады. Жыртқыштық намысы күрт қайнап шығып, тамырын солқ-солқ ұрды, жоны дүрдиіп, көзіне ыстық қан шапшыды. Аузын арандай ашып, гүр-гүр етті. Ғаламат үрейлі үн сәт сайын күшейіп, ет жүректің қорқынышын асқындырып барады. Қорқау үнінен зәрезап болған үйір шұрқырап қоя берді.

Алашеке одыраңдап қарсы айбат шекті. Әрі-беріден кейін еті қызынып сайысқа тіленді. Албастыдай төніп-төніп барады қорқауға. Сондай бір қимыл үстінде айғыр қарсыласына ұрымтал келді.

Айлалы жыртқыш оңтайлы сәтті қапы жібермеді. Аузын арандай ашып, жолбарыстай атылды. Сол екпінмен қыл кеңірдекті орып жібермекші еді, мүлт кетті. Қапелімде серпінді соққы анадай жерге ұшырып түсірді. Кеудесімен соқты ма, болмаса тарпыды ма, әйтеуір оңдырмады. Тәсілқой жырткыш үстін-үстін шабуылдап, Алашекені қыспаққа алды. Долырған аққөз ашумен көзсіз қимылға басқан бөрі ұра кеп ұмтылғанда, айғырдың сан етін жұлып әкетті. Қос жұмырықтай етті бірақ қылғыды, көзі шырадай жанып, бойына қуат біткендей болды.

Капелімде бір жақ саны дыз етіп ұйып кеткен Алашеке жарақат алғанын сезді. Сезді де, әрі үрей, әрі ыза аралас үнмен кісінеп-кісінеп жіберді. Сол сәт тамам жылқы шұр ете калды.

Көк бөрі шабуылды үдетті. Табиғатындағы мойымас тағылық мінез сәт сайын өршіп, көзіне қан толып кетіп еді. Үйір қожасы манағыдан бетер ызалы. Аузына түссе түтіп жіберердей болып, қорқауға өршелене ұмтылды. Көк бөрі қарсы алдынан тік шапшыды. Алашеке оны кеудесімен соғып ұшырып түсірді. Сосын жалт айнала беріп, қос аяқтап періп-періп жіберді.

Көк бөрі есеңгіреп қалды. Бірақ сонда да қайтатын емес, айғырдың жұқа шабын нысанаға алып атылды. Әттен, мүлт

кетті. Ішек-қарынын ақтарып түсіретін еді. Екеуі тағы қарама-қарсы аңдысты. Көк бөрі бар қайратын жиып анаған қарсы шапшыды. Сол бетте Алашекенің омырауын сойдақ тісімен ырситып тіліп өтті. Тәсілқой жырткыш үрдіс шабуылға көшті.

Алашеке жан ұшырды. Бұл бетінде мына сойқанның қансыратып жығатын түрі бар. Андысып жүргенде, көк бөрі оралымсыздық жасап Алашекенің табан астына түсіп қалды. Айғыр оны оңдырмай тарпады. Күжірейген желкесінен карпи тістеп, сілкілеп-сілкілеп алды да, жалт айнала беріп, қара құстан дәлдеп тепті. Болат тұяқтың серпіні бас сүйегін ойып жіберіп еді.

Бұл окиға өткен қыста болған.

* * *

Көктемнің көл-көсір қуанышты шағы. Алашекенің үйірі жылдағы әдетінше жайлауға құлады. Асау өзен күркіреп тасып жатыр. Дала төсі көк-жасыл реңімен құбыла сағымданып, көздің жауын алғандай. Жыршы құстардын мың құбылта шырқаған сайрауық үнімен қабат ертелі-кеш мал сонында жүрген адамдардың сызылта шырқаған әні бір тынбайды, әсіресе жылқы атаулының күңгір-күңгір кісінесі ғажап.

Алашекенің делебесі қозды. Көктемнің мол тынысы бопсаланған шау денесіне куат дарытып, баяғысындай кунак калыпка келді. Көкірегі ісініп, канына желік біте бастады. Алайда, сонау жылғы бесті шыққан бетті күндердің тегеуріні бәсең тарткандай ма, қалай? Баяғысынша тау-тасты жаңғырықтыра кісінегенімен, жарықшақтанып үні бәсең шықты. Айғыр үйірінін соңында солтақтап кейіндеп келеді. Астам көкірек сәтте басылды. Кенет сүйек-сүйегі сыркырап, бөксесі сұққылдап қоя берді. Аянышты оқыранды. Жас құлындаған биелер бері қарай жайылды. Алашеке бір орында көткеншектеп, шарасыз айналсоктады. Содан шоңқаң етіп бөксесімен жер тірей қалды. Тұрам дейді, тұра алмайды. Бір бие сауым бойында итше шоқиып отырды да қойды.

Тағдыр жазмышы деген осы. Он екі мүшесі сау жүрсе, шау тартқан кәрілікті елейтін түрі жок еді. Енді не шара?! Арындап шапқанда жер танабы куырылып, ешбір төрт аяқты шаңына ілесе алмаушы еді. Үстіне адам мінсе болды, Алашеке аруақтанып шыға келетін. Ауыздығын сүзе қоя берге басатын. Бір калың көкпарда оқыс сүрініп кетті де, артқы аяғын баса алмай аксап қалды. Содан артқы бір аяғы кем болып солтаңдай басушы еді. Өткен қыста аш қорқаумен айкас үстінде екінші аяғы жарақат алды. Азулы ұлыма сан етін жұлып әкеткен. Енді сол жарақаттың орны қыс бойғы сүйек сорды суықтың салдарынан ушығып, айықпас дертке айналған. Анда-санда бөксесі жансызданып, санының сіңірі тартылғанда, қарға адым жер мұң болып, осылайша шоңқиып қалады.

Үйір қожасы құрысы тарқаған соң барып орнынан тұрды. Бұрынғыдай емес, тым салғырт. Қаны қызынып, ләззат тілеген биелерге зауқы шаппады. Бәсең оқыранды да, көк құраққа бас қойды. Кенет кісінеген үн естілді. Ежелгі қарсыласы — Қаракөк. Алашекені каперінен шығарып арқырай шауып келе жатқаны үйір қожасының намысына тиді.

«Жо-жоқ, бұл тұрғанда, үйіріне жау тимекші емес!»

Алашеке қоқиланып дөң айбат көрсетті. Қаракөк айылын да жимады. Ежелгі ұзын сойыл, ұрда-жық, астам көкірек бақталасының осалдығын бірден сезіп, сайысқа тіленді...

Арада оншакты күн өтті. Ел жайлауға құлады. Жас құлындар желіге байланды. Ақ жаулықтылар биелердің емшегіне жабысып, сүтті күрп-күрп сауды.

Алашеке үйреншікті әдетінше үйірін өзі айдап келетін. Бүгін де сүйтті. Ауылға қарай бағыттап жіберді де, артынан еріп отырды. Солтақтап жүрісі өндімей келеді. Көрінген қараға аркырай шабатын сәуріктің есерлігі де қытығына тиіп бітті. Ат кісінесе де, елең етіп қауіп ойлайтынды шығарды. Ал анау Қаракөктің ниеті бұзық, мүтін үйірді тартып әкеткісі бар.

Алашеке үйірінің соңында зорға ілбіп келеді. Желінің шетіне іліге бере тыртыспасы ұстап көткеншектеп калды. Содан екі бие сауым өткенше итше шоқиып отырған қалпынан түзеле алмады. Тұла денесін алып түскен сіреспе дерт артқы екі аяғын жаздырмай буып жіберер емес.

Алашеке көп әуреленді. Жануардың жаны қыстығып, көзінен жас домалады.

«Шынымен-ақ, қор болғаны ма?! Егеске бола жаратылған ер бітімі қара тастай шөгіп қалғаны-ау! Сонда ене бауырында өрбіген өз нәсілі ұрпақ келешегін ойлайтын кім? Жо-жоқ, Алашеке көзі тірі тұрғанда жеңісті қолдан бермекші емес! Ер болып туды, ер болып өлмек. Ежелгі бітіспес дұшпаны Қаракөктің алдында тамыры шіріген дарақтай опырыла құлап жатқаны қорлық емес пе?!.

Алашеке қатал қыс құрсауында көп қара құлақтын қоршауында қалғандай ұлы кеудесін намысты ыза кернеп, екі жамбасына алма-кезек күш салып, ышқына алға өңмеңдеді. Әлі құрып, денесін суық тер жуды. Көзі қарауытып, басы айналды.

Айғыр үйірін шола қарады. Қаракөк қырдағы ескі қораның көлеңкесінде тұрған тай-байталдарды алдына салып қуып жүр екен.

Қапелімде нендей қайран жасарын біле алмай қимылсыз қатты да калды. Намыс пен ызадан да бетер бір күш тұла денесін бір уыс қып сығымдап барады.

Кенет жойқын сел тасқынындай өктем қуат қара тастай шөгіп кеткен ұлы кеудені жерден тік көтеріп алып, сілкіп-сілкіп жіберген тәрізденді.

Көз алды қып-қызыл от ұшкындарына толды. Жүрегіне тікен қадалғандай еді. Бөксесі күтір-күтір етті де, жай соққандай есінен танып кетті. Алашеке теңселіп барып зорға оңалды. Әбүйір болғанда, еңсегей бойлы ер бітімін тіктеп алған екен.

Алашеке қапелімде оқыс тұра берем дегенде, ортан жілігінің опырылып кеткенін ет қызуымен білмеді. Шокалақтап әудем жер барып тұрды да, кісінеп-кісінеп жіберді.

Бұл жолғы кісінесі сайыска тіленген сары бауыр саңлақтық емес, енді қайтып оралмас ерлікке толы бұла дәуреннің азалы жоқтауы болатын.

ЖЕТІМ БҰРЫМ

♦ Таспа жолмен арындаған «икарустың» жайлы орындығында жайғасқандар әредік күбір-күбір сөйлеседі. Үнсіз отырғандар да бар. Калғып-мүлгігендер де, қалта телефонды ермек еткендер де ұшырасады.

Жанымдағы бойжеткен аққұбаның әдемісі. Ашық-шашық кейпінен жастық базарын армансыз қызықтаған тоқмейілділік байқалады. Қымсынып-қымтырылуды қаперінен шығарып алған. Сөзге тартайын деп едім, суық тесіліп жылан көздене қарағаны өңменімнен өтіп кетті де, сәтте жұқардым. «Обалым — кәрілікке» деп өзімді жұбатқаным құрысын, қияс ойға беріліп, былық-шылығы бастан асқан заманды іштей жазғырып шала бүліндім. Сөйткенше болмады, қолдан сусыған жүзіктің тасқа соғылған күміс сыңғырындай бір нәзік күлкі еріксіз елеңдетті. Қасымдағы бикеш қалғи бастапты. Қаймыжықтай ерінін төңіректеген шыбынды жасқаған боп маған суық сұғын қадады да, орындыққа шалқая кекжиді. Мына қылымсының қорлығы өтті-ау деген ызаны тағы әлгі оқыс үн бөлді. Бұл жолғы күлкі тау бұлағының еркелей аққан құмығыңқы сылдырына ұқсап кетті. Сылқ-сылқ күліп бұрала ағып жаткан бұлақтың ағысындай оқыс сыңғыр ызыңы бір басылмайтын мүкіс құлағымның дәл түбінен естілгендей болды да, қапталдағы екеуге ыңғай бердім. Тоқтасқан саркідір бәйбішелер екен. Түрлері ұқсас, апалы-сіңлі болар деп, әлгі сыңғыр күлкіні бақтым. Кенет бергі шеттегісі сық-сық күліп мәз болды.

— Ой, Күләш-ай! — деді күлкісін күрсініске жеңдіріп. — Несін айтасың, өтті ғой бастан небір қызық.

— Сеңікі ойын жолы, Күләш-ау! — деді іргеде отырғаны. — Сан жігітті тақырға отырғыздым емес пе.

— Есесіне Құлатайды жар еттің, — деп сыңғыр күлкілі бәйбіше қатарласын қоштап қойды. — Мен ғой сорлаған.

— Тек, олай деме! — деді анау тіксініп. — Кім сүйгеніне қосылған? Менің де мұңым жетерлік болды бір басыма. Сен мақтаған Құлатай жойдасыз қызғаншақ еді.

— Қой, әрмен! — деді мынасы ерінін шүйіре шытынып. — Құлатайдан ондай мінез шықпайды. Сенікі әншейін шыбық тимей шыңқ етердің кері. Қыз күнгі еркелігіңнің салдары.

— Сен не еркелемедің бе? — деп арманшыл бәйбіше оған шүйілікті. — Жігіт атаулының көзінің құрты, көңілінің дерті болғаның күні кеше ғана емес пе?!

— Сен байым қызғаншақ дейсің, әкенің қытымыр болғаны қиын бәрінен, - деді Күләш есімді бәйбіше сөзін ауырлатып. - Қисық еді біздің әкей. Алды қатты болатын. Сол кісіден ықтаймын деп торға шырмалдым ақырында. Ерегістің құрмалдығына шалынып, сүймеген біреуге қосақталдым...

Екеуінің күңкілдері токталар емес. Астанадағы балаларына барып келе жаткан көрінеді. Күләш есімді бәйбіше Шу стансасында тұрады екен. Қасындағы әйел Тараздан көрінеді. Аты-жөндері де ұйқас-ты, келбет-кейпі де ұқсас қос бәйбіше сыр тиегін ағыта бастады. Күләш түйешінің қызы, анау жылкышының қызы атаныпты.

Менің де қиялым қозғалысқа түсіп, алыста қалған жылдарды тірілте бастады да, көз алдыма бұлдыр бейнені әкелді. Қаз-қалпында елестете алмағаныма өкініп те отырмын. Кемі қырық жыл өткен шығар одан бері. Оның да есімі Күләш болатын. Күлкісі қалыпты құлағымда. Сол сыңғыр күлкі осы жаңа бәз қалпында қайталанды емес пе?! Мына Күләш есімді әйел соның нақ өзі болмаса?! Шашы жойдасыз ұзын еді-ау! Мына әйел өмір-бақида шашқа жарымаған тәрізді. Жұқанасы ғана нобай танытады, оның өзіне бояу өтіп кетіпті, үрпе-сүрпелеу. Қасындағысының әйелдік бейнесі бәз қалпында, селдірей бастаған қылаңдау шашын төбесіне түйіп алған.

Дауыстары қаттырақ шығып кетіп еді, соны ілік қылған қытымыр бойжеткен: — Кәншайте! — деді қалта телефонын іске қосып жатып.

Жым болды. Бір-біріне қарасты да, сыбырға көшті. Менің мүкіс құлағым олардың күбірін ұстай алмады. Бірі жылкышының қызы атанған, бірі түйешінің қызы бопты. Маған керегі — түйешінің қызы. Сұрайын деп октадым да, кекжік бас кекіре бикештен жасқандым. Күлкісі келіп тұр Күләш бәйбішенің. Бірақ та шаштан жұрдай. Мен кезіктірген қыздың шашы мейлінше ұзын-тын. Дүдәмал ой қиялыма түрткі салды да, тым-тым алыстап кеткен жылдардың елесін көз алдымнан өткізе бастадым.

* * *

Мын да тоғыз жүз елу сегізінші жылдық жазы еді. Аудан орталығындағы он жылдық мектептен түлеп ұшқан мен тіке қияға сілтегенмін. Алатаудың төсіндегі алмалы қалаға тарттым. Зооветеринарлық институтқа түспекші едім. Емтиханға жібермеді. Партия ұранына үн қосып, екі жыл ауылда қой бағуымыз керек екен. Менімен бірге келген парталас серігімді аядым. Математик-тін. Сыныптағы отыз оқушының үздігі еді. Есепке жүйріктігіне бола оны біз «қазан бас» дейтінбіз. Расында ол шүйделі. Ұлы көсемнін басына жедеғабыл.

— Саған обал болды, — дедім мен оған. - Есіл миың-ай!

— Шұрқ етпе, — деді ол үлкендерше сөйлейтін әдетімен. Есеп кредит техникумына түсе саламын. Шот қақсам да жетеді маған.

—Мен ше?

— Сенің арманың мал дәрігері болу ғой. Бара шопан таяғын ұстайсың, әне-міне дегенше өте шығады екі жыл. Сосын кеп түсесін жоғарғы оқу орнына.

—Түсе алмай қалсам?..

—Онда ғұмыр бойы қойшы боп өтесің.

—Қой бақпасам ше?

— Спирт сасыған мал дәрігерліктен малшылық қайырлы.

Жылқышылық та үлкен дәреже. Түйеші болам десең де еріктісің. Шатпақтап өлең жазатының бар. Газетке ойысарсың, бәлкім.

Алматыға баруымыздан қайтуымыз тез болды. Алыстағы ауылға төтесінен жету үшін шағын темір жол бекетінен түсіп қалдым. Серігім қолын бұлғай-бұлғай кете барды. Қимай тұрмын оны. Қапелімде акындығым оянып кеткені. «Басың-ай сенің, басың-ай. Бірге оқыған досым-ай. Екі айрылдық амалсыз, өмірдің жолы осылай». Мен аялдаған бекеттен Атығай кенішіне машина керуені үздік-создық ағытылып жатады. Жөнімді айтып едім, қасына отырғызып алды мұртты шопыр. Әңгімешіл екен өзі. Шажағай өзеніне әне-міне дегенше жетіп-ақ келдік. Менімен қимай қоштасқан ол өткелге жақын тұрған киіз үйді нұсқап: — Түйеші қисық адам. Қызына қырындаймын деп пәлеге қап жүрме, — деп ескерткен еді. Бөтен шаңырақка баса-көктеп кіріп баруға батылым жетпей, қарасудың жиегіне кеп отырдым. Суға сүңгіп алсам қайтеді деп оқталдым да, жолаушы екенімді ойлап тартындым. Бала кезімнен серіктесіп келе жатқан жабысқақ мұң сағынышымды түртті де, бірге оқыған құрбы-құрдастарымды есіме алдым. Әсіресе қызы түскірлер ыстық. Еліктіріп қол бұлғап тұрғандай ма. Ынтықтырған Ынтық та солардың арасында. «Ауылдан ұзамаймын, әке-шешемнің жалғызымын ғой» деп еді қоштасарда. Сыныптағы бойжеткендердің айы мен шолпаны Әмина мен Нұриланы да жиі ойлаймын. Қиян түкпіріндегі қойлы ауылда өскен мен сағыныштың азабын көп көрдім. Біздер ауыл балалары интернатта жатып оқитын едік. Бірінші кезекте анамды ойлайтынмын. Енді сол шешеме деген сағынышымды қызы түскілер өздеріне бұрып алғандай ма?! Қайда да алдымнан шығады. Мына үйдің де қызы бар демеді ме?! Құтылу жоқ бұлардан. Шетінен сұлу және өздері. Қалай ғана қиярсың жәудіреген керік қастарды. Түйешінің қызы да әдемі шығар. «Дәмесінің зорын» дейді ішкі түйсігім. — Ауылыңа жетіп алсаншы одан да. Тап бір айың оңыңнан туып оқуға түсіп қайтқандай шіренесің кеп.

Біздің ауыл Шажағай өзенінің орта тұсын жайлап отыр. Қозы қыркымы басталған шығар. Одан күзем науқаны қызады. Шөп тасып қора жөндеу, қысқа дайындық деген бар. Жиырма шақты үйлі қойлы ауылдың тірлігі маған жат емес. Ұйымшыл келеді адамдары. Ынтымақ-бірліктің ұйытқысындай. Тек бойжеткендерден шола біздің ауыл. Перме меңгерушісі Алдабектің қызы Пүліш ұзатылып кетіпті. Ауылдағы жалғыз қыз — Рымбек қойшының Тілеужаны. Киіктің құралайындай сүп-сүйкімді өзі.

Тәуекелім жетпеді ақ үзікті түйешінің үйіне бас сұғуға. Қарасудың жиегіндегі көрпе көкке етпеттеп жатқан қалпымда өлең құрастыра бастадым. «Мал дәрігері болсам деп оқуға бардым, екі жыл қой бақ деп дігер салдың». «Әй, Хрущев, Хрущев, оңбағансың, ақылың жоқ». Өзімнің ақылым тап бір шекемнен көрініп тұрғандай-ақ. Мемлекет басшысын өлеңге қосқаныма қарадай қуыстанып, біреу-міреу естіп қалмады ма деген сақтықпен басымды жерден көтеріп едім, маған қарай келе жатқан түйешінің қызын көріп, сасқалактап орнымнан ұшып тұрдым. Бой-басымды түзегіштеп, әлек-шәлегім шыққан мен оған не дерімді білмей:

—Сіз кім боласыз? — дегенім бар емес пе.

—Біз кыз боламыз, — деді ол кекесінмен.

—Түйешінің бе?

—Иә, әкем түйе бағады.

—Өзіңіз?..

— Өзімді көріп тұрсың ғой, — деп ол қуақылана жымиды.

Үнім өшті де қалды. Бейтаныс бойжеткеннің мысы басып, тіптен тұқырайдым.

—Не ғып жүрсін? - деді қыз сәл жұмсарып.

— Мәшинеден түсіп қап... Ауыл алыс боп... Сосын тұрғаным ғой.

—Біз жеп қоямыз ба сені? — деп ол тағы шүйілді маған.

Әлгінде шопырдың «түйеші қисық кісі» дегенін айта жаздап іркілдім.

— Үйге жүр, - деді түйешінің қызы. - Күн ыстық, сусаған шығарсың?

—Шөлім басылып қалды, — дедім қырсығып.

—Өлі су ішіп пе?

—Сізді көріп...

— Өйдәйт дерсің! Ойна балта қарамен! - деді ол кекесінмен. — Үндемейді екен десем, сөйлейтін түрің бар-ау!

—Сөйлемек тұрмақ сайрап та жіберем.

—Әншісің бе?!

—Ептеп ыңылдаймын.

— Жақсы болды ғой! — деп ол сықылықтап күле жөнелді. Күлкісі әнге бергісіз, әуезді екен. Тас бұлақтың екпіндей аққан үніндей сыңғырлап шықты. Бетімді сәтте жұмсақ леп шарпығандай боп жүрегім уылжыды.

— Оқуға түсе алдың ба? — деді ол менің жағдайымды ойша шамалап.

— Қабылдамады. Екі жыл қой бағасындар деп... Өзің ше?

— Жеті жылдықтан соң педучилищеге түскенмін. Үшінші курсты аяқтап, соңғы басқышқа табан тіредім.

—Мұғалімдік пе?

—Бала оқытпағанда түйе бағар деймісің?!

—Мен қайтейін? — дедім құдай аманаты теріс лағып.

— Шопан атаның ақ таяғын ұстайсың, — деді ол салқын жымиып. — Түйеші болғың келсе бізге кел, әкейге көмекшілікке.

Табалаудан да бұрын жан тартқаны жүрегіме жайлы тиіп: — Онда осында біржолата қалайын, — дедім қыздың сұңғақ бойына үйлескен ұзын шашына таңырқай қарап. - Қолбала қып аларсыңдар.

—Немене?! Жетімбісің?

—Құдай сақтасын! Өйдемеші.

—Енді не дейін? .

—Оны жүрегіннен сұра...

Ол бұл жолы сақылдап тұрып, барынша ашық күлді.

—Әй, сен өзі... ақын емеспісің?

—Ептеп.

—Онда несіне мал маманы болсам деп көксейсің?

—Нені көксейтінімді өзім де білмеймін.

—Қыз шығар, бәлкім, арманың?

—Мүмкін.

— Қасында келе жатқан жоқпын ба, - деді ол еш құйтырқысыз. — Оқуымды аяқтасам деп жүрмін. Кете салар едім қол ұстасып өзіңдей бір жігітпен.

—Жалықтың ба?

— Жалыққанда қандай! Мезі боп біттім, — деді ол ойлы жанарына мұң үйіріп. — Қыз боп туғаныма налимын. Жолынды тосып жүргізбейді, түге! Еркек дегендер ұятсыз шетінен.

— Мәртебеңнің жоғарылағанына, пұлды екеніңе куанбайсың ба қайта?

—Қорланамын керісінше.

Қайтып қажамадым оны. Ілгешегі бар тәрізді. Бәлкім, біреуден алданып, әйтпесе махаббат айдынында құлаш ұрып, жағалауға жете алмай титықтап... Жағалауға жетіп жығылғасын белгілі емес пе. Әйелдік міндетін өтеуден басқа не бітіреді. Мықтаса бала табар.

Аяушылығым оянды қапелімде. Қыз дегендер бойжеткен қалпында жүре берсе ғой. Қызығы бұларға жоламаған. Обалына қалып қайтемін. Ойымның ерсілігін біле тұра қыңырттағанымды қайтейін, түйешінің қызы сәт сайын мені өзіне тартып ыстық көрініп барады.

— Айтпақшы, танысып қояйық, атың кім? — деді шұбатты сырлы тостағанмен ұсынып. — Кейпің келісімді, есімің де лайық шығар өзіңе?

—Ныспым — Көдек.

— Өлә, қатырыпты ғой! — деп ол сықылықтап күліп коя берді. — Әңгінің қодығы боп шықтың.

—Әңгін не?

—Есек ше?

— Жо-жок, біздің өңірде, Арқада малдың төлін көдек деп атайды, - дедім өзімше ақталғансып. - Бұл сөз есекке үйлеспейді.

— Үйлеспегенді қайдам, — деді Күләш күлкісін тыйып. — Біздің жақта есектің төлі көдек делінеді.

—Ә, солай ма? - дедім қыстыға қызарактап.

— Солай, жігітім! — деп ол тағы да оспаққа басты. - Біз өзбек ағайындармен қоныстас болғандықтан, есек ұстаймыз. Есектің арам болғанымен күші адал. Біздің әкей ұзын құлақтарды жақтырмайды. Анада көрші ауылдың ала көз қара есегін қышқыра береді деп құрықпен қарақұсынан бір-ақ ұрып, миын аузына түсірді.

—Өліп қалды ма?

—Сеспей қатырды.

—Әкең қиын адам дейді, рас па?

— Қырсық кісі, — деп Күләш түрлендіре түсті. — Есіміңнің есекке шатыс екенін білсе, қондырмай үйден қуып шығуы кәдік.

— Онда осы бастан жөнімді табайын, — дедім кәдімгідей-ақ тіксініп.

—Қорқамысың?

— Сендей қызды қызғанбайтын әке бола ма? — деп жалтардым.

— Өйтсең, тәуекел ет, — деп Күлөш сүйкімді жымиды. — Сен әлі бозбала емес, бозымсын ғой.

— О не дегенің?! — деп тіксіндім. — Теңдігіңе алмаймысың?

— Қайрағаным да, - деп жасанды қылымсыды ол. - Сенсіз де аусарлар жетерлік. Қанып іш шұбаттан.

Мен де жай отырмай:

—Бір үйде бір өзін бе? - дедім.

— Шешей түйе көзеп кеткен. Көкем, әкемді айтам, Сарыарқа мал жайылымының орталығында жұмысы боп... Келіп те қалар кештете.

—Онда мен...

— Онда сен құрисың, - деді қыз қуақыланып. - Көрші ауылдың ақ танау қара есегінің кебіне ұшырайсың.

— Тәуекел! — дедім өзімше батылданып. — Азар болса түйе бақтырып кояр.

—Күшік күйеу есебінде қолына ұстаса ше?

—Оған да құмбылмын.

— Е, шира, жігітім! — деп Күләш салқын шұбатты ағаш ожаумен сапыра түсті. — Қымыздан көрі ашуы аз келеді.

Осымен екеуара әңгіміміз тоқтады да, кешкі қарбалас қамына кірістік. Мен атқа мініп, түйелерді қайырмаладым. Күләш пен шешесі інгендерді боталарына табыстырып түйе сауды. Қазан көтерді.

Қазан иесі жадыраңқы әйел екен. Жөнімді білген соң жылы ұшырап, оң шырай танытты. «Әкеңді білем ғой. Тақымкеш Науан ба? Күләштің көкесімен дос-шарлығы бар. Көкпаршылығы әлемет біздің кісінің. Екеуі тақым тартысып та көрген», — дегенде, кәдімгідей-ақ марқайдым.

Дәл рас. Әкем көкпар десе өліп түседі. Өгіз машинамен шөп шабатын ол Жамбыл облысының Сарыарқа мал жайылымына кеп қоныстанған малды ауылдарына ат ізін жиі салады. Үш ай жаз көршілес облыстың қойшы-қолаңы мен жылқышы, түйешісі жайлау қызығына кенеледі. Күнде той, күнде думан. Көкпаршылар жүреді иен даланы дүбірлетіп. Ересен тақымкештігіне бола әкейді көрші ауылдар той-томалақтан қалдырмайды.

Түйелерді қоғамдап қотанға иіре бастағанымызда, автодүкен кеп тоқтады үй сыртына. Мәшинеден екеу түсті. Күләштің шешесімен жете амандасқан бұжыр бет бүйен қара:

— Апай, мынауың кім? — деп сұрады ат үстіндегі мені нұсқап.

— Қонақ бала, — деді ол жайымен ғана. — Беймезгілде не қып жүрсіңдер өздерің?

— Тауар әкеле жатырмыз, — деді бүйен қара маңызданып. — Қолға түспейтін матамыз бар. Қант-шайдан да қарайласамыз.

— Әй, бауырым, басымның сақинасы жиі ұстап өлгелі жүрмін. Үнді шайың бар ма, соны айтшы алдымен?

— Әпкемнен аяғанды ит жесін! — деді апталапшик жасанды жымсиып. — Керек десеңіз, жәшігімен қалдырып кетемін. Мұрынның қанындай бірінші сорттың нақ өзі. Айтпақшы, жездемнің жерік асы кәнак, шампан да баршылық.

— Жездең үйде жоқ, — деді Күләштің шешесі сәл салқынсып. — Ақбұйраттағы штаб орталығына кеткен. Мына қасындағы кім?

— Балдызым ғой. Үніститте окиды. Ел аралап, жер көрсін деп... Айтпақшы, апай, Күләшка деп кілем қағыстырып ем, соның байғазысын дайындай беріңіз осы бастан.

Екеуін қондырғысы келмей сырғытпалаған қыз шешесі кілемнің шеті шыққан сәтте күрт жұмсарды.

— Төрлетіңдер, - деді ақ сұр реңіндегі салқындық сәтте сынып. — Біздің кісі де кеп қалар.

— Жездемнің сыбағасы қомақты, - деді апталапшик сайқалсып. — Ат-шапан айыбыммен келдім. Өткен жолғы қателігіме кешірім сұрағалы.

— Соныңа иліге қойса біздің кісі? — деп биік қабақ ақ сұр әйел суықси қалды. Беймезгілде келгеніңді ілік қып жүрмесе?!

— Бағана жолыққам жездейге, — деді ол маңызданып. Жөнімді білдіргенде, бүгін қайта алмаспын. Шаруам бітпей тұр деген.

Күләштің шешесі сәл күрсінді де, қызына бұйырды.

—Нағашыңды қарсы алсаңшы, — деді.

— Бауыр сіздікі, менің не жұмысым бар саудагер іниңде. Бір еселеп беріп, екі еселеп қайтып алғалы келді де, - деп Күләш нағашысына жиендігін бір көрсетіп тастады. — Кетсе жолы әне! Түссе, үй міне. Буына жығылар жайым жок, піркәншік бауырыңның!

Ішімді жылытып жіберді қыздың өткір сөзі. Мына екеуін кетсе екен деп тілеп-ақ тұрмын. Қайдағы кеткен! Жаңа ғана атып алған киіктің текесін студент балдызына сойдыра бастады. Әне-міне дегенше ас дайын болды. Қаймақ қосып қуырылған бал қуырдақты қарбыта асаған апталапшик: — Әй, қонақ бала, жей түс, — деп маған пейіл білдіргенсіді. — Ауылдарыңа барғанмын. Әкенді білемін. Тақымынан көкпар бермейтін Науан емес пе?

Әкемді мақтағанын құптасам да, бала дегеніне намысым келіп іштей оны жек көре бастадым. Жойдасыз қомағай

екен. Киіктің жарты еті туралған дәу қазан қуырдақты бір өзі еңсеріп тастады.

«Ақ жорғаны» теріс көрмейді екен. Күләштің шешесі қызыл күрең шараптан алды. Қонақ кәдеге апталапшик бастады бір әнді. «Ақ қурай, қызыл қурай, қурай-қурай, құдайым қызды ауылмен сыбай қылғай...»

Сірә, балдызын қайрағаны болар. Ол да жездесі тәрізді тамақсау екен. Ашқарақтанып қуырдақты обып жіберді. Күләштің шешесінің көзін ала беріп қызыл күрең кәнактан тастап та алды. Жуантықтау келген тапал қараның көзі ойнакши бастады. Күләшқа тесіліп құмарта қарағаи сайын ішімді қызғаныш бүріп, жайым кете бастады. Бір әбүйірі - қыз жігітке пейіл бере қоймады. Оны жек көріп отырған сыңайда. Қабағы түйіліп шешесінің: «Кеуіл көтергенін» жақамай ішпе деп ымдап қояды. Шешесі әнші екен. Ауылдың алты ауызын бастады.

— Сорың құрысын! - деді Күләш қатты шытынып. - Көкемнен татисың ғой, сен қатын.

Ән кетті дейсің аспанға өрлеп, бірінен соң бірін ағытады. «Қара-ай көз, олай да өттің, былай да өттің. Басыңнан бір тал үкі бермей кеттің. Ай, қайтейін, сәулем қара-ай көз!»

— Беу, бұлбұл көмей, әпкем-ай! — деп жел бере түсті інісі. — Жігіттің сұлтанына лайық едің. Бакырауық түйешіге қор болғаның-ай!

Әпкесі мен бауыры барып-барып тоқтады. Студент ептеп қызу. Мені оңаша алып шығып, түйешінің қызына өле ғашықпын деп бөсті.

— Ғашық болсаң қайтейін! - дедім қитығып. — Түріңе қарамаймысың?

— Ей, не-ей, боқ мұрын?! — деп ол мені итеріп қалды. — Тұрған жеріңде қазықша қағып жіберейін бе осы!

Егескенімізді естіп калған Күләш арашалап алды мені.

Төсек салынды. Күләш нақ төрдегі ақ кереуетке жатты. Қазақы тәртіппен шымылдығын түсіріп алды. Онысы — қауызы ашылмаған гүлмін, босаға аттамаған пәк көңіл бойжеткенмін дегені. Маған төсекті іргеге таяп жеке

ыңғайлады да, анау екеуін нақ төрге жатқызды. Шешесі өз орнына қисайды. Басы жастыққа тиер-тиместен қор етіп ұйықтап кетті. Мына қалпында қызын қорғаштау былай тұрыпты, үйді біреу жығып артып кетсе де оянатын түрі жоқ. Бір сойқанның боларын сезгендей-ақ пияла шам ғана көзін барынша шақырайтып алған. Соны байқаған студент жігіт жарықты өшіріп тастады.

Түнгі дала тым-тырыс. Иттер үруін тоқтатқан. Қотанда шөгіп жатқан түйелер анда-санда оқыстан бақ етеді. Шілделіктер де сызғыруын азайтты. Есесіне іштегі қыбырға жан бітейін деді. Әпталапшиктің қорылы әлемет, екпін алып үдетіп барады. Тыныс тартқаны ұста дүкеніндегі қара көріктің ауа сорғанынан бетер. Өтірік қорылдап амалдағаны шығар деп және ойлаймын. Ол енді ұйқысырап былдырлай бастады.

«Ұйқы — дұшпан» деген рас-ау. Көзім ілінген екен, ояна келсем ірге жағымнан біреудің демі білінеді. Шашы бетіме кеп тигенде ғана мән-жайды шамалап үлгердім. Шамаладым дегенім әншейін сөз ығыты. Әйтсе де нақ осы сәттегі менің түйсініс-толқынысымды басқалар тұрмақ өзім де тап баса алмас едім. Жүрегім тыпыршыды десем күпірлікке басқаным, керісінше тоқтап қалардай баяулап, бойымды бір суық леп шарпығандай сезіліп құдай аманаты қалтырай бастадым.

- Әрі қарап жат, — деді қыз көрпемді ашып қасыма жатуға ынғайланып. — Әне бір оңбаған мазамды алып...

Сонда ғана баяулаған жүрегім тың серпіліспен лүп-лүп соға тынысым кеңіп сала берді.

Қыз маған ту сыртымнан жабысып алған. Бір көрпе астында қыбырсыз жатырмыз. Өйтпесек қыз оятқыш аусарға әшкере боп ұсталып қаламыз. Қараңғы үйді тінткілеп дамыл-дамыл шақпақ тұтатып әуреленген қыз оятқыш бозбаланың дөрекі әрекетіне ызам келсе де, қызбен бір көрпе астында жатқанымды үлкен ұтысқа санап ұпайым түгенделген мен сезімдерімді тірілте бастадым. Мұрныма бір жағымды иіс келіп түшкіріп жіберуге аз-ақ қалдым.

Қыздың жұп-жұмсақ сүйріктей салалы саусақтарын алақаныма салып қысып-қысып қойдым. Алдыма құлаған оқтаудай тоқ бұрымы қытығымды келтіріп және еліктім. Тұла бойынан тараған жып-жылы лепке балқып арқамды оған төсей түсемін. Тыпыршығанымды байқаған қыз: — Қозғалма! — деді құлағыма сыбырлап. — Анау біліп қояды. Іздеп жүр мені.

Бас жағымызға таяп келген ол сіріңке тұтатып еді, жөндеп от алмады әлжуаз шақпақ.

- Әй, інішек, қайда әлгі? — деді аяғымен басымнан нұқып.

- Далаға шығып кетті ғой, — дедім сенімді үнмен.

Ол бұйырып:

- Тұр! Іздейік, — деді.

- Өзің ше?

- Иттен қорқып тұрғаным...

Осынау тығыз-таяң сәтте қызы түскірдің күліп-ақ жібергені. Дәу караның жойдасыз қорылы сақтап қалды бізді. Мына сабазыңның ештеңеден тайынатын түрі жоқ. Кызға батылдау боламын деп ішіңкіреп алғаны әдеп шекарасынан шығарып жібергендей. Табалаудан гөрі оны мүсіркеуім басым түсіп, байдың асын байғұс қызғанардың керіне бағып құр тұлыпқа мөңіреген сиырша қызға ту сыртымды беріп әрекетсіз жатысыма көңілім толмай бұлқынып едім, Күләштің сығымынан босана алмадым. Арқама жабыса тас кып құшақтаған қалпы: «Мен десең қайта айналып соқ, - деді құмыға сыбырлап. - Бұл жолғың қисынсыз. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартардың көріне баспай тиыш жат».

Балбырап балқып жатып ұйықтап кетіппін. Әлде бір оқыс дауыстан ояна кетсем, қыздың құшағында жатырмын. Қатты ұйқыға берілген оның ыстық демі бетімді шарпып тұла бойымды ерітіп жіберді де, өзіме тартып ернімді алқымына жұғыстырдым. Сөйткенше болмады, мылтық даусы гүрс ете калды. Селт етіп ояна келген Күләш атып тұрды да, шымылдықты серпе төсегіне құлады. Өз-өзіме

келе алмай абдыраған мен таңғы алагеуімнің бозала сәулесі дендеген ішке көз тастап едім, Күләштің шешесі алың-бұлыңда жаулығы ағараңдап: «Ойбай, біздің кісі кеп қапты ғой! Тұр-ей, Масабай!» — деп бауырына бұйырды.

— Келсе қайтейін! — деп ол кекіре түсіп жатты да, қоясы қозғалған итше жамандай локсыды.

Есікті теуіп ашқан түйеші ішке мылтық ұстай кірді. «Қыз оятқыш» студент кереуеттің астына жасырынды. Мен тапжылмадым, ұйықтаған боп жата бердім. Жатқанымды қайтейін, бойымды алған қорқыныштан жүрегім шімірігіп денем ұйып бара жатты. Қас қылғанда, назарын маған аударғаны ғой.

— Ей, кімсің? Көтер басыңды! — деп бұйырды.

Қызымды дәу де болса осы жатқан мазалады-ау деп күдіктенді ме, сұрақтың астына алды. Жөнімді білдірген боп мыңқылдағанымнан қауқарымның аздау екенін байқады білемін, тайқыды.

— Әй, сені кім шақырды? — деді төсегінде отырған балдызына қос ауызын төндіріп. — Атаңнын көрі! Барыңнан жоғың, атып тастайын ба осы?!

— Жазығым не, жезде-ау?! — деп анау мәймөңкеге басты. — Қолымда тұрғасын депесит тауардан ауысып... әпкейге үнді шайын, сізге қызыл күрең кәнақ жеткізіп...

—Оның кайда?

—Машинада.

— Тұр да әкел шапшаң! — деп бұйырды түйеші жез мұртын қопсытып. — Өзің ғанамысын?

— Мен деген көкжалмын ғой жеке жортатын, — деп ол жездесінің көңілін жайландыра түсті. — Ана жатқан боқ мұрын менің деңгейіме келе алушы ма еді, тәйірі?!

— Әй, екі соққан! Таң атпай жатып бұл не көкігендерің?! — деп Күләштің шешесі көрінеу қырланды. — Бала да болса қонақ емес пе олар. Жынды адамша жүрегін ұшырып, мылтық атып...

Түйеші басылып қалды. Бәйбішесі қосауызды шалының қолынан алып, құндағынан ағытып, сандыққа салып тастады.

— Әкел-ей әлгінді! — деді үй иесі жұтынып. — Ұйқы ашар жасайық. Жолай Қибай құрдасымның үйіне соғып, сандығының түбін тақырлап.

- Босқа жатқан түк те жоқ. Ақшанды шығар, жезде, — деп Масабай түйешіге қолын созды. - Сізге деп әкелгенім шараптың патшасы әрмиянский кәнак.

Тұрып кеттім. Желпейлі жібек шымылдықтың ар жағында тоқ бұрымы иретіліп, төсі ағараңдап жатқан бойжеткенмен бас түйістіріп ұйықтағаныма сенер-сенбесімді білмей, өзімді тұқыртайын десем де, көнер емес ішкі түйсігім. Мактанышты сезімге беріліп, көншіген көңілімнің ыркымен түйешінің қызын қиялымда аялап, өзенді құлдап кете бардым. Түйешінің қызына қолымды бұлғай-бұлғай ұзай бердім. Ұзаған сайын қимас асылымды қалдырып бара жатқандай, жаным жабырқап қатты құлазыдым. Түндегі бір сөзі ғана демеу. Қайта айналып соқ демеді ме.

Араға екі-үш аптаны салып оралғанымды қайтейін, түйешінің жұртын сипап қалдым. Сарыарқаны ұлан жаз жайлаған малды ауылдар түстікке бет алып үздік-создық көше бастапты.

...Түйешінің қызынан көз жазғалы қаншама жылдар өтті десеңші! Бір шүйке баспен иық түйістіріп, бір көрпенің жылуын бөліскелі де қырық жылдан асты. Кезінде қара торының әдемісі болған. Бүгінде оның да бетін әжім торлап, өңі тоза бастаған. Мына екі бәйбішенің де жетіскені шамалы екен. Келісті кейіптерінен қалған жұқананы тозыңқы бет-жүздерінен кетіргісі келмей аздап боянғанымен, бірте-бірте дендеп күш ала бастаған кәрілікке қарсы қояр қайраны бар ма?!

«О, шіркін» деймін амалсыздан. Жаратушының уәзірі уақыт өктем-ау! Дегеніне иліктірмей қоймайды басы жұмыр пендені.

Екеуінің аузы жабылмады. Біресе сыбырласып, біресе күбірлесіп, іштерінде жинақталып қалған арыз-арманын айтып тауыса алар емес. Ара-арасында күлісіп те алады.

Сонда менің мүкіс құлағыма сәл тосаңсыған сыңғыр күлкі жетеді. Жеткен сәтінде алыста қалған жылдарды қиялымда тірілтіп түйешінің қызын көз алдыма әкелемін.

— Алғашқы күйеуіңмен кездесіп тұрамысың? - деді шашы ұзын әйел Күләш есімді бәйбішеге. — Табысқой дейді ғой. Баласына қарайласатын шығар.

— Тоңқандаған қара коңыз емес пе ол соққан, - деп шашы қысқа әйел күрсініспен көмкерді сөзін. — Қыр соңымнан қалмай қолына түсіріп еді. Тұрсам аяққа, отырсам басқа ұрды. Акырында ел-жұртқа масқаралап, шашымды кесіп тынды. Шашым кесілгенсін басыма ауыз салар деп кетісіп тындым емес пе.

— Ойпырмай, қолы қалай барды екен?! - деп қасындағы әйел қинала сөйледі. - Сенің шашың мейлінше ұзын еді-ау!

— Көремісің? — деді анау аяғының астындағы сөмкені алдына алып. — Жанымнан тастамай өзіммен бірге алып жүремін. Әдет боп кетті. Шашым үйде қалса бір түрлі жайсызданамын.

Қол сөмкенің ішіндегі бұрымды шұбалтып алып шыққанда отырғандар елеңдесіп қалды. Олар да екі әйелдің әңгімесін қалт жібермей тыңдап отырған-ау, шамасы. Бәрінен де менің таңданысым басым еді. Кездейсоқ жағдайда аз ғана сәтке ұшырасқан, бір-біріміздің демімізді жұтысып, құшағымыз айқасқан, әдептен оза алмай шарасыз тежеліп, күнәсіз қалпымызда екі айрылған біздердің ұзақ жылдардан соң ойда жоқта ұшырасуымыз кәрі жүрекке оңай соқпасын біліп, үндемей құтылмакшы едім. Күләш есімді бәйбіше хош иіске малынып, жұпары аңқыған жойдасыз ұзын шашты алдыма шұбалтып тастай берді.

—Иесі сен едің ғой бұл шаштың! — деп өктем дауыстады. — Танымады деп отырмысың? Бағана салғаннан-ақ шырамыттым. Мұрнының ұшындағы қалың әйгілеп тұр. Дәу де болса сол шығар деп. Атыңды ұмыттым. Есекбай ма едің? Кодыға ма едің?

—Көдекпін, — дедім сасқалақтап.

— Көдек болсаң қайтейін? - деді ол жыламсырап. — Піркәншік нағашымның есерсоқ балдызына итере сап кеткен ынжықтығыңа не дейін?!

Тосылдым. Іздеп барғанмын. Жұртыңды сипап қалдым дегеніме иланар ма?

Әтір иісі аңқыған жетім бұрымды бетіме басқан қалпымда үнсіз езіліп отырдым да қойдым. Есім ауғандай боп оңалғанда байқасам — екі мұңлық қосыла сықсыңдап отыр екен. Менің де көзімде жас бар еді.

АЙТӨБЕЛ ҺӘМ ГҮЛЗЕЙНЕП

♦ Әр қилы атаған. Тағаша иілген төбелі жаңа айдың қиығына келеді. Содан да Айтөбел боп кетті. Иесі де осыған тоқтаған. Былайғы жұрт оны Қорабайдың күрең төбелі дейді. Дей берсін-ау, байталдың қонымды атқа ие болуына балалардың септігі тиген. Солардың дуалы аузының шарапаты. Ертеңнен қара кешке дейін Айтөбел деп дуылдасып жүргені. Бәйгі күреңге деп тақпақ та құрастырды, ән де шығарған. Әттең, жүйріктің иесі келіспейді. Тым дөрекілігімен аты шыққан Корабайдың әсіресе балаларға жаны қас. Бұларды қора маңына жуытпайды, көріп қалса ат бауырына алып сабайды. Ерінбей-жалықпай тырқыратып қуалап жүргені. Содан да балалардың тілі шығып:

Корабай-ау, Корабай,
Айтөбелге обал-ай.
Жуытпайсың айғырға,
Өзің ондайды қойдың ба?! -

деп жамырасады кеп. Елу шақты үйлі ауылдың қам-қарекеті балалардың көз алдында. Айқай-сүрен былай тұрыпты, иттердің арпылдасқаны мен бұқа біткеннің ішін тартып өксігеніне дейін құлақта тұрады. Айғырдың адуындана арқырағаны, керек десең, айдары алақандай әтештің мекиендерін қауіп-катерден сақтандырып, кокилана қоразданғаны — бәрі-бәрі балалардың жадында

сайрап тұрады. Әсіресе сиыршы Ботбайдың астындағы Қарагер айғырдың азандауы әлемет. Қысы-жазы үстінен ері алынбайтын қамшы кесті жануар жүрісінен жаңылса да, үнін жоғалтпаған, күңгір-күңгір кісінегенде балалар елеңдеседі. Балалардың ыңыршағы шыққан жетім айғырға пейіл беруінің де өзіндік себебі бар. Қыл құйрықтан ада бұл ауыл. Ұрлық бел алған ала шапқында біртін-біртін айдап әкете берген. Бас-аяғы бес-алты жылда ауыл жылқыдан айрылып, типылданып қалды. Ұрылардың тәрізінен қауіптенгендер бірді-екілі биелерін жұмсап тынды. Ат ұстайтындар да қалмаған. Тіке міне қашады жаяу ұры.

Ақой деп аталатын ауылдың үйір-үйір жылқысынан қалған жалғыз тұяқ Қарагер айғыр ғана. Үйірін жаман ауызға тістетпей, аттылыны жылқыға таятпайтын, арқырағанда бір жартастың жаңғырығын екінші жартасқа соғатын адуын үйір қожасының алапаты ересен. Арындап шапқанда жалынан өт шашырағандай боп көрер көзді айбатымен ықтырардай еді. Үйірінен көз жазып қалған құтпан айғыр ауылға сансырап оралған-ды. Майдан даласынан жараланып оралған солдаттай сау-тамтығы қалмай, айқыш-ұйқыш оқтан жырымдалған денесінің жарақаты біразға дейін жазылмай қойған.

Айғыр құла түзге лағып шығандап кеткен-ді. Бір жағы үйірін іздеп, әрі жарақатынан айыға алмай сандалған жануар тұз көлді жалдап жүріп алған. Көрген көзде жазық жоқ, көл суын кешумен жазды түгескен Қаракер ауылға сақайып оралса керек. Кезінде Ақой ауылын жатқызып өргізген айғырдың иесі Ботбайда бұрынғы екпін қалмаған-ды. Кеңестер одағы ыдырап бөлшектенген тұста Ботбайекең де үлесін молынан қарпып қалуға жанын салған. Су жаңа жүк мәшинесі тиді иелігіне. Бұрындары да малсыз емес-тін, жылқылы еді. Оған қоса отыз-қырық сиыр алды. Қой-ешкіден де қарпыды. Қайыры болмады, типылданып тынды төрт-бес жылда. Ұры-қарыдан қорғанып, қысы-жазы қораға тыға бергеннен бе, ұсақ малы

қотырға шалдықты. Ірі қара шай-қанттан артылмады. Ақыр соңында, түгесілді ада-күде. Екі сиырды зорға деп ұстап отыр. Жатыры кепкен бе, жылда біреуі қысыр қалады. Өздері міндетті түрде еркек табады. Сосын қайдан өседі мал. Артық-кемі жоқ елу жылқы кетті. Із өкшесіне түсіп берген қарақшылардың. Түк өндіре алмады. Жоғары жақта сүйемесі бар, полициямен сыбайлас дей ме, індете алмады. Нәтижесінде Ботбай шарқы денесіне жарасымды үйлескен қозы қарнын ортайтып тынды. Денедегі артық салмақтан арылғаны жүріс-тұрысына қатты әсер етті. Үрген бүйендей тырсылдаған Ботбайекең бүгінде қанбақша домаландайды. Кеңес заманының бастыксымағы сиыршы кәттебай. Перме бастық-тын ол жылдары. Енді міне сиыр бағады. Бейнетке төзер-ау, былайғы кездердің сұғынан ықтайды. Табашылдардың күңкілі жаман. Әсіресе бұған азанғы қарбалас қолайсыз. Табынның бас-аяғын жиып өріске бағыттағанша қу жаны қалады. Жас бұзаулағандары ауылға қашады, одан бұқашықтар бастайды сүркілді. Мінгіші де бапты емес, ыңыршағы айналған кәрі айғыр жаман әліне қарамай қарашыл. Сыңар езулеп көткеншектейді де жүреді. Дәмесі зор және өзінің. Қорабайдың бәйгі күреңіне қиыстайды. Атақты Айтөбелге. Сондайда Ботбай сиыршының көкірегін қызыл кернейді. Бір кездегі трактортшы Қорабай, ішкіш, төбелесқор Қорабай бүгінде айтулы атбегі. Үйінің маңы толған машина. Бәйгенің алдын бермейтін ұзын аяғы Қорабайды олжаға қарық қылады. Жылына кемінде бес мәшине кіріс оған. Мұртын балта шапсын ба, қатар өсіп еді бір ауылда. Төбелесқор-тын, істі боп түрмені де керіп қайтты. Ішіп алып кеңшардың бірегейі партком хатшысын мытып жіберген. Екінші жолы моншада шығарған жанжалды. Кеңшардың дөкейлерін тыр жалаңаш қуып шыққан. Айта берсе толып жатыр тентектігі. Басбұзарды шеткергі бөлімше Ақойға бұның қарамағына жіберген-ді. Алдап-сулап ұстады оны. Жұмысқа апат, сонысына қызыққан. Тауды теңсе десе қайтпайды бейнеттен. Көңілінен шықпай қалсаң, шалқалап жатып алады.

Тағдыр да қасақы, оған үйіп-төгіп ұл берген, бұған қаптатып қыз берген. Ботбайдың қыздары орнын тапқан, сол демеу көңіліне. Қорабайдың ұлдары әкесі тәрізді жуан жұдырық шетінен. Байшыкештердің шылауында деп естиді, талтаңбайлардың оқ қағары білемін. Ұрланған жылқылардың құныкері-солар деп күнкілдеседі ауылдың момын қазақтары. Бірақ оған айғақ жоқ, іске тігілмейтін пыш-пыш сөз. Осы күні іске тігілетін нендей шындық бар дейсің, бәрі ақшамен шешіледі. Ақшаны ойлағанда сиыршы Ботбай жұқарып сала береді. Өзінің күйбеңі мынау. Қыздары мен күйеу балалары да әбі-тәбі күн көрістің айналасында шырғалайды. Орталарындағы жалғыз бауырларына қол ұшын берсе ғой. Былай, үйлендіріп дегендей. Қолындағы жалғыз ұлы Сұңғат та уайым бұған. Жиырма бестегі бозбалаға қыз табылмаушы ма еді?! Оның өзінде де бар. Жаман әліне қарамай атбегі Қорабайдың қызына ғашық. Шешесіне тартқан әдеміше келген бойжеткен бір көрмеге сүйкімді. Ұзап оқымаған. Аяғының аздаған сылтымасы бар, содан ептеп қорынады. Мұның жалғызы да ұзамады ауылдан. Шопыр. Ермегі меншігіндегі жүк мәшине. Соның о жер, бұ жерін шұқылаумен күнді батырады. Күн батқан соң не бітіретіні өзіне аян.

Сірә, атбегінің үйін төңіректейді білемін. Қорабайдың кісі жаратын иттері Сұңғатты көргенде жуаси қалады. Шіркіннің, ептісін! Бере қояды деген қызын соған.

* * *

Ботбайдың көзі ауыл шетіндегі атбегінің тұрағына түсті. Төңірегін тал-терек көмкерген қос қабатты үй шатырымен аспан тіреп маңайындағы жәпірейген күркешіктерді менсінбей тұрғандай көрінді де, мұны қозғалып кетті қапелімде. Қолында тұрғанда қонышынан басып қалмағанына өкінеді. Шатырсыз құттыханасы тым қораш, жауыннан мүжіліп жыл-жыл сайын шегіп барады. Өзінің де қалжасы оңып тұрған жоқ. Елуден аспай енсесі түсіп жүнжіп кетті. Ыстық күнде сиыр баққан оңай деймісің.

Қышқылдайтын әдет тағы бар. Ішпеске лажы жоқ, не қызық қалды дейсің итшілеген тірлікте. Сілтеңкіреп жіберген-ді. Езіліп қапты, қу жаны тұр. Мұндайда көңілге әр не келіп жұқарта түспей ме. Кешегі болып-толып тұрған кезінде үлкен-кіші шылауына оратылып, шырмауықша жабысып қалардай еді. Әсіресе сауыншылар төңіректейтін беделді ферма меңгерушісін. «Қайным-ау, мені орденге ұсынсаңшы, депутат сайлатсаңшы» деп қиылады. Тұла бойынан жағымды сүт иісі аңқыған әлгі әйелдің базынасына бұл кәдігідей-ақ елігер еді. Ретін тауып ертіп те кететін беделді бас қосуға.

Әне шықты бір үйлі жанның емшегіне қараған ай мүйізін алдына салып. Орденді Күлшетай сауыншы осы. Сүт жоспарын үнемі асыра орындап, көрсеткішін төмен түсірмейтін.

—Аманбысың-ей, қатын? — деді бұл өзімсініп.

— Амандығың өзіңе! — деп Күлшетай қайырып тастады сәлемін. — Баққан сиырың тамбайды, тандыр боп кетті мүлде.

—Өзің ше?

—Өзімді көріп тұрсың ғой, әйбатпын.

—Ә, онда баяғыны еске түсіріп көрсек...

— Әдірем қал-ау! — Күлшетай ернін шүйірді. - Алдыңдағы малыңды жөндеп бағып алсаншы.

Ботбай тосылды. Көтерімді еді-ау, шыбық тимей шыңқ етердің өзі болған да шыққан. Кінә да жоқ байғұстарға. Ауыл шетінде жаңа үлгімен салынған сиыр сауатын комплекс қаңырап тұр. Әйелдер жұмыссыз калған. Қолдарындағы бірді-екілі сиырдан алған сүтін үлкен жолға шығарып, нандық тиындарын айырады. Ірімшік, майы бірден өте қойса оған да шүкірлік. Бозала таңнан ымырт жабылғанша тұрғандары сарылып. Осы күнгінің адамдарында талғам бар ма, шет жұрттардан келетін азық-түлік оларға балдай көрінеді.

Ботбай тебінді мінгішін. Қамшыласа ерегісіп кетеді, көткеншектеп тұрып алады. Жаман әліне қарамай елеңшіл

өзі. Шилеуітті өзекте жайылып тұрған күреңді көріп қалып оқыранды. Артынша кісінеді. Айтөбел қолма-қол қайтарды жауапты. Төңірек сыбызғы үнге толып кетті. Қамшы кесті лақса қалыспады, өз әлінше бұлқынды. Басыңқы шықты үні. Баяғы бетті кезіндегі күңгір-күңгір кісеністен жұрнақ та қалмаған.

Айтөбел үдетті кісінесті. Құлынын қасқырға жегізген қулықтай шұрқырағаны кәп еді. Көмейінен лықсыған күңіреніс төңіректі азалы сарынға толтырып жіберді. Айғыр да ышқынды. Ышқынбасқа шарасы жоқ-тын. Түйсігіне жеткізген жоқ па, Айтөбел мұңлық іштегі зарналасын. Жауаптан жалтарғаны керт басына мін. Байталмен ләззат бөліскені жадында, бірер мәрте көзіккені бар-тын. Сондағы тұшынысы әлі жүр денесінде. Бәйге күрең де ұмытпапты сондағыны. «Жетсеңші тезірек. Болсаңшы!» дегенді үстемелеп күңіреністі кісінесімен жеткізіп-ақ тұр.

Күн сайынғы міністен титықтаған Қаракерге қапелімде желік бітті. Мын салса бір баспайтын өлімші тарлан ежелгі омыраулы әдетіне басып ұра кеп жөнелгенде, Ботбай ерден ауып түсті. Бостандық алған айғыр байталға бара-ақ жанықты. Кәрі мүше жас тәнді адаспай тапты.

Нақ осы сәтте Қорабай шыққан сыртқа. Айтөбелге көзіккен Қарагерді көріп қалған ол мылтыққа жармасты. Жамбасын ауыртып алған Ботбайдан бұрын жеткен Қорабай айғырды қақ мандайдан көздеді. Мылтықтың ащы шаңқылы бұйыққан тыншу ауылды селт еткізді. Ажал оғынан тырапай асқан лақсанын тыпырлауға да шамасы келмеді.

Бір сұмдықтын болғанын түйсінген ұзын сирақ күрең қос құлағын шаншылта осқырынды. Үрейден шатынаған көзінен үзіліп-үзіліп түсіп еді ауыр тамшылар. Өзіне тағы бір суық қолдың сұғынарын сезініп шұрқырады барынша. Құлынын қасқырға алдырған қулықтан бетер-тін. Үдетіп жіберді. Зәрезап болған еді. Содан да ғой, көре қал, ана жолғыдай көрсетеді көзіне көрешегін. Төрт аяғын шырмап

тастап тәніне қол жүгірткенде айғырмен ләззат бөліскен тұшыныстан түк қалмаған. Аузынан жағымсыз иіс аңқыған суық адамның дөкір әрекеті жатырын астан-кестен етіп, байланған түйінді сыпырып түсірген-ді.

Жаңағы жалқы сәттегі жан шақырыстан сол қиянаттың есесі қайтқандай еді. Ұзаққа барса жақсы-ау. Расында солай боп шықты. Қорабай ешкімге де дес бермеді. Ықтырып жіберді қарсы келгенді. «Енді айғырынды бос жіберсең, тіке жарамын дегенім қайда?! — деп күпілдеді Ботбайға. — Қасақана қастыққа бардың. Көре алмайсың мені!» Құлағы түрік мал дәрігері ақсақ Шорнақта ес қалмаған. Оқиға болған жерге қаңбақша домаландап жеткен ол тіке кірісті іске. Айтөбелді жықтырды да, кәнігі амалын қолданды. Теңкиіп өліп жатқан айғырға көз қиығын да салмады. «Сауап болды бәлемге» деп көрінеу қолпаштады тентек Қорабайды.

Қарагер жоқтаусыз қалмады. Сұңғат айғырды ауыл сыртындағы төбенің етегіне апарып көмді. Қолғабыс берді оған балалар. Қолдарына іліккен тасты әкеп тастай берді. Айналасы он күннің ішінде обашық пайда болды. Тасқа қашалып белгі қойылды айғырдың басына. «Обалы Қорабайға» деп жазылған еді. Балалар бұны құп көрмей басқаша мәтінде қиюластырды. Бірігіп ақша жиып: «Қарагер айғырға белгі. Айтөбелден» деп жылтыр мраморға қашатты. Одан әрі жырға кезек берілді. Қызды-қыздымен ән шығарды талапкерлер. Ымырттан бастайды даурығысты, зар жақ қара сирақтар. Ел ұйқыға жатқанша дауыстары бір сембейді. Жамыраса жарапазандағанда, Қорабайдан маза кетеді. Бар қарсылығы — бұларға итін айтақтайды.

Сұңғат та кіжінулі атбегіге. Өзіне өле ғашық Гүлзейнептен сырт айналды. Әкесіне ерегісті де, қызға тіке хатпен білдірді ойын. «Сені сүйетінім айдан анық еді. Әкең жолымызды кесті. Қош боп тұр...»

Тілдей қағазға мөрдей анық түскен жазуды Гүлзейнеп оқиды да жылайды, жылайды да күледі. Жылайтыны — жігітті қимайды. Күлетіні — жігіттің аңқаулығын

мүсіркейді. Сонымен бір жаз, бір қыс өтті. Көктемнен басталды дүбір. Тойдан той. Бәйгеге бұрындары арзанқол жеңіл мәшине берілетін еді. Енді бірінен-бірі озбаққа иномарканы қыдитатынды шығарды.

Қорабай атбегінің жолы болып-ақ тұр. Айтөбел қатарынан үш мәрте топ жарып, иесін олжаға қарық қылды. Дәніккен Қорабай қанатын қашыққа қомдады. Алыс аймақтардағы ас-тойларды құтқармады. Ботбаймен бітіскен. Сенін қолың ат емес деп есек сатып әперіп еді. Құлағы омырауына жеткен ақ танау қара есек қышқырғанда даусы тау жаңғырықтырады. Солаңбайы жер сызған ақ танау Айтөбелге қиыстайды. Жанығады-ау сабазың! Тұрқы үйлеспейді де, азынап-азынап басылады. Дәтке қуат дегенмен. Балалардың қырағы көзі бұны да шалады. Жыр жаңаша мазмұнмен молығады. «Айтөбелді оңдырдың, көк есекке қор қылдың» — деп нәштейді.

Әр жан иесінің маңдайына жазылған өз таланы бар. Айтөбелдің сорын бағы жеңіп тұр. Желдей жүйрік жануар аламанда арындап-арындап алғанда, аңсарын жеңген зарналасын түйсігінен қуалап тастайды. Гүлзейнеп байғұстың қадамы шектеулі-тін. Момын шешесінің айтқанынан шықпай, қатал әкенің қабағымен боп ықтайды да жүреді. «Сиыршы Ботбайдың сүңейіне таянатын болсан, бір шіріген жұмырткасың, қараңды көрмеймін. Онда менің балам емессің» дейтін еді. Құдай аузына салған екен, Қарагердің оққа ұшқаны әкесінің тілеуіне дөп келді. Сұңғат сол салкын қалпында жүр әлі. Мүмкін емес деп ойлайды. Жігіт мұны қалайша қияды?! Екі-үш мәрте хат та жазды. Өз қолымен тоқыған орамалын да ұсынды. Қайрылар түрі жоқ. Қыздың әкесіне ерегісіп сүйгенінен жерінгені қалай?! Қайта ширықпай ма? Сен олай етсең, мен бұлай етейін деп мұны тіке алып қашпай ма. Қайырымсыз тас жүрек Қорабайды сан соқтырып кетсе, мүтін ел елендер еді, атағы аспандап дүйімге жетер еді.

Гүлзейнеп әзірше іштен тынумен жүр. Бұған әр күн жылдай ұзақ көрінеді. Жұлынған қоғаша бозарып жүдеп

барады. Әкесіне бәрібір, Айтөбел бәйгеден келе берсе болғаны. Шешесі де қызық, жастық шақ өз басынан өтпегендей түк білмегенсиді. Күйеуінің ыңғайымен болып, соның суын тапқанға мәз.

— Мама, ауырып жүрмін мен.

— Білем сенің жайынды.

— Білсең кайтуім керек.

— Әкең сені әне бір атбегі досының баласына бергелі жүр.

— Соқыр ұлына ма?

— Қой, олай деме!

— Соқырға ақсақ пар дегені ме?!

Қыз бен шешесінің күңкілі расқа шықты. Кешікпей жетті әлгі жігіт. Доғала көз домаланған қара Гүлзейнепке қолын жүгіртсін. Әкесінен жұққан жұқана осындайда әжетке жарап қалады. Ал кеп шыкпыртсын! Қамшының ұшы жігіттің сау көзін зақымдай жаздап әупіріммен қашып құтылған әлгі әумесер қайтып бұларды көрген емес. «Қызы әкесінен өткен періп кетпенің өзі екен. Қатынсыз өтсем де ақсақ қызға жоларым жоқ» деп ант су ішіпті.

Гүлзейнепке тағы бір кеудемсоқ қырындаған. Атбегілер қауымдастығының белсендісі көрінеді. Гәлүстігін босатпайды жуан мойнынан. Қарынды және өзі. Қымызға құмар екен, арақты да құтқармайды. Әкесі қонағына жайылып төсек, иіліп жастық боп жан-тәні қалмады. Сөйткен қонақ бүйдесін:

— Сені мен аламын, Гүлзейнеп жан.

— Шегерсеңіз қайтеді?

— Шегермесем ше?

— Онда өз обалың өзіңе.

Залым әкесі мен мондыбас шешесі бұларды әдейілеп оңаша қалдырып кеткен-ді. Соны алдын-ала сезген Гүлзейнеп салғаннан қорғанысқа көшті.

— Атыласың!

— Ата алмайсың.

—Мә, саған!

Мылтық тарс еткенде, атбегілер қауымдастығының өкілі жан сауғалап: — Қойдым, көкетайлақ! Қойдым, көкетайлақ! Қойдым! — деп жалынды.

Қорабай қонағының қырпынан қолайсыздықты аңдады да, қатынына соқтықты. «Қызынды неге жөнге салмайсың? Байсыз қалдырайын деп пе едің?» — деп дігерледі.

Сол күні Гүлзейнеп далаға түнеді. Сұңғаттың үйінің сыртына үш барып, үш қайтты. Кіріп баруға намысы жібермеді. Дыбыс беріп еді, сиыршынын сүңейінен жауап болмады. Сосын ол басқаша амалға басты. Алыс жолға жиналған әкесіне ерегісіп Айтөбелге лайықтаған қорапты мәшиненін дөңгелектерін бірін қоймай істіктеп тастады. Таңғы салқынмен жүрмекші болған Қорабай желі шығып жапырылған дөңгелектерді көріп, ызадан жарыла жаздады. Жолдан қалуға болмайды, баратын жағы шалғайда. Амалсыздан сиыршы Ботбайға жалынды. Балаңды көндір деді. Сұңғат зорға деп илікті. Жол ақымды қолма-қол төле деді. Сапарға шыққанда мінез көрсетпейтін боласың деп және қойды талапты.

Гүлзейнеп атқораны далдалаған. Айтөбелге мұңын шағып, жылап-жылап алды. Түйсікшіл жануар ішін тартып күрсінді. Деген бұла шағында жалғыздық шырмауында елегізген Айтөбелдің де жағдайы онша емес еді. Қанын қыздырып іші-бауырын аралаған бұлқыныс көз алдына өткен күндердің елесін әкеліп, елтіме сезімге беріледі. Күнше күркіреген айғырдың тегеурінді кісінесі бойын кернеген құмарлық аңсарды одан әрмен қоздырғанда, құйрығын шаншылтып алып, шаба жөнелуге бар. Бірақ оған дәрменсіз. Қыл мойынды шырмаған арқанды үзу қайда бұған. Сөйткенше өзіне қыр астынан сәлем жолдаған Қарагер шапкылап келе жатады. Тұла бойы ісініп бабына келген айғыр мұның жұп-жұмсақ бөксесін ымқырулағанда, кемеліндегі Айтөбел ләззат тұңғиығына батып бара жатады. Жалқы сәттік жан шақырысты аңсағанда жеті жасар бедеудің күңіреністі кісінесінен үй теңселгендей болады. Бірақ оған құлақ қоятын иесі ме?! Аялайды, сипалайды

добал қолымен. Су орнына биенің сүтін ішкізеді. Сұғанақтың көзінен, бәтуасыздың сөзінен қорғаштайды. Соның бәрінен де еркіндік қымбат-ау! Сиыршы Ботбайдың Қарагерімен ұшырасқан сәтіне не жетсін!

Айтөбел бойжеткенге мойыл көзін төңкере қарады. Іштей ұғынысудың ишарасы еді. Одан әріге бара алмайды. Гүлзейнептінде жетіскені шамалы. «Жануарым-ай, - деді омырауынан қаққыштап. — Ішің толы зар-запыран-ау сенің де. Деген күніңде шырмалып қапаста тұрсың. Соңыңнан құлын еретін дер шағында бедеулікпен өтті-ау есіл бұласыр тіршілігін! Бірақ та сенің бағың өскен. Атағың аспандап тұр. Даңқың Қазақстаннын төрт бұрышына жетті. Егерки бар ма, атақ-абыройынды маған берсе... Жо-жоқ, керек емес, әйел болудан артықты қаламас едім. Айтөбел, сен мені кешір. Өзіңнін асқан жүйріктігіннің арқасы біздің шалкып отырғанымыз. Сенің иең менің әкем Қорабай бар ма, барып тұрған тас жүрек. Көре қал, басыннан бағың тайып сүріндің бе, өзіңді көк тиынға алғысыз қып тастайды. Семіртіп, соғымға сойып, қазы-қартанды көмейлеуге бар. Адам дегендер тойымсыз шетінен, қанағаты жоқ.

Гүлзейнеп барып-барып тоқтады. Сұңғатты сүйетінін, оған өлеғашық екенін де сыр қып шертті Айтөбелге. Күрең бедеу мақұлданғандай болды. Тарпынып қатты мазасызданды. Ішін тартып күрсінді бір ауық. Оқыранды оқыс селт етіп.

Гүлзейнеп Айтөбелді машинаға жайғастырып жатқанда, оны бір түрлі аяды. Қос құлағын төбесіне шаншылтып мазасызданған бедеу кісінеп-кісінеп алды.

***

Бұлар үш күн жолда болды. Төртінші күні ілікті діттеген тұсқа. Дамылдауға уакыт тар еді. Шабандоз баланың да қабағы ашылмады. Жетімектің көкірегі күрсініске толып кетті. Айтөбелдің беймәлім үрейден шатынаған көзінен әлдебір жағымсыздықты сезінген ол танауын тартқыштап: «Бұл жолы Айтөбел оза алмайды», - деді Сұңғаттың құлағына сыбырлап.

— Оны қайдан білдің? - деді Сұңғат.

— Жеті жасымнан осының қасындамын ғой.

— Бұл жолы озбаса кейін озады, — деді Сұңғат баланың көңілін аулағансып.

— Мені өлтіреді ғой, — деді бала жыламсырап.

—Кім?

— Қорабай көкем ше? Саған да өшігіп алуы кәдік.

— Сонда бапсыз ба, Айтөбел?

— Жиі-жиі қосады жарысқа. Дұрыс емес.

— Айтпаймысың?

— Мен тұрмақ басқаны да мәу демейді.

— Үлкендерше сөйлейді екенсің, - деп Сұңғат оны кекілінен сипады. — Уайымдама, жігерлен қайта...

Алдымен жорға жарысы басталды. Одан ұшқыр жүйріктердің шыға шаппасы мәреге жетті. Соңынан отыз бес шақырымдық аламан бәйгенін жалауы көтерілді. Сексен бес шабандоз тізімге алыныпты. Айтөбелдің тізгінін ұстаған қара бала бесінші нөмір тағынды. Сұңғат соны өзінше ырым көрді. Қорабайға соны айтайын деп еді, игі жақсылардың қоршауындағы оған тақала алмады. Айтулы атбегінің атақ-даңқына жығылғандар жол беретін емес. «Қореке, тұлпарыңыз бабында екен», - деп қолпаштай түседі.

Күн екіндіге құлағанымен ыстықтың беті қайтпай тұр. Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Ауада аздаған леп бар, керімсалға жетеғабыл.

Айтөбел салғаннан суырылды. Мөңкіп шабатын машығымен құлашты кең тастайды. Алты айналымның бесеуінде қара салмады алдына. Соңғы айналымда сыр берейін деді. Қарақшыға екі шақырым қалғанда кеп жетті. Жетісудің ала аяқ күреңі. Қатарласа құлаш ұрды қос жүйрік. Ышкынды шабандоздар. Қара бала сонғы мүмкіндікті жұмсауға мәжбүр болды. Қорабай қамшыла деп белгі берген еді. Қамшы басты жүйрігіне. Ала аяқ күреңнен асық атым ұзай бере омақасты Айтөбел. Тұмсығымен жер сүзе құлаған қалпында пыр-пыр етіп аз жатты да үзіліп кетті.

БАҚТАШЫНЫҢ СОРАЙЫ ҺӘМ ҰЗЫН ШАШТЫ ҚЫЗ

♦ Табын суатқа құлады. Сыздықтап ағатын тас бұлақтың іркіндісін демде сарықты. да көгерішке қадалды. Көрпе көкке байырқалап суын баскан соң, тұмсықтарын желге беріп жата-жата қалды сиырлар. Отшаңдары жүре жайылып тобылғылы өзекке ойысты. Ойын тілегендері бір-біріне артылады. Мал екеш мал да табиғат заңына тәуелді. Соған ой жіберуге Койышжанның құлқы жоқ. Жиырманың екеуіне келсе де, желігуді білмей келеді.

Жалғызілікті. Шешесі өліп қалған. Әкесі екеуі ғана. Лекіткен керімсалда аздаған қоңыр леп бар. Сол ғана тыныс. Сиырларға ғой. Өзіне бәрібір.

Алаңытты. Біртүрлі іш тартады. Екі-үш күннен бері осы маңда жүр. Желдіаяғы әлді. Өзі де бұлкынып тұр қыздың. Сөзге тарткан ол мұны. Бірдеңені бүлдіріп алармын деп тартынды. Сөйлеуге дағдыланбаған. Сол — тіліне байлау, әйтпесе ар жағында жатыр десте-десте ойлары. Мектептің соңғы баскышын аяқтар қарсаңда заман ұйкы-тұйқы боп кеткен жоқ емес пе?! Ептеген тентектігі бар-тын. Төбелеске оң иығын беріп тұрады. Арқаланып кететін әдеті және бар. Сыныптағы оң баланы бір өзі шашып тастаған. Далаңдап анасы жетті. Төбелестің мән-жайын білген соң, мұны мектептен ала қашты. Жалғызымды көз алдымнан алыстата алмаймын деп бүлінді. Сөйткен анасы да кетті келмеске. Әкесі оны ұмытар емес. Шешең түсімнен шықпай жүр деп қыңқылдай берген соң, әкесіне төрт-бес күнге мұрсатана беріп еді. Аудан орталығынан сексен-тоқсан шақырым қияндағы ауылға атпен барып қайтқанша да бір аптаңыз өте шығады. Күрсінді. Маркұм шешесі кеше ғана жолаушылап кеткендей, бетін топырақ жасырғалы да үш жылдан асты. Тұстастары әкесіне «төсек жаңаланы» көп айтады. Әкесі керісінше мұны қыстайды. «Ананың қызын ал, мынаның қызын алдан» келеді сөзінің тоқ етері. Бір күні сондайдың біреуін үйге әкеп тұр. «Ауылдасымыз

Арықбайдың қызы, сен екеуімізге шай қайнатып береді». Жарты айдай үйде жүрді әлгі. Қойысжан карамағансын кетіп қалды. Жай кетпей: «Ғұмырың жалғыздықпен өтсін. Құрап қал қу ағаштай, сорай неме!» - деп қатты налыды. Сөзі не, өзі не оның. Содан құтылғаны үшін жеті жүз теңге үлестірді балаларға. Жігіттерді араққа жықты. Шығыс шықпай кіріс кірмейді. Тілекші боп жүреді олар бұған.

Әкесі мұны тағы да ұрындырды шырғалаңға. Қасына нағашы ағасын қосып беріп қыз көруге аттандырды. Бойжеткен әдеміше боп шықты. Міні сол — тым қораш, шынашақтай ғана екен. Үйлеспейді маған деп ойлады. Қыздың бойшаң болмағанына өкінді. Қолма-қол айныды, ұнамайды деді де тайып тұрды. Күні бүгін өкінеді. Босқа айрылып қалды сол қыздан. Іле тұрмыска шығыпты. Ал мына сейілшіл бойжеткенді... Тым үстем. Теңдігіне алар деймісің жалақ ерін бақташыны. Өзінің оқи алмай қалғанына, көрбалалығына корланады. Бойына ойы лайық емес, соны қатты сезінеді. Ал былайғы көздер керісінше бұған сұқтанады. Сұқтанатыны — саздауда бұтақ жайған теректей балғын. Иығы асып тұрады кімнен болсын. Дидарынан келісімді кеңдік байқалады. Қабағы ашық жүреді ылғи. Жанарында аздаған уыт бар. Және де бір қалыпта жүреді, содан да тентектер мұны дегеніне көндіріп қақпайлап әкете алмайды. Мысынан ықтайды. Екі-үш кісілік әлі бар, сонысы да тірек. Ойнағансып күрескендерді тіке шашып тастайды. Күреске білек түрінер еді, әкесінен жасқанады. «Ойбай, қу жалғыз, көргіш көздің сұғына ұшырайсың» деп ол жаққа бастырмай қойған. Сиыр бақтырғанына рахмет десін. Көзінен таса қылмайды. Саудаға шықса бірге жүреді. Күзге қарай сай-сайдан итмұрын тереді. Тау қойнауынан сарымсақ жинайды. Соны қала базарына шығарып ақшалайды. Бұл да сеп күн көріске.

Көгеріште шалқасынан жатқан бақташының сорайы қиялына ерік берді. Анада әлгімен ұшырасып қалды ойда жоқта. Күйеуі нардай, келіншек тайлақтай ғана. Түгі кетпеген, тушадай жұмырланып өңейіп алған. Екі бетінен

қан тамғандай. Ерегіскенде бар ғой, бойшаңдарға тақалмайды, керісінше ұрғашының кішкенесіне жұғысады. Қыздың кішірегі махаббатшыл келетін шығар. Әлгі қалайы қасықтай ғана ұзын шаштынын сырықтай жігітті шыбық құрлы көрмеуін қарашы... Әкесі бұған күні бүгін кіжінулі, босқа айрылып қалдың деп бармағын тістегіштейді. Өзі кезінде бойжеткеннің сұңғағын таңдаған. Мұны куыршақ тәріздісіне телімекші. Таяуда Қойысжанға тағы біреуін нұскады сыртынан. «Айрылма осы қыздан» деп көзін ежірейтті қияли әкесі. Әлгі қылымсы бұдан да ұзын боп шықты. Ұзын қыз қылмындап келсең келге басқанда, бұл тұра жөнелді. Анау мұның сонына түсіп берді. Адастырып кетті оны, әйтпегенде бір қараға ұрындыратын еді. Содан былай қызыл ерін қыздардан аяғын тарта басатын боп жүр. Қыз атаулы керісінше бұған әуес. Жанашыр кейіпте іш тартқаны жүрегіне жұмсақ тигенімен, бір ұры ой күдігін түртеді де, суықсып алады қолма-қол. Арбағаны шығар деп сенбейді оларға. Әкесі боса-болмаса бұдан түңілулі. «Саған ерегіскенде төсек жаңаламасам қара да тұр» деп қара буралайды. Осы кетісі тегін емес, «түсіме ендінің» соңы насырға шауып кетсе кайтпекші?! Әскерге де жібермеді. Оқымай қалғанына себепкер шешесі-тін. Ауылдан ұзамағаны дұрыс болды. Қала тартпайды. Ауылдан ұзағысы жоқ. Бірақ мына заманның амалы ауылға қиын соқты. Жанды қойды ма ұры-қары. Ірісін айдап әкетті, ұсақ-түйек мал ішіп-жемнен артылмады. Ұзатқан қыздарына бөлісті. Анасына туған ауылын тастап көшкендері ауыр соқты. Аудан орталығына кеп орнаған жылдың күзінде көз жұмды. Қан қысымы бой бермей оқыстан үзілді. Қойысжанның сенгісі жоқ, шешесінің жер қойнына кеткеніне, алдаусыратумен келеді өзін. Әкесі күйрек боп шықты керісінше. Бейітіне түнеп те жүрді. Сүйген жарын жоқтап, әйелше сыңсып жылағанда сай-сүйекті сырқыратып жібереді. Табынның соңында жүріп те зарлағанын қоймайды, ботасы өлген бозінгенше боздайды. «Осы бір сиыршының тәрізі жаман. Қатыны өлген жалғыз осы ғана

ма? Басыңа көрінгірдің даусы бір сембейді, жаман ырымға бастап», — дегенді де естіп жүр. Сонда да тыйылмайды.

Қойысжанға да оңай емес. Оңашада жылайды. Түк шығара алмаған құрғақ жоқтастан. Сосын бұл анасының аруағын күңірентпеу жағын ойластырды. Айтар еді байғұс шешесі: «Құлыншағым, өзіңді сақта! Жаман әдеттерден қаш. Арақ — арам ас, адамды бұзады. Шылым, есірткі дегендер тәнінді де, жаныңды да улайды. Төбелестен аулақ бол!» — дейтін.

Сәл ауытқи бастаса анасының дидары көз алдына келе қалады. Үйленіп қайтем дейді қиыктанып, сонысы томпақтау.

Тырыл шықты қыр астынан. Үш аяқты мотоциклге мінгескендерді көріп секемденді де, өзіміздің жігіттер шығар деп арқасын кеңге салды. «Салығын» алғалы келеді де құлқыны құрып.

—Сәлем, сорайекесі! — деді жол басшысы ісіңкі қабағын түйілдіріп. — Салық инспекциясынанбыз. Нәлөк жинап жүрміз.

— Үстеме қосылады, — деп шіренді жалпақ сары. — Кешеуілдеткеніңе бола.

Бақташының сорайы қарсыласпады. Мақұлдауын суық жымиыспен білдіріп, қалтасынан мың теңгелікті шығарып, тәпелтек сарыға ұсынды.

— Аз ғой мынауың! - деді ол бұжыр қарадан қолдау күтіп. - Басекесі, сіз не дейсіз?

—Қалтасын қақсын. Әйтпесе жұмыс жаманға айналады, — деп шіренді көсем қара. — Біздің бүгін сілтейтін күніміз. «Апталық» деген болады, жігітім! Енді бұдан былай ай сайын емес, жеті сайын өтейсің «салығыңды». Әйтпесе, жұмыс жаманға айналады. Сен тұрмақ әкеңді де мәу демейміз. Қалтасын талай-талай қаққанбыз ол жылауықтың.

Қойысжан қитықты. Төртеуіне төтеп беруге жүрегі дауаламай тұр.

Бұлар сондайлық бас бұзарлар емес, ішімдіктен ауып кеткендер. Араларындағы бейтаныс бұзықтан сескенді.

— Шығар тағы бір мындықты! — деді бұжыр қара дөң айбатқа басып. — Мен сенің ойнайтын кісің емеспін!

Бақташының сорайы міз бақпады. Қолы қынаптағы кездігіне барып қайтып, барып қайтып қорғанысқа ыңғайланды. Шарасыздықтан да әуестік билеген-ді бойын. Көрсем қайтеді осыдарды деген дәме де жоқ емес аңсарында. Қиястық та бар. Өзі былай қалып әкесінен де қоркытып ақша алатындарға ызасы келіп: — Болдығы осы ғана, — деді тәуекелге басып. — Нанбасаңдар төбелесейік онда.

Келген төртеу бір-біріне қарасты. Рас айтып тұр ма дегені. Шатақтан да бұрын шарапқа құмбыл жазғандар артық қыламыз деп тыртық қып алармыз деген сақтықпен жинала бастады.

— Қайтарыңдар жаңағы ақшаны! - деп ширықты бақташының сорайы. — Бірінді де сау жібермеймін. Тиіскен өздерің.

Теке тірес тарбайыс өршуге бет алғанда кеп жеткен «сейілшіл» бойжеткен. Көлденеңнен киліккен бейтаныстан ықтаған «салықшылар» тырылдақты тезбе-тез оталдырып, қыр асып кете барды.

— Жаңағылар кім? — деді қыз қолайсыз жағдайдың үстінен шыққанына ыңғайсызданып.

— Өзіміздің жігіттер.

— Сонда төбелесе ме дос адам?!

— Ештеңе етпейді.

Қыз таңырқаған сыңай байқатып, саусақтарын тарбайтты. Койысжан оған ұрлана қарады. Кешегі қалпы бір басқа да, бүгінгі кейпі бір жосын көрінді. Тау-тасты шарлап дала кезгеннің салдарынан ба, өңін жел қағып, сәл-пәл тотыққаны ажарын ашқандай екен. Шаралы қой көзінің уыты шыдатар емес. Кісі киіктеу ұяң бозбалаға көрсеткен қыры ма, бұған сыныққып қулана қарады. Қойысжан қыздың мысынан қайта коймады. Сұңғақ бойына жарасқан тоқ бұрымын іздеді көзімен. Жейдесіне жасырынған ұзын шаш бұлқына-бұлқына балтырына жетіп

жығылыпты. Кеше шашымды қидыратын болдым деп айтып қалған сөз арасында. «Көресіні осы шаштан көріп жүрмін» деген-ді.

—Әжем түсіме енеді ылғи, — деді қыз көгалға тізе бүгіп. — Шашымды жұқартпақшы боп... Әжем маркұм жатып кеп жалынып... «Қимашы, жаман ырым бастап!» деп безектегені құлағымда тұр әлі.

— Біздің шешейдің де шашы ұзын болатын, - деді Қойысжан балаша мұңайып. — Әкеме өргізетін.

— Татулықтары керемет болған шығар?

— Махаббаттары десеңші!

— Ә, солай ма еді?

—Солай-тын, - деп ол сөзіне екпін тұсіре құрсінді. - Әкем мұғалім еді. Окушысына ғашық болған. Менің шешеме... Мектептен қуыпты оны. Содан бері сиыр бағып келеді. Ғашығымен, біздің шешеймен отыз жыл тұрды.

— Шешең қайда казір?

— Кетіп қалды келмес жаққа.

— Әкен ше?

— Өлем дейді де өле алмайды.

— Өзіне өлім тілегені несі?!

— Ғашык жарын жоқтағаны да...

Қыз мұңайды сәтте. Көзіне келген жасын зорға тежеді.

—Білдім, - деді бақташының сорайы нем кеттілеу. — Сенің де шешен өліп қалған екен ғой.

— Әкем де жоқ.

— Ол да өлген бе?

—Бір үйлі жан опат болған ғой мәшине апатынан, — деді қыз кемсендеп. — Үш жаста екенмін. Жол жиегіндегі талға ілініп қалыппын... Білмей өстім ата-анамды. Нағашы әжем асырап алыпты.

—Жақсы асыраған, - деді Қойысжан жанашыр ниетте. - Тұла бойында бір мінін жоқ. Шашың әсем бәрінен.

—Қызықсаң саған қалдырайын, — деді қыз түпкі ойын білдіріп. — Қолым бармайды. Пышағың өткір шығар. Түбінен отап берші.

Бақташының сорайы басын шайқады.

— Онда мені алып қал біржолата.

— Қайтемін сені?!

— Сиыр саудырасың. От жақтырасың.

— Болмайды! — деп басын шайқады жігіт. — Жүрекке зорлық жүрмейді.

— Өз еркіммен қалғалы тұрған жокпын ба?

— Оныңа итім сене ме?! — Ол сәтте суықсып алды. — Аулақ кетсең қайтеді? Мазағыңа көне қоятын ашық ауызың мен емес!

Қойысжан тұрып кетті де, қыз желдіаяғының қасында қала берді. Көгеріштің сызына бетін төсеп етбетінен жатқан қалпында шырғалаңды өміріне ой жіберді. Мейір-шапағатын төккен, өз балаларынан кем көрмей өбектеген нағашы атасы мен әжесін есіне алды. Одан бүгінде өзіне қамқор болып жүрген Байдарды көз алдына әкелді. Соның түртпегі мұны айдалаға қуалаған. Жұмсақ-тын басында ол. Кәсіпкерлікпен айналысқалы қатаңсып барады. Есеп-кредит мамандығы бойынша дипломды ие'ленген мұны нағашы ағасы салғаннан өзіне тартқан. Есеп-қисапқа жауап бересің деген еді. Келе-келе одан да маңызды саланы жүктеді мойнына. Түнгі клубқа бас иесің деген. Соған қызметшілер табады, Өзі бастайды, өзгелер қоштайды. «Ісіңнен нәтиже шығып табыс молайса, түсімнің жартысы саған тиесілі» дегенді емеуріндеген. Тұрмыска шықпақшы еді, жолын көпе-кернеу кесті. Сүйген жігітіне жиен қарындасын қасақана жамандаған. Жүріс алған дегенді айтқан шімірікпестен. «Ол менің тоқалым» деп бөскен. Енді қосылғалы жүрген екі жасты айырып тынған соң, Байдар басты шаруаны тиянақтауға кіріскен-ді. Шала бүлініп көз жасына ерік берген бұған: «Окытып жеткіздім, ендігі еркің менің қолымда. Бай не керек саған? Байлыққа кол жеткізсең бәрі аяңда болады» - деп және жәдігөйленген.

Сағы сынып жасып қалған Гүлжан нағашы ағасымен салғыласса да кетісе алмаған. Қамқоршы екені рас. Жетім қыз дегізбей еркін өсіруге Байдардың да септігі тиген.

Ішпесті ішкізді, киместі кигіздірді. Сөйте тұра, мұны былғанышқа ұрындырып, «түнгі ойнақтың» бас бикешіне ыңғайламақшы. Өзі былай тұрыпты, өзгелерді де сол жолға икемдейді. Осында сейіл құрып қайтуға емес, сеніміне еніп қызметшілікке басы бүтін берілетін «көркем қыздарды» ерте кетпекші. Қожайыны Байдардан алған нұсқауды тиянақтауға жүрегі дауаламай дала кезген Гүлжанның жай-күйін ұғатын жанашыр табылар ма? Жанашырдың түрі жаңағы ма? Тым ұзын екен өзі. Бойына ақылы сай келсе ғой. Біреуде несі бар? Аусарлыққа жоқ екен. Танымайтын біреуді жазғырғанына жол болсын! Жігітін есіне түсірді. Созымды ма деп еді, аясы тараң екен. «Өтірік айтады. Дұшпандыкпен айырмақшы арамызды» десе де иланбады. Қолын бір сілтеді де жөніне кетті. Апа-сапа үйленіп алды. Сонда өзі сүйіспеншілік деген әншейін жасанды бірдеңе болғаны ма?!

Мұңайды. Артынша іш жиды. Осы жүрісіне жол болсын! Тәуекел етсе қайтеді? Өзін сақтаса болды емес пе! Өзгені есіркеп не қылады?! Тағы айныды. Қызды қыз аулаған деген не сұмдық?! Жолыққан бірді-екілі құрбыларына. Кет әрі емес. «Қаланың сайқалсыған салдақыларынан да ауылдың табиғи ажарын сақтаған ұяң мінезді бойжеткендері тартымды, әрі өтімді келеді» дегенді Байдар айтудан жалықпайды. «Шашы ұзын көріктілерін қамты» деп және нұсқаған. Жеме-жемде айныды. Жүрегі дауламай безе кашты.

Көрпе көктің дымдауыт сызы тынысқа жайлы тиді де, аздап тыншыды. Іле қайта дөңбекшіді. Аунап-аунап түсті. Бетін көлеңкеге беріп, бір қырынан жатты. Лекіте ескектеген майда леп жігіт деміндей сезіліп, бақташының сорайын көз алдына әкелді. «Өзінде талап жоқ па қалай?!» деген күмәнді күдікке дес берді. Ақыр соңында босаңсыды. Дәрменсіздігіне мойыды. Ауылдың бейғам бозбаласын «ашық ауыз» деп жазғырғаннан не шығады? Жетісіп жүр деймісің?! Қиян түкпірінде қалсам қайтеді деген ойынан қайтып калды. Қызға ие болатын жігіттердің түрі жаңағы

ма?! Іше-іше тұлып боп ісініп кеткен. Адамдық бейнеден жұрдай. Бақташының сорайы да оңып тұрған жоқ. Қиял біреу ме қалай?! Жаман әліне қарамай қисық сөйлейді.

— Сиырлар өріп барады, - деді Қойысжан жақындай бере. — Қайырысып жібер.

— Бармаймын! — деді Гүлжан өкпелі сыңайда. — Бұта құрлы жоқсың. Паналатуға жарамадың.

— Ерікпесеңші! — деді ол қыздың екі ұшты сөзіне мән бермегенсіп. - Көтер басыңды. Жүре сөйлесейік.

— Ауырып жатырмын, - деп Гүлжан аунақши бастады. - Шаштан құтылмай күн жоқ маған. Құдай үшін шорт кес те тасташы! Ақыңды берейін.

— Ойланып көрейін.

— Оған уақыт жоқ, — деп қыз керіліп-созылып ерсілеу қимыл жасады. — Айтқанымды орындатпасаң көз алдыңда атыла саламын.

— Басыңа ненің күні туды?! — деді бақташының сорайы тіксініп. — Ойының ба десем, расың ба?!

—Қашып жүрмін, — деді Гүлжан мұңайып. — Осы ұзын шаштың кесірінен...

Сөйткенше жеңіл машинаның жоны көрінді сонау ойдан.

— Әне, келе жатыр! — Гүлжан орнынан ұшып тұрды. — Жаңағылар-ау айтып қойған.

Аралық алыс емес-тін. Табынды шолып шықты да, бері қарай құлдилады. Алымды «джип» ағызып кеп кілт тоқтады.

— Немене-ей, сен?! Жасырынбақ ойнап жүрмісің? — деп жылыдай қолға алды Гүлжанды қожасы. - Тапсырма қайда? Тындырдың ба?

Қыз басын шайқады.

—Не себепті?

— Аядым...

—Кімді?

—Құрбыларымды...

— Ә, солай ма?! — Сыптығыр келген жылтыр қара бақташының сорайына суық тесілді. — Мына біреуің кім?

— Жігітім ғой.

— Өйдайт деген! — деді ол жылқыша оскырына. - Киқақты қой да, мін машинаға! Бәрі ойдағыдай. Сенсіз де бітті ол шаруа.

—Бітсе мені қайтесің? — деді Гүлжан жігерлі үнмен. — Ұрыспай айрылған ұялмай қосылады. Қаламын осында.

— Қалмайсың, қалдырмаймын! - деді Байдар қызға жыланша оқталып. — Саған бұйыруға хақым бар. Нағашы ағаңмын. Осы уақытқа дейін туған карындасымдай көріп мәпелеп келдім. Әлі де болса содан таймаспын. Баландықты таста. Кайт райдан.

— Кайтпасам ше?

—Онда жұмыс жаманға айналады, — деді кәсіпкер мырза манағыдан бетер буынып. — Менімен тіресуге шамаң қайсы? Ойлан.

Гүлжан мүдірді. Бақташының сорайынан үмітті еді, оның қабағынан сондайлық уыт байқалмады. Өзін қалыс бейтарап адамның қалпында ұстап, айдалада едірейген балбал тасша қыбырсыз тұр. Ішкі бұлқынысын бұқтырудын амалы ма, бір нүктеден көз айырмайды.

—Әй, бала, не ғып тұрсың? — деді Байдар оны тілімен шағып. — Жалтырат табанынды! Тайкы! Саған тірелетін түк те жоқ бұл арада.

—Енді кашан? — деді Гүлжан жігітке шұғыл еңсеріліп. — Айтып тұрған сөзін қарашы! Ұста білегімнен! Ез емес ер екенінді дәлелде мынаған!

Бақташының сорайы сонда да қозғалмады.

—Болсаңшы! — деді қыз жылярман боп. — Ұста дегесін, ұста білегімнен! Кім көрінгенге мазақ боп арымды таптатқанша, сенің отыңды жағайын.

—Жақпайсың! - деді Байдар шындап ашуланған сыңайда. — Жақтырмаймын мұның отын! Мына сорайға қор қылмаймын сені.

Сонда ғана қозғалды. Уытты шапшаңдықпен Гүлжанды өзіне тартып:

—Бұл қыз енді менікі, - деді аса сенімді үнмен. — Саған

керегі ақша емес пе? Анау сиырларды айдап кет алдыңа сап! Мынаның төлемі.

— Ойбай, мына жаман қайтеді-ей?!

— Сөйтемін!

—Атамын! Атып тастаймын! — деп тапаншасын кезенді ол бұған.

—Ата алмайсың! — деді Қойысжан қонышынан сапысын суырып.

— Осы сыйыңмен кетіп қал! — деді Гүлжан жігіттің иығына білегін артқан қалпында, түк іркіліссіз еркін сөйлеп. — Жаман да болса осы сорай жетеді маған. Жарылқаймын деп тұрсың ғой шімірікпей. Сондағың өрімдей өркенінді көктей солдырып, көрінгеннің табанына салып бергенің бе?!

—Акшамды қайтар онда, — деді анау шарасы таусылғанын амалсыз мойындап. — Жетіскенінді көремін әлі! Күйелеш-күйелеш боп жүрерсің көрінгеннің отын жағып!..

—Бас жаққа барыспайық, ағасы! — деді де Г үлжан әмианын Байдарға лақтырды. — Көнінді жібіт осымен!

АҚ ПЕРІШТЕ

♦ Ауыл шоғырлы. Маңайы қара-құраға толы. Желідегі құлындардың шиыршық ата тыпыршығаны, биелердің дамылсыз бас шұлғып шыбындағаны, мама ағашқа қаңтарылған сәйгүліктің сүліктей сұлу бітімі — қымыз аңсап шөліркеген жүргіншінін назарына бірден шалынып, көңілін елеңдетер еді. Әлгі жолаушы атын үй сыртына қаңтарып төрге озады. Қамшысын кереге басына іліп, сусап келгенін үй иесіне емеуріндеп орамалмен желпінеді. Тегенеге қотарылған сары қымызды сапыра бастаған қызыл бет келіншекті көз қиығымен бағып және елігеді. Қымызын ішіп қызылына көз тастайтын емескі пендешілікпен әдеп шекарасынан шыға бастағанда, «көзіңе қарасаңшы» деген ескертуден шұғыл ес жиып, ұялған тек тұрмастың керіне баққан әлгі жазған: «Отағасы қайда?» - дейді.

— Оны қайтейін деп едін?

— Жәй сұрағаным ғой.

— Дәмесінің зорын! — дейді келіншек кекесінмен.

Жай келіп, жай кетпей ішінің кірін көрсетіп алған оның берекесі кете бастағанда, екінші бір қыдырма енеді ішке. Оның да көкейі ұзын екен. Қымыздан да бұрын сұңғақ бойлы көркем келіншекке сұғын қадап, көзімен ішіп-жей бастайды.

Осы кезде үй иесі аттан түсіп жатады. Қапсағай келген сыйда жігіттің түр әлпеті сондайлық тартымды болмағанымен, мына қымыз сапырған әдемі келіншекпен үйлеспей, тым кереғарланып тұрады екен. Көргіш көзде не жазық бар?! Казанның кара күйесін бетіне әдейілеп жағып алғандай ма?! Келіншегі керісінше әйел затына тән барша әдемілікті өзіне еншілеп алғандай еді.

Жігітіміздің ныспысы — Жолтай. «Аққөл» кеңшарының жылқышысы. Құрығы құтты әзірше.

—Табылды ма? — деп сұрады келіншегі әлгілер кеткен соң. — Қабағың қату ғой.

—Жоқ, іздеген адамда қайбір күй болушы еді?! — деп ол келіншегіне шағынды. — Басқа бір жұмысқа ауысып кетсем деймін.

— Жылқышылықтан босата қойса жақсы-ау!

— Соны айтам да.

Жолтай көзімен жер шұқыды. Міндетті әскер қатарынан босанған соң, шопырлықты меңгерген. Қатардағы қарапайым емес, кеңшар директорының жол серігі. Соның су жаңа уазигінің рөлін ұстайды. Осы мына Мәруа ол кезде мектеп оқушысы. Директордың ақ қызы атанып сарғалақтай сүйкімділігімен көз суырады. Жолтайды құрбы-құрдастары «майтқара» деп әжуалайтын. Сырықтай ұзын бұл нағыз қайыс қараның өзі. Араққа зауықсыз еді, шылым да шекпейді. Аузы ауыр ұстамдылығында қапы жоқ. Тіл алғыш елгезектігіне бола директор мұны іш тартып, от басына жақындатуға тырысатын. Керісінше бастығының әйелі мен қызы бұған салқын қарады. Бәрінен

де қызының ызасы өтті. «Әй, Майтқарадан» келеді сөзінің алды.

— Есімім Жолтай ғой.

— Жолтай болсаң қайтейін?!

— Майтқараң не?

— Онда тұрған не бар?

— Намысыма тимесеңші!

— Сонда қайтпексің?

— Алып қашамын.

—Кімді?

— Сені де.

— Сотталып кетесің ғой, бейшара!

Сонда да қайтпады қыз райынан. Майткара былай қалып «бейшара» дейтінді шығарып алды. Қорланғанымен әдептен оза алмады қайыс қара Жолтай шопыр. Қызға деген өкпе-наласы күндердің күнінде күрт жұмсарып, қимастыққа ұласқан. Қыс қатты болып, мал жұтады да, директор орын тағынан сырғып қатардағы мал маманы боп қалды. Жолтайға бәрібір еді. Жаңадан келген директорға жол серік боп шыға келген ол бұрынғы бастығын ұмыта алмады. Әсіресе оның шолжың қызын аяйды. Жаяу жүрмейтін еді директордың ақ қызы. Мектепке әкесінің «Волгасымен» баратын. Жолтай бастығынан ұрланып барып, бұрынғы директордың шолжың қызын сейілдететін еді. Сол сейілдің соңы махаббатқа ұласты да, оны бұл тіке алып қашты. Он сегізге толмаған қызға зорлық жасады деген айыппен «қара жұмысқа» кесілді де, қиындағы жылқы пермесіне айдалып кете барды. Содан бері де алты қысты өткерді. Мәруасы бұған қосарынан екі ұл тауып берген. Жылқы бағуға әбден кәнігіленіп қалыптасып алған Жолтай осыдан екі жыл бұрын тағы бір пәлеге ұрынып басы дауға ілінген. Бір айғыр үйір жылқыны айдай қашқан ұрыны соққыға жығып, өлімші қып тастағаны үшін тағы да шартты кесік алып, жылқышылыққа басы мықтап байланған-ды.

Жолтай жолға камданды. Бір үйір жылқы толайым үшті-күйлі жоқ. Жақын маңнан таппады. Ұзап іздемесе шығандап кетуі кәдік.

—Бүгін-ертең жылқылы ауылға сырттан сый қонақтар келмекші, — деді Жолтай жолазығын қоржынға салып жатып. - Мал тұқымын асылдандыру жөніндегі ғылыми зерттеу институтынын ғалымдары жылқы сұрыптамакшы. Араларында атақты академик те бар көрінеді. Директордың өзі бастап кеп қона жатып іс тындырмақшы.

—Қауіптенемісің келетіндерден? - деді Мәруа күйеуіне куақылана тесірейіп. - Жаман әліңе қарамай, сұлу әйел алған ненді алған?!

Жолтай қызарып кетті. Есіне екеуінің сөз байласқандағы қылықтары түсіп еді. Әкесі орнынан түскен соң, сырт айналғандарға өкпелі кінәмшіл бойжеткенді аялағанда, қызды жар етсем деген ниет өңі тұрмақ үш ұйықтаса түсіне кірмейтін арман еді. Бұрынғы кеңшар директорының еркесін машинасына кайта-кайта мінгізе бергенін ілік кылған қожайыны мұны кызбен сейілдеп жүрген жерінде тоқтатып алып, жер-жебіріне жеткен-ді.

— Немене, менің көлігім саған ойыншық па?! Түс машинадан! Мына әдепсізің кім еді? - деп Мәруаны коса-қабат түйрегеніне шыдамай кетіп, кілтті бастығына лактыра салып, қызды қолтықтай жөнелген. Екеуі сол қолтықтасканнан мол қолтықтасты. Өзіне болысам деп шопырлыктан шығып қалған жігітті Мәруа бір түрлі жақсы көріп, іш тартатын болды.

— Енді сені Майткара демеймін.
— Өзің біл.
— Білсем бар ғой, менің жігітім боласын.
— Ұят емес пе?!
— Несі ұят?!
— Әдемісің сен. Мен болсам... қап-қарамын.
— Олай деме.
— Енді не дейін?
— Сүйем де мені. Ғашықпын де.
— Айта алмаймын.
— Айтасың! Айтқызамын саған!

Күндердің күнінде Майтқаранын жүрегі оянбай ма?!

Қызбен арадағы қатынас түсіндегі елес пе десе, өңіндегі шындық екен. Енді бұл үздіксін оған.

- Алып қашайын.

—Мейлі.

— Жыламаймысың?

- Жылайтын кезден өтіп кеттім емес пе?!

- Солай ма?

- Бүлдіріп алыпі түк білмегенсуін!

— Онда қамдан.

Бұлардың қосылуы да жыр. Шешесі салды бүлікті. «Алтындай қызымды қара бәдауиге қор қылдырмаймын» деп шаптықты. Құнықерді сотка сүйреді. Он сегізге толмаған қызды азғырғаны үшін Жолтай «қара жұмысқа» кесілді. Мәруа сот алдында: «Жігіттен айрылмаймын» деп, қасарысып тұрып алды. Әке-шешесін жерге қаратты. Әкесі жұмсақ кісі, келіп жүреді бұларға. Оның орнына тұрған кеншар қожасының қабағы әлі күнге салқын. Кілтті бетіне лақтырған оспадарлығын ұмыта алмай жүр ме, Жолтайды есебін тауып үнемі қиынға салады. Бір емес екі мәрте соттың алдына барып, заңның құрығына іліккенін бетіне басады. Екінші жолғы шырғалаңнан құтқарған директордың өзі еді. Ара түсіп алып қалдым, әйтпегенде сотталып кететін едің дегенді қабағынан байқатып Жолтайды сұсымен ықтырады.

Қоржынын қанжығасына бөктеріп жатып: — Шығамын жылкыдан! — деді бір түрлі торығыңқы әлпетте. — «Қара жұмысты» сиыр бағып өтеймін. Әйтпесе, қалаға орнап, шахтаға түсемін.

- Ауылды қалай қиясың?

— Содан да ғой жүргенім жылқы соңында.

— Қымызды ше?

- Ол да бар.

— Жал-жая, қазы-қартаны ше?

Жолтайдың мойны салбырап, құнысып шөгіп бара жатты. Қен далаға не жетсін, шіркін?! Жүйрікпен қасқыр қуып, тазы ертіп түлкі аулаған да бір ғанибет. Жазда

жайлауда көкпар тартып құмардан шығады. Ат үстіндегі қимылына көз ілеспейді. Жерден теңге алғандағы ептілігі қандай?! Тойда аударыспақтан үнемі топ жарады. Көкпар тартқанда тіптен жойқын. Мұның тақымынан серкені бұл маңдағы жігіттердің бірі еңсеріп көрген емес. Қыстың екі-үш айы мен көктемнін ала қызбасы демесе, бабын тапқанға жылқы жарықтық бейнеттің төлемін сандаған есе үстемемен қайтармай ма?!

— Болмайды екен, - деді Жолтай үзеңгіге аяғын салып жатып. — Сенікі жөн. Келешегіміз алда. Дала табиғатына не жетсін!

Жылқылы ауыл келетін мықтыларды қарсы алудың қамына кірісті. Көрпе-жастық жаңаланды. Қаймақты қалыңдата жағып, тобылғымен ысталған күбіде бабымен ашыған қымызға мейіз бен сүр қазы қосылды. Сағаттар бойында күбіде күрп-күрп пісілген уыз қымыз кемеліне әбден келіп, жағымды хош иісімен тәбет ашпай ма?! Қымыздың басытқысына деп қысырдың тайы сойылып, сарымсақ сіңіріліп сүрленген жал-жая, қазы-қарта қосылды жас сорпаға.

Ас қамдауға бас жылқышының әйелі Сағила білек сыбанды. Қырықтың ішіндегі бәденді әйел кім-кімді де өзіне тартып тұрады. Кеңшар қожайыны Ораш онымен көңілдес деп жұрт өсекке танады. Директордың қасқыр аулай шыққанда жылқы пермесіне түнделетіп кеп бел шешетіні бар. Еркектер қоста жылқы бағып кеткенде, ауылдағы төмен етектілерге пәпке ұстаған бастықсымақтар қырындайды. Содан да жылқы ауылдың әйелдеріне сөз ергіш келеді.

Сағила — қылап әйел. Қонақ күтуге бес аспап. Етке ие сол. Мәруа қымыз қотаратын тегене, ожау, тостағаннын тазалығына жауапты. Көрпе-жастықты қағып-сілкіп, бес қанат үйдің ішін жайнатып қойды.

Сый қонақтарды бастап келген кеңшар кожайыны Ораш — Орекең кісі күтуді мінсіз ойластырған әйелдерді көрінеу мақтап, оларды аузынан тастамады. Әсіресе ол

Мәруаға сұғын қадап, ішкі ойын ашық білдірді. «Қойныңды ашамын, қолымды қақпа» деп үздікті. Ол басқарған шаруашылық аудан бойынша алдыңғы орындарда. Соған дәс алған Ораш — Орекең беті жылтырға ұрынғыш-ақ. Кейінгі кездері ашық кететінді шығарған. Директордың ашыналары күн санап көбейіп барады. Ендігі құрбандығы Мәруа болмақшы. Кезінде директордың ақ қызы атанып, аққудай сүйкімділігімен бозбала атаулыны сұқтандырған Мәруа бүгінде отбасынан, ошақ қасынан шықпайтын күйелеш етек әйел.

Жиырманың үшеуіндегі уыздай жас келіншек табиғи тартымдылығымен-ақ өзгелерден ерек көрініп, еркек біткенді емексітіп, есін алады. Сұқтанғыш сұғанақтар оның өзгеше тартымдылығына арбалып дәмесі қозғанда, қыз күнгі шолжыңдығын естиярлыққа жеңдіріп қорғанысқа көшер еді. Сондағы оның емексігендерге қоятын тоскауылы — табиғатына сыйымды мінезінен бастау алған өрлігі еді. Жігітшілікті өнер көріп, өздерін «қызылға қызыққыш қырып салмын» дейтіндердің көбісі жалған мақтанның құлы екенін жас келіншек көңіліне мықтап түйіп алған-ды. Содан да ондайлардан іргесін бөлек ұстайды. Былайғылар мұны күйеуін тең көрмей олқысынады деп ойлайды. «Алтын басын қара бәдауиге қор қылды» дегенді көптіріп өздерінше сырттай тон пішеді. Ондайлардың қатарында әкесі мен шешесі де бар: «Болсын оған» деп табалайды. «Бағың жанбасын, көсегең көгеріп, көрпең ұлғаймасын» — деп мұны көрінеу шетке шығарып қойған. Құрбылары да Мәруаны өздерінше мүсіркейді. Құрық сүйреткен негір қараға қор болғанын жанашырлықпен айтқансып күңкілге басады.

Мәруа олардың жалған жанашырлығын құлаққа ілмейді. Керісінше аяйды, сұлулығын жігіттерге бұлдаған кердеңдерді. Бала сүйіп жар қойнына жатқаннан артықты тілемес еді. Өзге тірлік осылардың айналасындағы тырбаныс қана. Соны ақыл сарабына салып, санасында айқындаған сайын — жүрегіне мықтап қонып, көңілін

байыздықтан тоқ сезім күшейе түсіп, ендігі ғұмырдағы ең қимас асылы да, ардақтысы да, алладан басқаның ортағы жоқ, қойындасқан қосағы мен қос құлыншағы екенін мақтан тұтады. Соларға құлай берілген сайын, ішінін қалтарысында бұғынған ұры сезімдерден арылып, санасын жанғыртуға күш салады. Сондағы нысанасы - «көрінген еркектің сұғына іліккенше, бірді сүй де тура кет». Туралық — кей жағдайда кісіні кісәпірлікке ұрындырып, өзгелерден оқшаулап тастайтыны бар. Бұған емексігендер дегені болмаған соң қастыққа басады. «Кесірлі ол» деп бір көптірсе, «анамен көңілдес, мынамен көңілдес» деп қисынсыз таңады өсекке. Жігітшілікке жаны құмар кеңшар қожайынына және жапсырады. Бүгінде «Аққөл» кеңшарының тасы өрге домалап-ақ тұр. Табысты. Кеншар кожайыны Ораш — Орекеңнің атағы аспанда. Мәруа оны көрген сайын басынан бағы тайған әкесін ойлап іші ашиды. Әкесінің абырой-беделін иемденіп, оны тақырға отырғызған Ораш — Орекеңді қарадай жек көреді. Директор керісінше бұларға қамқоршы. Ескерткіш болсын деп сыйлық ұсынатыны бар. Алмаса еркіне қоймайды. «Уай, сенің қабағың-ай!» деп кездескен жерде білегінен ұстағыштап, телмеңдеген түлкі көзімен тұла бойын тініткілеп өле жаздайды. Түнделетіп кеп есік какқаны да бар. Жолтайды соттан құтқарып қалғалы Мәруаға деген құмарлығы тіптен күшейген. «Қойсаңызшы. Әкемдейсіз ғой», - десе де райынан қайтар емес. «Бір жолғы тілегімді орындашы!» — деп үздігеді.

Қонақтарды жатар орынға кеңшар қожайыны ыңғайлады. Ғылыми зерттеу институтының директоры ақ бас ғалым мен оның қасындағы көмекшісіне Жолтайдың үйін нұсқады. Мәруа төсекті жайлап салды. Директор мәртебелі қонақтармен бірге жатты. Жылқы етіне тістерінін қышуын қандырып, уыз қымызға мелдектеп, қызыл күрең шарапқа балқыған қонақтар бірден ұйықтап кете алмай аунақши берген. Ораш — Орекең дөңбекшуді тіптен қабындырды. Іргеде оң жақта ақ төсі ағараңдап

жаткан ақ келіншекке қол жүгіртудің ретін келтіре алмай дымы құрыды. Жол соқты боп шаршаңқырап жүрген ақ бас ғалым ұйқыға бейімделгенімен, қасындағы көмекшісі тыпырши берген. Жалыны басылмаған жастың көкейі ұзын еді. Ораш — Орекеңе тіптен қиын соқты. Пиала шамды өшіріп келіншектің койнына кіріп барса қайтеді?! Осы ойын айттырмай-ақ ұққан ак келіншек аяқ жағында шақырайған шамды басып тастады. Тілекке тілек орайласқанда жан қала ма?! Шыдамын тауысқан Ораш - Орекең сығырайған болымсыз жарыққа алданып, бағыт-бағдарын шамалауды да естен шығарып, көзсіз әрекетке басқан-ды. Әлгінде сығырая қалған шам кенеттен жан біткендей жарқ еткенде, шұғыл тартынған Ораш — Орекең құмарлықтың ырқымен жаза басып, келіншектің тоқ бөксесіне жұғыстырған екен ернін. Жан дәрменде кайта серпілген. Бірақ кеш еді сактанысы, әшкереге ұшырап қалған-ды. Ақ бас ғалым өтірік көрмегенсіп жатканымен, қасындағы жас жігіттің құдайы жарылқаған-ды. Ерсі жағдайды қолмен қойғандай етіп нақ-нағымен айтып берген-ді. Жай ғана айтып коймай, ішін басып күлгенде, демі бітіп, үзіліп кетуге шақ қалады.

Қонақ жігіттің айтуынша, оқиға былай өрбіген: — Келіншек шамды өшірген боп, аяғын жастыққа беріп ту сыртымен жатқанда, килікпей ме ашқарақ еркек. Шамнан қолын айырмай алдамшы кимылмен қулыққа баскан әйел жар төсегін былғамақшы болған аусарды масқаралаудың бүге-шігесін әбден ойластырып қапсыз құрған ғой торды. Торға шырмалып масқарасы шыққан сабазың сол түнде жылқы ауылдан қарасын батырыпты. Әсіресе, күлегеш қонақтың табалағаны батса керек жанына. Ақ бас ғалым да төсегінде біразға дейін селкілдеп жатыпты. Жылқы сұрыптап шаруашылықты асыл тұкымды мал өсіруге бейімдейміз деп келген қарт ғалым: - Мал иесіне ұқсаса майталман келеді. Бұл табынның үйіріне түскен айғырлар кілең асыл тұқымды, һәм тегеуірінді екен. Бұларды асылдандырып әуреленудің қажеті шамалы, — депті аттанарда.

Есесіне жылқышы Жолтайдың ақ келіншегі Мәруаның аты дабырайған. Айналасы екі-үш айдың ішінде басқа жұмысқа ауысып, кеңшардан апа-сапа көшіп кеткен қызылшыл директорды орын тағынан қозғалтуға себепкер болған Мәруаны үлкен-кіші «ақ періште» атандырып еді.

БІР НӘЗІК СЕЗІМ

♦ Көктемнің дер шағы. Көк майсасы түкті кілемдей құлпырады. Қырдың қызғалдағы мен ойдың сарғалдағы кемелінде. Жәндіктер мен жануарлардың да тұщы тіршілікке деген оралымды ынтасы байқалады. Бір-бірімен емін-еркін зауықтасып, құмарлық ойнағына кіріскен. Қыл құйрықтылардан маза кетулі. Қанын қыздырған бұла бұлқыныстан есі кете елірген сымпыс құйрықтар алағызба әдетке басып желдеуге әуес. Желдемеске амалы да жоқ, бойды алған қытығын басатын таңдаулысы көзіне түспей жүрсе қайтпекші. Тұмса ләззаттың тұнығына емін-еркін бойлағысы келген байталдар көктемнін дүбірінде жоғалғыш келеді. Ұрғашы жылқының да қылықтысы, тоқпақ жал айғырды өзіне тартатындай сүйкімдісі болады. Су ағары тұшымды екен деп омыраулай бермейді көзіне көрінгенін. Керісінше, байтал да талғампаз келеді. Тұщы тіршіліктің бір сәттік қарпуына бола омырау соқ өктемдікке басатын шәлкесті жақай қоймайды. Жанығуға бар да, еркелетуге жоқ қыршаңқы үйір қожасынан бөксесін алып қашып, қыр асып кете барады. Шаңғірлек сәуріктердің жайы және белгілі. Оралымсыз оспадар қимылымен үркітіп бітеді. Жүре жайылған үркек байталдар жетсең алға басады. Қыр асып кете барады. Омыраулы сақа айғырларға тал бойын тастауға жүрексінгені былай тұрыпты, өзіне де мәлімсіз тұмса тұщынысты қаптаған талапкерлердің қайсысымен бөлісуді түйсігінде жаңғыртқанда, ішкі тілегі қарсылыққа тап болып, шөлдеп кеп тұмаға бас коям деп сорға малтығып қалатындай-ақ, жойдасыз үркектеп шала бүлінеді. Бәлкім, кіршіксіз тәнін

ластыққа қимайтын шығар. Қалай болғанда да әр жан иесінің өзіне де жұмбақ бүкпесі, құпиялы аңсары болуға тиісті. Құпияның соңы әшкереге айналып кетсе қиыны сол.

Шығандаған үш байталдың соңына түскен Мәуленнің өзге тұрмақ өзіне де жұмбақ аңсаулы арманы бар-тын. Жас жылқышы кеп жеткенде бөтен үйірге қосылған байталдарды құшақ жал ала аяқ торы айғыр омыраулап жүр екен. Астындағы аты ілкімді-тін. Жылқы фермасының меңгерушісі Сойдақтың төл аты еді. Екі жапсар, бір сылтаумен иесінен ұрықсатсыз мініп кеткен. Елеңшіл серілеу Сайдақ күрең төбелді жазда көкпарға салады. Қар түсе жүйрік атпен қасқыр соғады. Қыста күрең төбел күтімде болады. Менгерушінің ауылда жоғын пайдаланып, атты міне жөнелген-ді. Бір жағы ерегіс бар екеуінің арасында. Байталдарды тұмса ләззатқа қарық қылған сақа айғыр үйіріне жауша тиген бөтен адаммен қайтпай шайқасты. Құлағын жымита кеп төнеді аттылыға. Қақ сойылдан беті қайтты да, айғыр шарасыз тайқыды. Іздегендерін тауып, құмардан шыққан сымпыс құйрықтар тұшынысқа кенелдірген үйір қожасын қиып кете алмай жалтара қашып көріп еді, құтқармады жылқышы. Шарасыз жуасыған байталдардың екпіні басылып қалды. Алды-арттарына қаратпай айдаған өктем адамның алдына түсіп алып, шапқылап бара жатты.

Жоғын тауып жолы болған Мәулен көңілдене қоймады. Бұла бозбаланың да аңсаулы арманы бар-тын. Арманның ақ қанатты қиялында маза жоқ. Біресе жүйріктей желмен жарысады, біресе құсша аспандап қияға самғайды. Екі жыл ауылда еңбек етсеңдер жоғарғы оқу орнына түсуге жолдама аласыңдар, емтиханда сүрінбесең болды, орташа бағамен-ақ институтқа түсіп кетесіңдер деген ұранды малданып, қарына сойыл іліп еді. Желден жүйрік жануарлар мұның қиялынан да ұшқыр екен. Әне кетті, міне кеттімен-ақ, жетсең алға салып діңкелетіп бітеді. Қыл құйрықтар қыста боранға ұрынып қара құлақтардың аран аузына жұтылса, көктемнің мазасыз шағында шыбын-шіркей буып желдеп

кететіні тағы бар. Одан калды, ұры килігеді. «Айдаса жаудікі, ыскырса желдікі» дегенді малсақ қауым тегін айтпаған-ау. Көктеммен ілесе келетін құмарлық салтанаты есін алған күлте жал сұлу бөксе байталдардың шектеулі межеден шығып кетіп, шығандағанда іздегені не?! Мал екеш мал да тұрлаулы жұптасын аңсайды ғой. Қасасы саланданған сасайлар әр үйірден табылмай ма?! Ұрынарға қара таппай шәңгірлеген сәуріктер қаншама?! Солардың біріне де тұрақтамай тұмса тұшыныстықияннан іздеп тапқандағы көншігені осы болғаны ма?! Азар болса бөтен үйірдің қожасы бірер мәрте омыраулаған шығар. Соған бола желдегендегі мақсаты не екен?

Жиырманың үшеуіндегі бозбаланы байталдардың «шолжыңдығы» ойландырып тастады. Мұның да аңсары әріде, кетуі керек еді. Құрық сүйреткен бес жылда көрмегені жоқ: боранда жылқы соңында жүріп талай адасқаны, ұялы бөрілердің қоршауында қалып, қара құлақтарға жем бола жаздағаны, әкіреңдеген кеңшар қожайындарымен жараспай қалып қызыл жағалылардың түрткісіне ұшырағаны — жайлауға құлап арқаны кеңге салған үш ай жазда ұмытылады-ау. Уыз қымыздың тұла бойды балбыратып сүйекке шапкан қуаты қыстан денеде қалған жел-құзды қуалап шығып, құр атқа мінгендей сергітіп сестендірмей ме?! Қымыз басарға деп марқа құлынның етіне араластырып асқан жал-жаяның қатқан мейіздей дәмі қандай?!

Үйде жатқаннан түзде ерулегені басым, үнемі жылқы соңында жүргендіктен бе, сағынышқа көп беріледі. Әсіресе мұны бойжеткендер тартады, әйел біткен шетінен сұлу боп көрінеді. Бас жылқышы Жетеннің сары қарын бәйбішесі ұрғашының көркемі. Аға жылқышы Шәбденнің келіншегі де тартымды. Солардың бәрінен де ақжелек Мәнаудың ажары айдан да ерек көрінеді бұған. Күйеуімен үш-ақ жыл отасты. Жылқы күзетінде жүргенде, үсікке ұрынып, қолаяғы кесіліп самауыр боп қалған Болтан жарық дүниемен қоштасарда: — Мен десен, көрде тыныш жатсын десең,

Мәнауды басқаға қор қылма, өзіңе тапсырдым. Артымда қалған жалғыз тұяғымды қиямет күні қолыңнан аламын, — деп Мәуленге өсиет қалдырған еді. Болтан көз жұмғалы да екі қыс өтті. Кішкене Марданы үшке толды. Мәуленді ол әкем деп біледі, шешесінің,үйретіп қойғаны. Келіншек кет әрі емес бұған. Батылы жетпей сырғақтайтын өзі. Жүрегі дауаламайды. Мәнауға қиыстады ма, домаланған томар адам көз алдына кеп тұра қалады да, мұны жесір келіншектен алыстатып жібереді. Қайтадан жақындағанша бір қыдыру уақыт өтеді. Сырт көз екеуін бір үйдің адамы деп біледі. Басынан сөз асырмайтын бір бет тентектеу Мәулен Мәнауға келгенде аузынан сөзі, қойнынан безі түскен ұялшақ бозымның өзі болады да шығады. Жесір келіншек бұған жұғыса сөйлейді.

— Көйлегінді жуып қойдым.

— Рахмет.

— Бір иіс бар екен.

—Ненің?

— Қыздың да.

— Сенен де бөтеннің қолаңсасы аңқиды.

— Онда шира.

—Ширамасам ше?

—Қатыны өлген перме бастыққа тие саламын.

Мәулен шыға жөнелген үйден. Іші алау-далау боп өртенудің аз-ақ алдында. Жүрегін шарпыған қызғаныш Болтан марқұмды есіне алуы мұң екен, сап басылды.

Қайтсе екен?! Сүйіктей ақ келіншекті қырықтағы қырқылжыңға ұйпалақтатқанша, өзі ала салса қайтеді?! Осы ойын біліп қойғандай-ақ, о дүниелік Болтан енсін түсіне. Дауылдан қашып, киіз үйді ықтағаны сол еді, есік алдында тұрған самауырды дауыл төңкеріп, домалатып, мұның алдына әкелді. Самауыр сәтте қол-аяғы кесіліп қалған тірі Болтанға айналсын. Бұл қашып берді, самауыр адам соңынан қалмай қойған. Жан ұшыра зытып бара жатып ояна келсе, жылқышы Жетен отыр бас жағында. Біразға дейін үрейлі ойдан арыла алмады, қара қос теңселіп тұрған тәрізденді.

— Қорқынышты түс көрдің бе? - деп сұрады Жетен. - Жамандай шыңғырдың ғой.

— Әлгі марқұм...

— Болтан ба?

— Иә, сол...

— Ештеңе қылмайды, — деді бас жылқышы ауыр күрсініп. — мені де мазалап қояды анда-санда. Жігітім-ақ еді. Келіншегіне обал болды-ау!

Астарлап сөйлеген еді. Сонысына баққан бас жылқышы:

— Мәнау төркініне кеткелі жүр, — деп тағы аңғартты түпкі ойын. — Жақсыны жатқа қимас болар.

Көшпейді. Қоян жырық Демеуге тиеді деп айта жаздады.

Жайлауға құлағалы Мәулен қатты алаңдаулы. Әкесі мен шешесі де наразы. Оқуға түс, таста жылқышылықты, әйтпесе үйлен дейді. Өзіне салса осы жүрісі ұнайды. Жылқылы ауыл бұған жерұйықтай көрінеді. Қыста жүйрік атпен қасқыр соғады. Жазда қиқулап көкпар тартады. Жә, деген тақымкеш өзі. Бейнеті зейнетке ұласып, маңдай терінің төлеміне «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін тағынды. Бара-бара Еңбек Ері атанады. Атақтан да бұрын мұны ғашықтық азабы қинап жүр-ау! Азап дейтіндей сондайлық әкетіп бара жатқан кереметі жоқ. Мәнаудың жүріс-тұрысы мен сырт сымбатын қызықтағанға мәз. Онымен бетпе-бет келгенде, ынтызарлығы сап басылып, бейтарап адамша өзін салқын ұстайды. Былай шыға қайта қозады ынтызарлығы. Қостап жылқы бағып кеткенде де зарыға аңсайтыны Болтанның жесірі. Келіншекті тым көп ойласа тағы қалады пәлеге. Болтан енеді түсіне. Бір жолы өңіндегісіндей «Мәнауды саған бермеймін, оған таянушы болма» деп құрығын төбесіне төндіре бергенде, құрықша сәтте жыланға айналып, мойнына оратыла кеткені бар емес пе?! Біразғадейін алаңытып тұшынып ұйықтай алмай жүрді. Бір жолы бас жылқышы Жетенге ілесіп, көрші ауылға барды. Қой қораланып, үй иесі әңгіме бастағанда, Мәуленнің көзі пешке арқасын беріп кітап оқуға кіріскен сары қызға түсе берді. Назарына іліккен бойжеткен бұған жалт етіп қараған

сәтте, бір түрлі боп кетті. Бұқиып отырды, отырды да көз тоқтата тесілді кызға. Кыз да мұны көз қиығымен бақты. Ондық шамнын жарығына шағылысқан қыздың ақ-сары реңі алаулап барып басылды да, Мәулен манағыдан бетер жайсызданды.

Ет желінген соң, қазақы салтпен «қонақ кәде» жоралғысы басталды. Отағасы жебелі сұлу мұртын ширата түсіп, жуан зор дауыспен ән бастады. Оған бәйбішесі қосылды. Бірінен соң бірін әуелетті халық әнін. Кезек қонақтарға ауысқанда, бас жылқышы көзді қысып қалды бұған. Үнемі жылқы күзетінде жүріп биіктете ән шырқауға машықтанған Мәулен қолдан жонылған ескі қоңыр домбыраны шертіп-шертіп жіберіп, Біржан Салдың «Жонып алдысына» басты.

— Бала өнерлі екен, — деп мағұрланды үй иесі. — Біздің Кәмаш та қара жаяу емес. Кәмаш әнді нәзік үнмен сызылдырып, бірте-бірте биіктете берді.

Сол күннен бастап Мәулен екіге жарылатынды шығарды. Бір көңілі Мәнауды қаласа, екінші көңілі Сатан қойшының әнші қызы Кәмашқа бұрылады. Қыздың тал бойындағы жалғыз міні — көзі қылилау екен. Әйтпесе бар ма, ақ-сарынын әдемісі дейтіндей. Әншілігінен бұрын үнінін сиқырын айтсаңшы. — Сөйлегенінің өзі әнге бергісіз. Күлкісі тіптен сылқым.

Барып жүреді ылғи. Бір-біріне деген көңілі сондайлық ымқырулы да емес. Тең құрбынын сыйластығымен жүр әзірше. Көңіл білдіріп хат жазысу, тұспалмен жұмбақтап сөйлеуге зауықсыз. Бір үйдің баласындай бір-біріне үйірсектеп жиі-жиі жүздесіп жүрсе де, жүректегі жасырын тілек айтылмай қалады. Қыз жігіттен жылы сөз күтетін тәрізденсе де, Мәулен жеме-жемде сыпайы қалыптан озбай өзін салқын ұстайды. Салқынсиын демейді-ау артында қарауылы бар. Баяғы сол Мәнаудың сұқты назары ту сыртынан қадалып, ішінің қозғалысын тоқтатып тастайды да, жалт беріп солай қарай қиыстайды. Сатан қойшының аулынан ұзаған сайын Кәмаш салған ән жүйріктей екпінін

үдете түсіп, құлағына ұрғанда, ат басын кейін бұрып, қойлы ауылды бетке алып шаба жөнелуге шақ қалады. Шарасыз жуасып, жылқы қосына бұрылады. Әндетіп бара жатады.

Жылқыны айдап салдым Жамантасқа,
Бұрылып қарай берем Желтау жаққа.
Бүркітті, Сарықұлжа қол бұлғайды,
Ол жақта мен аңсаған қыздар жоқ па?

Кәмаш-ай, Кәмаш, Кәмаш-ай!
Қиыла маған қарады-ай.
Мәнауға кім жетеді,
Өртеніп ішім барады-ай!

Шығандаған үш байталды алдына салып, күреңді желдіртіп келе жатқан жас жылқышы талды өзекке тоқтап, ат шалдырды. Көрпе көкке етпеттей жатып, жүрегінің соғысына құлағын тосты. Дүк-дүк етіп бұлқынғанына жаны ашыды. Жүрегін қинауға сап жүргеніне өзін кінәлі санап, оған мұңын шақты.

Мәнауды қия алмайтынын, әйтсе де тая соғып, табан тіреуге тәуекелі жетпей жүргенін, оны жылқы фермасының меңгерушісі Сойдақтан өле қызғанатынын, Сатан қойшының әнші қызында да көңілі барын пысықтады.

Жүрек лүп-лүп соғысымен білдірді аңсарын. «Мәнауды қоян жырыққа қор қылма. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деп әйелінің жылы өтпей жатып көрінген жесір әйелге әукесін созып, бұқаша бүлініп жүр».

Сатан қойшының аулы осы тұста. Шығыр өзенінің бойында. Таяуда жоқ іздеп жүріп соққан. Кәмаш кестелі орамалын сыйлаған. Көзімдей көріп жүр деді. Басқа түк айтпады. Жетінші сыныптан соң әрі қарай оқи алмағанына өкініп, көзіне жас алғанда, мұның да жылағысы кеп кетті. Қимайды оны. Көзінін ақауы демесе қыздың сүйкімдісі.

— Келіп тұрайын ба?

— Келе бер.

— Сосын?

Кәмаш жауап орнына күрсінді аздап. Оның сол жолғы

мұңайысы мұны ойландырып тастаған. Аяйды оны бір түрлі. Оған қосарланып Мәнау келеді көз алдына. Кішкене Марданның қылығы тіптен қинайды. Мұны көріп қалса, томпаландап аяғына оратылады. «Ағатай, қайдан келдің? Мамам жылады ғой?» — дейді.

Жылаулар келіншекті жұбататын бұл ма, жылқы баққанға мәз. «Перме бастыққа тие саламын» демеді ме ана жолы. Содан бері өзінде бір ширығыс бар. Сойдақпен шекісіп те қалған. Үйірдегі айғырларды жоқ іздегенде міне жөнеледі. Соны көріп қалған Сойдақ әкіреңдеп жас жігіттің намысына тиетін сөз айтып: — Немене сен айғырлардың орнына үйірге өзің түскелі жүрмісің? — деп зекіп тастаған. Соған қитыққан бұл осы жолы меңгерушінің төл атына ер салған-ды. Сойдақ жайшылықта Мәуленді қысыр қылжақпен қажап, еркекше сөзбен жұбататын. Ондағысы жас жігіт айнып, жылқы бақпай кетпесін деген сақтығы-тын. Өзін қалжың сөзге үйір қылып, жігітшілікке байланысты күлдіргі әңгімені көйітіп, тұз құрдас боп жүрген Сойдақтың әйелі өліп, тағдырдың ісімен бойдақ боп қалуы Мәуленді тығырыққа тіреп қызғанышын асқындырып жіберді. Осы келе жатқанда жүрегіне түскен түрткі қиялын сан саққа жүгіртіп, оқыс ойларға жетелейді. Жоғын тауып көңілі байыздағаннан да бұрын Сойдақтың жесір келіншекке киыстағаны ойынан кетпей, жүрегінің бұлқынысын өршітіп барады. Болтан марқұмның өсиетін есіне түсіріп және пысықтайды. «Мен көрде тыныш жатсын десең, Мәнауды басқаға қор қылма, өзін ал. Қидым саған».

Қараптан-қарап құлағы шыңылдады. Тым-тым алыстан талып жеткен қарлығыңқы үн сәт сайын үдеп: «өзің ал, өзің ал» деп тау-тасты жаңғырықтырып, делебесін қоздырды да, саяқтарды алдына салып қуа жөнелді. Қысырақтың үйіріне әкеп қосып, Көкжартастағы ауылға бұрды ат басын. Бұрлыққан күрең басын жерге сала берген соң, үздіріп алмақшы боп аттан түскен. Ұйықтап кетіпті, оянса таң бозы дендеп қапты. Тұсаулы атына жүгірді. Міне сала желдіртті. Көріп келеді, шеткі қоңыр үйден шыққан біреу үй

сыртындағы қаңтарулы атына барды. Сырт нобайынан Сойдақ екенін шамаласа да, өзін алдаусыратып басқа біреу шығар деп ойлады. Бірақ бұл ойына да табан тірей алмады. Кім де болса пиғылы арам, ниеті бұзық біреу. Әйтпесе, жесір келіншектін үйінен не алады басқа адам. Әлгі суық жүрісті кісі бұған қарсы жүрді. Екеуі бетпе-бет келді. Күренді неге мінесің деп салғаннан соқтығатын шығар деп ойлаған. Беті қалыңдау еді, сонысына баққан ол суық сазарды.

— Немене, таптың ба байталдарды? — деді сыздана сөйлейтін әдетімен. — Біреудің атын рұқсатсыз мінгенің дұрыс болмаған.

— Сіз ше? Өзіңіздікі дұрыс па?

— Мен де жоқ іздеп, іздегенімді тауып...

—Қайдан? — деді жігіт сөз мәніне бірден түсіне алмай.

—Іздеген жоғың оңайшылықпен табылсын ба, бармаған жерім, баспаған тауым жоқ, - деді Сойдақ суық жымсиып. - Қара кемерді сүзіп, одан тақыр төбені шарлап... Кос шоқыны төңіректеп барып, кіндік төбеге құлап. Қамысты бұлақтан бір-ақ шықтым. Бұлақтан атымды суарып шыққан бетім осы.

Мәуленнің көзі шарасынан шығып кетті. Жайшылықта күлдіру үшін айта беретін бейпіл сөзді қисынсыз жерде көйітіп ит жынына тиген Сойдақты аттан аударып кетпекке оқталды да, мәселенің байыбына бармай шұғыл кетуден тартынып, өзін ұстап қалды.

—Әй, Мәнау, бармысың? - деді үй сыртына таяп кеп. - Анауың кім? Анауың?

Іштен жауап болмады. Дегбірін тауысқан жігіт бір сойқанның болғанына анық көзі жеткендей қатты ширықты.

Киіз үйге атын ентелетіп: — Тірімісің-ей, қатын?! — деді асқына ширығып. — Анауың кім деп тұрмын ғой саған?!

— Тиетін байым, — деді іштегі әйел жайымен ғана. - Қақтықпай жөніңе кет әрмен!

Жігіт басылып қалды. Келіншектікі жөн. Қашанғы

емексісін елеңі жоқ езге. Қарайлап-ақ бақты емес пе?! Ақырында жатқа бұйырды. Сол жат еркек жесір келіншектің жан тартқан жақыны, қойындасар қосағы боп шықса ше?!

Өкініштен өзегі күйіп, іші от боп кетті де, тізгінді кілт тартты.

Бірталай жерге барып қалған екен. Күрең ауыздығымен алысып келеді. Көңілінің әлем-жәлемі сәл бәсеңсігенде барып, өз халін шамалады. Жүрегінен суыртпақталып бастау алып, қимастыққа арқау болған бір нәзік сезім домбыраның шегіндей керіле беріп, сырт етіп үзіліп түскендей болды да, азаттық алған ол Сатан қойшының ауылына туралады ат басын.

Бағыты түзу, бет алысы оң еді.

ТЕКЕ ТОЙЛЫ

♦ Шалқыды. Ойы әр тарапта, қиялы аспанда. Ойының әр тарапта болатыны — тіршілік ұйқы-тұйқы. Орнықпай тұр. Қылымсыдай қырыққұбылып, діңкені құртады. Соған ептеп наразы. Бірақ мұнын шала бүлінетіндей қисыны да жоқ. Кешегі кезен несімен жарылқап еді. Ертеннен қара кешке дейін көк иық боп жүргені бейнетке белшесінен батып. Кірпіш қалап, лай сапырған оңай ма?! Сәл мүлт жіберсе, кіші шенді құрылысшы әкірендейді. Одан қалды, ортаңғы дәрежедегісі түйіледі. Бас құрылысшы бәріне қамқор. Қабағы бір ашылмайды. Сәл үзіліс жасағанынды көрді ме, әкірендеп әңкі-тәңкіңді шығарады. Жұмыстан себепсіз қалсаң, өтінішіңді жаза бер. «Өз еркіммен босадым» дегенді шегелеп тұрып айтасың. Олай етпедің бе, отыз үшінші баппен қуыласың. Көрінгенге көз түртпкі жүргенің сосын. Еш жер жұмысқа алмайды.

Жылдарға созылған сол сергелдеңлі есіне алса, төбе құйқасы шымырлайды әлі күнге. Отыз үштің қаһары бұған талай-талай төнген. Қалаушылықтан сатылап көтеріліп, аға құрылысшылыққа табан тірегені сол-тын. Бар-жоғы тоғыз ай.

Бір жылға жеткізбей қақты да тастады.Ептеп ішетіні бетіне шіркеу-тін. Оған құрылыстан жырып, бармақ басты, көз қыстыға барғаны қосылды. Істі насырға шаптырған — жеке меншік монша. Қара дүрсін домбалдаған емес, осы заманғы жана үлгідегі сауна. Бастығы шақырып алып, жер-жебіріне жетсін. Үстелді тоқпақтасын. Шашын жұлып өз басын өзі қойғыштап зар еңіресін. Көпшілік моншасы тұрғанда дараланып жеке монша тұрғызған деген не сұмдық?! Тәртіпке жата ма? Әркім өзіне тартып, мемлекет мүлкін жырымдай берсе, қоғам дәулетінен не қалады? Бұл ант-су ішіп, өз қаражатымнан тұрғыздым десе де, иланбады ақ жүрек бастықсымағы. Бұзып таста, даудан соңда ғана құтыласың. Өйтпейді екенсін, қылмыстап ісіңді сотқа тапсырамыз.

Табандылық та жақсы-ау қисынды жерде. Шалқасынан түссін. Өлуі бар біткен істі бүлдіре алмайды. Ырымға жаман дегенді және қосарлады.

Іс насырға шапты. Еңбек кітпашасына қондырылған отыз үшінші сан төл мамандығынан шеттетіп тынды. Әр жұмыстың басын бір шалумен жүргенде, реформа килікті де, кәсіп жайына қалды. Жұмыстан бір сағат кешіксең айлар бойында төбеңнен қиқу кетпейтін қаталдық сығымынан құтылғаныңа мын да бір шүкіршілік. Қазымыр бастықтардың қаһарына ілігіп қалмауға тырысатын жасқаншақ әдет те ұмытылды бүгінде. Өзіңмен өзін болғанға не жетсін. Ортақ өгізден оңаша бұзау артық екенін өз басы теріс көрмейді. Мәжбүрліктен ада. Тырбанып өз күнін өзі көріп жатыр. Біреуден ілгері, біреуден кейін. Үйі кірсе шыққысыз. Екі баласының үсті жұнттай. Кигендері шетелдік қымбат киім. Үш аяқты мотоцикл сатып алған. Сонымен аң аулайды, балыққа барады. Ақшагүлді ертіп алып, көлге барып қыздырынады.

Табыстың көзі — баяғы даулы монша. Сосынғы кіріс — Ақшагүлдің саусақтарынан оралады. Ем-дом кабинетінде істеген-ді. Қысқартуға түсті де, кәнігі шипагерлігін үйде жалғастыруға тура келді. Моншаға жапсарлас шағын

бөлмені ыңғайлаған. Келгінші алдымен Ақшагүлдің алақанынан жылу алады. Құрыс-тырысын жазады. Сосын асықпай жуынады. Моншада сабаланады. Бұларға көбінесе кәрі-құртаң үйір. Жастар да жуынып, ем қабылдап дегендей кеп жатады. Үйлері базарға ұрымтал келгендіктен, соқпа жолаушыларға есік ашық. Көбінесе кәсіп қуған саудагерлер кеп сабаланады. Қалтасына сенген дүрегейлер кезектен тыс кие-жарады. Ақшагүлдің май сылауына арқаларын тосып, құянын үздіреді, самаурынның дәмді шайына шөл қандырады. Осының бәрі бұларға үлкен түсім.

Бәрін реттейтін келіншегі, жойдасыз пысық. Келісті әйел. Кесірлігі жоқ жайдарман және өзі. Үлкен-кіші маңына үйіріліп тұрады. Бұл керісінше, томырылған тоң мойын. Кісіге жанасымы жоқ. Ішсе ғана шешіледі. Сосын ғой, әйтпесе арақ атасынан қалған ас емес. «Жүз грамның» буы да керемет-ау! Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын Құрмал әзәзіл суды өңешінен өткізген сәтінде-ақ ширап сала береді.

Есінен кетпейді. Сонау жылы ащы суға зауал төнді. Арақ дариясының деңгейі күрт төмендеп, шалшыққа айнала жаздаған. Ішкіштер қиналған кәдімгідей. Моншаның ілігінен байырғы кәсібінен шеттеп, әр кәсіпорынды жағалаған Құрмал араққа тыйым тұсында көрді көрешекті. Не сұмдығынын барын — тәртіп сақшылары әйтеуір бұдан көз жазбайды. Қисынсыз жерде іліп әкетеді. «Сен айықтырғышта жатқанда сұлу келіншегің көңілдесімен ойнап жүрсе қайтпексің?» Сұмдық шошытты қызыл жағалының ойнай барымтасы. Есін жиған соң еңіреп тұрып жылады дейсің. «Жібер мені, ағатай! Енді алдыңа келсем асылып өлейін. Тастадым арақты, мүлде алмаймын аузыма. Ленинский, комсомольский» — деп тұрып қарғанды.

Таң қараңғылығында кеп есік қаққан. Ақшагүл дін аман. Бұртың-тыртыңсыз қарсы алды. Қайда болдың деп те сұрамады. Қолын да қақпады, қарсылықсыз енді құшағына, иісі өзінде тәрізді. Күдік тудыратындай оғаштыққа бармайды. Қылық-қимылы бәз қалпында екен.

Бірақ бұл бірден қоймады арақты. Ішпесе бірдене жетіспейтін тәрізденеді де тұрады. Сосынептегі ауыз тиеді. Ішке бір түскен соң құтыртады дейсің. Құтыртканы былай тұрыпты, қатарыңнан қалып, үлесіңнен қағыласың, жұмыстан қуылып, тентіреп нансыз қаласың. Әділет жоқ қой қашаннан. Бір жұтым араққа бола Отанын сатқан опасыздан бетер қинайды. Дұрыс па сонысы. Әй, көрді-ау көрешекті. Моншаның лаңы аздай-ақ ішкіш деген атаққа ұшыратқаны есінен кетер ме?!

Енді соның бәрі ұмыт болды. Ішіп-жегеніңді есептеп, аузынды андитын күндер келмеске кеткен. Заман басқаша, заң басқаша. Біреуге біреу тәуелді емес. Бәрінен де бастықсымактардың сығымынан құтылғанын айтсаңшы. Әй, күні күн емес еді-ау! Монша тұрғызды, ішімдікке үйірсің деп қыр соңынан қалмады. Аққа қарау жүрмейді, ақыры бұл жеңді. Әлгі бастықсыған немеден де алды өшін. Ұят жоқ өзінде. Ана жолы ғой деймін: «Моншаға түсейінші» дейді мүләйімсіп. Айдап шыққан. Өзін айықтырғышқа сан қамаған кәртамыс капитанды да жерге қаратты. Соның сөзі өтті бәрінен. Қызғанышын қозырып қойды. Келіншегін көзінен таса қылмайтын әдет содан былай жабысты бұған.

Құрмал кәйіп еді.

— Әй, қайдасың, қайдасың деймін?!

— Мұндамын! — деді біреу өктем дауыстап. - Тойып апсың ғой сиыр сәскеден.

— Онда сенің жұмысың болмасын! - деді Құрмал базаршы жігітке сүзіле суық қарап.

—Жұмысым сенде емес, қатынында, — деп анау қасақана қикар жауап катты. — Құяңымды үздірейін деп.

Үй иесі орнынан ұшып тұрды. Шыныдағы арақ лық етіп жерге төгілді.

—Кетіп тұр, түспейсің моншаға!

—Қиын бопты! — деп ол қол сандығын ашты. — Анадағы тапсырғаныңды әкеп едім. Мә, ал атау кереңді!

Бүйірлі шөлмек үстел үстіне шірене қалды. Құрамал

жұтынды. Сырт жұрттың сырлы ыдысына жасырылған әзәзіл мұны демде арбады. Әлгінің сыртқы қақпаға бет алғанын терезеден байқады да, шөлмекке жармасты. Қырлы стақанмен біреуді тастап жіберді. Көзі шырадай жанды. Ішін лайлаған сасық самапалды қолма-қол ығыстырды. Қанша дегенмен, бөгденікі сапалы келеді ғой. Еркіндік, демократия деген осы емес пе?! Халықты қойша иіріп не бітірді кешегі өкімет. Тәтті-дәмді шенділерден артылды ма? Енді қарашы, бәрі бар базарда. Қолыңды ешкім қақпайды, тек ақшаң болсын қалтаңда.

Құрмал бағанағыдан бетер шалқыды. Өткенді аңсағыш сары уайымшылдарға кіжінді. Өкімет өлтірмейді дегенге малданған өңшең айналма! Өкіметің қайда, біреу қайда? Келмеске кеткен жоқ па оның?! Көре қал, табысты молайтқан соң бағын сынап дауысқа түседі әлі. Маслихат мінберінен саңқылдағанда мүтін ел қарайды аузына. Иномарка астында, Ақшагүл қасында, әй бір, дәуірлейді дейсің!

Тәтті ойын телефон зыңғыры бөлді. «Тыңдап тұрмысың? — деді ар жақтағы дауыс. — Ақшагүлге арқамды ысқылатып алайын деп едім. Боса да қызығын базаршылар көріп жатыр. Сен не, мен не, бір адамбыз ғой!»

Кылжақпас құрдасы Аужаннан бұл ықтап жүреді. Тілі удай. Сірә, ептеп тастап алған тәрізді, елірмелеп әкетіп барады. Қарсы жауаптан тайлығатын ол емес: «Монша жағып, табыс табам деп жүргенде, сұлу қатыныңнан айрылып қалма», — деп сөзін дарақы күлкімен көмкергенде, Құрмалдың қолынан телефон құлақшасы түсіп-ақ кеткені. «Ә, құлағыңды ұрайын, қу жақ!»

Осыған ғана шамасы келді. Қаны тіке басына шауып, көз алды қарауытып барып зорға оңалды. Осы күнгінің адамынан жөні түзу сөз шыға ма?! Өңшең пәле қуған жылан тілді шақпай.

Құрмал қатты жайсызданды. Байыз таптырмады әлгінің құйтырқы сөзі. Ішіне кірген әзәзіл түртпек күмәнді ойға жетелеп күдігі ушықты. «Бұлардың сарындауы тегін емес, сірә, бір сыбыс жеткен-ау құлағына».

Одан әрмен ұйытқыды іші. Жүдемелете тастап-тастап жібергенде барып, көкірек қуысында ұйытқыған түтін бәсеңсіген тәріздендi. Бірақ іле тұтанды оты. Тағы ішті. Қоймады. Ыза болды да, бөтелкені басына бір-ақ көтерді. «Ақшагүл! Әй, Ақшагүл! Қайдасың? Қайдасың деймін?! Ә, сен қатынды ма! Еркектердің арқасын ысқылағанды көрсетермін саған!»

Қолына сіріңке алғаны, қалбырға төгіп-шашып кәресін құйғаны есінде. Одан арғысы тұмантық. Байбаламдаған дауыстан ояна келсе, бас жағында азынап Ақшагүл тұр.

— Теке тойлы пияншік-ай! Құрттың-ау, ойбай!

Тәлтіректеп сыртқа шыққан. Төңірек көк түтін. Моншаның арсиып қабырғасы ғана қалыпты.

СӘУЕГЕЙ

♦ Жемі шақтылы азанғы шайды ұзақ сораптады. Жіпселендеді аздап. Әлсіз жүрек соғысын күшейтіп, ширай бастады да, әр ойдың басын шалды. Оны-мұны әкелуге кеткен Жайнагүлді есіне алды. Одан үйреншікті сәуегейлігіне ойысты. Маркұм Райса соңғы сәтінде не деген? Басылымдар да, теледидар да жарытып ештеңе айтпады. Қызыл сөзге жүйрік айқайшыл жорналшылар әдептен озбаған. Есіркегені де пақырды. Өлгендерге тасты ата, ата жалыққан да шығар. Бір жағы Михайлекеңді аяған. Алып империяны апатқа ұшыратып, құрдымға батырғаны аздай-ақ, жарынан айрылғаны оңай деймісің?! Өлмейтін пенде жоқ, оған да бұғалық түседі. Жаналқымда нендей сөз оралар екен тілінің ұшына?! Біржібайдың баласы Лекең де тапқырлық танытқан. «Маған аздық етеді, маған аздық етеді» деп екі рет қайталапты. Сталин жолдас та бірдеңе деген. Кілттеулі есіктің ар жағында орнынан тұра алмай үйелеп жатқанда, қарлығыңқы әлсіз үнмен: «Сатқындар өңшең!» дегенін аспазшы кемпірдің құлағы шалыпты.

Ерсары қобалжыды. Осы әурешілікті тастаса қайтеді? Шікәтті жүрегіңе салмақ. Біреудің өлер алдындағы

сандырағынан тірілерге нендей ғибрат?! Қолына түскен кітапты құтқармайтын оқымпаздығы парыз-қарызы жоқ зиянсыз машыққа айналғанын өзі де байқамаған. Алғашқыда көркем шығармалардағы кейіпкерлердің қош-қошын түйді ойына. Ұлы адамдардың өсиетін тізбеледі. Одан қала берді, ертенді-кеш дүниеден озған алыс-жақыннын ақырғы сәтін бағатынды шығарды. Қағазға түсірмейді, жадында ұстайды. Газет, журнал қиындылары бір бума еді, әйелі долданып жүріп отқа тастап жіберіп... Содан былай артық ауыс қағаз ұстамайды. Жадына сенеді. Ұмытпаудың амалын да тапқан, ұзақ таң күзетте отырғанда, ойына түйген тіркестерді бірнеше мәрте қайталап шығады. Біреулер сұрағанда сақ еткізеді. «Әй, сәуегей, әлгі сиыршы шал не депті өлерінде?» «Мәліктер-ай! — деген. Мәркістің ақырғы лебізін де бұлжытпайды, әйелі естіп қалыпты: «Барлық елдердің пролетарлары бірігіндер!» деген ғой.

Қолбасылар мен атақты адамдардың, патшалардың демі таусылар сәттегі өксігі бұған бес саусақтай белгілі. Жақында ғана талқанын тауысқан Жаңқа шалдан да сөз қалды. «Тоқсан бес жыл өмір сүрдім, тоқсан бес күндей болмады-ау?!» деген ғой кәрі лақса. Ішкіш Әңгелбай ықылық атып жатып: «Денсаулық үшін бір алайық», - депті де ұсынып жүре беріпті. Осының бәрін қайдан естіп алатынына өзі де таң?! Құлағына шалынбаса тіке түсіне енеді. Өзінің ауылдасы әйел жанды Шорабек шонданайынан мертігіп, апа-сапа аттанып кетті. Ол марқұмнан да сөз қалды. «Бір сүйгізші» депті сандырақтап жатып.

Ол негізгі ойына көшті. Райса ханым не деп кетті екен? Әзірше оқыс пікір, одағай оралым көрінбейді газет беттерінен. Етегі көтерілмей кеткен әйелге не деп мін тақсын?! Еңбегі ересен марқұмның. Сүйікті Мишасының құлағына құйып бақты-ау ақыл-кеңесін. Социализмнің шырмауында бұлқынған еркіндігі шектеулі Кеңес адамдарын бостандыққа шығаруға жанын салып баққаны неге тұрады?! Қалды басы айтқанынан шықпады. Әйеліне

адал-тын. Ләззатшыл патшалардай хас сұлуға сұқтанбады. Жарына ғана арнады махаббатын. Езілген Кеңес халқына еркіндік беремін, адам құқын қисынсыз шектемей заңды жұмсартамын деп жүргенде, тізгінді қолынан шығарып алды.

Ерсарыны әуестік жеңді. Қалдыбасекең өз мәресіне жеткенде не деп түйіндер екен?! Бәлкім, Райсасын, әйтпесе бақталасы Барысекеңді есіне алар. Сол барыс дүлей емес пе оны тақтан шеттеткен.

Елегізді ол. Қараптан-қарап күдік енді көңіліне. Қалаға базарлап кеткен Жайнагүл кешігіп жатыр. Өткен жолы тоналып, сопа басы келген. Төзімді өзі, бейнетке мойымайды. Қолына бірдеңе жұғады, сол жұғын бұларға корек. Қалада окып жаткан екі балаға, өздеріңе корек. Жайнагүлдің үйде түнегенінен түзде ерулегені көп, соған алаңдайды. Қырықтағы ту қатынға сенім бар ма?! Күрсінді. Қиялы алыстап кеткен жылдарға ойысты. Екеуі де кескіндітін. Әсіресе Жайнагүл әдемі. Тағдыр мықтап мытыған бұларды. Ерсары машина апатына ұрынды. Келіншегі дүкеннен мойнына ақша мінгізіп алып, кесігін қара жұмыспен өтеді. Шопыр Ерсары шойнақ атанды. Дүкенші Жайнагүл шотты сыпырғышқа алмастырды. Бұл біраз өмірін күзетшілікпен өткізіп еді, қысқартуға ілігіп одан да шет калды. Әбі-тәбі жәрдемақы не киімге, не тамаққа жетпейді. Сосын басқалардан қалыспай темір-терсек тергіштейді. Кітапсыз, газетсіз жүре алмайды. Көлденең олжасын рухани азыққа жұмсайды. Үйреншікті машығынан қол үзгісі келмейді. Өзгелерге ерсі әурешілігі өзіне аса қымбат. Кісіні ізденіске итермелейді, сонысы жақсы. Су ішкілігі таусылған пенденің соңғы жан айқайы онайлықпен лықсымайды көмейден. Өлерінде анау сүйдеген екен, мынау бүйдеген екен деп жалған қисындыруға басынан жоқ. Сөзіңе өтірік араласса тыңдаушыңды үркітіп алғаның. Асырып та жібермей, кем соғып та жатпай дәлелмен өрбітуің қажет ойыңды. Бір кемшілігі — қалам ұстамайды. Баяғыдан бергі пікір-дәйегін

қағазға түсіре бергенде ғой, толымды еңбек боп шығатын еді. Кітапты көп окығанның себебі ме, кез келген адамның ішкі ойын жүзінен аңдайды. Осындай сезімталдыққа қатты бейімделіп кәнігіленіп алған. 'Тіл-аузы байланып, өлім табалдырығында жатқан науқастың жан тәсілім сәтіндегі не айтайын дегенін тап, басатын сәуегейлігі әбден шыңдалған. Ажал сағатындағы жанталаста ұзына ғұмырында өзге тұрмақ өзінен де жасырған, тісінен шығаруға жүрегі дауаламаған құпиясы о дүниеге бет бұрған пакырдын қайткенде де тілінің ұшына келеді екен. Жақында Ақсоран кентінде ұзақ жасаған Шайдар шал тілден қалған. Кейуана басынан сөзге сараң-тын. Үзілер сәтінде басы бар, аяғы жоқ, бірденені былдырлайды ғой. Балалары жүгіріп Ерсарыға келген. Шал бұны көріп «сайрап» қоя берсін. Сөзбен емес, ыммен, әлсіз қимылымен. Жарықтықтың шапыраштанған көзі өзі пір тұтатын көсемдердің портретіне тесілсін. Ыкылық ата кемсеңдеп булыға жыласын. Ерсарының да сезгірлігі ғаламат. «Ә, бүгін Сталиннің туған күні» деуі мұң екен, өлгелі жаткан соғыс ардагеріне қолма-қол тіл бітсін. Сөйтсе кәрі қақсалың мұртты көсемнің шыр етіп дүниеге келген күнін есіне түсіріп «бүлініпті». «Кәрияға жүз грам беріндер», — деген сәуегей Ерсары нық сенімде. — Өлмейді, әлі үш-төрт жыл жүреді. Туған күнін атап өтсін Стекеңнің. Ал сол алжыған шал жан тәсілімде: «Сталин үшін алға!» — деп көз жұмбаса қара да тұр. Қара дүрсін қисынға сүйеніп, ой жобамен-ақ долбар жасауға болады. Онда тұрған сондайлық шешілмейтін шие жоқ. Десе де бұған оңайға түспейді үйреншікті сәуегейлігі. Кейде қараптан-қарап қуыстанады. Қалай өзі?! Осы әурешілігіне жол болсын! Күн көруге пайдасы тимеген тапқырлықты қуалай бергеннен не шығады?! Айныды аяқ астынан. Мектепке шақырған. «Ғалам жұмбақтары» деген такырыпта пікір-талас өтпекші. Соған бұл өз ойын білдіреді. Жұмбақтың көкесі ғаламда емес, адам бойында. Әр пенденің ішкі дүниесінде. Осыдан пікір өрбітеді. Бір жақсысы, бұны

тыңдауға үлкен де, кіші де әуес. Ғұлама деп біле ме, қоймайтын сұрақтары қалмайды. Ойлары белгілі, сүріндіріп мазақ етпекші. Көріпкел де осы, діндар да осы, сәуегейлік те бұдан құтылмайды. Көп оқитыны, ізденімпаздығы құтқарады. Әйтпесе аянбайды өңшең пәтуасыз. Өзін ақылды, өзгені ақымақ санауға жеткізе ме, бүгінгінін адамдары.

Жайнагүл де жетті артынып-тартынып. Ерсарының бұйымтайын қашанғы әдетінше таппаған. Жарайды, кітап алуға мұршасы болмасын, бірер газет ұстай келсе қайтетін еді?! Айтуға аузы бармаған. Итше қауып тастайды, жетісіп жүрмін бе дегеннен келеді сөзінің кіріспесі. Әй, дегенмен, қара жон-ау өзі! Шаршап-шалдығуды білмейді. «Жетісіп жүрмін бе?» дегені әншейін, мұны жасқаудың амалы. Буы аспанға шығады. Шіркін, денсаулық-ай! Бұған ілескендердің біразы орта жолда қалды. Саудасы жүрмегеннен де бұрын ала өкпе жүгіріске қалыптаспаған әйелдердің көбісі ылғалды. Ашық базарда сықырлаған сары аязда аларманның қабағын бағумен сарылып, көрінгеннің қалтасына телмірген кайбір жетіскендік. Базарға келгендердің қалтасынан бода-бода ақша шығып жатса, әкелген тауарын жұрт таласа-тармаса алып жатса арман не?! Соған шыдап көнпістік танытқан Жайнагүлдін төзімділігіне разы. Тым еркінсіп барады, сонысы томпақтау. Біреудің әйелі екенін, құдай қосқан қосағы барын ұмытуға болмас, онда ол өзін де жоғалтып алуы кәдік.

— Көңілімді аулап, ең құрыса бір кітап ұстай келсең қайтетін еді?! - деді Ерсары шыдамай.

—Ой, кітапта басың қалғыр! Жоқты көңірсітпей жайыңа отыр әрмен! — деп зайыбы қауып тастады.

Дегенмен, еркек аты бар, беріспеді.

—Саған жалынбаспын! Күресіннен темір-терсек терсем де, нандығымды айырамын.

Қатыны қатты кетті. Бұрқырап берсін. Мұның сәудегейлігіне соқтықты. Жарымжан еркекке телініп

ғұмырым текке өтті дегенді және қосарлады. Екі баланы өз күшімен оқытып жатқанын, жөні түзу баспанаға таяуда ғана қолдары жеткенін, көзіне шұқып тұрып қайталады. Біреуді алдап, біреулерді арбап қызыл табан боп жүгіргіштейтіні қарақан басының камы ма? Балаларының жағдайына бола емес пе?! Керек десең, машина мінбек ойы бар: «Саған сол зиян ба?» — деп күйеуіне шүйіліксін-ай!

Ерсары жеңілгенін мойындап, шарасыз тоқталды. Сіресіп жатты-жатты да, сәрсенбінің сәтінде кенттің түстігіндегі шоқыны бетке алды. Аса ұзай қоймайтын еді бұрындары. Жақын маңдағы күл-қоқыс үйіндісінен керегін аршып алатын. Бұл жолы шамадан тыс шығандауға бел буған. Далада қона салуға азық та ыңғайлаған. Құдиып кеп қалған машинадан сескеніп, жарлауытқа бұрылды. Базарды ұстап тұрған байшыкеш Бүлкен бе деп калған. Кірмейтін есігі, сұғынбайтын тесігі жок сұғанақ жазған базардан үнемін айыратын бойдақ қатындарды ертеңді-кеш сейілдетуден жалыкпайды. Жайнагүлді іліп кетпесіне кім кепіл?! Базар бастық туралы: «Көз көрген емес пе, менен салықты аз алады» деп сарындаған әйелі бірде. Соған қарағанда, бұның бикесін де аман жібермейді-ау. Құрдастыққа сыйдырып кие жаратын ол: «Қатынынды маған бақтырып қойып, үйде шәлжиіп жатасың, ә?!» - деп түйреген бірде.

Басқа біреу боп шықты. Сұлуша келген мұртты жігіт шешесінің аяқ астынан ауырып қалғанын, бірдеңе деуге тілінің келмей жатқанын айтып жігі-жаппар болсын. Ішпек жоқ, жемек жоқ, не діндарлыққа, не үлкендікке жатпайтын сәуегейліктен мезі болғанын сылтауратып көріп еді, мұртты жігіт сауап ақыңызды береміз деп шамына тиді.

Ерсары әдетінде жоқ, мінезге басып шытынап берсін. Жігіт жыласын кеп балаша. «Жалғыз шешем еді, жетім өсіп едім, ең құрыса өсиетін естіп қалайын».

Барған. Сексенді молынан қусырғанымен келімді кейпін жоғалтпаған ақ бәйбіше жер төсекте сұлық жатыр. Көзін ашты да, ернін жыбырлатты. Тілі күрмеліңкі. Көкейі сайрап

жатыр екен. Қабілеті күрт тұтанып, — сәуегейлігінің күш алатын сәтін Ерсары мүлт жібермеді. Ажал жастығына бас қойған ананың демі үзілер сәттегі жан айқайы құлағына еміс-еміс шалынды. Еліге еңсеріліп, қимылын бақты науқастың. Ауыр демігіп, ыңқылға басқан ол баласын көзімен іздеді. Науқас сәл тыншыды. Сөйлемекке күш жиғаны. Айтайын дегені тіліне оралмай құр емеурінмен тынды. Баласына нұрсыз жанарын аударды. Ананың қажыңқы көзінен тілмен айтып жеткізгісіз сырды ұқты бұл. Үзік-үзік сөз де шықты тісінің арасынан. Мағынасы тым көмескі бұлдырлау еді. Бұл оның қимыл-қыбырын қалт жібермей сұңғыла сезімталдықпен байыптады. Баласы түк түсінбедімді бұған ыммен аңдатқанда, Ерсары кәрі кеуденің қуысындағы бұлқыныстың нәзік сезімталдықпен зерделеп ажырата бастаған. Тозған көкіректің запыран наласын қапысыз байыптау қиынның киыны. Дегенмен, Ерсары кәнігілігін бұл жолы да танытты. Баласы куә, шешесінің аузынан үш-ақ ауыз сөз шықты. «Құрман... бала... әке...» Жобалағанда былай боп шықты: «Сенің әкең Құрман шал еді, мені соның қасына қой...»

Ерсары дәсірейді. Қабілетінің мұқалмағанына мағұрланып, шоқтығы биіктеді. Өзінде де бар, тым төске өрлемей-ақ ауыл-аймақтың айналасында өрістетсе де жетпей ме сәуегейлігін. Мишаның Райсасына бола бас қатырып әуреге түспегі не?! Өсек пен өтірікке су жорға жүздеген басылымды сүзіп шыққанша не заман?! Саңырау құлақша қаптап барады газет дегенің. Оқуға уақыт тапқанымен, сатып алуға қалтасы көтермейді. Жүрген жоқ па, соның амалымен. Тиын-тебен түсіремін бе деп...

Қайтып кеп кірісті машықты түртініске. Биік шоқының айналасы төгіндіден аяқ алып жүргізбейді. Сай-салаға әкеп төге берген, төге берген. Бұған керегі мыс пен аллюминий. Көзегенін кезіктірмеді, нан талаптар шегірткеше жайлап кетіпті. Ертеңді-кеш өріп жүреді. Бала-шаға, қатын-қалаш, шал-шауқан. Солардың қоржынында кеткен жылтырақтары.

Дағдарды да етектегі үйіндіге ойысты. Бұл тұсқа түртіншектер жолай қоймайды, құрамында залалды қоспа бар. Екі сөзінің бірі сені мен асырап отырмыннан келетін әйелімен сырттай ұстасқан бұл қауіпті үйіндіге еріксіз ұрынды. Үйге құр қол оралғанды намыс көрді. Кітап-сітәпқа шығындайсын деп ақша ұстатпайды қатыны. Оқымаса ойы тоқырап, қиялы шабандайды, ермек қып жүрген сәуегейлігінен көз жазады. Көрмейсің бе, әне! Өлгелі жатқан кемпірдің құпиясын баласына ашып берді. Оқыстан тілі байланған талайдың арыз-қошын дөп басты. Жайнагүлге желік бітті екен деп, сүйегіне сіңісті ермегін қалайша аяқ асты етеді?! Әйел ерік алған заман болды. Саудагерлікті сылтауратып, төске өрлеп барады, түге! Табыссыз үй күшік байды не қылсын?! Басынды бұлар, басынды! Еркек бейбақты.

Үйіндіге еріксіз килікті. Жер қопаратын дәрі қоймасына қарауылшы боп жүргенде, күші қайтып залалсызданған қопарғыш заттың талайын әкеп төккізген. Одан бері де сан ай жанарды. Мәңгілік делінген Кеңестік империя да келмеске кетті. Соның ның ойда жоқта тоңқалаң асқаны, бір есептен дұрыс та шығар. Жер қойнын көр тышқанша үңгіп қопара берген, қопара берген. Кез келген жер темір үйіндісінен көрінбейді. Тасып-ақ жатыр, таусылатын түрі жоқ. Қаптатып тәңкі жасатып, соғыс қаруын үстін-үстін үдетіп жанталасқанда, кәмөнезімге тезірек жетеміз деп ойлады ма екен?! Есіне қалды бас Миша түсті. Қоғамды сауықтырамын деп жүргенде тағынан ауып тынған ақымақ патшаны аяды. Сол сығыр өлер алдында не деп сандырақтайды?! Дөп басып көрсінші. Жүрегі тиіртпектелді. Одан бұрын өзі кетіп қалмаса ана жаққа. Түсі бір оңалмайды. Тәңірдің ісін кім болжаған?! Бұның сәуегейлігі әншейін далбаса. Тоңқаңдаған қара қоңыз да бір, бұл да бір. Айырмашылығы аздаған ғана. Қоңыз өлетінін түйсінбейді, мәңгілік деп біледі тырбанысын. Ал бұл - түптің түбінде өлетінін күн сайын емес, сағат сайын сезініп, шыбын жанын шүберекке түйіп жүргені. Есіне

атақты шайырдың өлең жолдары оралды. «Бақытты-ау, бұл дүниеге келмегендер, тыныш-ау, тумағандар анасынан...» Күпірлік барып тұрған! Қайта жарық жалғанды көргеніне, жер басып жүргеніне шүкірлік десін.

Жүрегі дүпілдеп аузына тығылды да, демігін басты. Шойнақ аяғының мұқылы және сыздасын. Тау боп жатқан үйінді қапелімде бұған жылан ордасындай суық та қорқынышты көрінді. Біреу әдейілеп от тастады ма, аумақты күл-қоқырдың әр тұсы бықсып түтіндеп жатыр.

Ерсары қолайсызданды. Жат бақшаға сұғынған ұрыдай қуыстанып аңғарды жіті барлады. Сейілдеушілер жүр ме деп өзінше сақтық ойлағандағысы. Кентте мұны білмейтін адам шамалы. Үлкен-кіші сәуегейлігіне тәнті. Содан ептеп тартынады, әйтпесе біреудің біреуде не жұмысы бар. Жіберген жоқ па еркіне қорғансыз өңшең қара тобырды.

Кенет Жайнагүлді ойына алды. Бүйен қаранын машинасынан түспеуші еді, бұған ерегісіп отырып алған шығар тағы?! Құтырды қатын біткен, құтырды! Демократияның қызығы мен шыжығына қарық боп жүрген солар! Сорлады ғой, еркектер, сорлады!

Жүрегі тіке шаншыды. Айныды. Ақырында түртіне бастады. Бір бума сым ілікті қолына. Одан ескі жез легенді аршып алды. Олжаға құнығып, сақтықты ұмытайын деді. Түтіндеп жатқан тұсқа да темір күршегін жүгіртті. Үзын сымды күшке сап тартқаны сол еді, қозға жан біткендей дүмпіп берді. Демге келтірмей, қатты серпіп жіберді де, кеспекше домаланған жөнелді дөмпейден. Есін жиса төменде жатыр. Аяғынан жан кетіп қалған. Тіреуге келмейді. Екі қолымен жер тіреп жанталаса сүйретілді. Сойқанды төмпейден ұзаған шығармын деп алдаусыратты өзін. Бар болғаны есік пен төрдей-ақ, өндіре жылыстауға шама қайда?! Кеуде қуысында бос қалғандай шоршиды жүрегі. Бір жақсысы — тынысы түзеліпті. Құлақ бітелген, жанары сау тәрізді. Миы да орнында, ойлайды бірденені. Ана жаққа кетіп қала жаздаған жоқ па? Не дегені қанша ойласа да есіне түспеді. Іле көңіліне күдік келді. Соңғы сөз

деген айтыла ма? Жаңа өзі не деп жарытты?! «Өлдім-ау!» дегені құлағында қалыпты. Айдаһардай ысқырынып, лебімен тартқан ажалдың аран аузына жұтылар сәттегі пенденің жан даусынан мағыналы сөз дәмету — барып тұрған есуастық! Осы ойға табан тіреп қалуға аз-ақ қалды. Бір жағынан ғұмыр бойғы ізденісін жоққа шығаруға жүрегі дауаламай және тартынды. «Тірі қалдым ғой, содан шығар ойыма жөні түзу сөз түспегені» деп жұбатты өзін.

Аяғына жан кіріп, өз-өзіне келе бастағанда, менің осы жанталасымды біреу-міреу көріп қоймады ма деген сақтықпен айналасын шолды. Көк желкеден төнген Сұлушоқы түк сезбегендей салқын томсарады. Көгерішті сайдан лекілдеп самал есті. Тынысы кеніп салды да, тізерлеген қалпы ұшқатты бөктерге көз жіберді. Үшқаттың тасасында машина тұр доғарылып. Бүлкеннің сия көк иномәркісінен аумайды. Дәу де болса сол соққан! Үйреншікті қонысы оның бұл маң. Ішудің де, құшудың да жоспарын асыра орындайды. Кезінде бұл да дәуірлеген. Жиырма мен отыздың арасында. Ендігі жүрісі мынау. Жұқарып салды қолма-қол. Күл-қоқырдан үнем айыртқан ит тірлікке не шара?!

Енді аңғарды. Машина тұрған тұс бұдан мықтаса үш жүз метр. Екеудің қарасы шалынды. Бір еркек, бір әйел. Шыдамады. Солай қарай сырғыды. Қос тізерлеген қалпында. Аяғымен тік тұрып кететіндей қуат қалмаған мұнда. Жаңағы дүмпуден бөксе жағы қатты зақымданған тәрізді. Жамбас сүйегі сыздап әкетіп барады. Қапелімде бір жақ шекесі сұққылап, тас төбесі ысыды. Үшқаттың тасасына іліккенде барып еркін бақылауға мүмкіндік алды әлгілерді. Еркекке емінген әйелді Жайнагүлге ұқсатты да, жан дәрменде орнынан көтеріле беріп, томардай опырылып түсті. Жанталаса тырбаңдаған ол: «Менсіз адамдарға қиын!» — деп айтып үлгерді. Бұл оның ақырғы сөзі еді.

АРАША

♦ Дағдылы күйбеңмен бүгін де келген. Атты аялдаманың көлеңкесіне байлады да, торсықтағы қымызды кәстрөлге қотарып сапыра бастады. Пісіастың әр түрінен ала шыққан-ды. Сықпа мен сары ірімшікті де шығарды. Тоқаш тәрізденген дәмді сірне де жетерлік. Бүйеншіктегі сары майды да саудаламақшы. Бір бидон қаймақ тұр алдында. Кіре жол бұларға ұрымтал. Жүргінші әрлі-берлі сапырылысып жатады. Ұсынған тағамы бір бие сауымда түгесіледі, саудасы жүретін болған соң келеді. Күйеуі былтырдан бері ылғалды боп жүр. Жақында ауруханадан шықты. Қатты қайырымға келіңкіремейді. Содан ғой еркекше аттан түспейтіні. Күн көрістері жаман емес, әттең, жалғызілікті. Байы ауру, бала жас. Бәрінен де бастың амандығын айт, ынтымағың жарасса ырыс қайда кашар дейсің?! Қамкөңілдеу Гүлсері уайымды көңіл түкпіріне бүкті де, қымызды баппен сапырды. Үстінде күміс қаусырмалы қара мақпал жеңсіз. Төгілме етек көйлегімен жарасымды қабысқан. Бүркенген торғын шәлісі де кескінін айрықша ерекшелеп, ажарын аша түседі. Саудаға еп те керек, ажар да керек. Күлді-көмеш боп тұрсаң өте шығады кінәмшіл жолаушы. Әйтпесе, бетінің әрі тасып бара жатқан жоқ. Сыртын сұлулағанмен, іші әлем-жәлем. Бағдарсыз тұл заман уайымды асқындырып барады. Қайда да өкім зорлық. Бір кездері өзіне суық қолын жүгірткен Болтан бұзақы азаттыққа шығып, жолбасар боп жүрген көрінеді. Қайта соқса оңдыра ма бұларды?!

Гүлсері елегізді. Итін іздеді. Тік құлақ сұр ит соңында жүреді. Адам қабатын ызақор. Естілігі және бар, кімнің қас, кімнің дос екенін үрісінен аңдатады. Қарауыз көрінбеді, ін қазатын әдеті бар еді, соған алданып қалған-ау, сірә.

Сауда қызды. Сусағандар бірінен соң бірі кеп тоқтайды. Қымыз ішеді, сықпадан талмайды, ірімшік жейді. Сірнені таласа-тармаса алады. Сары май демде түгесілді.

Иномаркадан екеу түсті. Бірдей киінген қара көзілдірікті қос мырза ентелеп кеп:

— Аман-саумысыз, бәйбіше, — деп жіті амандасты. — Пай-пай-ей, көркемін-ай!

Мұны айтқан сыптығыры. Мыртық сарыда үн жоқ.

— Қане, қымыз құйыныз, — деді ұзын бойлысы. — Бапты ма?

— Мейіздей.

— Онда жолға алайық, — деді ол серігіне рай беріп. — Сөйтейік, Бөкесі.

— Әрине ғой? — деді мыртық сары бұлшық етін ойната түсіп. — Басытқыға алыңқыра анадан.

—Ірімшіктен бе?

— Бәрінен де, әсіресе сірнеден. Ірімшіктің маңызы сонда.

Ұзын тұра елпек қаққан сайын, бүйен сары шалқалай түсті. Есеп айырысуға келгенде, сарысы жалт берді. Кейін, бір келгенде өтейміз дегенді кекесінмен айтты.

— Бұларың дұрыс емес, жігіттер! - деді Гүлсері, - нарық заңы көтермейді құрғақ мырзалықты.

— Ә, онда сенің өзіңді де ыңғайлайық! - деді өктем сары.

— Ол ненің ақысы? — деді келіншек сескенісін сабырға жеңдіріп. - Қарауылшым бар, босқа арандап қалмандар.

— Әнені, өзі қорқытады-ей!

Ұзын тұраның қабағы қалыңдап, әлгіндегі жылы шырайы суық сызға ауыса қалды.

—Бәйбіше, жиналыңыз, паханның айтқаны заң.

Істің насырға шабарын сезді де, Гүлсері соңғы амалға басты.

—Мә, сендер-ақ алыңдаршы! — деп ақшаны будыратып тыртық бет сылыңғырға ұсынды. Ұмсына қоймады ол. Онысы мыртықтың қабағын баққаны еді.

— Ақшасымен қоса апарып тық машинаға! — деп бұйырды көсем сары.

Аялдамада апыр-топыр басталды да кетті. Бұзақылар әйелді ала жөнелді. Рөлде ұзын тұра, тұтқыннын қасында мықтысы отырды. Ымқырулап сығымдай түсіп, сөйлетпей аузын басады.

— Шапылдағаныңмен түк бітірмейсің! — деді ол келіншекті өзіне икемдеп. — Тусырап кетіпсің ғой, мүлде. Бөксен майлы, жаныштағанға таптырмайтын.

Келіншек жан ұшыра қарсыласты. Іштен тиген соққыдан талып түсті де, біразға дейін есін жия алмады. Машина шоқалаққа басқанда аңғарды, қарақшылар жолдан қиыстап, тау қолтығына бет түзепті. Қалың ағаш арасына.

— Пахан, — деді рөлдегі, - мұнымыз сәл томпақтау.

—Шұрқ етпе! — деді көсем сары. — Ашамайын айырып, талға асып кетеміз.

— Не үшін?!

— Әлгі мені ит жеккенге айдатқан қаншық осы!

— Сіз бен мені тар қапаста табыстыруға себепкер нақ осы болғаны ма?!

— Сен қарыздарсың бұған. Мен сияқты досты тапқаныңа.

— Онда үкімін маған шығарт. Умаштап-умаштап қоя бере салайық. Қасықтай қанына ортақ боп қайтеміз?!

— Болмайды!

—Бұл қатынның ұңғысына тек пышақ кіруге тиісті! Ұлы мүшемді былғаймын бұған! Бірақ саған рұқсат, көруіңе болады.

Гүлсері бәрін естіді. Қарсыласып түк бітірмеді. Жалынғанмен мыналардың қолынан аман кетуі екі талай. Арашалап алатын кімі бар?! «Жеке жүрме, қасыңа бала ертіп ал» деуші еді күйеуі. Енді қайтпекші?! Баяғы Болтан ғой мына сойқан. Білгенін істеуден тайынбайды бұған. Сонда бұл мына сұмырайға нендей қиянат жасаған?! Өзі ғой бұған жыртқыштай атылған. Желек астындағы жас келіншекті, біреудің уыздай нақ сүйерін бір сәттік нәпсі желігіне бола ұйпап арын төкпекші болғаны.

Қалай еді өзі? Есіне алса-ақ жүрегі сұққылайды. Қияндағы қойлы ауылдарды аралай шыққан-ды. Медбике келіншекті алып жүрген Болтан шопыр қалтарыста Гүлсеріге қол жүгіртсін. Келіншек қорғансын. Алысып-жұлыссын. Беріспей баққан. Қиянатқа төзбеген жас

келіншек окиғаны жарияға шығарып, зорлықшылды сотқа бермей ме?! Содан бері де он жылдың жүзі ауыпты. Он жылда не өтпеді дейсің бастан?! Заман өзгерген соң, заң да өзгерді. Бәлкім, қатайды, тіршілік ыңғайымен жұмсарған да шығар?! Ерік алғандар есірген. Еркінсігендердің бірі мыналар. Сылтауы — жұмыссыздық. Не істеп, не қоятынын өздеріне аян. Астарында жүрдек көлік, бес қаруы сайлы. Қорғансыз әйелді тәлкек қылу бұларға сөз бе, тәйірі?!

—Осыны саған сыйладым, — деді Болтан. — Тіке менің көзімше артыласың, асаусыса басын ұстап тұрамын.

—Құп, мейлі! - Машина сай табанындағы қалың ағашқа сұғына кеп тоқтады.

—Түс! - деп бұйырды Болтан. - Осыдан тыпырлап көр! Атып тастаймын өз қолыммен!

Екеуі тал көлеңкесіне жайғасты. Гүлсері шошайып жеке отырды. Қымыз ішіп, желпінген карақшылар арқаларын кеңге салып, бейбіт әңгімеге көшті. Гүлсеріні сөзге тартып, мал-жанын сұрады. Сөз ұштығын анайы қалжыңға бұрды. Қарсыласпай беріл, екеуімізге төтеп беретін шығарсың дегенді айтты. Қалайда сау жіберетін емес.

Сөйткенше Қарауыз жетті арсаландап. Солығын баса алмады біразға дейін. Қыңсылады. Одан ырылдады. Жоны дүрдиіп айбат шекті екеуге.

— Әй, мынауың қайтеді-ей?!

— Қаппайды, — дей салды Гүлсері.

— Ит пен қатынға сеніп болмайды. Әкелші, тапаншаны! — Болтан анаған қолын созды. — Екеуін қоса қабат мүрдем жіберейін. Итке ит өлімі. Қаншыққа шабаланғанды көрсетейін бұған!

Серігі басын шайқады. Мылтық машинада қалды дегендегісі. Мыналардың тәрізінен сұмдық сескенген Қарауыз ырылды үдетті. Тағылық мінезге басып, екеуін қозғалтпады. Сәл қимылдады ма, тіке атылардай өршелене айбат шекті.

— Әй, қатын, итіңе қой де!

— Қоймайды!

- Сонда сенің шәуілдегіннен қорқа қояды деген?!
- Ұстасып көр онда.

Жауаптасу осы сарында өрбіді. Гүлсері тілін аямай салды оларға. Әке-жәке, жаздық-жаңылдыққа бармады бұлар. Сескеністерін қысыр сөзге жеңдірді. Ойнағанымызды шын көрме деп, ақшасын қайтып берді. Сәл мүлт кетіп босаңсыса-ақ мыналардың күш аларын білген әйел Карауызды оларға қайрап салды. «Айт-айтты» үдетіп жіберді. Кісі қабатын адуын төбет, бұларға төніп-төніп қайтады. Қимылдарын қалт жібермей сұмдық ызаланды.

Ауылдың манынан аттылыны жүргізбейтін, келгендерді машинадан түсірмей қоятын айтулы қабаған сұр жойдасыз долырып, екеуді түтіп тастамаққа жанын салды. Аналар шегіншектей берді, талға аркаларын беріп қорғанысқа көшті. Арбасу бір бие сауымға созылды. Екеудін аузынан жалынышты сөз шыға бастады.

Гүлсері мықтап бекінді де, машинаға ұмтылды. Қимылы жіті әрі қапысыз еді. Дәрет сындыруға ыңғайланған екеудің беті бері бұрылғанда, әйелдін қолындағы суық қару тарс етіп атылып кетті.

БОЙ ЖАЗУ

♦ Дәм тартайын десе оңай екен. Сейілдеуге көніл де жоқ, оның үстіне қалта жұқа, шен-шекпен, атақ-абыройдан қалыс қара байырға үйреншікті мекеннен ұзау қайда?! Бір қыр асса жер түбіне кеткендей шұрқырап өріс іздейтін жершіл жылқыдай үйірсек әдетім және бар. Өнім тұрмақ, түсіме кірмейтін жағдай, енді міне, шет елде жүрмін. Сәттілік! Онда да ана долы жұрты түрік бауырлардың отанындамын. Атам заманғы ескі тарихқа куәгер, не бір құқайды басынан өткерген кәртамыс шерлі қала қойнын кең ашып: «Келе ғой, көре ғой» дейтіндей ме?! Мың жасаған дана қартқа ұқсаттым дулы шаһарды. Кәрі қаланың қабағы маған пәстеу көрінді. «Байғұс бала, не бітірем деп келдің мұнда?!» дегенді асқақ кейпімен

аңғарткандай. Үнсіз ұғыныс. Айтарым көп еді, бір түрлі тартыншақтайтын тәріздімін. Социализмнің шектеулі шеңберінде әдет алған жасқаншақтық капелімде сап етті. Ерік-жігерімді қоғамдастырып, ышқына тіл қаттым қасымдағы серігіме.

— Маған жарықтық садағасы кетейін, Стамбул тіл қатқандай боп тұр! Осы жақта біржолата қалып қойсақ қайтеді екеуіміз?!

— Болмайды, — дейді ол қабақ шытып. —Кісі еліңде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол деген ғой.

—Сенің жағдайың жақсы, менікі мәз емес, — дедім оған.

—Білем, — дейді ол мені есіркеген жанашыр ниетте. — Бұл қала анда-санда тербеліп қояды, екіншіден Отанын сатқан опасыз атанасың.

— Өзіміздің Алматы да сондай, тәуекел, бұл да өз жұртымыз! Түбі бір түрік тұқымдас қандас ағайындармыз.

—Мейлі, — дейді ол жайбарақат. — Маған ешбір елдің жаттығы жоқ. Қалталыға Отан көп.

Мұңайдым қолма-қол. Серігімнің селбесуімен табан тіреп тұрған жоқпын ба осында. Жарайды, елге қайтайын, сонда маған кім қарайласады? Доллар тұрмақ, бақыр да жоқ қалтамда. Кәсіпсіз қалған ұлдарым түсті есіме. Саудаға ебі жоқ қыздарымды және есіме алдым. Күн көрісі қиындаған туыс-туғандарымнан не қайыр?! Соларға ерегескенде, осында қалып қойсам қайтеді?! Болса да кітабым шықпайды. Атақтан жұрдаймын. Кітабы басылмаған жазушыға сыйлық қайда?! Жазып та керегі жоқ екен. Күнін көре алмай жүрген қара тобыр сенің қияли шатпағынды қайтеді?! Зеріккендерге ермек жетерлік, теледидар алдында төсек ойнағын қызықтайды да жатады. Құрғақ ақылдымсыған жылымшы жасық дүниелерге пысқырып та қарамайды қазіргілер. Әттесе-ай, бекер-ақ ұрыныппын жазуы түскірге?! Ән шағаратын, сазгерлікпен айналыспаған екенмін. Өнердің қай түрі жетісіп тұр дейсің?! Батыстың даңғырағы еңсеріп, әуейі жастарды еліктіріп барады. Әннін де дәурені өтті. Әр дәуірдің өз

ырғағы бар, бүгінгілер ойлы әуенге тұшынбайды. Сезім мастығына жетелейтін алқын-жұлқын жеңіл ырғаққа әуес. Суретші боп та жарытпас едім.

Алланың бірлігін танудан басқа жол қалмады. Бірақ сол жаратқан да, жатып ішер жалқауды жарылқай қоймайды-ау!

Жан-жағыма қарадым, қала толы мешіт. Барсам қайтеді, көңілім тартпады. Онда бас сұқсам, қайтып шыға алмайтындай сезіндім өзімді. Қатты аландаулымын, бірдеңе жетіспейтіндей ме? Сірә, қайтар жолдың қамы ойландырса керек. Ауылға артып-тартып бармаған соң, шет жұртқа шыққанның несі сән?! Серігімді барладым. Қырпымды баққан ол: «Қаласың ғой осында?» — деді. «Қалсам несі бар?!» - дедім ширығып. Ол адамдар легіне сіңіп жоғалды да, состиып жеке қалдым. Жалтақтап-ақ бақтым, бірақ ешкімнің назарына іліге қоймадым. Басыма тосын ой келді. Ұстай келген домбырамды қорабынан суырдым да, ағаш түбіне отыра кетіп, безілдетіп тарта жөнелдім. «Мен, мен, мен едім, мен елімде жүргенде, еңіреп жүрген ер едім, Қай қазақтан кем едім, бір қазақпен тең едім...» Көшені бойлай әрлі-берлі өтіп жатқандар тұра-тұра қалысты. Екілене елігіп барымды салдым, орамалым сәтте ақшаға толды, кәдімгі шетел ақшасы қарша жауды дейсің! Ес қалмады менде. Орамалдағы ақшаны қалтама жытырғанымша серігім сап етсін. «Айттым ғой жаңа, сенің қолайың осы жақ». «Ал мынадан үлесіңді». Қойны-қонышына тықпалап өліп барады жазған. Бірақ мен мол олжаға тұшына қоймадым. Салғыртсып салқын тарттым бір түрлі. Құлазыңқы сезім еңсерді санамды. Серігімде ес қалмады, қояр да қоймай тағы айтқызды. Шығарма өлеңге басып төкпелегенде, мүтін шаһар тамашалап тұрғандай көрінді. Жан-жағыма жапырақша жалпылдап түсіп жатқан көк қағаздарды түгендеуге шамам қайсы, жұрт ықыласына арқаланып барымды салдым. Төкпе жырды еркін есілттім. Барып-барып тоқтағанда, іздедім сапарласымды. Орамалдағы ақшаны сыпырып-сыйырып тайып тұрыпты

ол. «Айта түс, береміз тағы» дейді қаумалаған көпшілік. Абайдың әндерін, Шәмшінің сұлу ырғағын тамылжыттым. Ақша демде молықты. Шөмеледей дөңкиіп аткөпір боп белуарымнан асты.

Кенет бүгін елге қайтатыным есіме түссін. Ұшақпен бе, әлде пойызбен бе, әйтпесе кememен... Мол акша адамның ақыл-есін кіргізеді деуші еді, мен керісінше жаңғалақтанып, қайдан келіп, қайда тұрғанымды біле алмай шатастым. Ауылға қайтқым келмейді деуге аузым бармай, қыңырттап базарға ойыстым. Нағыз нөпір сонда. Әу десе болды, ақша қарша жауады. «Қайтейін?» дедім өзіме өзім жігер беріп, бірер жыл жүре тұрайын осы жақта. Мені кім таниды, жарапазаншы дейді де қояды. Арттағы елге, балашағама тиын-тебен жіберіп тұрсам болды емес пе?!Ұзына ғұмырымда мұншалықты мол табысқа кенеліп көрмеп едім, қалайша қиып кетемін?! Шетелдіктер жомарт екен-ау өзі. Қайыр-садақаны іркілмей ұсынады. Серігім түсті есіме, жаңағы алғаны да жетер. Сөйткенше оның бажылдаған даусы шалынды құлағыма. «Ойбай, қалдық! Жүргелі тұр кеме»... Кемесі несі деймін?! Жанымды қояр емес ол. Жүр де жүрдің астына алды. «Бармаймын, қаламын осында». «Ақшаңды тонап алады, құрисың!» Қолымды сермедім. Ол жалынды: «Бірге келген атымыз бар, шығарып салсаңшы ең құрыса!»

Зорға иліктім. Көгілдір теңіз тулап жатыр екен. Кеме шайқалақтап тұр. Жүргіншілердің қарамы мол көрінді. Серігім, сірә, маған өкпелеп қалды білемін, түрін суыққа салып, жонын ғана көрсетті. Басқа да жерлестерімді шырамыттым. Екі-үш жігіт, қылымсыған бір қызыл ерін. Өзіміздің қазакеңдер, кәдімгі қоржындары тоқ саудагер әйелдер де бар. Біреуі тұрып маған көз қыссын. Бәйбішемді ойлап, құлазып кеттім капелімде. Кішкене немерем және елестесін. Үйде қалған ала мысық мияулап тұрғандай сезілді. Айныдым табан астында. «Менікі не әуре, жат елде ақша тауып нендей мұратқа жетпекшімін?! Қайтып кетсем бе екен?»

Бірақ кештеу қимылдадым. Суды бұлқындыра ауыр қозғалған алып кеме жағалаудан ұзай бергенде, өкінішім өршісін! Жүрегім ұйқы-тұйқы боп көкірегімді азалы сарын керней жөнелді. Жоқтау тәрізді. Біреу өліп, соны ақырғы сапарға шығарып сап тұрғандаймын. Одан гөрі басқашалау ма калай?! Тәтті мұң аралас дәмді сағынышқа келіңкірей ме?! Сонда кімдерді іздегенім?! Ауылдан кеше ғана шықпап па едім?! Бала емеспін, дардай басыммен босаңсығанына жол болсын! Жат елде айлап, жылдап жүретіндер ше?! Кәсіп іздейді, ақша табады. Елшілікте қызмет атқаратындар бар. Өмір бойы қалып та қояды шет аймақта. Мен, міне, бірер жұмаға шыдамай... Ауылға барғанда төбемнен құймақ жауа ма? Баяғы сол қымбатшылық, жоқшылық. Сенделіп жүрген жұмыссыздар өңшең. Солардың қарамын көбейткенше көз тасада жүре тұрайын аз күнге. Жарапазаншы боп жан асырайын, ақша табайын. Табысымды елдегі туыс-туған, бала-шағама жіберіп тұрамын. Бір күнде тапқаным ат көпір, бір айда миллионды қоғамдап қалуым кәдік. Құда қаласа, кітабым да шығады том-томымен. Иномаркаға да қолым жетеді. Жанағы ала қолдау пайдакүнем серігім айтқандай, табысқойға Отан көп. Қалған ғұмырымды саяхаттаумен өткізбеймін бе. Меккеге барып қажы атанамын, әлемнің отыз жеті кереметін көзбен көріп қызықтаймын. Ішпесті ішемін, киместі киемін. Шет жұртта шенділермен суретке түсемін. Бұраң бөксе қылымсымен онаша сейіл құрамын. Жаттың жаялығы мамық төсектей жайлы келетін шығар. Боса да киетініміз шет елдің судырлағы, өңештен өткені солардың дәмі. Обалына не керек, бар тәтті-дәмдіні аузымызға тосып-ақ жатыр. Кино-сино, кітап-сітап дегендерің ат көпір. Шетінен көріп, қызықтай бер. Тартымды, жалықтырмайды-ай, жалықтырмайды! Шетінен қызылшыл өздері. Сүйіседі де жатады. Өмірде одан артық не қызық бар. Ішпесек, жемесек, махаббат ойнағына батып, төсек қызығына кенелмесек, онда өмірде нендей мағына бар?! Күпірлікке басқанымды біліп, қолма-қол тәубеге келдім.

«Алланың құлымын, Мұхаммедтің үмбетімін. Азғырынды шайтан әрі жүр менен. Алас-алас!..»

Аузыма бекер алдым сол құрғырды. Шайтанды да. Ішіме кіріп алған пәлекет қояр емес жанымды. Жатып кеп азғырсын. «Елінде, ата жұртында сын қалмады. Байлығыңды шеттен барғандар тонап жатыр. Ұлын солардың құлдығында, алма бет арулар доллар ұстағандардың қолтығында. Бұл қалпында дербес ел боп жарытпайсыңдар, арақ-шарап тасқынына көміліп, жер бетінен жойылып кетулерін кәдік. Нашаға уланып, шарапка есірген ұл-қыздан нендей тектілік күтесің?!» Тосылдым. Дегенмен, қисынды. Бұл бетінде алдыңғы қатарлы дамыған елдің қатарына жетуіміз екі талай. Сана төмен, намыс кемшін қазақтарда. Бай болсақ дейді, бірақ баюдың жолын білмейді. Біріне-бірі кедергі жасап, бірінің қалтасына бірі түседі. Ұрлайды, қарлайды. Одан қалды жүзге бөлініп, жалған намыстын шылауында жүргені. Рушылдыққа, жікшілдікке жеткізбейді. Сөйте тұра бір-біріне суық бауыр. Бар болсан көре алмай, жоқ болсаң бере алмайды. Еңбек етуге икемсіз шеттерінен. Жатып ішер жалкау өңшең. Соларға ерегіскенде бар ма, қаламын осында. Көрмеймін қараларын! Азар болса отанын сатқан опасыз атанармын. Есесіне баймын, қойны-қонышым долларға сықалады. Ақшалыға дүние кең, миымды шірітіп, қағазға шұкшиып не бітірдім?! Кітаппен түзей алмайсың бүгінгінің адамын. Артық ақыл — азап. Ақшаға азап сатып алып, басына ат теппегі не?! Қаламмен жан асырау ендігі жерде қиял.

Абайдан әулие кім бар: «Есектің артын жусаң да, мал тауып кел» демеді ме, таптым жолын ақша табудың! Көше музыканты ескерулі екен мұнда. Стамбулдың орталық көшесімен өлеңдетіп бір жүріп етсем жетіп жатыр.

...Тұраннан келген бауырың,
Өлеңмен айтып сауынын.
Күттықтайды жырменен,
Түріктің барша қауымын.

Жырақ кеттім елімнен,
Заманның елеп дауылын.
Нан табуға зар болдым,
Жоқшылықта ауылым...

Көзімді жұмып алып, шерлене шерттім кеп қара домбыраны. Үнімде күңіреніс басым, бүтін Стамбул менің толғауыммен тербетіліп тұрғандай. Барып-барып тоқтадым зорға. Не қыпты, біраз ақша түскен шығар алдыма. Доллар тұрмақ, қара бақыр да шалынбады көзіме. Алдыма жайған орамалдың нақ ортасында бірдеңе қараяды. Үңіліп едім, жетім жапырақ боп шықты беймезгіл үзіліп түскен.

Дағдардым. Әрлі-берлі өтіп жатқандардың қабағын бақтым. Қатулы шетінен. «Қайыр-садақа бермейсіндер ме, Қазақстаннанмын». Мәнзүр қылатын бірі жоқ. Сырт айналды. «Есің барда еліңді тапсаңшы» дегенді емеуріндерінен танытқандай.

Кеме алыстап кетіпті. Жағалауда селтиіп тұрдым да қойдым. Жапа-жалғызбын. Әлгіндегі қаптаған адамның бірі де жоқ. Зым-зия. Кемедегілер маған қолдарын бұлғағандай болды. Қайда оларға жету?! Сол сәтте мені өкініш толқыны ұрды. Жанталаса жүгіргіштеп аласұрдым. Жан даусым шыға айқайлайын. Балаша бақырдым-ай кеп! Көмек қолын созатын тірі жан қалмапты қасымда. Толқыны көбік шашқан долы теңіз: «келе ғой, құшағыма ене ғой» деп сұстана айбат шеге ме?! Бет алдым — адуын толқын, артым — суық та жат адамдардың ығы-жығы сапырылысы. Біттім! Құрыған жерім осы! Отыра кеттім де, жер тепкіледім.

Зар еңіреген дауыстан ояна келсем, өз үйім, өлең төсегімде жатырмын. Басымнан өткерген халдың өңім емес түсім болғанына мұндай қуанбаспын. Уһ!..

ТҮН

(мұң)

♦ Үйір байыркалады. Атымды шідерледім де, шиге жантайдым. Жарғағы зақымданған құлағым ызындап мазамды кетірді. Қазандағы құрттай бұрқ-сарқ қайнап буырқанған жүрдек ғасырдын маған тарткан сыйы бұл. «Дариға-ай, - деймін өзіме езім тіл катып. — Шыңылы түскірді тоқтатын дәру бар ма?». «Жер астына барғанда тыншиды әлі!» — дейді екінші ойым. Құлақ мәселесін сырттата қойдым қолма-қол. Құрысын, пәлесінен аулақ, залалсыз ызың не қылар дейсін?!

Аңсарым тым-тым әріде. Баяғы дала түнін аңсадым кеп. Бұл түннен ол кездегі түннің айырмашылығы бірталай. Куәлік бере аламын. Сұрамаңыз, ғажап еді-ау! Жылқышы торғайдың ұйқысырағаны, бөдененің күңкілі, шілделектің сызғырғаны, түйе құлақ тышқанның дыбыс шалғаны, бақа атаулының үздік-создық шұрылдағаны жанынды жайландырып рахат күйге бөлер еді. Түн думанына есің кете елтігенде, танауыңа мың-сан өскіннін әтірдей жұмсақ жұпар иісі келіп, көкірек сарайынды ашып және балқисың. Құтты бір аңсап кеп күбіге бас қойғандай-ақ түнгі даланын саумал ауасын құныға жұта бересін, жұта бересің. Санаң саңлак, ми орнында, жүректің соғысында титімдей де кінәрат жоқ. Қиял қандай ұшқыр! Жүйріктей тыпыршып қоя берге басады. Тақымды қысасың да жөнеп бересің. Құсша самғап, аспанға да шығасың, сағыммен араласып белден бел асып, әйдай еркіндейсің кеп! Шықпаған биігің, алмаған асуың, құшпаған сұлуың, мінбеген тұлпарын қалмайды. Бәрі сендік. Артқа қарайлайтын, бүгежектейтін сен емес. Жұлқына алға озасың. Арқалы ақын да, тілмәр шешен де сен. Байлық қанжығанда, тымақпен ұрып ала саласың. Махаббат мастығы боса-болмаса. Қолдан келсін, келмесін сұлуға ынтықсың, әйтеуір. Жанның бәрі дос саған. Адам атаулы мейірімді де, жомарт сеніңше.

Уах, дүние-ай! Қайта оралса ғой сол кезең. Өткенімді айтам да. Өлеңші әдетке бастым. «Қайтар менің жастығымды,

қызық құмар мас күнімді, бір басайын аптығымды». Дәмемнің зорын! Баяғы күндеріме оралмақшымын. Көкірек қуысым азынап, сыбызғы мұң дендеді де, сағынышым қозғалды. Жүрегім езіліп, ал кеп үгітілейін. Біреу естіп қалмасын деген сақтықпен жан-жағыма қарадым. Жылқы жылыстапты. Атым зорға шалынды көзіме. Далбасалағаным ба, қоңырлатып ән бастадым. Ескілікті әуен сағынышымды өткен күндерге сүйреледі. Қара дүрсін тіршіліктің даңғазасынан мезі болған жетім көңілге желік бітейін деді. Ән бірінен соң бірі тіленді. Келсін келмесін ал кеп сызылтайын. «Ай қараңғы, жер тегіс, таңда бұлбұл сайрашы-ай!» Айта түсем, айтқан сайын еліге еміреніп арттағы алыс жылдарға қиял құсымды шүйліктіремін. Тәтті елеске араласып кете бардым. Біресе ана бауырында құлдыраңдағаным, біресе әкемді ат қып мініп тепеңдегенім, енді бір кезекте көршінін тұлымшағымен күрке ойнағаным, одан ақ тақырда асық атқаным, қоңыр кеште таймен жарысқаным есіме түседі. Балалық шақты бір қайырып тастап, бозбала дәуренге бет түзеп, тағы қуалаймын ескі елестерді. Өңшең қара торы әдеміше бойжеткендер елес береді. Бірінен бірі өткен сұлу шетінен. Еріксіз әндеттім тағы. Өзім шығарған әуенімді пысықтаймын баяғы. «Киіктің асығындай, көк жібек асылым-ай, өзіңе ән арнадым, ескі көз ғашығым-ай. Беу, қара қыз-ай, сағындым қарағым-ай!» Риза болсын байғұстар. Бәлкім, солардың тілегі шығар, менің әлі күнге жер басып жүргенім. Кезінде маған орамал сыйлаған, барша бозбала атаулыға шолпандай көрінген қазақтың қара қыздарына тартуым осы ән. Ғашық көңілдің бәсіресі. Жүрек жарды махаббат әні деп қабылдасын.

Кенет жылқы дүрлікті. Жалма-жан атыма жүгірдім. Төңірек тасыр-тұсыр дүбірге толып кетті. Жас құлындаған биелердің шұрқыры төбе шашымды тік тұрғызды. Барылдап бар даусыммен айқайладым. Тұсамысымен секіргіштеп ат кетті ұстатпай. Жылқы ол шұр-шұр етеді. Бей-берекет шапқылап алыстап кете барды. Бара-бара мүлде үзілді тұяқ

дүсірі. Атымды іздеген болып едім, түк шықпады далбасамнан. Ауыл алыс, жеткенше таң атады, әрі намысым жібермеді. Бір түнді жөндеп өткере алмағандығыма қорландым кәдімгідей. Қырсыққа сор мінгеседінін кері ме, қайда да ісім оңғарылмайды. Заманың мынау — қағынып тұрған. Ұрлық етек алған. Қасқыр бір жағынан.

Тың тыңдадым. Төңірек тым-тырыс бола қалды. Жылқылар кеткен жаққа жүре түсіп, жүре түсіп тағы айнимын. Айсыз қараңғыда таптыра ма үйір. Сандалбайға түскенше бұғынып ұйқы соғайын деймін өзіме өзім. Ойым айтады: «қасқыр мен ұры қайдан басынбайды, сергитін біріміз жоқ». Енді қайтсем екен? Жаман әліме қарамай қоғамды сынағышпын. Сынап-мінегеннен заман түзеле қойса деңіз. Жауын жоқ, шашын жоқ қызыл іңірде үркердей ғана жылқыдан айрылып, жаяулап қалғанымды кімнен көремін? Өзімнің бос белбеу босандығымнан бар пәле.

Қолма-қол китарландым. Күндізді түн дендесе — шарам қайсы? Күні кеше ғана емес пе еді, самала жарыққа бөккеніміз. Күндіз түгілі түннің өзінде бәрі айқын-тын. Енді келіп, өп-өтірік ұрандап «алға» дейміз. Сондағы бағытымыз, баратын жағымыз қайсы? Күндіз болса бір сәрі, түн адастырмай қоймайды. Бірде болмаса бірде, мүлт кетуің кәдік. Адасқан адамда ақыл да, айла да қалмайды. Жолын қырсық шалған мүсәпір ол бір.

Құрығыма сүйеніп тұрдым да қойдым. Елегізбе алаң сезім биледі. Жүрегім дүрсілдеп, жон арқам шымырлады. Корғаншақ әлсіздікке жеңдіргенім бе, қолы-басым дірілдеді. Үрей билеген санамда сапырылыс басталғандай. Басыма неше қилы ой келді. Бұл бетімде таңға жетпеспін. Жылқы күзеткен немді алған?! Кетеуі кеткен тірлікті септестірем деп жол шығын боп кетпесем не қылсын? Мың емес, жүз емес төрт-бес жылқы еңбегіме тұра ма? Шет ел машинасының желдеткішінің құнына татымайтын аз малға жасығымды жұбатқанда, ел алдына шыға қойсам жақсы-ау. Темірге телміртіп қойған, заман-ай!

Ойым бөлінген соң ба, үрей алыстады, есесіне жалғызсырау сезімі дендеді. Манағы тәтті сағынышты кермек мұң жеңді. Өлетінім есіме түссін. Күндіздің түнге ауысатынындай өзгеріс шығар, бәлкім. Тән суынғанымен жан өлмейді дейміз ғой. Әй, бірақ сол бақиың да жетістірмес. Сұрақтың астына алып тергейді білемін. Жетпіс жыл құдай жоқ деп сұңқылдадық. Кешіре ме сол күпірлігімізді.

Көңілім о дүниеден қайтып қалды. Ендігі жұбаныш не сонда? Көксеген коммунизм күрғақ қиял боп шықты. Бет алысымыз қай жақ? Базарға ма? Базарлап қайтуға ақша керек. Ақшасы түскір оңайлықпен қалтаға түспейді. Жаныңды жалдап жанкештілікпен тапқан табысыңды жол торушы сұғанақтар бұйыртса деңіз. Сонда өзі күндізің түн, түнің түнекке ұласқан тұл заманға тұлға болатын кімдер? Өңшең пайдакүнем өлермен сенін құрғақ нақылыңды құлаққа іле ме? Бір есептен солардікі де жөн. Құдіреті күшті ие әу бастан-ақ басы жұмыр пендені қу құлкынға тәуелді ғып қойған. Сүйген құлдарын періште ғып жаратпаған өзінен көрсін. Күпірлікке басқанымды білдім де, тілімді тістей қойдым. «Тәубе қылдым, тәубе қылдым. Жан қып жаратқаныңа, жер бастырғаныңа шүкіршілік! Бұл дүниеге келмесем, жарық жалғанда жүрмесем қайтер едім?! Сөйлесін деп тіл берді, ойлансын деп ми берді. Екі қол, екі аяғымды қозғалысқа келтіріп, ризық-несібемізді теріп жеуге кергігеніміз кесірдің үлкені. Ей, алла бергеніңді белгілеп бер! Мал басымды аман қыла көр! Шүкірлік аз, несібеге!»

Құрғақ жалбарыныш қорқынышты сейілткенімен, үмітімді тірілте қоймады. Бағанағы дүрлігіс тегін емес. Жас құлынның біреуі тас қапқырға жем болса, ауылға не деп барамын?! Үш биенің бірінің сүті кетеді. Мал жидырмайды-ау бұл қалпында. Біресе қасқырға, біресе ұрыға, біресе темір жолға ұрынады мың болғырлар. Малға ие менін түрім мынау. Әуе ашық, күн жылыда алдымдағы бес-он қылқұйрықтан көз жазып, айсыз қараңғыда жұлдыз санап...

Көңіл жүдесе көз көрімдегі де қашықтайды екен. Самсаған жұлдыздар қолма-қол алыстап, шалқалап жатып алған. Үріккен жылқыдай көз жаздырудың аз-ақ алдында, жылты әлсіреп барады. Әлсіреген аспан шырақтары емес, ұйқы тығылған көзім. Соны мойындағым келмей қасарысып бақтым. Ойым таңды көз ілмей атыру. Қисайсам, кім біледі, шошымалды дерт алып... Шіркін, жанның тәттісі-ай! Бір жүремін, бір тоқтаймын. Кенет ойым бөлінді де, қиялымды саясатқа бұрдым. Бүгінде екінің бірі саясаткер. Танымы әлсіреген адамның танауы көтеріңкі келетін әдеті ғой. Соның біреуі өзім. Мінбершілмін. Жиналыста сөзге тіленемін ылғи. Қарап жүргенше деп сол әдетіме бастым. «Жолдастар, тойст, мырзалар, — деймін мінбеде тұрғандай құрығымды шошаңдатып. — Социализм — жұмақ. Капитализм — тозақ. Соны біле, сезе тұра — неге біз тозаққа ұмтыламыз? Кейін қайтайық. Мына қалпында межелі жерге жете алмай орта жолда шашылып қаламыз. Заман былықты. Тәртіп жоқ. Елді берекесіздік жайлап барады. Мен сіздерге өз бағдарламамды ұсынамын. Әзірше жоба, қырнап мінеген соң жарияға шығарамын». Қара көлеңкелеу тұстан біреудің сұлбасы қарауытты. Болжық құрдасыма келеді нобайы. Кайда да мені аяқтан шалып, сүріндіруге жеткізбейтін әумесер неме, бұл жолы да қиғаш қыжыртсын. «Әй, жел ауыз, сен депутат па едің сонша? Патриот болған ненді алған. Одан да үркердей ғана жылқыңды жөндеп бағып алсаң етті!»

Қиялға беріліп кеткенім соншалық — әлгі елеспен ойша айтысайын. «Сен ит ылғи да мені тақымдаудан жалықпайсын. У арақты су араққа айналдырып коммерсант болған сиқың құрсын! Ал ендеше, керегі осы ма?»

Көзіме Болжық боп елестеген нобай тіке маған қарай салып келеді. Қорқып кеттім. Қашуға үлгертпеді әлгі сұлба. Албастыша төнді. Құбыжық атым екен. Иесіне үйірсек жануар мені қара тұтып келіпті. «Жарықтығым-ай! — деймін мінгішімді жалынан сипап. — Жақсылығыңды немен

өтесем екен?» Ел көшіп келгендей арқа-басым кеңіп, еңсем көтеріліп қалды. Есесіне ұйқы иектеді. Жатып тынық дейді бір ой. Атымды тобылғыға шырмадым да қисайдым. Ұйықтап кетіппін. Біраздан соң ояндым, сірә, аттың тықырынан шығар. Ширап қаппын, дегенмен. Таң хабаршылары әр тұстан үздік-создық дыбыстай бастады. Бозторғайдың ұйқы ашар шырылы көңіліме куаныш құйғандай болды да, сәтте сергідім. Аспан шырақтары іңірдегі менмендігін ұмытыпты. Тым жақыннан жымыңдайды. Шашылған моншақтай сау етіп төгілгелі тұр. Әсерленгенім соншалық — құрығымды шошаңдаттым. Қағып түсірмекшімін ғой өзімше. Жұлдыз кайда, мен кайда? Жүйрік көңілдің әсіре ширақтығы да, көбеңдей көлденеңдеуін қоймайды. Енді қайтсін-ай! Қашанғы бұғынады. Таң да жақын. Түн шырмауынан сытылып, жарыққа ұмтылғандағы аяқ алысы жаман емес. Зарықтырған жарық күнді әрдайым осындай сесті сергектікпен қарсы алған да мерей. Үміт жалғанып, арман арындап, құштарлықтың құлындай құлдырандаған арқа-жарқа сәтіне не жетсін?!

Таң деңдеді. Шығар күннің сүйіншілеген от кірпігенен қаймыққан түн еркелері көздерін жұма-жұма қалысты. Бозала нұрға балқыған шығыс көкжиек алаулап жана бастады.

Тұрдым да жан-жағыма қарадым. Түндегі үріккен жылқы, бұзау өрісіндей жерде пышырай жайылып жатыр. Аман шығар ит-құстан деймін көңілімді кеңге салып. Амандыққа не жетсін, шіркін! Ел-жұрттың, мүтін ұлыстың, барша қауымның аманшылығын тілеген емескі елжірек сезімде таңғы далаға көз жіберіп ұзақ тұрдым.

Тағы да тіршілік уайымы түйнеді жүрегімді. «Тәуекел» деймін өзімді өзім жігерлендіріп. Аз жылғы қиыншылық жаздың шолақ түніндей әне-міне дегенше өте шықпай ма?! Күндізге іліккен соң, күш алып ілгері озамыз. «Көш жүре түзеледі» деген ғой атам қазақ. Иә, құдай-ай, сол күндерге аман-есен жеткізе көр! Халқымды, ұрпағымды және өзімді.

ТҰМАН

♦ Таң азанынан шыққанмын ауылдан. Күзгі тұмантық бүркеу. Салқындық бой тоңазытады. Әкемнен қалған ескі-құсқыны иығыма іле салғанмын, қамзаулы әйтеуір. Кербездікке жоқ кедей қолды әдетім осындайда ұтысқа шығып жатады. Барлықтың базарынан алыстағалы қашан?! Бай болудан түңілгенмін. Көңілім тіпті де селт етпейді. Тырп-тырп емпеңдеген екі аяқты да аяйды екенсін. Табан тоздырған жаяулық сілікпемді шығарғанда, итше бүлкектеп қыр соңымнан қалмаған кедейлікпен мықтап тұрып ұстасқым-ақ келеді, бірақ оған зекісең сөзің, ұрсаң таяғың өтпейді. Кещеден де өткен миғұланың өзі нағыз, әбден еті өліп, өлі сүйек боп кеткен. Кедейліктің сықпыты осы. Итше тепкілеп мес кып тастар едім, үйреншікті ескі досты аяймын. Сонда деймін-ау, ішсе тамаққа, кисе киімге жарымаған қара жаяу мен бейбақты кім есіркейді?! Жарайды, есіркесін-ақ, бөліп беретін оның да жетіскені шамалы. Оның деп отырғаным, кәдімгі күйбең пенделер. Ортактасып еді, одан опа таппады. Жекешеге шығып еді, жер тезекше шашылып тағы қалды. Мен де бір, олар да бір. Ара кашықтық тым алшақ емес. Айырмашылығымыз сол — олар бай болсам деп үміттенеді. Менің күйбеңім күн көрудін маңайы, жан асыраудан әріге бара алмаймын. Өзімді қинауға салып көрер едім, бай болсам деп қой баяғы. Еркін көсілуге жер тар, артым түнек, алдым жар. Қарғып өтерлік шама қайда жардан. Астындағы атың әндемді болса екен ең құрыса. Қыр аспайтын тырақы. Тоңқ-тоңқ желгенде, көтеншегім үзіле жаздайды. Бәлкім, жүйрік мінгендерге жеңіл тиер. Қарғып та, орғып та өте шықпай ма?! Менің сиқым мынау: бұт артқан мінгіш те біреудікі. Иесі қинама деп қатты тапсырған. Кесімі үлкен көрінгенімен, мың салсаң бір баспайтын кескірді қамшылай-қамшылай жалықтым. Сүмеленделеп итше итінгені жыныма тиіп бітті.

Атты кінәлаймын-ау, барар жерім, бағытым қай жақ?

Соны өзім де білмеймін. Білмейтінім — жоқ, іздеп шыққанмын. Күн көріске бола ұстап отырған екі-үш қылқұйрық үшті-күйлі жоқ. Жоғалғалы айдан асты. Қайтқан малға қасқыр өштің кері ме, ұсағы бөрінін тісінде кетті. Ірігін ұрыға алдырып, сенделгелі ұйқы-күлкі жоқ менде. Айтпақшы, атым да болған, жазда жоғалтып тындым. Ұры әкетті. Темір көлік ежелден маңдайыма жазылмаған-ды. Сол құрғырын кедейдің қолы да емес, өңеші кең неме жемсауымен ығыр қылады. Сөйдеп жүр ғой машина мінген сыралғылар, менікі әншейін ой жоба.

Сүмелең торы бәз қалпында. Жүрісінің жайсызы-ай, шегім үзілуге шақ қалды. Жан керек қой, тізгінді еріксіз тежедім. Маған осының жайлы дегендей шабан ат аяңға көшті. Әкем қой бағып еді, мен өмір бойы ой бағумен келемін. Сол әдетіме басып, қиял теңізінде малтыдым. Жұқарған көңілге жөні түзу жұбаныш оралсын ба, сан-сапалақ ойды қуаладым. Қызықты қара, жолдан бір қап ақша тауып алмаймын ба?! Бас-аяғы он күнде байып шыға келейін. Ақша ат көпір, не кием, не ішем демеймін. Алдамшы үміт қиялыма қанат бітіріп, кәдімгідей-ақ сергідім. Ақшалы үйде қарап жатпайды. Алып зауыт кәсіпорындарды сатып алады. Сауданың түбін түсіріп, табыс көзін молайтады. Ақша молайған сон, әрине, банкир атанамын. Кіріс миллиардқа шапқанда, патша тағынан үміттенбеймін бе?!

Аяк астынан шегім шұрылдасын. Құлағыма анык жеткендігі соншалык, енесінен көз жазып калған жас күшіктің кыңсылауын есіме түсірді. Ішімді жел кеулеп, көкірек қуысым азынап барады. Өткенді аңсау сезімі аяқ астынан бой көтерсін. Арзаншылық еді-ау бәрі. Нан да, киім-кешек те, су да тегін. Ептеп бармақ басты, көз қыстыға барасың. Есепші шоттан, бастық қоймадан, дүкенші таразыдан жейді. Көп емес, ептеп қана. Бүгінгінін жемқорлары әлемет. Білем-білем құйрыкты қылғытқанда жүрегің айниды. Біттей ісің түсті ме, «әкел» дейді. Бірігіп ұйымдасып алған дейді ме, пара-маран түк емес оларға.

Алтыныңды тонналап, мысыңды бәгөн-бәгөнімен жоқ қылады білемін. Жегенді қойшы, бір қалтадан ауысқан екінші қалтаға түседі. Базар нарқы қинап тұр-ау бәрінен. Баға аспанда. Қыл-аяғы қара суға дейін сатылады. Сатылмайтын зат жоқ. Күн көрістің қамы, онда тұрған не бар деп жұбатасын өзіңді. Түптеп келгенде, тіршілік амалы сату мен сатып алуда деп-өзімше пәлсапа түйейін. Іле жүрегімді күдік түйнейді. Қызды-қыздымен ар-ождан, намысымызды саудалап жүрмесек?! Саудалағанды айтасың, адам да сатылар бұл қалпында. Қой, жаман ойға бармайын. Өзіңдегі барды саудалап сата білген де өнер. Қайткенде өлмеуің керек. Санамда тағы бір сұмаң ой қылаң береді. Жоқ адам несін сатады? Жол торып кісі тонайтын солар. Жылқымды айдап кеткен сондайлар. Қолма-қол айныдым. Несіне әуреленемін, таптырмайды бәрібір.

Шегім үдетті шұрылды. Нан алатын ақша жоқ, сынық малта талмап, таңнан ішкен қара шай аш өзекке жұғын болсын ба, қарным ашайын деді. Бұл бетімде жоқ іздеп жарытпаспын. Жүдеп, жұқардым кәдімгідей. Сүйегіне әлдеқашан қына біткен әке-шешем түсті есіме. Көзіме жас келіп, жетімдігіме мұқалдым. Мұқалмағанда қайтейін, заманның тәрізі мынау: карын орта, иық жалаңаш. Соңыма ерткен төрт-бес күшігім не түлкі, не қасқыр алып жаратпайды. Ішетіндері арақ, шегетіндері анаша, шылым. Баланы құдайдан маскүнем, нашақор болсын деп тілеп пе едік?! Қыздарым да бар. Айтуға ауыз бармайды, не сататынын да білмеймін, базар жағалап жүр, әйтеуір. Жұмыс жоқ, кәсіпсіз қалған жұрт. Өз бетімен тырбанып, жан сақтауға құлықсыз шетінен. Дайын асқа тік қасық боп үйренген ашық ауыздарға обал-ақ.

Манағы ойын жолы екен, ішім ұлысын кеп. Көпек иттің жылап үргеніндей азалы сарын тұла бойымды алып түсті де, көзіме ерік бердім. Жылауды ұмытпаған екенмін. Кермектеу мұң өзегіме сорығып, алдамшы сезімге берілдім. Кісі жылағаннан да жұбаныш табады екен. Сөйткенше қара тұман басты да кетті. Сүмелең торыға керегі осы. Ішін

тартып күрсінді де, басын жерге салып шөп үзді. Тұман мейлінше қою көрінді, сәт сайын күш алып төңіректі тұмшалап көрсетпей тастады. Атты шідірледім де, шиге жантайдым. Әлгіндегі ыбылжыған мұңнан арылғандаймын. Ұры қасқырша баспалап қыр соңымнан қалмайтын уайым да, еңселеткен қайғы да, адасқан жолаушыны жеті қараңғыда өзіне тартқан жетім оттай болмашы үміт те саябыр. Бәрі-бәрін естен шығарып, түк ойсыз жатырмын. Отырмын деуге келіңкіремейді. Отырған адам жан-жағына қарайды, төңірегін бағдарлайды. Ондай сергектік менде қалмаған. Көзім көріп, құлағым естіп тұрса да, бірдеңені түйсіну сезімдерім жұмыс істеу қабілетін жоғалтқан сыңайлы. Тек аяғымның астындағыны көремін. Бір түп ши, сосын шөптесінді ойпаң. Атым алыстап, соқыр тұманға жұтылып жоғалды. Өзім ғанамын. Қас қылғанда, аш құрсақ та қимылсыз. Дем алысым сиреқсіп, жүрегімнің соғысы баяулай түскен. Рахат тыншу сәтті басымнан кешіргендеймін. Бірақ бұл бой жазуым ұзаққа бармады. Оқыстан келіп килікті бір толқын. Үрейге бергісіз қоңылтақ түйсік іші-бауырымды мұз жұтқандай тітірентті. Қолма-қол сергідім. Сергідім дегенім ойын жолы, көңілім құлазысын. Жалғызсырау сезімі мені сасық қара тұманнан да бетер тұмшалап, қапелімде тынысымды тарылтты. Үзіліп кетпесем жарады деп тыпыршып едім, шарасыздығыма түк қайран таппадым. Көңілімді бөлетіндей айналамда ештеңе қалмапты. Жарқыраған күн, көк зерен аспан, көк жиекпен астасқан ірге таулар, бұлың-бұлың төбе, құба белдер соқыр тұманға жұтылып кеткен.

Ғұмырымда мұншалықты жалғызсырап көрмеген шығармын. Өлім сағаты жетіп, тар лахатқа жайғасқанда, тәннен бөлінген жан бейбақ осындай дәрменсіздікке душар болатын шығар, бәлкім. Ажал жақын ғой, мәңгілік жалғыздықпен қауышуға аз қалды. Өлемін деп қорықпаймын. Бірақ мынадай миғұла заманда өлудің өзі уайым. Алдыңғы емес, артынды ойлайсың. Еңбегіңнің еш, тұзыңның сор болғаны былай тұрсын, ұрпағың азып, ұл-

қызыңнан ұят кетіп, байлығынды біреулер базарлап жатса, рухыңнан маза кетпей ме?! Көрде де тыныш жаткызбас.

Енді не істеуім керек?! Жан құдайдікі, бүгінімді ойлайыншы. Суық қармаған ба, түшкіріп салдым. Бір сасық тұмау үзілмейді. Анау-мынау сырқатқа бой алдырмаушы едім, уайымның жеңгені ме, жиі ауыратын болып жүрмін. Дәрінің құны удай, сатып алуға қалта көтермейді. Ауруың тұмау, қысың тұман болсынды жиі айтушы еді үлкендер. Енді сол тұмау мен тұман көз аштырмай дендеп барады.

Сағатыма қарадым. Соқыр тұман басқалы да бір қыдыру. Түнге қалсам, атымды қасқыр жеп, өзім адасып...

Сөйткенше торы осқырды. Атып тұрдым да, дыбыстадым. Ит-құстан адамың қауіпті. «Әй, бұ қайсың? Атамын!»

Менікі құрғақ дөн айбат. Мылтық тұрмақ сойыл да жоқ қолымда. Бар қаруым қарындаш ұштайтын бәкі. Оның өзі шитиген бәкене. Іле көрінді сойқанды тобыр. Тік құлақтар қою тұманның арасынан шыға-шыға келгенде, шалқамнан түсе жаздадым. Басыма келген ой: «Атым жан садағасы, өзімді жазым етпесе, жарады!» Ес шықты, жан кеттінің аралығында, қан тілеген бөрілерді санап та үлгердім. Артық-кемі жоқ, тура алтау. Ат қайда қашар дейсің дегені ме, көздері менде — шоқша жанып тұр. Дәу көп ырылдады. Оған екіншісі қосылды. Бөлтірігі ме, кішіректеуі шәуілдесін. Сонда ғана түйсігіме ұрды: «Мыналарың қасқырдан көрі итке ұқсай ма қалай?» Жерден тас алып жасқап едім, өршеленіп косыла үрді. Не күлерімді, не жыларымды білмедім. Боранды күні ит пен бала құтырадының кері ме бұл?! Баланы қойшы, иттің құтырғаны жақсы емес-ау!

Жетім көңіл төменге тартты. Тағы жұқарайын. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Тоңып секіргеннің бірі мен. Бар пәле теке тойлыдан шығады. Құтыратын солар. Енді қайтсін, атасында көрмегенді ботасында көріп, кейбіреулер аяқ астынан байып шыға келген жоқпа?! Өзі болған қыз төркінін танымас. Олардікі де жөн бір есептен.

Жетпіс жыл өңшең құл табанды қойша иіріп, не тындырды кешегі өкіметің?! Басынан ноқта айырмай тізгіндеп ұстап-ақ келді ғой қара тобырды. Алдына ас қойды, екі қолын бос қойды. Алдады, арқасынан қақты. Беріле жұмыс істеңдер, сонда кәмөнизмге тезірек жетеміз деді. Теке тойлы нан соғарлар илікті ме? Соның бірі өзім. Тек жүрмей бостандық, теңдік деп ұрандадық. Еркіндік алсақ, ертең-ақ жетіліп, ел болып кетеміз деп едік. Тұманға киліккеніміз-ай! Бұдан да булыққан бұрқағы, долырған бораны қайырлы еді. Бәлкім, тез ширап, есімізді тезірек жиятын ба едік?! Мына ыбылжыған бүркеу тұмантық қаншаға созылмақшы?! Жігеріңді жасытып, дымынды құртқаны қинайды бәрінен. Барар бағытыңнан адастырып, адымыңды жаздырмай діңкелеткен көк тұманнан жол тауып шығар күнге жетсек-ау бір. Содан кейінгі қиындықты, не қыпты, көп болып көмектеп жеңбейміз бе?! Күн жарылқап, жаз шығып арқа-басымыз жазылар жайдары да жайсаң бейбіт заманға жеткізе гөр, тәңірім бізді?! Торлаған тұманнан жол таба алмай сенделген пендеңді ая. Өзіннің мүсіркеуіңе ділгерміз. Алланың бірлігін, пайғамбардың хақтығын ұмыта жаздаған дінсіз тобырға шапағатыңды сала гөр!

Бұл - менің зар тілегім еді. Басқа қайран қалмаған. Өзгеден де бұрын, дәл осы халіме пұшайманмын. Торығулымын. Соқыр түнек табаны күректей бес сағатқа созылды. Кейін қайтуға намысым жібермейді, әрі адасып үйге жете алмай қалармын деп жүрексінем. Алға басуға және батпаймын. Иттердің қоқайы жанағы. Қасқыр ондыра ма?! Жұқарған жайдақ көнілімді тағы уайым қармады. Аш өзекке сорғыған жылымшы мұң жүрегімді айнытып, қараптан-қарап локсимын. Басым айналып, көз алдым қарауыта берген соң, етбеттеп жатып, жер тынысына құлақ түрдім. Күзгі ылғалдан жасаңсыған жусанның жағымды қышкылтым иісі тынысымды ашты. Баяғы сәби кезімде ана көкірегінен осындай бір жанға жайлы жылы леп шалқушы еді. Біреуден зекінді естіп жұқарғанда, анамның омырауына

тұмсығымды көміп, оның саумалша бұрқыраған иісін құныға жұтатынмын-ай кеп! Дәл сондай әсерде рахат күй кешіп көп жаттым. Жарықтық құба дала мені үнсіз жұбатып, ыстық демін тұла бойыма дарытты. Соқыр тұманға қамалып жалғызсырағанымды, жоқшылық қыспағында жанталасып орта құрсақ жүргенімді, малымның жоғалғанын да есімнен шығарып, бұлауда жатқандай балқыдым. Бүйрегім шаншып, о жер, бұ жерім сырқырайтын. Пышақпен сылғандай сап тыйылды. Ой, рахат-ай!

Көзім ілініпті. Ояна келсем, тұман етек-жеңін түріне бастаған екен. Бірте-бірте көтеріліп жер дүние айқындалып келеді. Алдымен өзіме үңілдім. Бармын ба? Бар болғанда қандай?! Құлағым естиді. Қол-аяғым жеңіл. Бәрінен де көзімнің көретінін айтсайшы! Екі ет асым бойында бураша төніп, дудыраған шудасымен дүние дидарын бүркеп тастаған күндізгі түнек өз міндетін адал атқарған сыңайда. Дымқыл демімен үрлеп, жұп-жұмсақ ұлпа шудасымен желпіп, дала төсін сұлуландырып, әрі асқақтатып жіберген тәрізді.

Ғажап бір көрініс! Көз алмамды суырып барады. Таңдай қағып таңырқауым әлемет. Өзекті бойлай өскен қалың тобылғы тоғайша биіктеп алыпты. Күлте жал құлан қарағандар да еңселі. Жонас-қырқалар айғыр жалданып дөңкиіп шалынады көзге. Қыз емшек төбешіктер бірінен-бірі иық асырғысы келгендей сұп-сұңғақ. Басына қарға қонақтайтын жатаған таулар аспанмен тілдеседі. Көгілдір нұрмен көмкеріліп, ораудағы анадай балқып, ажарланып алған дала келбетіне таңыркап, әрі сүйсіне көз жібердім. Бізге де осындай сәтінді нәсіп ете гөр, жараткан ием, деймін жалбарынышпен. Еңсені езген замана тұманы тезірек сейіліп, ақ түйенін қарыны жарылып, жарылқанатын жақсы күндерге жылдамырақ жетсем-ау, шіркін! Асықпайық. Ақырын жүріп анық басқан да мерей. Уа, тәңірім, тілегімді бере гөр?! Әумин!

ПАЙДАКҮНЕМ

♦ — Әлгі ішкіш Тоғызақ ше?

— Шопыр Тоғызақ па?

— Иә, сол сабазың, арақты қойып, имам боп алыпты бір мешітке.

— А, онын негізінде бар тектілік. Арғы аталары шетінен діндар болған. Мешіт ұстаған. Бала окытқан. Қажыға барған.

—Әлгі ше, әлгі... Ашық ауыз Әнгелбайды айтам да. Соның бас бұзар тентек ұлы әйдік кәмерсант көрінеді. Фирма ашыпты.

—Ақылды ойлағанша, тентек іс бітіреді, — дедім танысымды қоштағансып. — Сондайлардан шығады іскерлік. Бозөкпе бозымдардың қолынан не келеді?

—Мынағанда құптап бас изеймісін, — деді қыбыр-сыбырға құлақ түргіш ол жағасын ұстап. — Кәдімгі қылжақай ауым-сауым Боғашқа да коң бітейін депті.

— Е, байғұс-ай! — дедім құйтырқысыз тілеулес ниетте. — Ақылы кіргені де ес жиғаны.

— Ес жиғаның не? Барып тұрған пайдакүнем болған да шыққан. Нағыз дүниекордың өзі деймін.

Әлгі жыбырлақтан ұзай бере тарқаттым ой орамын. Менде де басым еді таңданыс. Өзге біреудін өңеші кеңіпті, қылғыта беретін көрінеді десе нанар едім. Баладай аңғал ойыншы Боғашты пайдакүнем дегені қисынға келмейді. Өзіндігі бар, оған дауым жоқ. Есепкой адам үнемсозар сығырдаң келеді. Мен білетін Боғаш астындағы атын жолдасына түсіп беретін кедейдің жомарты. Оған сараңдық қонбайды. Қанағатшыл және өзі. Әйелі мен балалары да пейілін кеңге салып, ішпей-жемей-ақ мәйегі аузынан шығып жүретін токмейіл жандар.

Көптен хабарсыз едім олардан. Ширақсыған біздер қалаға бет алғанда, Боғаш ауылда қалған. Көшті жолға салып, бізді шығарып сап тұрғанда, әйелше көрісіп шәт-шәлекейімді шығарып жамандай бұзып еді жүрегімді. «Қалай ғана қиып кеттің туған ауылыңды, Тобаш-ау?!» — деп еңірегенде көштін бетін бері бұрғым кеп сұмдықтай бүлінгенім бар-тын.

Ол кутыңдады артынша. Көзінен бұрын беті күлетін ырбық ауыз жазған: «Әй, сен дәу де болса, менің «салығымнан» кашып барасын-ау осы?! Бәрібір құтылмайсын. Жинап-теріп бір-ак алып кайтамын», — дегені бар-тын. Бір жағы танданыспен, әрі өз күнін өзі көруге жараған екен деген тілеулестікпен Боғаш досымның күлдіргі қылықтарын ой елегінен өткізе бастадым.

Ауылда ол ойнамайтын адам жоқтың қасы. Үлкенмен де, кішімен де құрдас. Қылжақай-ыржақай қалпына қарамастан дөрекі сөзге жоқ. Бар кінәраты қолында. Сөзге алдандырып тұрып, қалтаңа сұғынғанын білмей қаласың. Қызығатыны бір-ақ зат. Кәдімгі қаламсап. Шәрикіби делінетін жүрдек әптрушканың жаңадан шыға бастаған кезінде Боғашекең атқа қонған. Сірі тақым ұры барымташыдан бір де кем емес. Қаламсабы барларға тіке жаудай тиіп, сыпырып-сыйырып кетеді. Оны көргенде шығымсыздар қалтырап, терісі жұқа оңғақтар шытынап жамандай бұзылады. Кейбір заңшылдар жиналыска салып: «тәртібін қарау керек мұның, ісін сотқа тапсырмаса болмайды», - деп те шығарды. Боғашекең болмашы дөңайбатқа жұмсара салатын былбырақ қайыс емес-тін. Керісінше қатаңсиды ондайларға. Үстел басында отырған тәуірлердің де күмістелген «жорғаларын» тақымына басып кете барады. Көзін ала беріп қымқырады, қисынын келтіре алмаса қолқалайды. Жалынып-жалпайып сұрап та алады. Былай шыға: «Көзін бақырайтып тұрып қымқырдым», — деп бөседі. Бөспелігіне қитыққан кеңсе қожайындары Боғаштын жолын кеспекші боп, есігінін алдына күзетші қояды екен деп те естідік. Онда ол тіптен өршеленеді.

Кісіге бір атақ жабысса, соны дабырайтуға жанымыз құмар. Тамақ тоқ, көйлек көк дегендей «сәтсиәлизмнің кең құрсағында» еркіндеп жүрген кезіміз ғой. Ортақ қазанның молшылығы желіктірмей қойсын ба, ішкен — мас, жеген — тоқ кез. Біреуді қушықтап, біреулерді түртпектемей жүре алмайтын әдеті емес пе тоқ құрсақ пенденің. Біз Боғашты қажасақ, ол тіке шетіміздің тонайды. Әсіресе болмашыны боталы түйеге балайтын қалтырақтарға обал.

— Ойбай, Фарyһ кеп қалды! Сақтанындар!
— Маған тимейді, беріп құтыламын.
— Бергеннің қадірін біледі деймісің сол ауған.
— Соны айтам, тонаушыдан бір де кем емес.

Сөйткенше Боғашакең де кіреді есіктен. Тәпелтектеу келген оның қимылы ширақ Аяқ допша домалandап, қасыңа келгенін білмей де қаласың.

— Қане, әкел анауынды.
— Құр қол қалам ғой.
— Онда менің шаруам қанша!

Қармануға мұршанды келтірмей іліп түседі. Әсіресе ол есепші Сағалбайға өш. Өш болатыны — Сағалбай сауысқандай сақ- Боғашқа алдыртпай жүр әзірше.

Сағалбайдан алған күні, құдайға уәде, әдетімді тастаймын. Жатып кеп жалындық оған. Бер де құтыл дейміз. Ширыға түседі Сағалбай сараң. Қапысын тауыпты бірде. Бір емес, бес бірдей қаламын олжалап, Сағалбайды сазға отырғызып кетіпті. Ұзына ғұмырында кісіден алмаса беруге жок Сағалбай қолды болған қаламсабын Боғаштан өндіріп алмақшы боп қуынып жүргенде, қан қысымы көтеріліп кетіп, барып-барып зорға оңалды. Бұл әдетіңді қоймасаң, не кісіден өлесің, не кісі қанын мойнына жүктеп тынасың десек те қайтпады ол райынан. Үдете түседі. Әйелдерге де ауыз салған-ды. Оларды тіке тонайды. «Мен атақты жолбасар Боғашпын. Берсең қолыннан, бермесең жолыңнан», — дейді тікесінен.

Есесіне аты дабырайды. Ұрлықшы кәззап, негізі жарымаған тілемсек деп те шығарды оны. Өзі айтар еді, күніне төрт-бес қалам олжаламасам қоңылтақсып жүре алмаймын деп. Көбінесе ол «қаламыңызды бір мүйнетке бере тұрыңызшымен» тындырады шаруаны. Ұмыттырып жібереді де, тайып кетеді. Алданғандар заң орнына да шағынған. Істі боп прокурордың да алдына барған ғой. Атақты заңгер арындапты біраз. Бураша шабынып, ықтырып алмақшы боп жамандай шүйлігіпті баукеспесеге. Қаһарлы прокурордың ашуға булыққан сәтін пайдаланып, қағып түсіпті оның да алтын жиекті зерлі қаламын. Қойдым депті мүлөйімсіп, түсінік

жазыпты. Есесіне оның екі бірдей қаламын жымкырыпты қолма-қол. «Саған дауа жоқ, мысыр елінің суық қол королі Фарyһтен де өткен екенсің», — депті әлгі заңгер кейін оған.

Аңыздан белгілі Египет патшалығына билік жүргізген Фарyһ әйгілі жымқырмашы бопты ғой. Король болмашыға қолын былғамаған. Өзімен терезесі тең елбасыларды жұқалайды екен. Атақты-Британия патшазадасы Унистон Черчилдің де сағатын қағып түскен. Біздің Боғашекең Египет королінен бір де кем түспейді. Әттең, мансапқа қолы жетпеген. Есесіне есімі Фарyһпен теңесті. Бір жолы үйіңде болғанымда «олжасын» көріп, жағамды ұстадым. Кемі үш сандық. Не бір көз жауын алған қаламның алуан түрін көріп, біреуін алайыншы дегенімде, қолым кетеді деп маңына жуытпаған.

Сейткен Боғашекең атақты жымқырмақшы Египет королінің жолын қуған суық қол сабазың да райынан қайтып, пайдакүнем атанған соң басқаларға не жорық?!

Өзімнен-өзім жұқардым. Қалаға көшіп нем бар еді?! Дүрмекке ілесем деп ақырында жүрісім мынау. Күзетшілікке тұрғанмын. Кемпірім екеуіміздің зейнет ақымыз жылу мен жарықтан артылмайды. Балалар өзді-өзімен. Оларға да оңай емес. Әр тарапта тырбанып нандығын тауып жүр. Тұрмыс қиыншылығына көнеді екенсің. Көлденең табыс жоқ. Саудаға икемсізбін. Базарға шығара қоятындай ыңғайлы затымыз да қалмаған. Қатша мені қажайды, мен оны қажаймын.

- Кашаннан берекесіз едің ғой?! - деді бәйбішем жоқ жерден ілік шығарып. - Естідің бе, Боғаш досың саудаға шығыпты.

- Әншейін алып қашты дақпырт, - деймін қолымды сермеп. — Сататын түгі жоқ оның. Екі сиыр, бес ешкінің соңында жүр деп естігем.

- Боғаш құрлы болмадың-ау, — дейді Қатша әжімді жүзіне мұң үйіріп. - Табысты күреп тауып жүр дейді. Балгер дей ме, құмалақшы дей ме, көріпкел дей ме?! Әйтеуір оңай емес. Шығыпты жарыққа. Отырысыңды қарашы?! Жасыңа жетпей мыжырайып! Күзетшілікке мәзсің. Сұйық едің-ау сен жазған! Сұйқыл едің әу бастан.

— Сұйық екенімді сезсең, күйдім-сүйдім деп несіне өліп-өштің?

— Өзін емес пе қыр соңымнан қалмаған! — деп Қатша шаптықты. — Боғаштан тартып әкетіп жетістіргенін осы ма?!

— Әй, сонда сен оны ұнатып... іштей жақсы көріп...

— Жақсы көргенім былай тұрыпты ғой, — деп Қатша сықсындап жыласын. — Ол менің тұңғыш махаббатым... Естиін дегенің осы ма?! Өмір бойы содан мені қызғанып... Ақырында қамаққа әкеп тығып... Қайран, ел-жұртым-ай! Замандастарым-ай! Құрбы-құрдастарым-ай! Даланың аңқылдақ желі-ай! Жанға тыныш жұпар ауасы-ай! Киелі топырағы-ай! Туып өскен ауылым-ай!

Ата жөнелдім сыртқа. Өткенге қайтем бас қатырып. Ондай-ондай жаңылыс менде де болған. Кім сүйгеніне қосылып, мұратқа жеткен?! Жай шығар. Боғаштың несіне қызығады? Оған қарағанда мен деген көрнекті-ақ емеспін бе?! Қуыстандым. Қазіргі кейпімнен басқалар тұрмақ өзім шошимын. Иіс-қоңысқа үйір болғандықтан ба, мұрным өз-өзінен қисайып кетті. Үнемі күлмеңдеп тұратын жанарымнан да нұр тайып өлеусірегені аянышты. Ескі көздермен жолығысып қалғанымда, қарадай қорланып бітемін. «Әй, саған не болған? Бітіпсің ғой!» — дегенде кірерге тесік таппаймын. Әсіресе әйелдердің табасы қиын. «Еркек қой сегінде қартаяр деп, мұның не-ей, жасыңа жетпей?!» — дегенде сұқ саусағыммен ұртымды түртемін. Оным — тісімді жұлдырдым дегенім. Өзімше қулыққа басқаным ғой, жұлдыратын тіс қалмағанын қайдан білсін әлгі табашы. Тіс демекші, мұрнымның қисайғаны аздай-ақ, отыз тістен айрылған аузым да сыр берейін деді. Ұртым опырайып, ернім шұртиіп онсыз да ұсқынсыз бет-бейнемді одан әрмен су түбіне кетірердей. Мұрнымның кінәратына кінәлі өзім. Аң қоймас аусарлығыма, қызылшылдығыма жатқызамын. Тістің жәлесі ащы су. Суықтай сыңғытқанда сүйектен өтіп кететін. Жарайды, мұрын мен тістің құнықері белгілі. Жұлын-жүйкеме ненің салмағы түсті?! Шаруақор боп жарытқаным да шамалы. Есеп-кисаптың айналасында жүрдім. Одан қоқиланып, бөлімше басқардым.

Астымда машина. Қасымда анау әлгі депутат қойшы әйел ше?.. Алқып-шалқып жүргенде қайта құрыламыз деп даурықтық. Одан жекешелену науқаны басталып... Сен ал, мен ал десіп... кеңшардың дәулетін талапайға салып... Одан ұрылар белсеніп... Олармен біраз айқасып. Сосын саудагерлер қаптап, ауылға андағайлап... Қасқыр бір жағынан. Қарақшы, тонаушы дегендер шығып... Қалаға базаршылап келсек ауылға жете алмай, ауылдан теміржол бойына жету мұң болып... Содан кейін емес пе қалаға жетіп жығылғанымыз.

Берік-тін жүйкем. Алағай-бұлағай ала шапқында да сыр бере қоймаған-ды. Сағыныш қиын екен бәрінен. Туған ауылың есіңе түскенде, еңіреп тұрып жылауға барсың. Сүйегіме қарысам да сыртымның сызын қалындатып аламын. Қойныңдағы қатының да дұшпан саған. Қыз күнгісін ұмытпапты әлі. Осыдан кейін ішпей көр. Қатшаның гөй-гөйіне өзімнің мұңым қосылып, ақырған ащы запыранға айналып, іші-бауырымды бүріп әкетіп барады. Ауылды аңсағанда ар жағымнан түйдек-түйдек өлең төгілетін боп жүр. Лықсып кеп, лықып кеп, біріне-бірі жол бермей кимелеген жыр жолдары аузымнан ағытыла бастады. Жай ғана ағытылмай, зарлы да мұнды, мәнді де ойлы ән әуенімен астасып, барынша тебіреніп төгілттім кеп.

Егер де егер, егерде,
Өткенім қайтып келер ме?
«Көк қасқаны» көсілтіп,
Киік қуған белеңде.
Шарапты суша сіміріп,
Жал мен жая жегенде.
Шалқыған қайран заман-ай!
Қайта айналып келер ме?!
Социализмнен кетістік,
Капитализммен қауышып,
Шекеміз шылқып жетістік.

— Ақсақал! — деді біреу қатқыл дауыстап. — Бұл не бассыздық?

—Жай әншейін, - деп міңгірледім. — Өткен-кеткен есіме түсіп... Ауылды сағынып...

—Бұл қала, отағасы! — деді әлгі сұстанып. — Тәртіп қайда? Қараңғылықты қашан тастайсыңдар-ей, қазақтар?!

«Өзің не, қазақ емеспісің?» деп айта жаздап үндемей құтылдым. Расында, менікі ерсілік. Миллионға жуық тұрғыны бар қаланың нақ ортасында үйірінен көз жазған айғырша азынағаным ұят-ақ. Ұяттан бұрын әлгі зарды үзіп алғаныма өкіндім. Мұң-налаға кептелген ішім босап сергитін едім.

Орталық базарға бет алдым. Бірдеңе-бірдеңе алуға қалта бос. Жаяулағаным да содан. Елден таныстар келеді. Соларды бір көргеннің өзі көңілге демеу.

Базар ығы-жығы. Қарсы жолықпасаң біреуді-біреу түстей алмайды. Етегінен ұстай кетпесең, жүз таныстан қайыр жоқ. Көрінеу жалтарады. Бұрылып кетеді. Ақыр заманда адамдар қара басымен болып сырат көпірден қалай аман өтсем деп бас қатырады екен. Сірә, осы жанталас заман акырыңнан бір де кем емес-ау! Адамдар бір-бірін көре тұра танымағансиды. Танығанымен қолындағысынан бөлісуге жоқ. Қайырсыз, рақымсыз шетінен. Сапырылысқан ортаға іліккен соң, сағынышым сап басылды. Есесіне тамағым жыбырлап, құлқынымды ойлай бастадым. Құдайға қараған біреу кезіксе ғой, бір шөлмекті қылдай бөліп ішетін. Сенделіп жүрдім де қойдым. Қаңырығым түтеп қатты сусадым. Шіркін-ай деймін, сапырылған сары қымыз болса ғой. Тобылғы торы сыра да жерде қалмас еді. Базарда не жоқ дейсің, бәрі бар. Тек қол қысқа, созғаныңмен қармай алмайсың. Құдайдан тілеп-ақ жүрмін. Бәлен жыл көрмеген үзеңгі жолдаспен қауышып, құшақтарымыз ажырамай жабысып, арқамыздан қағысып, әйелше көрісіп, қалың нөпір бізді тамашалап, содан кездескеніміз үшін деп әй бір сілтеп...

Кенет шеткергі орында саудасын қыздырып жатқан сақалды біреуге көзім түсті. Күрең жүзді, етженді ақсақалдың қимылына көз ілеспейді. Қолы-қолына жұқпай лыпыл қағып: «Мен алам, маған беріңіз» деп жамырасқандарға балық үлестіргендей ептілікпен болымсыз бірдеңелерін таратып

жатыр. Ара-арасында қолын жайып бата береді, өзіне ықыласы ауғандарға: «Қаламдай жүйрік, тұмардай таза болыңдар! Шайтанның азғырындысынан сақтасын, қарақтарым сендерді».

Қадалып қарадым да тұрдым. Таңданысымды күдік жеңіп кете берді де, екі ұдай халде «ол емес» деп қарсылық білдірдім ішкі ойыма. Ол - сидалау-тын. Мынауын сеп-семіз, домаланған біреу. Онда сақал тұрмақ мұрт та жок еді, мынаның сақалы омырауын бүркеп тұр. Мұрты қандай нәш?! Қарлығаштың қанатындай сүйірленіп кеп, ширатыла қайқайып, едірейіп-ақ тұр. Осы арада маған жөндем ой келді. Бекер-ақ тартынған екенмін. Қатша сақал ғой, тәубеге келіп намаз оқы, мешітке бар деп құдайдың зарын қылғанда илікпеуші едім. Кейде шырт ұйқыда жатып шошып оянып, айқайлап, үйді басыма көтеретінім бар. Мешітке барып, имамнан тұмар жаздырып алсаңшы дегеніне құлақ аспаушы едім. Не істесем екен? Мынауың тегін емес. Тұмар үлестіріп жатқанына қарағанда, шарапатты кісі болғаны ғой. Сөйткенше дәл аяғымның астынан жылт еткен темір ақшаны көзім шалды. Іліп түстім жүз теңгелікті.

- Алындар, құрметті жамағат! - деп саңқ етті күрең жүзді сақалды саудагер. - Бұл қаламды ұстағандардың ұғымы артады. Кағазға түскен әр сөзі мен сөйлемі құран дұғасындай сауапқа толады. Тұмарлы қаламсаптың сиясы зәмзәм суына малынған. Тұмардың қасиетін тілмен айтып жеткізе алмаймын. Мың бір атты пәледен, жүз бір атты жәледен қорғайды.

Ойландым. Мына олжа теңгені сауапка жұмсасам қайтеді?! Шайтаны түскір түртпек салып: «Бір жарты алып іш, бір жарты алып іш» деп сыбырлағандай болады. Қайтсем екен?

Кезекке тұрдым. Шалдардан мен ғана. Көбісі жастар. Әйелдер де баршылық. Бірді-екілі бәйбішенің жаулықтары ағараңдайды. Қатша есіме түсіп көңілімді байыздаттым. Ырым-жырымға сенбейсің, мұсылмандыққа икемсізсің деп қырына ала беруші еді. Тұмарлы қаламсапты көрсетіп, сеніміне кіретін болдым-ау!

Таяна келе таныдым. «Боғашпысын-ей?! — дедім базарды басыма көтеріп. — Жаным-ау, қайдан жүрсің? Сені де көретін күн болады екен-ау?! Қатарласым-ау, қадірлесім-ау!»

— Тоқтат, былшылды! — деп зекіріп тастады. — Саудаға мәшайт жасама. Алатынынды ал да тайқы.

Таңданыс бір жағынан есімді алып, ескі көз тұстасымды ойда жоқта кездестіргендегі көңіл толқынысы және қосарлап абдыраған байғұс басым не айтып не қойғанымды шамалауды да естен шығарып, кезекте тұрғандарды кие жара ентелеп:

— Боғаш-ау, мені танымай тұрмысың? Тоғашпын ғой, — дедім жыламсырап. Атымыз да ұйқас еді. Сенің әйеліңе мен қызығып, менің Қатшама сен ғашық боп, құлын тайдай тебісіп бірге өскен, бір таудың жуасын жұлып, бір бұлақтың суын ішкен төс түйістірген қияметтік дос емес пе едік, Боғаш-ау?!

— Әй, сандырақбай! — деді ол тұмарлы қаламды көрсетіп. — Сені шалық шалды деп естіп едім. Рас екен. Акшаң болса мынаны ала ғой. Тұмарды маңдайыңа басып, қаламсапты қалтаңа салып жүрсең, жын-шайтаннан алыстайсың. Көңілің орныңа түсіп байыздайсың, пақырым! Адам қатарына қосыласың.

Сөзге келмей алдым қаламды. Олжа ақшаға тұмар олжаладым. Кемпірімді қуантайын, «Ғашығыңнан тәбәрік әкелдім» десем қабағы ашылар, бәлкім.

«Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Жұрттың лақабы расқа шықты. Боғаш жай ғана пайдакүнем емес, жолы ашылған ересеннің нақ өзі екен. Қоржын-қоржын қаламсапты кәдеге асырып, күреп ақша тауып жүрген Боғашқа деген сүйсінісімде шек жоқ. Былай шыға үңілдім сатып алған қасиетті тұмар мен қаламсапқа. Сұқ саусақтай біздиген ақ бауыр қалам көзіме оттай басылып:

—Пәлі, мынау өзімдікі ғой! — дедім қуаныштан есім шығып.

Осыдан кейін мені «пайдакүнем» емес деп кім айтады?! Қарайласпын Боғашпен, қарайласпын.

II

Мысал әңгімелер

АСТАМШЫЛ

♦ Қашанғы кәрі тау сүйкеншік боп барады. Төңірегіндегі төбе-төбешіктерге күн көрсетпейді. Иықтайды. Одан қалды, іліп шалады.

— Кетіңдер маңымнан! — деді қыршаңқы тау төмендегілерге төбесінен төніп. — Мазамды алдындар. Көрінбе көзіме!

Бағыныштылықты қалт жібермейтін елгезектер қолма-қол бөлді іргелерін. Тым-тым алысқа ығысты.

Тау сопайып жалғыз қалды. Қырат-қырқалар мен бел-белестердің орны үңірейіп олқы соқты. Бара-бара ақтақырға айналды. Онсыз да шөбі сұйқыл құнарсыз тауды ұшқан құс пен жүгірген аң тастап кетті. Етегінен ел кетіп, Тау тіптен жалғызсырады. Жылай-жылай көзі ағарды. Қолтық-қойнауынан бұрала ағатын бұлақтар ағысын тоқтатып тұмаға айналды. Бара-бара таңдыр боп кеуіп қалды. Бұлттар да кәрі таудан шудасын ала қашып, алыстан орағытты.

Тау күңіренді. Сағыныш азабы қинады оны. Тым алыстап кеткен төбелер мен ұсақ адырлар алланың алқауымен еңселерін биіктетіп алған-ды. Қатыгез таудың күңіренісі құлақтарына жеткенімен жүректерін жібіте қоймады.

Көп жасаған кәрі шөңге ақырғы сөзін арнады тұқым-жұрағаттарына:

— «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», — деді, әлсіреп бара жатып. — Ойланыңдар! Менде бедел жоқ екен. Құпқу сопа басым кімге керек?!

Таудың жан айқайынан селт етіп ақылға келген кішкене таушыкештер тезбе-тез жиналып, қопарыла қозғалды. Бұрынғы орындарын тапты.

Тау көзін ашқанда, тұқым-жұрағаттарынын қаумалауында тұрғанын көріп қатты қуанды. Есі қалмаған кәрі қақсал ағыл-тегіл ақтарылды. Сай-саладан су ағып, күміс бұлақтар күлкіге басты.

Тау сәтте иман жүзді қарияға айналды. Даналық ойларын үрім-бұтағының құлағына бірсін-бірсін сіңіріп жатты. Кішкене таушыкештер де қарап қалмай, аталы сөзге орнықты жауап қайтарып: «Енесі тепкен құлынның еті ауырмас болар», — деп жұбатты кәрі Тауды. «Адасқаннын айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң».

Тау көзіне жас алды. Ауыр тамшылар үзіліп-үзіліп түсті кірпіктерінен. Қуаныштан жылап еді астамшыл жазған.

көл жоқшысы

♦ — Үнің бәсеңдеп барады-ау, — деді Балықшы құс Қызғышты сөзге тартып. — Бара-бара үндемеске айналарсың бұл қалпында.

— Өзің ше?

— Мені кім тыңдар дейсің. Шіңкілдекпін. Сенің көл жоқшысы деген атың бар емес пе?

— Жалғыз маған керек пе көл? — деп Қызғыш арыла бастады. — Әрі-беріден соң, айдын су құстарының мекені емес пе.

— Оларда сендей үн жоқ. Атақсыздар.

— Атақты болғандағы шыққан биігім қайсы?!

—Адамдар сені өлеңге қосады. — Балықшы құс көтермеледі оны. — Ақындар саған шағынады. «Көл қорыған Қызғыш құс» деп мадақтайды.

— Ол өткеннін еншісіндегі жағдай. Бүгінгінің ақыны тұрмақ, қарапайым адамы да мені аузына алуды қойған.

— Сен шеттегесін көлді кім қориды?

— Бітіргенім шамалы.

— Сыңсисың, сонын өзі неге тұрады!

— Одан не шығады?

—Адамдарға ой түседі. Жүрегін жұмсартасың. — Балықдіы құс сөзін ұзарта түсті. - Көлдің сәні кетіп барады. Аққудың сынқылы естілмейтін болды. Қаз-үйректер де тосаңсып барады. Шетінен сыбырлақ. Сарыала қаздың сыбызғы үні өшкені қашан.

—Атып алды ғой оны. — Қызғыш мұңая сыңсыды. — Үнің қайдан шығады? Көзге қораш болғандықтан аман жүрсін сен.

— Бүйткен амандық неме керек?! - Балықшы құс жыларман болды. — Құтты мекеніміз көлдін сәні кетіп жылдан жылға ортайып барады. Қамысы селдіреп, құрағы мен балдыры, балығы мен бақа-шаяны да азайды.

—Мен қайбір жетіскен жағдайдамын. Ойламайды деймісің. Бағы қайтты ғой қайран көлдің! Бөтен құстардан-ақ көріп жүрміз шеккіні. Шетінен қомағай. Бәрінен де әнебір репейсіз Көлтаусардың сұрқы жаман. Айдынды ортайтып жіберді. Ұзын тұмсығын қорысқа бойлата сұғып, қорқырата сорғанда жер солқылдайды. Шекара асып келген Шағалалар балықтың соры. Қарашы әне, бөтен құстардың көптігін. Топталып ұшқанда күннің көзін көрсетпей жібереді. Жергілікті құстарды тықсырып шеттетіп бітті.

—Екеуімізге де ауыз салады бір күндері. — Балықшы құс қынжылыспен өрбітті сөзін. - Үнімізді қаттырақ шығарып, бөтен құстарға қарсылық көрсетейік. Бәлкім, ой түсер оларға.

— Мен дайын, — деді Қызғыш қанатын қомдап. - Әке дегеннен жан қала ма?

Күн көтеріле көл жиегіне келе бастады адамдар. Оларды әнмен қарсы алды көл жоқшылары. Шаттық жырын төгілдірді, соңын мұңлы сұңқылға ұластырды. Қоймай-қоймай заржақтанды қос мұңлық. Айдын тебіреніп көзіне жас алды. Балықтар да әсерленді. Мылтық қарауылына іліге-

іліге әбден запы болған шүрегейлер мұңлы сұңқылға өздерінше үн қосып дыбыстарын шығарды.

- Жолымыз болмады-ау, — деді көлді жиектегендердің бірі суға сүңгіп шығып. — Адал құс ырымға жоқ, бұл көлден де мән кетейін деген екен.

- Бөтен құстарды көрсек қайтеді? — деді жастау бірі. - Құс аулай шыққан соң оқ шығармау деген ырымға жаман. Жолымыз қатып кетеді.

- Пәлесінен аулақ! — Ілкімділеуі басын шайқады. — Шет елдің сақиналап тастаған құсы болса сөзге қалып жүрерміз.

- Онда мына бір секектеген ши аяқты алайын мылтық қарауылына, - деп жастау біреуі ыңғайланғанда, қасындағысы Қызғышты нұсқады. — Әнебір жылауықты жайратайық алдымен. Басыңа көрінгірдің жағы сенбеуін қарашы!

Мылтық тарс етті де, қол басындай ғана ақ бауыр құс жерге жалп етіп құлап түсті. Бөтен құстар мәу демеді ащы шаңқылды. Машықты қимылдарын үдетіп, көлді жан-жақтан қоршалап, үлестерін мол қарпып қалуға таласа-тармаса талапайлап жатты иен байлықты.

Балықшы құс зар еңіреді. Көл жоқшысын қоймай-қоймай жоқтады. Бара-бара әлсіреп үні шықпай қалды.

Құс аулай келгендер еліге есірді.

- Маған бере тұршы мылтығыңды? - деді өңешін ащы сумен жібітіп алған сығырақ қара. — Мына бір ши аяқтарға не жорық-ей?! Жаман әліне қарамай сыңсиды-ей! Ендігі үнпазымыз осы жылауық шиаяқтар болса жетіседі екенбіз.

Дәл тиген оқтан Балықшы құс шашылып кетті. Төңірек тым-тырыс бола қалды. Кенет көлге қозғалыс енді. Буырқана дөңбекшіп өзінше ашуға басты. Толқыны жиекке жетпей жығылып көл де жуасыды.

Бөтен құстар қаннен-қаперсіз топтала ұшып жүрді.

ОПАЛЫ

♦ - Неге жыртақтай бересің? - деп шамданды Қара тас бұлақтың сыңғыр күлкісін жақамай. — Құлағымды бітеп тастадың.

— Онда сыңсиын ба? .

— Маған керегі сенін жылағанын, — деді Тас қабағы түйіліп. — Керісінше ауыр тиеді күлкі жүрегіме.

— Неге ондайсың? — деді Бұлақ таң қалып. — Бір ауық қабағыңды ашып жадырағанын да жөн.

— Өйте алмаймын, - деді Қара тас жанағыдан бетер түнеріп. — Барша жанды-жансыздың уайымын арқалаймын. Содан да бос күлкіні жек көремін.

— Жарайды онда, — деді Бұлақ мұңайыңқы тартып. — Саған бола тыйылайын жыртақайлықтан. Үнімді бәсеңдетейін.

Бұлақ күлкісін сәтте тыйды. Мұңайыңқы кейіпте мөлт-мөлт төгілдірді көз жасын. Безерген Тастың да жанары шықтанып, жон арқасы жіпселендеді.

Тас бұлақтардың жай-жай ғана сыздықтап жылап ағатыны содан көрінеді.

Досқа опалы болғанға не жетсін?!

ТҰРЛАУСЫЗ

♦ - Татуласайық, - деді Мысық Тышқанды мәмілеге келуге үгіттеп. — Ішім пысып зерігіп кеттім.

— Сонда қайтпекпіз?

— Ойнаймыз.

— Қалайша?

— Сен қашасың, мен қуамын.

— Керісінше болса қайтеді?

— Оған да әзірмін.

—Бастайық онда, — деді Тышқан іннен шыға келіп. — Қаш, кәне, Мысықекесі!

—Қытықтасайық алдымен, — деді Мысық көзін жұмып. —

Май табаным шыдатпай қышып жүргені. Тұмсығыңмен үйкеші...

Кей адамдардың қарым-қатынасы, жолдастығы мысық пен тышқанның келісіміне жақын. Өліп-өшіп өбіседі, артынша тебіседі. Былығып шатысады, соңынан атысады.

СҮЛІК

♦ Сүлік әр неге икемді емес пе?! Жансалап жақындай түсті. Бақаның болбырақ былжыр денесіне тұмсығын жұғыстыруға зауқы жоқ. Жағымсыз иісінен қашады. Қаны тәтті көрінеді, содан да қызығулы оған. Жаман әліне қарамай паң бақа дегендер. Нендей артықшылығына кергиді екен?! Басы жалпақ, бұты талтақ. Денесі бүртік-бүртік. Бақырайған көзі ғана тартымды.Ептеген жылт бар. Бар ерекшелігі ақтамағында. Алқымы бүлк-бүлк етіп, өзіне шақырғандай болады. Тамағына жабысайын десе, есебін таппай дымы құриды. Әккі жазған шоршып түседі. Қапысын таптырмай жүр.

— Сені айрықша жан тартып жақсы көремін, — деді Сүлік оған жақындап. - Көлдің ажарысың ғой. Үнің қандай тартымды. Денеңде артық мін жоқ. Бәрінен де ақ тамағың әсем. Өзіне тартып тұрады.

—Солаймын ба? — Бақа бұғағын Сүлікке жұғыстырды. — Өзін де ұнайсың. Жәндіктерге жанаса жүретінің, жан тартып жабыса кететінің, жүрегіннің жұмсақтығының белгісі.

— Әсіресе өзіңе ынтықпын ғой, - деп Сүлік тұмсығын ыңғайлай бастады. — Тосшы кәне, алқымынды. Ақ тамақтан құшырлана сорайын бір.

Сүлік Бақаның үлбірек бұғағына еміне жабысып, есі қалмай сорғыштап жатты. Бақа олай бұлқынды, былай бұлқынды, шоршыды-ай кеп барынша. Ақыр соңында әлі құрып, төрт аяғы төрт жаққа кетіп қимылсыз қалды. Сүліктің мейлі білді, құныға сорғыштады шырынды сұйқыл қанды.

Қыз бен жігіт жүрген еді көлді тамашалап. Бойжеткен жастау ма калай? Не болса содан секемденіп, елікше үркектей береді. Қасындағысы сақа жігіт. Өзіне сенімді тәрізді.

— Енді кашан? — деді ол қызға ентелеп. — Сүйейінші бір.

— Болмайды, — деді қыз бетін алып қашып. — Жүрекпен ұғынысайық та.

— Ұғынысып болдық емес пе?

— Танысқанымызға небәрі бір-ақ күн. Асығыстық шайтанның ісі дейді ғой.

— Сүйіскенде тұрған не бар? — деп жігіт жабыса түсті.

— Қорқамын! - деді кыз бойын алып бара жатқан дірілді зорға тежеп.

—Түгі де жоқ сен қорқатындай, — деп ол қызды ымқырулап өзіне тартты. — Тамағыңнан иіскеймін жайлап кана.

Бойжеткен кенет өз-өзінен орғып түсті.

— Ананы қара! Жабысып алыпты. Сүлік қой деймін. Бақаны алқымдап жатыр.

— Оның нендей сөлекеттігі бар? — деді жігіт сүйіктісіне құмарта телміріп. — Сүлік қан сорады. Мен керісінше саған ләззат сыйлаймын. Бетіңнен, ерніңнен, тамағыңнан өбіп, төмен етекті екенінді есіңе түсіремін. Жаныңды жайландырып, тәтті тұшынысқа кенелтемін.

Аусар жігіттің тәрізінен шошып кетті қыз қапелімде. Өзіне сүлікше жабысқан одан амалдап құтылудың ыңғайын қарастырып сәл ойланды да:

— Алдымен суға түсіп салқындап алайық, — деп тез-тез шешіне бастады.

Аусар жігіт дуадақ тәрізді су көрмеген шөлейт өңірдің тұрғыны-тын. Ақ сазандай сұлу бітімді бойжеткеннің айдында құлаштап еркін жүзіп бара жатқанына қызығып, бір жағынан қарадай қорланып еді.

Шағын аралшыққа әні-міне дегенше барып жеткен кыз:

— Әй, сүлік, жөніңе кет! — деп қолын сермеді.

Дөңбекшіген толқынды көк мөлдір көл де: «сүлік, сүлік» деп үнін қосып тұрғандай еді ақ шабақ аруға.

ШЫРМАУЫҚ

♦ Таңғы салқындықтан қалтырады нәзіл гүл.

—Жаурадың-ау, — деп Шырмауық оған оратыла бастады. — Күн шыққанша аялай тұрайын. Бойыңа жылу дарытамын.

- Мейірімді екенсіз, - деді Гүл оның ыңғайына бейімделіп. — Жаным жай тапты-ау!

Шырмауық дәс алып хош иісімен еліктіріп делебесін қоздырған, үлбіреген нәзіктігімен ынтығын оятқан Гүлге жабысып оратыла берді. Сығымдай түсті аш белінен айрылмай.

- Байқасаңшы! — деді Гүл оның тәрізінен шошынып. — Қысып жібердің. Тынысым тарылып кетті.

— Әдетімді қалайша қоямын?! — деді Шырмауық үшкіл тұмсығын Гүлдің ұлпа тамағына төндіріп. — Жаның жайланады, рахатқа батасың.

Шырмауықтың мейілі білді. Гүл талықсып кетті. Солып қалды артынша.

Сүйіспеншілікте де, достықта да, қарақан басының қамына бола көз жұмбайға басып, көрінгенге шырмауықша оратылып жүретіндердің бір мысалы осы.

ҚЫТЫМЫР

♦ Көл жағалауындағы түксиген сұсты Жартас аяқ астынан ілік шығарды. Толқынды көк мөлдір көлге соқтықты.

- Мазасызсың барып тұрған! Тынымдық деген жоқ қой сенде. Көпіршігеніңе мәзсің. Ереуілдеп толқыныңмен түйгіштегеніңе жыным келеді.

- Толқындар саған еркелейді емес пе?! — деп Көл жайып-шуды. — Қайта құрыс-тұрысын жазылып сергисің?

—Керек емессің! — Жартас ашуға басты. — Толқыныңмен қоса құры. Жақындама маңыма! Осыдан жағалауға таяп көр! Көлтаусар құстарды қаптатып тіке қу тақыр қып тастайын.

— Мейлі онда, — деді де Көл толқынын кері серпіп, жағалаудан бірте-бірте алыстап бара жатты.

Жартастың қыбы қанды. Тыныштық алып ұйқыға бейімделді. Қатты ұйықтаған екен, шошып оянып төңірегін шолғанда, көзі атыздай болды. Жағалау қаңырап бос қалыпты. Көл мүлде алыстап кеткендей екен. Бұйра жалданып зорая биіктеп алғандай ма?! Сағымданып аспанмен астасып жатыр. «Құстар қайда кеткен?»,— деді күңіреністі үнмен.

— Оларға тиіскен жоқ едім. Қырыма алғаным дәйексіз көпіршік көл болатын.

Жайы кете бастады. Күннің өткір сәулесі инеше қадалып, жалынға шарпылғандай жон арқасы ашыды. Тынысы тарылып, аптапқа шыдай алмай теңселеңдеді. Кабырғасы сөгілгендей боп, сауыры шытынады. Бәрінен де бұрын үнсіздік қинады. Онсыз да түксиіңкі кабағы тіптен қалыңдап, қына басқан арқа-басы құрт жеміргендей борып сала берген. Күні кеше ғана еді-ау құс базарына айналғаны.

Жартас асқына торықты. Қытымыр мазасыз әдетіне өкінді. Көк мөлдір айдын көз ұшында бұлаңытып сағымданып жатты. Мұны табалағаны ма, асау толқыны арыстан жалдана көкке шапшиды. «Көл-ау, естимісің, — деп күңіренді Жартас. — Келе ғой, қайт райыңнан! Табысайық»- «Болмайды, ендігің далбаса!» — деп дауыстады Көл. — «Қалған көңіл қайтқан суымен бірдей. Тұр солай қатып-семіп. Сендейлердің сазайы жалғыздық».

Жартас үнсіз қалды. Түксиген суық қалпында түн қараңғылығына еніп бара жатты.

ЖАС ҚЫРАН

♦ - Әй, жалпылдақ! - деді Тышқаншы бүркіт, қанаты енді-енді қатая бастаған Тірнекке тақап келіп. — Түлкі бүрген неңді алған?! Жембасарыңды шайнатып, арандап қаласың ғой.

— Ә, солай ма? — деп жас Бүркіт баршын тартқан ата бүркітке мойнын бұрды.

— Карашы маған! — деп Тышқаншы дурдие қопсыды. — Тұрпатымда артық мін бар ма? Қанат-құйрығым селкеусіз.

Тырнақтарым да мұқалмаған. Тегеурінім мен жембасарым бәз қалпында. Қандауырдай лыпып тұр.

— Мұндай табысқа қалай ие болдың?! — деп таң қалғансыды Тірнек. — Расында, бой-басында бір мін жоқ. Адамдар айтқандай құрыштан құйылғандайсың.

— Мойындарсың, балақан! — Тышқаншы жаңағыдан бетер дүрдиді. - Құс тектісі біздер боламыз түбінде. Біздің әулет өсіп-өніп, молығып келеді. Сендер де біздің қатарымызға қосылыңдар. Алдымен, жассың ғой, сен ыңғай бер.

—Ұяластарымнан ұят болмай ма?

— Несі ұят? - Тышқаншы бүркіт Тірнекке уыттана тесірейді. — Мақтанның заманы өткен. «Құс тектісі қыранбыз. Арқар мен таутеке де құтылмайды. Түлкінін сорымыз боса-болмаса. Қасқырды да бүріп түсеміз» деген астам кеуде ендігі жерде бос әурешілік.

— Тышқаншы атанғандағы мақсатыңыз не? — деді жас қыран алмастай шегір көзін шақырайтып. — Құйтақандай ғана болымсыз тышқан ілгенде қырандарда қандай қасиет қалады?! Басқаларға мазақ боламыз ғой.

—Ақымақшылық-ай! Қырандық ендігі жерде бүркіттерге үйлеспейді демедім бе?! Жер бетінен жойылып құрып кетпеу үшін, көзге түспей елеусіз бұғып қана жүруіміз керек. Біздерге енді тышқаншылаған жадағай жайдақ тірлік қолайлы. Сонда ғана аман қаламыз. Әйтпесе бар ма, жұмыр бастылардың мазағына ұшырап, солардың қолбала құсына айналып, торға қамалып итшілеумен күн кешеміз.

— Болмайды! - деді көзіне уыт жиған Тірнек дүр сілкініп. — Ұяда не көрсем, соны ілемін. Қырандарға биіктеп ұшқан жарасады.

—Олай болса, өз обалың өзіне, — деп Тышқаншы амалы таусылған шарасыздықпен күшігенше қопсыды. - Тек жүрсең, тоқ жүресің. Ұрыншақтанып азулыға ұрынсаң бірде болмаса бірде мүлт кетіп топшынды кетіріп, тұяғынды алдырасың. Тілімді ал, тышқан аулауға бейімдел. Сонда қауіп-қатерден аман жүресің. Алаңсыз ұзақ жасайсың.

— Ата бүркіт мені ездікке емес ерлікке, қыран боласын деп баулыған! - деді Тірнек көзіне уыт жиып. - Тышқаншы боп күнелткенімше жартасқа соғылып өлгенім артық!

— Қыршыныңнан қиылып кетерсің. — Тышқаншы оны уытсыз жіпсік назарымен арбады. — Ойлан. Әлі де кеш емес.

— Қыран боп келдім дүниеге! Қыранша ұшып, қыранша қорегімді айырамын! Қыранша өлемін және! Ата бүркіт маған осыны өсиеттеген, — деді де жас Қыран ақ бас шыңды бетке алып биіктей ұшып кете барды.

КЕРЕНАУ

♦ Тазы тұрықты еді. Кеудесі ауқымды. Бүкіс бел, түлкі құрсақтың нақ өзі. Тұмсығы үшкіл. Азусыз да емес.

—Осы сен не бітіресің? — деді төрт көз қара Төбет үйшігінің аузында шоқиып отырған Тазыға. - Не түлкі алмайсың, не қораға үрмейсін.

— Түлкі жоқ болса ше?

— Онда қасқыр ал.

— Өзің не бітіргендейсің? - деді Тазы қуыстанып.

— Адамдарды ұры-қарыдан, ит-құстан қорғаймын, - деді Төбет.

— Олар сенің қызметіңе зәру емес, — деді Тазы одан жеңілгенді ар көріп. — Итаршымын десеңші одан да. Жағынуға жаның құмар иеңе.

— Сен ше?

—Мен деген асыл текті тұқымымын салпаң құлақтардың.

— Сондағы қасиетің үй күшік марғаулығың ба?

— Сыпамын, — деді Тазы. — Қабаған емеспін. Бостан-босқа байбаламдап үретін мазасыздықтан адамын. Қомағай емеспін. Сен тәрізді ашқарақтанып бұралап қылғи бермеймін.

—Қысы-жазы үй қарасын көрмей желдің өтінде, жаудың бетінде жүрсең көрер едім сенің сыпалығынды. Адамдарға нағыз сүйеніш біздерміз. Сен құсаған тоңғақ емеспін.

Тазы тосылды.

— Төбетпісің деген осы-ау! — деді үйшігіне кіріп жатып қалды.

—Керенауым, жат солай! — деді Төбет ұйқысы кеп тұрса да кергігенді ар санап.

МАЗАСЫЗ ШҰБАР

♦ Шұбар мекиен мазасыз. Ашқарақтың нақ өзі. Жұмыртқалап та жарытпайды. Жұмыртқа басып та көрген емес. Шығарған бірді-екілі балапан қанаттанбай жатып сетінейді.

Шұбар қыт-қыттады. Жылыстап кетті одан өзге тауықтар. Бүріп жібереді. Шоқып тастайды. Таяуда бір жас мекиеннің көзін ағызып жіберді. Ата қоразға да күн көрсетпейді.

—Қоқилана берме құр босқа, — деді Шұбар оған. - Әтеш деген сергек келмей ме? Барып тұрған жалқаусың. Үнінді қызықтағанға мәзсің. Дәні бар қорданы қопсытуға да ерінесің.

— Нысап керек. — Қара әтеш мекиенді сабырға шақырды. — Шоқынып қорек іздей бергенде не жанымыз қалады?! Дәннен де бұрын мәнді ойлайық.

— Мәнді боп не бітірмексің?!

— Иелерімізге сүйкіміміз артады.

— Оларға керегі жұмыртқа. Түртін дегесін, түртін. Өйтпейді екенсің, жайыңа кет. Жалтырат табанынды!

Қораз еріксіз ширады. Тауықтарды жұмылдырды пайдалы іске. Қоршаудан өтіп, бөтен аулаға барды да, бақшалықтың әптер-тәптерін шығарды.

Ауланың иелері ноқай екен. Тауықтарды бүліншілікке бастап жүрген дәу де болса сен шығарсың деп, қара қоразды кірпішпен бір-ақ жатқызды. Басқалары да жазадан құтылмады. Бірінің аяғы сынып, бірінін қанаты жұлынып, дәделерін мықтап алды. Шұбар тауық қана аман қалды. Мазасыз Шұбар иесінің назарында жүр екен. Көзін құртпақшы боп қуалап еді, әккі тауық қоршаудан сытылып

шығып, басқа бір бөтен тауықтарға қосылды. Үйреншікті әдетімен оларды да тықсыра бастады. Әтеш әндемді екен, Шұбарды үй айналдыра қуалады. Жаны қысылған мекиен басқа жаққа жылысып кетті. Жат тұрақта тағы да сол мазасыздыққа басып «қыт-қыттаумен» жүр әлі күнге.

Не бала тауып, не жөндеп әйел болып жарытпайтын кейбір төмен етектінің тірлігі Шұбар тауықтың мазасыздығына дөп келеді.

БҰҚҚЫШ

♦ Жорға торғай білгіш өз әлінше. Шөже торғайды іліп-шалып жүргізбейді.

- Әй, Шөжебас, қашан ширайсын осы сен?
- Шираганда не бітіремін?
- Көзге түсіп дегендей. Басқа құстардың назарын өзіңе аударып... Тектілеріне бас иіп, жағымпазданып дегендей.
- Ондайға икемсізбін, - деп мұңайды ол. — Оңған сиқым да жоқ. Епсізбін және өзім.
- Жүрісіңді түзе алдымен. Қимылыңды шират.
- Қалайша?
- Маған ілесіп айтқанымды екі етпесең, аз күнде үйреніп шығасың.

Шөжебас амалсыздан илікті. Рас-ау, назарға ілігіп жақсы атты болғанға не жетсін! Елеусізге кім көңіл бөледі. Санда бар, санатта жоқ. Бұққышты жанның бәрі біледі. Атақтан да құр емес. «Жорғалауық» деп өсіреді дәрежесін. «Бұққыш» деп және дәсірелейді. «Жантық» деген де аты бар. Бұл ондай атақтардан жұрдай. Үрпиіп-сүрпиіп жүргендіктен Шөжебас атанған.

Жаттығу басталып кетті. Секек-секек етуі керек. Неше қилы шалт қимылға басу оңайға түспеді. Сирағы сыздап, тырнақтары сынып кете жаздайды. Әсіресе бұғына жорғалақтау қиынға түсті. Бұғынып қап, бұға қалып, секек қағып не қилы қимылмен көрер көзді алдаусырату — асқан шеберлікті қажет ететін машық екен.

Бұққыштың құдайы жарылқады. Осындай әдіспен барша торғайларды өзінің өнеріне бейімдеп, соңынан ілестіріп алса, атағы аспандап «құс төресі» атанбай ма!

—Қанатынды қомда.

—Қомдадым.

— Түсіріп жібер де алдамшы қимыл жаса.

— Жасадым.

— Секек-секек ет. Бұғына жорғала. Бар өнеріңді сал.

Сөйткенше болмады, Кезкұйрық сап ете қалды. Бұққыш торғай жасырынып үлгерді де, оралымсыз Шөжебас жыртқыштың тырнағына ілікті. Дал-далын шығарды ашқарақ құс. Аман калған Жорғалақ секек-секек етіп, машықты бұғынысын бастап кетті.

Осындай оқиғаны өмірде жиі кезіктіресің. Өзінен зорға жағынып жағымпаздануды, қулык-сұмдықты, жалтарай-бұлтарайды шебер меңгергендердің есебі түгел. Пәле-жәле жуымайды ондайларға. Жорғалақ жүрісімен, аярсыған сөзімен, бұқпа амалымен қулығын асырып, ашық ауыз аңқауларды айдап салады аран ауыз қомағайларға. Жеме-жемде бұққыштар құтылып, аңқаулар тұтылады.

ИКЕМСІЗ БӘКІ

♦ Жаны тыныш, жағасы бос. Үнемі жанқалтада жүреді. Анда-санда ғана ашылып жабылады. Тындыратыны мардымсыз болса да, сүйкімді-ақ. Кім көрінгенге ашыла бермейді. Момақан һәм сыпайы.

— Әй, Бәкі, қайдан жүрсің? - деді асханада кездесіп қалған шаруақор пышақ. - Сені де көретін күн болады екен-ау!

Бәкі мұңайды.

—Иеме жақпай қалдым.

—Нендей әрекетіңмен?

— Тез ашыла коймай.

—Не қара басты сені?

— Жан тыныштыққа беріліп кеттім ғой.

- Енді күнің нешік?
- Білмей тұрғаным...
- Онда бейімдел мына біздің тіршілігімізге.
- Қайтіп?!
- Тез ашылып, тез жабылып, шаруа тындырып дегендей.
- Жарайды онда, — деді Бәкі. - Жалқаулықты тастаймын.

Қарбалас үдеді асханада. Тағам дайындаудың камына кіріскен аспазшылар шапшаң қимылдап, пышақтарды пайдалы іске жұмылдырды. Кәнігі бейнетқорлар машықты жұмыстарын бастап кетті. Бәкі бірден кірісе алмады. Қанына сіңген әдетпен тартыншақтай берген. Бәкіні қолына алған аспазшы тезбе-тез ашам дегенде, шынашағын шаптырып алып, безілдеп қоя берді.

- Отқа түскір-ай! Қайдан пайда болған мына шібиген пәле?! — деді қолын сілкілеп.
- Маған бере салшы! — деді асхананың қара жұмыскері. - Бұрандасы бар екен. Бөтелкенің тығынын ашуға ыңғайлы.

Өмірде нақ осы Бәкі тәрізденген әйеншектер жиі кездеседі.

ҚЫРСЫҚ

♦ - Неге осыншама сіресесің? — деді оған Есік. — Неңдей - артықшылығыңа сенесің?
- Менсіз қиын ғой сендерге, — деп сызданды Құлып. - Мына дөдеңнің арқасында тынымдап дем аласындар.
- Керісінше зерігемін, — деді Есік қитығып. — Қисынсыз құлыпталып, бағамды түсіресің қайта.
- Олай болса, есеп айырысайық, - деді Құлып. - Көрсетейін саған қырсыққанды!

Құлып қолма-қол шығарды ілікті. Сіресіп ашылмай қалды. Үй иесі әр кілтті бір сұғып одан әрмен қитықтырды. Жойдасыз қырсықты.

Отағасы дағдарды. Есікті бұзып кірмесе болмайды деп шешті.

— Әй, Құлып, қайт райдан? — деді Есік жалынып. - Екеуімізге қатар төнгелі тұр.

— Менің қанша дегенмен темір атым бар, - деді Құлып қитықты мінезінен танбай. - Бұзылсам да жерде қалмаймын. Түбінде саған қиын соғады. Балтаның аузына түсіп, отқа жағыласың.

Есік тосылды. Зауалдың төнер сәтін көмпістікпен күтті. Расында, жөндеуге келе ме бір бүлінгесін?!

—Мынау есік құтты еді, — деді отағасы қолы епті көршісіне ескертіп. - Лажы болса бүлдірмеуге тырыс.

— Оңда құлыпты жайына жібереміз.

—Мейлі, — деді үй иесі қолын сермеп. — Өзі бір қырсық құлып.

Есік қуанып кетті. Үні бітіп әлсіреген Құлып:

—«Қырсыққа сор мінгеседі» деуші еді. Сенің иттігің жетті-ау түбіме! — деп айтып үлгерді.

Өз кінәсін өзгелерден көретіндердің бір мысалы осы.

ГҮЛ МЕН АРУ

♦ Гүлдің ең әсемі-тін. Ұсынықты өзі. Сан түстін бояуы бар реңінде. Алқара көкке де жуықтайды. Жасыл мен сары түс те қылаң береді құлпырған шырайынан. Күн нұрымен құбылып тіптен ажарланады. Еңсесін тіктегенде, мүтін өскін атаулы бас ұра тәжім еткендей еді. Сонын шылауында көбелектер. Небір күміс айдарлысы ұрынады. Нәзік тұрқына бек жарасқан ұлпа тамағына кеп жабысқан шырынқұмар көбелекті хош иісімен қарық қып тастайды. Қауызына сыймай будыраған бал шырынымен мас қылады. Өзін де, оны да тәтті тұшынысқа кенелтеді.

Әдеміліктің әлегі басым. Сұлу сымбаты мен құлпырған дидарына масайрап желіккен Гүл бір күндері аяқ астынан мінез шығарған. Төңірегіндегі өскінді менсінбей астамсыды. Басқа гүлдерден бойын оздыруға жанын салды. Көбелектер тек соны ғана төңіректеп, соған ғана бас ұрып өліп-өшуге тиісті. Олар Гүлді алма-кезек желпіді. Одан

әрмен кергіді. «Мені жырлаңдар, әнге қосындар!» — деп бұйырды құстарға. Өсімдіктер құлдық ұрды оған. Құстар құйқылжыта мадақтады.

Көңілі біріне де көншімеді. Мадақтағандары мазақтағандай кері әсер етті. Әсіресе ол көбелектерге жауықты. Кекірлікке басып, қауашағына бұғынып, қымтанып алды. Оқшауланған кесірлі Гүл басқа амалға көшті. Көзге түсіп адамдарды таң қалдырмаққа жанын салды. Қынабына сыймай бұраңдап дидарын күн кірпігіне тосты. Одан әрмен нұр жайнады. Әбден астамсып көңіліне желік бітіп: «Адамдар-ау, қайдасыңдар?! Маған қарасаңдаршы?!» - деп нәзік үнін созды.

Қырға шыққан екеуді елең еткізді тосын үн.

— Мына қызықты қара! - деді жігіт қолтықтасқан аруға сандаған түспен құбыла көз арбаған Гүлді нұсқап. - Дыбыстайды адамша. Неткен әсем еді?!

— Гүл мен қыздың сүйкімсізі болмақшы емес, — деп астарлады сөзін бойжеткен. — Ұйпалақтап қадірімізді кетіретін, өңімізді бұзатын кеудемсоқтар емес пе?!

— Саған ұсынсам қайтеді осы гүлді? - деді жігіт қызға құмар көзбен тесіліп. — Бәлкім, осыдан кейін тіл табысып, жарасып кетерміз.

— Жұлмай-ақ қой, — деп ол жігіттің алдын орады. - Тұра берсін. Жұлынғасын қасиеті қалмайды. Қыр төсін құлпыртып тұрғанының өзі неге тұрады.

— Гүл үзілу үшін өседі, қыз әйел болу үшін бой жетеді, - деді үстемсіген жігіт. - Гүл мен қыздан құр қалатын ынжықты тапқан екенсің?! Сүмбіленің суығы ұрып, сұры қашпай тұрғанында бізге бұйырғанына қуансын қайта. Сен де кергіме. Тақияңа тар келмеймін.

Суық қол Гүлге төнгенде, қыз бетін баса қалды. Гүлдің аянышты үні естілгендей боп абдыраған бойжеткен жалт бұрылғанда, алпамса еркектің құшағына тұтылды.

Жұлынған гүл керексіз боп аяқ астында қалды.

ЖЕЛӨКПЕ

♦ - Сәлем бердік, - деді Велосипед үлкендікті кішілікке жеңдіріп. - Қай туғансың?

—Иномаркамын.

— Оның ішінде?

— Мерседеспін. Өзің ше?

— Желдіаяқ деген пакырың мен боламын.

—Жер бетінен жойылып кетуге жақынмын десеңші, — деп «Мерседес» кекесінмен осқырынды. — Не деген итжандысыңдар-ей?! Жиырма бірінші ғасырға да іліктіндер ме?

—О, не дегенің?! — Желдіаяқ ұрт кетпей басыңқы үнмен жай-жай сөйледі. — Сенде бар дөңгелек менде де бар. Адамдар әзірше бізбен дос. Кедей қолдымыз. Денсаулықтарына жайлы тиеміз.

— Ит бүлкек мимырт жүрістеріңмен кімдерді мұратқа жеткізгендейсің? - деп анау шиыршық атты. — Тұрма жолымда, басып өтермін.

— Сабыр сақтасаң етті, — деді Желдіаяқ қашанғы ақылгөйлігінен жаңылмай. — «Асығыстық — шайтан ісі». «Желөкпенің желегі желмен кетер» деген ғой. Алла пендесіне «сақтансаң — сақтаймын» деген. Аман ердің аты шығады. Негізіміз бір, тілектеспін саған.

— Тілегің өзіңе! - деді де «Иномарка» иесін отырғызып алып, жөнеп берді.

Желдіаяқта солай қарай бағыт ұстады. Иесі қартандау кісітін. Көлігін аса қыспай, баппен теуіп бара жатты. Он шакырымдық жолды еңсеріп қалғанда, қуып жетті әлгі желөкпені.

«Мерседес» аунап қалыпты. Жәпірейген түрі аянышты-ақ. Иесі аман екен. Жеңіл жарақатганған ол: «Сатып алғаныма үш-ақ күн болып еді. Қайырсыз адыра-ай!»—деп жылярман болды.

Велосипед мінген егде кісі су жаңа көлігінен айрылып жаяулап қалған жас жігітті: «Басың аман болса, әлі талай мәшинені тоздырасың», — деп жұбатты.

Бүктеліп тамтығы қалмай, төрт аяғы аспанда жатқан жеңіл мәшинеге үңілген Жедіаяқ:

— Құдай аясын сен байғұсты! — дел мүсіркеді.

— Осыдан қатарға қайта қосылатын болсам, ақырын жүріп, анық басармын-ау! - деп аяныштыүнмен зорлана ышқынды желөкпе.

Негізі жұмсақ Желдіаяқ аяп кетті оны.

КӘРІ ҚАСҚЫР

♦ Көкжал ұлыды. Қоймай-қоймай созды үнін. Жортуылды күндерін аңсап еді. Келе ме қайтып ол күндер. Тышқаншылаған өнімсіз бұқпа жүрістен мезі боп бітті. Баяғы айбарынан түк те қалмаған. Күш-қайраты мүлде кемшін. Бәрінен де бұрын азудан айрылғаны қиын соқты. Кезінде «тас шайнар» атанып еді. Малдың жауы-тын. Талайын жықты ғой. Шикі шек те тастамайтын. Тік көтере жеп кететін. Екі аяқтылардың жәрдемшісі салпаң құлақтардың да дал-далын шығарып қанын суша ағызатын. Иелеріне табынған өлесі жағымпаздықтарына ызасы қозып, көзіне көрінсе болды тіке жүнше түтіп жібрер еді. Иттердің де беттісі бар. Ежелгі тағылықтан қалған өжеттікке басқанда, ықтатып жібереді кейде мұны. Өзімен тең түсетін дұшпанымен айқасқанда арқа-басының құрысы бір жазылар еді. Тіктесер жауыңның азулы болғаны қайратынды еселейді. Шама-шарқыңды шамалап аласың да, жігеріңді шыңдай түсесің. Күш-қуатыңды жұмылдырып өліспей беріспес өжеттігіңді жетілдіріп, шынығып шымырлана бересің.

Кәрі қасқыр барып-барып тоқтады. Үнінде сондайлық дігершіл астам екпін жоқ-тын. Кезіндегі «қырам-жоямның» болмашы жаңғырығы ғана. Жер астынан шыққандай боп өлеусіреп үзілді де, кәрі қақсал жас бөріге қызыға қарады.

— Неге дememейсің мені? — деп ызалана ырылдады. — Ұлымасаң қастасың басынады. Басқа шығып кетеді, дамыл-дамыл мазалап қойған да жөн бір есептен. Анда-санда азаңдап алғаннын зияны жоқ. Әлгі бір біз тектес

сатқындарды да бұқтыра түсу керек. Салпаң құлақтарды айтам. Тегіміз бір еді, сатылып кеткен жоқ па адамдарға.

— Тағы қандай тәліміңіз бар маған ұқтыратын? — деп жас бөрі кәрі серігіне сынай қарады.

— Көкжалдыққа тырысып, көріне шап. Амалдауды да ұмытпа.

— Санамалап бере аласыз ба айла-тәсіл түрлерін? — деді жас бөрі өп-өтірік аңқаусып. — Айқасқа түсіп көрмеген аңғалмын ғой. Көкжалдыққа енді-енді бейімделіп келемін.

— Жортуылды үдетесің - бұл бір деп қой. Екіншіден, кие жарып жұлып кетіп, іліп түсіп шиыршық атасың. Көзіңе көрінгенді құтқарма. Шайнап таста. Дала бөрісі мына біздің сертіміз — қан тілеп жау қайдалау. Бірді місе тұту, қанағат ету — табиғатымызға жат.

— Ақыл-кеңесіңізге тәнтімін, — деді жас бөрі құлағын жымитып. — Алайда, сіздің нұсқыңыздан сондайлық айбарды көре алмай тұрмын.

— Қартайдық қой, - деп жылырман болды. - Тойымсыз қомағайдың нақ өзі едім. Бір малды тік көтере жеп кете беретінмін. Тышқаншылап жүргенімде бағыма сен кезіктің. Үміттімін өзіңнен. Аяз қысып әкетіп барады, боран соқса қорексіз қаламыз. Қане, шық ашық майданға!

Жас бөрі айбаттанды. Кәрі қақсал оны демеді. Тебіндегі отарға көріне шапты. Құдиып кеп қалған қос бөріні қаруы сайлы қойшы түре қуды. Қасындағы серігімен тізе қоса шапқылап, қыспаққа алды бұларды.

— Жалтаңға қарай қаш! Адымың ұзарады. Бауырың жазылып, еркін көсілесін, — деп айтып үлгерді кәрі қасқыр жас серігіне. Өзі болса, шұғыл жалтарып өзектегі қалың қарағанды далдалады. Жас бөрі жазықта құлаштап бара жатты. Қойшының аты ілкімді екен. Сойылын оңтайлап төніп кеп қалғанда, қарсы атылды оған өжет көкжал. Ерден ауып барып зорға оңалған қойшы ат басын іріккенде, жас бөрі құлашын жаза түсті. Қуғыншыдан қара үздірген соң, жортуылшы серігін іздеді. Көп тостырмай төбе көрсетті кәнігі жырынды.

Жас талап қарақұлақ ашулы еді. Келе соқтықты кәрі шөңгеге.

— Мені қуғыншының алдына салып беріп, өзің жасырынып қалғанда не бітірмекшісің?!

— Қапа болма, - деп кәрі қасқыр ашулы бөріні сабырға шақырды. — Ежелден бар үрдіс. «Жас қасқыр — жалтаңға, кәрі қасқыр — қалтаңға». Уақа емес, өсти-өсти шынығып, шымырланып, айтулы көкжал боп шығасың.

—Сіз ше?

— Менікі сол - жарға бұғып жан бағып, тышқаншылап күн көрудің амалы.

Жас көкжал желке жүнін дүрдитті.

— Аяққа оралғы боп біттің-ау алжыған сор! Үйір, қане, иманыңды!

... Осы көрініс қыр басынан бақылаған өкелі-балалы екеудің де көңіл-күйлері онша емес-тін. Шалдың кемпірі өліп калған. Өзі және можа-можа боп картайған тірі аруақ есебінде. Қасындағы баласының да сықпыты оңып тұрған жоқ. Араққа салынған әруейдің нақ өзі. Ол да қатынсыз бүгінде. Келіншегі екі баласын ертіп төркініне кетіп еді, табаны күректей алты айдың жүзі ауды, оралатын түрі жоқ құтты босағасына. «Әкесі алжыған, өзі ішкіш. Табыс таппайды» деп жазғыратын көрінеді сүйіп қосылған жан жарын.

— Кетемісің ауылдан?

—Кетпегенде ше?!

—Келіннің соңынан барамысың?

— Жоқ. Қалаға...

—Қалада не бар?

—Кәсіп іздеп... жұмысқа тұрсам деп...

— Мені ше?!

Жігіт шешімін бірден айта алмады. Дүрбімен тау беткейін шолды. Бұл мезетте жас бөрі кәрі көкжалды жәукемдеп жатқан-ды. Ап-анық шалынды көзіне.

— Ананы қара!

— Аң ба?

—Қасқырлар... бірін-бірі талап жатыр.

— Тас қапқырлардың әдеті ғой, - деді шал жайымен ғана. — Әлдісі әлсізін жеп қояды. «Бөрі — кәрісін бұралайды» деген мақал содан шыққан.

Жігітке ауыр тиді мына сөз. Шал өзінен де бұрын жігерсіз жасық ұлын аяды. «Есім барда жөнімді табайын, — деді түк қиналыссыз. — Мені өзіңмен бірге ала кетіп қарттар үйіне тапсыр».

Баласы жүзін жылытып, зорлана күлімсіреді. Ойым сол еді деп айта жаздап, әкесін арқадан қақты. Кәрі шөңге жартастай мелшиді.

Күші асқан көкжалдың мейілі білген еді. Тоғайған ол қарды қаба-қаба асап жіберіп, ақ мамыққа аунап-аунап алды да, елсізді бетке алып жортып жөнелді. Кәрі қасқырдың сойдиып қаңқасы ғана қалды.

АЗҒЫРЫНДЫ

♦ Есік қашаннан елгезек. Ашылып, жабылудан жалықпайды. Міндетсімейді қызметіне.

—Мазамды кетірдің, — деп Терезе ілік шығарды. — Үнің бір сөнбейді. Шиқылдайсың ба, сықырлайсың ба, дамылдық жоқ-ау сенде. Ұйқы бермейсің.

— Міндетім сол болған соң қайда қашып құтыламын?! — деді Есік момынсып. — Ашылып, жабылмасам ішім пысады. Зерігіп бітемін. Әрі үй иесіне қызмет көрсетуің керек. Көңілінен шықпай қалсам, басқа тәуірін таңдамай ма?

—Қорқақсың барып тұрған! — деді Терезе жылтыр бетіне сұс үйіріп. — Менен үлгі алмаймысың? Өзіңді бұлдай білуің керек. Бұға берсең, сұға береді. Сый жүрмейді бұларға.

—Нендей амал жасайын?

—Сіресіп ашылмай қал.

—Одан не шығады?

— Сенімен санасатын болады үй иесі.

— Өзін қайтесің?

—Мен деген, кергіменің өзімін нағыз. Өздері үшін аялап мәпелейді. Беті-қолымды сүрткіштеп бәйек боп, одан суық қолдан қорғаштап жан-тәні қалмайды. Жаным тыныш, жағам бос. Аяймын кейде сені. Мына қалпыңмен ұзаққа бара алмайсың. Мезгілсіз тозып қаласың.

Есік ойланды. Досының сөзіне азайын деді. Мінез шығаруға бекінді де, аяк астынан қырсықты. Бұрынғыдай тез ашылып, тез жабылмай, табандап тұрып алатынды шығарды. Ашылмай қалатын әдетті және жиілетті. Бір күні морт кетті, тарс жабылып сіресті де қалды. Иелері олай жұлқыды, былай жұлқыды, ақырында бұзып кірді ішке. Ескісін жаңасымен ауыстырып, ақ балтаның азуына ілігіп, кида-кида шыққан қиқар есікті терезенің тұсына тастай салды.

— Иеңмен келіспей қалғанбысың? — деді жылтыр бет Терезе өп-өтірік мүләйімсіп. — Ендігі күнің нешік?

Есік әлсіреп қалған-ды. Азғырынды Тереземен ұстасып, мінез көрсетуге шамасы қайсы?! «Әттесі-ай, кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол дегенді ұкпағаным-ай!» - деп күңіренді байғұс Есік.

Терезе мәз. Жылтыр бетінде зәредей де ұяттың ізі жоқ еді.

ЖАРАЛЫ СҰҢҚАР

♦ Сұңқар әлсіреп қалған-ды. Қанат-құйрығы селдіреңкі тартып, сиқы кете бастаған еді. Далп-далп сабаланып, зорға көтеріледі көк жүзіне. Биікте емін-еркін самғайтын күндер келмеске кеткен. Кезінде қаз-үйрекке майдан ашып, қырып сал атанған қанды көз жыртқышқа бүгінде өзегін жалғаудың өзі мұң. Бойына шыр бітпейтін ұзын сирақ тырнаның жасығын місе тұтпай, қараша қаздарға құдиып дуадақтарды бәршектейтін Сұңқар өлексеге алданған құзғынның кейпінде. Көл жиегіне шығып қалған балықты шұқиды. Қанаты кетілген құстарды торуылдайды. Одан суға түсіп, дем алуға келгендердің қалдық тағамдарын шоқиды. Жұмыр бастылар да тойымсыз. Жемейтіні жоқ.

Сөйтеді де қанатты жыртқыштарды жазғырады. Өздерінің құдайға қараған ақ жүрек екенін дәлелдеп бере қойсыншы. Мұны осындайлық кіріптарлыққа дұшар еткен солар. Тордан сытылып шығамын деп жанталасқанда, топшысын зақымдап, қанатын сындырып алды. Содан былайғы тірліктің сиқы мынау. Қайран, келмеске кеткен дулы күндер-ай! Құс базарына айналған көгілдір көлге қияннан кеп киліккенде, айдыннан көтеріле ұшқан құстардың қиқуынан құлақ тұнып, әбігерге түсіп жан ұшырғандағы данғаза шуылына қыбы қанып, өрлене түсетін де, қара бұлттай тұтасқан құстар шоғырына құдияр еді. Тепкініне ұшырап, дода-додасы шыққан қаз-үйрек жерге топ-топ етіп түсіп жатар еді.

Сөйткен болат топшылы қан шеңгел қыран өлімші бүгінде. Жаралы жыртқыштың әлі де болса бір қағары бар. Көзінің оты сөне қоймаған-ды. Қанат сермесі бұрынғыдай болмағанымен, сырт тұлғасы: «Әй, анау сұңқар емес пе?!» дегізердей жинақы еді. Содан да адамдар бұған іш тартады. Сыртынан байқатпай кеп суретке түсіріп алады. Дүрбімен тамашалайды. Далбалақтап жер бауырлай сабаланып ұшқанын көргенде, аяушылық білдіріп бас шайқасады. Аяйды жаралы сұңқарды.

Өзегі талған ол жиекте қалып кеткен тағам қалдықтарына қылғынып апаш-құпаш шоқи бастаған-ды.

Судан шыға келген Көлбақа: - Нені шоқып жатырсыщ-ей, ашқарақ неме?! — деп Сұңқарға қисынсыз соқтықты. - Сені де құс тектісі дейміз-ау! Қалдықтан үнем айырғаның естір құлақтан ұят емес пе?! Саған жараса ма осы күйбен? Қарашы маған! Иен көлдің бірегейімін. Не ішем, не жеймін демеймін. Мол корек аузымнан қалады. Маған және судағы барша жәндіктер тәжім етіп бас иеді. Құлдық ұрып құрметтейді.

Сұңқар шыдамай кетті. Саңқ еткенде, Бақа шошып қалды. Тостақ кезі бағжиып қорыққандығы соншалық, зәр шығарып жіберді.

— Әй, жалпақ бас, шибұт неме! Не деп шатып тұрсың?! —

деді Сұңқар уыттанып. — Саған бұл сөзді айттырып тұрған түпсіз терең тұңғиық-ай. Есіңде болсын, сенің болымсыз бағыңнан менің сорым артық.

Бақаның үні шықпай қалды. Суға шым батып, бой тасалады.

Жаралы Сұңқар ащы.шаңқылға басқанда, тебіренген көл толқыны көбіктеніп тулап жатты.

КЕУДЕМСОҚ

♦ Биік үйлердің ығыдағы аласа құжыраның төңірегі көгеріпті. Жеміс ағаштары жапырақ жайып, өнімін төге бастаған-ды. Ескі тұрақ тым аласа еді. Сонысына қорынады. Іші жанға, төңірегі ағашқа толы болғанымен, өзін тым қораш сезінеді. Өйтпеске амалы қайсы?! Көп қабатты алып үйлер төбесінен төнгенде, бәкене бойына қорланған құттыхана асқақтаған үйлердің астында қалып қоймаймын ба деп іштей қауіптенеді. Дәс алған алып үйлер теңселгендей болады да, ескі құжыра бұғынып жерге кіре жаздайды. Қыбы қанып, астамсыған кеудемсоқ тіптен кекірейеді.

- Әй, жәпірейген Жеркепе! - деді алып үй. - Сұрқымызды кетіріп біттің ғой, батырсаңшы қаранды!

Аласа үй шамырқанды.

— Байқап сөйле! Шыққан тегін ұмытқан жау танымас жаман неме!

— Тарт тіліңді! — Астам көкірек тіптен ісінді. — Біздің бітім-болмысымыз сендерге мүлде үйлеспейді. Қашаннан қалыбымыз өзгеше асыл сүйекпіз.

- Жоқ, олай емес. — Аласа құжыра дәлелін қисынмен өрбітті. — Әу баста күрке едік. Одан жертөлеге айналдық. Келе-келе тоқал там дәрежесіне жеттік. Содан сендер өңейіп жетілдіңдер. Арғы тектерің бізбіз. Әу баста барақ боп, содан тоқал тамға, одан шатырлы үйге ауысып, соның нәтижесінде көп қабатты боп биіктегенсіңдер.

Кеудемсоқ алып үй теңселендеп кетті.

— Табаныма түсіп тапталмай тұрғанда жөніңді тап! Сендер кім, біз кім, арамыз жер мен көктей.

—Солай деймісің?! — деді аласа үй күңіреністі үнмен. — Шыққан жеріңді, әу бастағы қалыбынды ұмытқаның ба?!

— Біз озғынбыз, жыл-жыл сайын биіктей түсеміз, — деді Кеудемсоқ. — Өңейіп түрлене береміз. Сендер бара-бара жерге кіріп жоғаласындар.

— Керісінше шығар, — деді аласа құжыра берискісі келмей. — Биіктік тек аллаға ғана тән. Тасы кетсе тау екеш тау да жермен-жексен болады. Суы тартылса, теңіз де шалшыққа айналады. Өмір бір қалыпта тұрмайды. Бүгін барсың, ертең жоқсың.

—Ақылың өзіңе! — деді Кеудемсоқ алып үй төбесімен көк тіреп. — Біздің сүйеушіміз — адамдар. Солардың шебер қолымен, маңдай терімен бой көтергенбіз. Піріміз де, сыйынатын құдайымыз да солар. Олар тұрғанда бізге қауіп жоқ.

Аласа құжыра қапаланды. Жаны жаншылып қорланған байғұс тәубасын ұмытқан астамшылды райынан қайтара алмасын біліп, төменшіктеп бұғына берді. Құнысып шөгіп бара жатты.

Осы сәтте күтпеген жағдай болды. Қапелімде алып үй теңселіп шайқалақтай бастады.

Сүйей берші! Басым айналып барады, — деп өтінді төмендегі аласа құжыраға. - Жағдайым болмай тұрғаны...

Жер сілкінген еді.

ӨЗІМШІЛ БҮЙІ

♦ Бүйі — мейлінше өктем, әрі асқан өзімшіл болатын. Өрмекшілерді уысынан шығармай қатты ұстады. Момын байғұстарды шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа ұстауға жұмылдырды. Ақ кілегейлерін аямай жұмсап, тор құрған олар қожасына мінсіз қызмет көрсетумен келеді.

— Өрмектерің маған ұнамайды, — деп сұстанды Бүйі бір жолы. — Осал мүлде. Шырмалған жәндіктер сытылып кететін боп жүр.

— Құп болады! Қатырамыз! — деп құлдық ұрды өрмекшілер. — Инелік пен көк бас сонаны да шырмаймыз.

Арада айлар өтті. Өктем Бүйі тағы бір тосын жарлық шығарды. Құстың қанына жерік бопты жұптасы. Бейнетқорлар жұмыла кірісті. Қауырт жұмыс күндіз-түні бір тынбады. Құрған торға қанаттылар алма-кезек түсіп жатты. Торға шырмалып торғай атаулы бүйінің жеміне айналды.

Арада айлар ауысып, жыл жылжыды. Астамшыл Бүйі тағы дігер салды өрмекшілерге.

—Тұрағымды елде-күнде жоқ ғажайып тормен көмкеріп, неше қилы етіп өрнектеңдер. Бір шеті айға жетіп, жұлдыздарға ілініп тұрсын. Беріктігімен жан-жануардың мысын басып, маған қастық қылғандар шырмалатын ажал тұзағына айналсын.

Өрмекшілер құп десті, әрі қынжылды. Өрмек тоқитын кілегейлерін төге-төге әл-шамасы құрыған байғұстар амалсыздан кірісті. Жан кешті тырбаныспен өндіре еңбектенді. Алып тор күн-күн санап қанатын жая түсті. Бірнеше қабаттан тұратын тор мейлінше берік боп шықты. Әсем еді. Көрер көзді еріксіз тартады.

Оңайлықпен бітпеген алып тор. Сілекейлерін жұмсай-жұмсай әбден әлсіреген өрмекшілердің дені азапты тырбанысқа төзе алмай жан тапсырды. Тірі қалғандары барып-барып қосылды қатарға.

Өзімшіл астам Бүйі масайрады. Алып тордың ішінде емін-еркін сайран құрды. Дегенін орындатып, бағыныштыларды шексіз билеп үстемсіген оның атағы дүйімге жетті. Айбарынан ай жасырынып, жұлдыздар да ығысты. Бұған қастық қылмақшы болғандар алып торға шырмалып жатты.

Күндердің күнінде Бүйі басқа бір жарлықтың шетін шығарды. Өрмекшілердің ендігі өрнектейтін торы айдан асып, күнді орап алуы керек. Жер дүниеге қанатын жаятын болсын.

Өрмекшілер дүрлігісті. Қожасының әміріне бой ұсынып,

жарлығын екі етпей әбден титықтап арып-ашыған жан кешті байғұстар бет-бетімен босып тозғындап жатты. Әлқуаты барлар көз көрмес, құлақ естімес жаққа маңып зымзия жоғалды.

Құзырындағы қара тобырдан көз жазған Бүйі алас ұра бұлқынды. Қаһарланып қайратына мінген ол торды бұзып шығуға жанын салды. Шыға алмады сыртқа. Ішқұсалық дертіне шалдыққан астам жазған жалғыздық азабынан дертті боп күн-күн санап семе бастады.

Содан былайғы жерде, өрмекшілер өз бетімен тырбанатын болыпты. Үстемсимін деп әшкере болған өзімшіл Бүйі індікешті сағалап бұқпантайлап жүретін әдет шығарыпты. Зәрі денесіне көбірек жиылса, өліп қалатын көрінеді. Қарғысқа ұшыраған оңай ма?!

ҚОМАҒАЙ

♦ Елсізде кезікті бұлар. Кәрі езу бөрі басынан сөлбендеу-тін. Сонысына қарамастан сұмдықтай қомағай еді. Қара құлақтарға тән уыттан ада ашқарақты ұяластары маңына жуытпайды. Кездесе қалғанда тіке ортаға алып талайды. Өзінде де бар. Жүрісі сөлекет икемсіз жазған атойлаған ұранды айқаста ұялы қаскырлардын артында журеді. Қатер төнгенде жарға бұғып жасырынатын әккі әдеті бар-тын. Жортуылшыл ұлымалардың құрбандығына ортақтасуға әсте жеткізбейді. Келе салады ауызды. Өлермендене қылғиды жылы-жұмсақты. Сонысын ілік қылған ұяластары қомағай сұрды адамдардың құлақ кесті құлы шәуілдектерден бетер жек көреді.

- Үнемі жеке жортасың. Сені сұмдықтай аяймын, — деді ақ шулан қаншық түлкі құйрығын шаншылта секиіп. - Былайша қасқыр деуге келмейді сені. Иман жүздісің. Көк бөрілер шетінен қан тілеген қорқау емес пе!

- Дұрыс айтасың, Түлкім, — деп сөлбең сұр босаңсыды. - Тойымсыз олар. Көргім жоқ соларды.

- Онда бірлесіп күнелтейік, — деді Түлкі қылымсып. —

Қыстан амалдап шығайық та, қасекесі. Таңдағы тамақ тәңірден, содан соңғысын көре жатармыз.

— Сен серіктесуге жарасаң мен дайын, — деп Қасқыр зорлана дүрдитті жонын. — «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампитардың» кебіндемін. Өзегім талып барады, бір амалын тапсаңшы.

— Онда былай етейік, - деді Түлкі шиыршық атып. - Сонау тепсеңде тебіндеп жатқан отарға жақындаймын да, ақсаған боп қойшыны еліктіріп көріне қашып алдаусыратамын. Ол мені қуа жөнелгенде, қойға килік те төрт-бесеуін тамақтап таста.

— Ой, ақылманым сол! — Қасқыр тісін ыржитты. - Жөнел алды-артыңа қарамай!

Түлкінің айтқаны дөп келді. Ойдағыдай боп шықты айла-амалдары. Осымен күндер өтіп жатты. Маңайдағы малды ауылдар қу түлкі мен қорқау Қасқырдан зәрезеп болып сақтықты күшейтті. Екеуі одан әрмен құлшынды. Шабуылды үдете түсті. Мал тістеріне тие қоймаса, иттерге салады ауызды. Айлакер Түлкі алдаусыратып көріне қашады да, иек артпада бұғып жатқан серігінің үстінен түсіреді. Осындай әдіспен иттердің қанын судай шашты бұлар.

Адамдардан маза кетті. Түлкі мен Қасқырдан зәрезеп болған олар бір күндері жаппай аттанысқа шықты. Әр тұсқа қақпан құрып тастады. Малды ауылдардың тынышын кетірген қос қорқаудың соңына мықтап түсті.

Амалсыздан шығандады. Биік тауды сағалады. Шаңырақ мүйізділерді аңдып көріп еді, алдырмады арқарлар. Шарасы таусылған соң, ойға түсті. Қарындары ашып, өлесі болған екеудің халі нашарлай бастады. Ашқарақ қасқырдан күй кете бастады. Іші қабысып сөлбірейген қомағай жазған қатты жұқарды. Түлкі ширақ әлі. Серігінен бөлініп кетіп, тышқан ұстап жейді. Қартандау әрі тіршілік амалына епсіз сүмелек сұр арам ойға берілгенде, ақ шулан әккілігіне бағып, одан алшақ ұстайды арасын. Адамдар шиырлаған сүрлеумен жортып келе жатып ойламаған жерде мол олжаға

кезігіп еді. Естері қалмады екеуінің. Түлкі құйрығын шаншылта олай бір орғыды, былай бір орғыды. Қойдың бітеу құйрығына тұмсығын ұмсындырып барып шұғыл тайқыды.

— Бұл не қылған батпан құйрық?! Айдалада жатқан құйрық? — деді қасқыр сілекейі шұбырып.

— Қанжығасына апыл-ғұпыл байлаған шығар, артына қарай қоймаған шығар. «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген осы да, Қасекесі. Кезек сіздікі, жолыңыз үлкен, қылғытыңыз. Маған сізден қалғаны да жетеді, — деді Түлкі аярсыған алдамшы амалға басып.

— Онда не тұрыс бар?! — деді де аш қасқыр құйрыққа ауызды салып, ашқарақтана қылғытты. Түлкіге түк қалдырмады. Көп кешікпей тәлтіректей бастады. Көз алды от ұшқындарына толып, жер аударылып түскендей болды да, қираландап барып тырапай асты.

Құйрыққа у себілген-ді. «Арысым-ай, қомағайлығың жетті-ау түбіңе!» — деп Түлкі серігін жоқтағансыды да, кеудесіне қонжиды. Үшкіл тұмсығын аз күн серіктескен досының жылы-жұмсағына емін-еркін сұғындырып асықпай жырғады.

Қызыл қанға боялған қарлы өзектің іші ашып, қырат-қырқаның жон арқасы шымырлағандай болып еді.

ТЫРАҚЫ

♦ Торы отшаң. Қарны қампиып кеткен. Шеңбірек атанды. Мес торы атануы содан. Жөндем мінез де жоқ өзінде. Жуастығына бола ұстайды иесі. Ер қашты емес. Балаларға ермек. Итініп жүргені кім-көрінгеннің тақымында. Басын жерден алмайды. Жүре оттайтын әдеті бар. Үстіндегі адам шыдамай кетіп қамшылағанда да мәу демейді. Еті өліп кеткен.

—Амансың ба, Мес торы! — деді жайылыста кезде кеткен Жел күрең. — Сол қалпың ғой. Семіз, күйлі екенсің. Жылтырап алыпсың.

—Е, маған не көріпті сонша?! Жал құйрығым төгіліп көз

тартпай ма. Сымпыс құйрық сүйкімсіз сен деймісің. Жегенің бойыңа жұқпайтын.

— Шегерсең қайтеді?! - Жел күрең оны омыраулады. - Жылқыға сестілік пен сергектік тән. Әрі уыт керек. Сендей ит бас, сиыр аяқ есек шатыстар бағамызды түсіреді.

— Сенің де оңғаның-шамалы, — деді Мес торы артынан жел шығарып қойып. - Көріп жүрмін, қыршаңқысың барып тұрған. Тістеуік күрең дейді емес пе сені. Әлгі атбегілер кауымдастығының төрағасы бар емес пе. Иеннен сұрап мініп, көкпар тартып жүргенде, байқаусызда сарт етіп тістей кетіп, ернін жұлып қолына бергенсің. Одан жүйріктігіңе қызығып тақымына басқысы келген кәсіпкер Жорабайды иықтан алып тастап, масқарасын шығардың.

—Мені ондай мінезге бастайтын қанымдағы уыт. Сендей жігерсіз өлі сүйектер кім-көрінгеннің тақымында жүреді итініп. Соған да мақтанамысың?!

— Мақтанбағанда ше? Жанның бәрі дос тұтады мені. Жүрісіме, жуастығыма қызығады. Шабандығым — үнем созар тақыстық. Күшті кейінге сақтаудың амалы. Адамдар ұзақ жолға мінбесін деп қасақана тоңқ-тоңқ желемін. Жүрісімді жайсыз етіп көрсетемін. Бәйгеге қосылмасам да көкпарға салуға жараймын. Онда есерсоқтар қан сорпамды шығарып қинайды. Өйтіп жан қинағанша кой соңында итініп жүргенім қайырлы. Отым қанық, жаным тыныш.

— Иіс алмассың-ау! - Жел күрең оған жалын күдірейтті. — Қылқұйрықтыларға сөз келтіріп, өгіз аяң ит бүлкілмен жүргеніңді құптамаймын.

Елсізде жортқан бөрілер кеп киліккен екеуіне. Жел күреңді дөңгелетіп көріп еді, арынды шабыспен қара үздіріп кетті де, Мес торыға салды ауыздарын. Жығып алып тырақының жылы-жұмсағын қомағайлана қылғытып жатты жаман ауыздар.

ҮРГІШТЕР

♦ Үй еңселі еді. Ауласы да кең. Сыртқы қақпасы темірден, қаңылтыр дуалмен қоршалған. Соған қарамастан үй иелері арсылдақты қосарлап ұстайды. Салпаң құлақтар зеріге бастағанда, өзді-өзі сөйлеседі. Бейбіт қыңсыластың соңы — жағаласқа бергісіз жанжалмен тынады.

—Иеммен мен жақынмын, — деп арпылдады Көк төбет.

—Сенен де мені іш тартады, — деді Қызыл шолақ арлан адуындана үргіштеп. — Итаяғымды бос қоймайды.

— Ашқарақсың. Қыңсылап мазаларын аласың. Соныңа бола, — деп Көк ит жонын дүрдитті. - Біліп қойғын, сүйектін кемік басы маған тиеді. Қатаған қабырғаны қажағанға мәзсің. Мына дөдеңе майлы сорпа бұйырғанда, сенің итаяғыңа жуынды құйылады. Шайындыны жалағанға мәзсің.

— Өйтіп жалтарма, — деді Қызыл шолақ. — Қожама көрсеткен адал қызметімнің арқасында сенен көбіректеу ішемін тамақты. Азуымды ауыртып, сүйек қажап не қыламын?!

— Бұлдайтының не сонда? — Көк төбет қасақана ширықтырды. — Үйшіктен ұзамайсың. Сүйек қажап, итаяқ босатқанға мәзсің.

— Сен ше? — Қызыл шолақ ызалана ырылдады. — Күркеңнен басыңды да көрсетпейсің ғой. Тұмсығыңды бұтыңа тығып алып, ұйықтайсың да жатасың. Маубастың нақ өзісің. Үріске сараң кер жалқаусың.

— Әйткенмен де өзімдік мінез бар менде. Сен құсаған байбалам емеспін. Арсылдап үріп, ығыр қылмаймын. Бірдеңені сезгенде дыбыс беремін, — деді Көк төбет.

— Иттің міндеті үру емес пе? Үрістен қалсақ күніміз қаран, — деді Қызыл шолақ өз осалдығын қызыл сөзбен жайып-шуып.

—Үргеннің де қисыны болады, — деп Көк төбет мәмілеге келгісі келмей қырсықтанды. - Жау жетті байбалам үріс, жаман ырым нышанасы.

- Адамдарды пәле-жаладан қорғаштап үргенде тұрған не бар?! Итке тән қасиеттен өлуім бар айрылмаймын.

- Бәрібір жақсы ат жоқ бізге. — Көк төбет әріден суыртпақтады ойын. - Қабаған да біз, тілемсек те біз, ашкөз сұғанақ та біз. Ұрлықшы һәм кәззап та салпаң құлақтар. Өздеріндегі жағымсыз мінезді бізге таңады. Адамдардың сөзінде де біз жүреміз. «Итше таласып» дей ме?! «Итшілеп күн көріп» дей ме?! «Ит мінезді» дей ме?! «Итжандысың» дей ме?!

Қызыл шолақ тосылды.

- Қисынсыз бөседі бұларың. «Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал» дегені түрпілеу. Кілең сүйек кеміру біздің ғана әдетіміз бе?

- Оны айтасың, «ит үреді, керуен көшеді» деп кейіді-ау. Сонда ит атаулы мылқау болуы керек пе? Ертеңнен қара кешке дейін ауыз жаппай сөйлейтін көк езу мылжыңдақтарын біз білмейтіндей?! - Көк ит наразылығын ашық білдірді иелеріне.

Осы кезде көп кабатты үйдің балконынан дыбыс шықты. Денесі арбақ-сарбақ бұзау бас дәу ит үшінші қабаттан төмендегілерге тіл қатты.

- Сендер заман ыңғайына бейімделу дегенді білемісіндер? — деді омыраулы арлан кекесінді сарынмен. — Кінә да жоқ-ау. Артта қалып дамымаған елдің түйсіксіз шәуілдегі емеспісіңдер. Мен деген батыстық итпін. Осындағы қожайыным мені мол ақшаға сатып әкелген.

- Сонда нендей қабілетіңе қызыққан? - деп жарыса сұрады төмендегі салпаң құлақтар.

- Бізде қабілет деген озғын. — Шетелдік ит манағыдан бетер маңызданды. - Байқаймын, сендер өмірден артта қалған тәріздісіңдер.

- Оны кайдан білдің?!

- Үрістеріңнен.

- Үрмеуіміз керек пе сонда?!

- Әлбетте солай. Ендігі заманның салпаң құлақтарына арсылдақтық үлкен мін.

— Ау, жарқыным-ау, онда қатарға ілесе алмай қалмаймыз ба?!

— Қорықпандар. Қайта қасиеттерің молығады. Білмейді екенсіңдер ғой. Иттердің үргіштігін адамдар өздеріне бейімдеп алған.

— Өйтіп иелерімізге тіліңді шығарма, — деді төмендегілер. - Сендер жақтағыларды қайдам, біздің иелеріміз сөзге тоқтайды. Арғы бабалары «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен». Мұндағылар шетінен үргіш дегенің дұшпандығын.

— Е, мейлі, онда! - деп балкондағы салпы ауыз арлан теріс айналды. - Иелерің де даурықпа. Сендер де зар жақсыңдар. Іске жоқ, сөзге көпсің шетіңнен. Құрғақ үрістен тіршілік оңалмайды.

Көк төбет пен Қызыл шолақ қосыла шабаланды. Ақылдымсыған жат жұрттың ырылдағын қолдарына түссе жарып тастауға бар еді.

Даң-дұңға елеңдеген үй иесі қонағын ерте шықты сыртқа.

— Жат-ей, койындар! - деп зекіді сәл кызулау отағасы. - Беймезгіл үргені несі екен-ей?!

Қонақ сырт жұрттық еді.

— Ағасы, мына салпаң құлақтар аулаңыздың сұрқын кетіріп тұр, — деп бас шайқады. — Иттің үрісі денсаулыққа зиян. Сіздер кілең үргіштеріне кызығады екенсіздер. Меніңше, мына иттеріңізде қасиет шамалы. Менің қылымды алсаңыз, сезгір де сезімтал, үріске сараң шет елдің бірегей дегдар итін ұстаңыз.

— Өзімнің де ойым сол, — деді үй иесі қонағын құптап. — Біздің жақтын иттерінде қасиет қалмаған, шетінен итақай емес пе. Және өздері жаман ырымға бастап жылап үреді.

Бір сұмдықтың боларын ет жүрегімен түйсінген байлаудағы иттер қосыла сыңсып, қоймай-қоймай ұлыды.

МАМЫРЛАҚ

♦ Құстар әр қилы келеді. Бір-бірін күндейтін әдет оларда да бар. Кәдімгі мамырлақ Дуадақ та сөзге құмар. Қырына алатыны — ұзын тұра Тырна. Иен дала тарлық еткендей-ақ өнештерін созғылап тыраулайды кен.

— Әрі жүр! — деп жасқады Дуадақ аңыз шетіне кеп қонған Тырнаны. — Сұрқылтай тәрізденген сұрқын құрысын! Сүйкімсізсін барып тұрған. Мойның қылқиып, аяғын шидиіп... Даланың сәнін кетіріп... Өз шамаңды байқаймысың ба? Қанша шоқынсан да бойыңа шыр бітпейді. Тырли арықсың. Мына маған қарашы, сахараның көркі емеспін бе?!

— Мамырлақсың бар болғаны! - Тырна қоқиланды. - Сендей тойымсыз емеспін. Талғап, таңдап жеймін корегімді.

— Сол ғана ма бар қасиетің?

— Жетерлік, - деді Тырна. - Жерде қораштау көрінсек те ұшқанда аруақтанып кетеміз. Көргіш көз бізге сұқтанады. Биіктеп ұшудан бос қалғансыңдар. Қанат қағыстарың баяу, шабандап жүресіңдер.

—Есесіне қоңдымыз, — деді мардымсыған мамырлақ. — Шілдесіне шық жұқпаған сендер деймісіңдер?! Жаратушы ие әу бастан біздерге оң көзімен карап, несібемізге таршылық жасамаған. Орақша орып та, шоқып та, шұқып та жейміз. Жатып та, тұрып та жейміз. Сонда да ортаймайды ризығымыз. Қайта молыға түседі. Ішіп жемесек несі қызық дүниенін?!

— Қанағат керек емес пе? - деді Тырна жатып атар әдетіне басып. - Семіздік те мақтан ба?!

—Мактан, әрине, — деді домаланған денесін зорға билеп. — Сүйкімім артады қоңданған сайын. Кең жазира бізбен әсемденеді. Дыбысымыз да бәсен шығады. Сендердей даурықпа емеспіз. Тыраулаған қаткыл үндеріңді ешкім жақтырмайды. «Тырнадан жасауыл (бастық) қойсаң, төбеңнен қику кетпес» демей ме адамдар. «Тазы ашуын

тырнадан алады» деп және кекейді. Қыл-аяғы иттер де сендерге өш.

- «Жақсының артынан сөз ереді» демей ме. Құр ора бергеніне, бұралап соға бергеніне мастанған құдай сендерден сақтасын! — деді Тырна жан-жағына мойын соза қарағыштап. — Тұрықты бойшаң болған соң да көзге түскішпін. Бұғынып шөп арасында жасырыну әдетімде жоқ.

Сөйткенше, зеріккен аңсақ тазы баспалап кеп қалған-ды. Ұрымтал кеп қосылып бергенде, денесі жеңіл Тырна қанатын тезбе-тез сермеп шапшаң көтерілді.

Дуадақ бұғына қалды. Тазы оны байқамады. Көк жүзінде емін-еркін қалықтаған Тырнаның тыраулаған тартымды үнінде, астамсыған менмендіктен де қанаты талмас құс екеніне мағұрланған шүкіраналық басым еді.

БОЛБЫРАҚ

♦ Мизам шуағы түгесіліп, күз қабағы қалыңдасымен жыл құстары жылы жаққа қайтуға қамданды. Сапарға дайындықты үлкендері пысықтап, кішілері қоштауға тиісті. Керуенді алға оздыратын, бастап ұшатын — аталық құс. Оған дейінгі қамданыс ана дуадаққа тиемел. Қара қанаттанған балапандарды артық-ауыс қомағайлықтан тыйып, тәбетті шектеудің әдісін үйретеді. Ата дуадаққа да ескерту жасайды.

- Алда сын сағаты тұр. Керуенді бастайтын өзің, - деп алыстан орағытты. — Не ойлағаның бар? Мойнынды бір көтермейтінің қалай?!

- Ұзақ жолға дайындық қой. Соған алдын ала қамданып, қоң жиып әлденгенімді қош көрмегенің бе?! - деді Ата дуадақ семіздіктен жайылып кеткен денесін зорға меңгеріп.

- Кейінгі кездері тым ашқарақ, тойымсыз боп барасың, деді жұптасы оны көрінеу кінәлап. — Соңыңнан ерткен жас өркенді баулып жетілдіретін сен емеспісің?

Ата дуадақ шамданды.

- Немене, сонша тергеп? Бұйырған несібені емін-еркін

жырғамай неден жазықтымын?! Сүйкімсіз шибұт тырналарша жүрейік пе сидиып?! Әруей атанып.

- Сыртыңды қалыңдатып жойдасыз семіріп, денеңе артық май жиғанша, онсыз да азайып қатарлары селдіреп бира жатқан дуадақтар әулетіне көсем боп, тығырықтан шығар жол көрсеткенін жөн емес пе?! — деп пікірін ашық білдірді ана дуадақ. - Осылайша енжар бойкүйез тоғышар қалыпта жалқаусып жүре берсек, басқалардың телімінде кетіп, жыртқыш құстардың мазағына ұшырап құрып кетпейміз бе?!

- Сол уайым ғой мені де қинайтын, - деп Ата дуадақ өзінің жігерсіз ынжықтығын қисынсыз сылтаумен бүркемеледі. — Азайып кеткенімізге қайғырамын. Бір Кездері көтеріле ұшқанда ғой, сұңқар мен лашындар ығушы еді екпінімізден. Енді бізден кім қаймығар дейсің?! Жағдай қиындап барады. Топталып жүрсек пәлеге қаламыз. Қырып жібереді қанды балақ жыртқыштар. Адамдар боса-болмаса құмар бізге. Құсаланып қайғырамын соның бәріне.

- Қисынсыз жасисың, — Ана дуадақ оны жігерлендіре түсті. — Беріспейік. Алға ұмтылсақ ұтамыз. Суыққа ұрынбай тұрғанда, жылы жаққа жетіп алайық. Содан соңғысын көре жатармыз. Көтер басыңды, жерден! Қара, жан-жағыңа! Артық салмақтан арылып сылыңғырлан. дененді жеңілдетуге тырыс.

Ата дуадақ қомағайлығын тыя алмады. Есіл-дерті аңызға ауып, масақ пен қара сораны араластыра ұйпап обырлана қылғыды. Алдағы сапардың қам-қарекетін есінен шығарып та жіберген. Кәйіп дүниесіне еніп, тоқтыққа масаңсыған болбырақ Ата дуадақ бұйыққан тыншу қалпын бұзбай, сергіп сестенуді мүлде ұмытты. Қиқулаған ұранды үн оны еліктірмеді. «Бір мәнісі болар» деп жұбатты өзін.

Серіктері керуен тартып бара жатқанда да қозғала қоймады. Көзден алыстағанда шұғыл ес жиды. Өзін күштеп жолға салды. Жете алатын түрі жоқ еді құстар керуеніне. Май басқан денесі қара тастай төменге тартып екпіні бәсеңдей берді де, аңыз шетінде қой бағып жүрген

қойшының назарына ілікті. Төбесінен жалқау ұшып өте берген дуадақты құрықшамен қағып түсірді қойшы.

Дуадақ біразға дейін бұлқынып жатты. Бірден бауыздауға қолы бармаған жас жігіттің.

ӘЛІМЖЕТТІК

♦ Иесі бұларды алаламай тең ұстайды. Коңыр саулық момын. Жағал ешкіде мінез бар. Қоңырға әлімжеттік көрсетеді ылғи. Тартып жейді алдындағы шөбін. Қораға сыйдырмай және шығарады зықысын. Бұрышқа тықсырып мүйіздейді де жатады.

— Қойсаншы! - деп жалынды Қоңыр. — Құрсағымда козы жатыр. Бүйіріме тиіп кетер.

— Жатса қайтейін? — деді Жағал ешкі саулықты одан әрмен тықсырып. — Жылына бір-ақ рет қоздайсың. Табатының жалқы қозы. Егіздетіп қосарлап ерітемін лақтарды. Сен құсаған тақыс емеспін. Жылына екі рет лақтаймын.

— Оныңа дауым жоқ, тым шошақайсың, — деді Коңыр саулық. - Серіктесуге жарамайсың. Опасызсың. Тиесілі қорегімді тартып жегеніңмен қоймай, мүйізіңді ала жүгіресің. «Жаман — қасындағысын қарақтардың» керіне басатыныңа таңым бар?!

—Мүйізсіз ғып жаратқан құдайыңнан көр! — деп Жағал қойды өршелене сүзгіледі.

Коңыр қатты кейіді. «Құдайдан тап!» деп налыды.

— Әй, кебенек-ай! Қасақысың-ау барып тұрған! - деді қара-жай иесі сүзеген ешкіні айырмен жасқап. — Сүтің бұлақтай болғанымен, мінезің келіспейді.

Койды сүзгілей беретініне көзі жеткен иесі Жағалды сиырлардын ішіне жіберді. «Өзіңнен зор шықса, екі көзін сонда шығардың» керіне ұшыраған сүзеген ешкі тайша-торпақтардың түртпегіне тап болып, кыспаққа шыдамай сиыр қорадан безе қашты. Апақ-сапақта үй айнала жүгірген Жағал ұрының қолына түсіп еді. Жат адамнын жетегінде

кетіп бара жатып: - Қоңыр-ау, қоңыр! Әлімжеттік жасағанымды кешіре гөр! — деп маңырады.

Қойдың құлағына еміс-еміс жетіп еді ешкінің жан айқайы.

ГҮЛ МЕН ТІКЕНЕК

♦ — Жүдей қалатынын-ай осы сенің! - деп Тікенек оны қисынсыз жазғырды. — Қарашы мені. Ылғи да бір қалыптан ауытқымаймын. Ал сен...

— Сағыныш қинағасын ғой.

—Кімді сағынасың?

— Күнді ше. Одан бір сәтке көз жаздым ба, жайып кетіп... махаббатпен зарыға аңсап шала бүлінемін.

— Маған күнің бұйым емес. Ай мен жұлдыздар бар. Солардың жарығы жетіп жатыр. Шақырайған күнді суқаным сүймейді.

— Күн — мейірімді. Басқаларда ондай қасиет тапшы. Күн барша жанды-жансызды бірдей көріп, шуағын молынан төгілдіреді. Жарығын аямайды. Махаббаты ересен оның.

— Махаббат деген не өзі? Түсінбеймін соныңа, - деп Тікенек тіптен шалқайды. - Жұмыр бастылардың ойлап тапқаны емес пе?!

— Жоқ, олай емес, - деді Гүл нәзік үнін қатайтып. - Махаббат пен күнсіз тіршілік тұл. Екеуінсіз өмірдің мәні жоқ.

— Саған солай шығар, маған бәрібір.

— Сонда сен ешбір құбылысқа селт етпейтін тас жүрек болғаның ба? Бірденені ұнатып жақсы көру деген болмай ма?!

—Өзімді ғана жақсы көремін. Өзгеге тал бойымды тастап не қыламын.

—Мен керісінше, басқаларға икеммін.

— Содан тапқан пайдаң қайсы? - Тікенек Гүлді суық сұғымен жасқады. — Зарығып сағынғаннан, бірденеге қызығып құлай берілгеннен бір жасың екеу болса мына мен тәрізденіп ұзақ жасамаймысың?!

- Мен керісінше, мәңгілікпін, - деді Гүл нәзік жымиыспен. — Жарқыраған күн, ақылды да мейірімді адамдар барда, Алла Тағаланың нұры, ағыл-тегіл жарығы жүрекке жетіп тұрғанда, жұмыр жердің масаты топырағы барда, маған өлім жоқ.

- Қисынсыз сөйлейтінің-ай! — Тікенек тұлан тұтты. — Не суыққа, не ыстыққа шыдамайсың. Көктеммен бірге келіп, күзге жетпей соласың.

- Сырт көзге, сендерге солай көрінгеніммен іштей жасаңсып құлпырып жасара түсем. Сен сияқты қатып-семіп бір орында тұра бермеймін. Үнемі қозғалыста боламын. Себебі, біз махаббатқа дәнекерміз. Сұлулыққа, нәзіктікке үндейміз барша жан иелерін. Содан біз төрде тұрамыз. Жер бетінің ең ақылды тұрғындары адамдар бізді жалықпай мәпелеп баптайды. Аялайды арудай.

- Мақтаншақсың, — деді Тікен қырыс қабақтанып. — Маған да қызығатындар бар. Біреу біреуге өшіккенде табан жолына тастап, мен арқылы кегін қайтарады дұшпанынан.

Гүл теріс бұрды жүзін. Мынаның төрізінен сескеніп, орын ауыстырмасам болмас деп шешті. «Тікенмен жолдас болсаң, табаныңнан шөгір кетпес» деген рас екен-ау!

Осы кезде екеудің төбесі көрінді. Қол ұстасқан қыз бен жігіт гүлді көріп: «Мынау бір ғажап қызғалдақ екен!» деп таңырқасты. Жігіт гүлге ұмсынып еді: - Жұлмашы тұра берсін солай! - деді бойжеткен қатқыл үнмен.

- Тікенекпен қатар түзеп тұрғаны жараспайды екен. Үйге апарып өсірсек қайтеді? - деді жігіт.

- Дала гүлі кеңістікте емін-еркін бой созады, — деді ару қатуланып. - тамыр жайған топырағынан ажырап қалған соң, санадан сарғайып сағынышқа берілем деп солып қалуы кәдік.

- Ә, солай ма?! — Жігіт сіріңке алды қолына. — Онда мына тікеннің көзін құртайық.

Кенет Гүлге, қыр қызғалдағына тіл бітті.

- Сабыр ет, жас жігіт! Одан да мені үз. Тікенек бір жұлынса қайтып көктемейді. Себебі, олар тым қатқыл.

Мейірім аз басқаларға деген. Мен жұлынғаныммен хош иісім арқылы сендердің жүректеріңе орнаймын. Екеуіңнің бір-бірлеріңе деген ғашықтық сезімдерінді күшейтемін. Дәнекерлік көрсетемін ынтызар жүректерге.

Қыз бен жігіт аңтарылды. Қызғалдақ уылжыған нәзік қалпынан танбады. Суық қолдың өзіне сұғынар сәтін шыдамдылықпен қасқая қарсы алып, баяу желмен ырғатылды. Гүлдің қапелімде Тікенекке көзі түсті. Ғажапты қара, кәдімгі бұртік-бұртік қолапайсыз суық сұсты Тікенектің қабағына мұң қонақтай қапты. Бұл — жақсылықтың нышанасы. Өзегіне мейірім жүгіріп, сезімі жасаңситын болғаны ғой. Махаббаты ояну да мүмкін.

Үміті алдамады. Расында Тікенек райдан қайтайын деді. Гүлді қимай жанары шықтанды. Гүл жеме-жемде оны жақсы көріп қалды.

ҚЫРАҒЫ

♦ Күзетші құтаймады қамбаға. Ананы да тұрғызды, мынаны да тұрғызды. Біреуінен де қайыр болмады. Ұрымен қосарлана жымқырады арпа-бидайды. Шетінен сылтаушыл және өздері. Баукеспелер қас пен көздің арасында ұйпап кетеді деп зар қағады. Өздерін ақтаудың амалы. Алақоржын да айрылды сенімнен. Көртышқан су жүрек атанды. Сарышұнақ ұйқышы маубас боп шықты.

Тышқандардың көсемі дағдарды. Егеуқұйрыққа қолқа салды.

- Ендігі үмітіміз өзіңсің, — деді көсем тышқан ұртын қомпандатып. — Қысқа деп сақтаған дәнді қызыл іңірден рәсуалап алсақ аштан қатамыз. Тентіреп бет-бетімізбен босып кетеміз. Өзің шығып белсеніп, бас-көз болсаң қайтеді қамбаға. Сергек едің ғой.

- Сіз сенім көрсетсеңіз, мен дайын, — деді Егеуқұйрық қуанышын жасыра алмай. — Басында ала қолдық жасап шеттеткен өзіңіз мені. Ашпа-жалап Алақоржынға қарағанда мен деген қанағатшылмын ғой. Ысырапқа әсте

бармаймын. Ортақ мақсат жолында тырбаңдаймын. Тышқандар қауымдастығына сөз келтірмеймін. Солар деп көз ілмейтін ақ жүректің бірімін. Уайымдарын бөлісемін. Сергектік сестілік қанымда бар.

— Сөзінде тұрасың ғой.

— Әрине.

— Ұйқыға шыдамай калғып кетіп, капы қалмаймысың?!

— Ондай босандыққа карсы қоятын әдісім бар. — Егеуқұйрық көзін жыпықтатты. — Ұйқы қысқанда, «ұйқы ашар» жаттығуын жасап, олай-былай жүгіргіштеймін.

—Қара басып қалғып кетіп... қамбаны тонатып...

— Онда өз обалым өзіме.

Көсем тышқан қамбаның жауапкершілігін Егеуқұйрыққа міндеттеген соң, алаңсыз тынымдады, Іліп кеткіш, жұлып кеткіш сұғанақ сумақайлардың жолы кесілгеніне жұбанды. Әділдік салтанат құратын болды деп қуанды.

Егеуқұйрық ерлеген. Аран ауыздарды, қомағай обырларды жуытпады маңына. Өз қолайындағыларды топтастырды. Соларға сенім артты. Ұйқысы мүлде ашылып кетті. Қырағылығы артты. Жымқырғыш аш көздер тұзаққа ілініп, тойымсыздар қақпанға шаптырды аяқтарын. Сақ та сергек қырағы күзетші мадақ-марапатқа кенелді. Дәрежесі биіктеді. Көсемінің сеніміне кіріп, атағы аспандаған сайын құтырынды қырағы сақшы. Дандайсып өз дегенім болсынға басты.

Қыс қыса бастады. Тышкандар қамбаны төңіректеді. Үлесімізді бер деп талап койды көсемдеріне. Билікші тышқан қара тобырды қамбаға бастап келді. Ортайып ойсыраған дәнді көргенде, тышқандардың мықтысы жарылып кете жаздады. Көзін тесірейтіп, мұрнын едірейтіп қамба сақшысына шүйілді.

— Әй, соққан, уәде қайда?! «Көз ілмеймін, ұйкымен араздасамын» дегенің қайда?! Тау-тау астықты жер жұтты ма?!

— Жер емес, мен жұттым, — деді Егеуқұйрық

шімірікпестен. — Ұйықтамау үшін тапқан амалым. «Ұйқы ашар» жаттығуына көзсіз беріліп, бір қамбадағы қызылды екінші қамбаға тасығыштап... уақыт өткізіп дегендей...

- Тасыған дәнің қай қамбада?
- Теренде.
- Баста бізді соған? - деді көсем тышқан «теренде» деген сөздің мәніне ой жүгірте алмай. — Алғысқа бөленетін болдың.
- Алғысың өзіңе! — деді де Егеуқұйрық жып етіп ініне кірді де кетті.

Қаптаған тышқандар бір-бірін жұлмалап, шиқылдасып жатты. Көсемдерін іздеп еді, таппай қалды. Қырағы сақшының соңынан кетсе керек. Дән бар жерде әл барын ол білмегенде кім біледі. Өмірде осындай да кереметтер болып жатады. Қойды қасқырға бақтырып, қамбаны тышқанға күзеттірген соң, адалдықты кімдерден талап етерсің?!

СҮЗЕГЕН

♦ Қара сиыр әрі жұлқынды, бері жұлқынды. Бас жібін үзіп босанып алды да, байлаудағы танша-торпақтарды сүзгілей бастады.

— Біз не жаздық саған?! — деді олар азан-қазан боп. — Алдыңнан кесе өтпейміз. Ақырдағы шөбіңе іштарлық етпейміз.

— Сасықсындар, түге! Жапалай бересіндер, — деді Қара сиыр көзін шатынатып. — Ашқарақсындар және өздерің. Жем-шөп бір сендерден артылмайды.

— Сүт береміз иемізге. Сүтім қою, әрі мол. Бір сауғанда шелекті толтырамын, — деді Ала сиыр сүзегеннен тайсалмай. — Сен тәрізді ала құрсақ емеспін. Жыл сайын бұзаулаймын. Құнарлымын. Сол үшін де маған үлес мол тиеді.

—Солай ма? Онда саған көрсетейін кереметті! — Қара сиыр көк құнажын мен Ала сиырға мүйізін ала ұмтылды. — Сонда

мен бұзауламайтын тақыс болғаным ғой! Құнарсыз тандыр емшек болғаным ғой!

Үшкіл мүйізін Ала сиырдың жұқа шабына төндіріп іреп өткенде жанталасқан Ала сиыр өкіріп жіберді.

Ел орынға отырған мезгіл-тін. Отағасы ашты қораның сыртқы есігін. Соңынан бәйбішесі де келді.

— Өй, мүйізің құрғыр! — деп кіжінді ол. - Тұқылын ғана қалдырып, аралап тастасам ба сен мәліктің мүйізін!

—Е, оның жазығы не?! — деп шап етті әйел. — Малдың басы емес пе?!

— Барып тұрған сүзеген! — деді күйеуі оған. - қызыл құнажынды жарып тастағаны қайда? Қоңыр торпақты сүзгілеп-сүзгілеп және жайғады. Құтты сен сықылды. Маңайындағыларға күн көрсетпейтін.

—Е, ненді бүлдірдім?

—Шайпаусың! Бейапарсың барып тұрған!

— Сенің де жетіскенің шамалы! — деді әйел шаптығып. — ЫІнжықсың! Жігерсіз өлі сүйексің.

— Құдай сенен сақтасын! — деді отағасы өзін зорға тежеп. - Бауырыңнан өрген балаларыңа мейірімің жоқ. Келінді шыдатпай оны қуасың. Күйеу баланы қушықтап-қушықтап қызынды байдан айырып және тындың. Менің туыстарымды осы үйдің есігінен қаратпай қойған сен емеспісің?! Жора-жолдастан да бездірдің. Көрші-қолаңға да жайсызсың.

Әйел айқайға басты.

— Ойбай, мына сүңей не дейді-ей?!

— Сүйдеймін! - деді еркек жұмырығын бейапардың тұмсығына төндіріп. — Мұрныңды бет қылайын ба осы?! Үндемегенге әбден дәсерсіп барасың!

Отағасы қара сиырға айыр ала ұмтылды. Бұрышқа тықсырып қабырғалығынан аямай соқты. Қолына жармасқан әйелін желкеден бір түйіп, етбетінен түсірді. Байбаламшыл долы қатын ойбай-аттанға басып далаға қашты...

Отағасы Қара сиырды саудалап көріп еді, өз бағасына

ешкім ала қоймады. Сосын оны жеке қамады. Байлаудан босатпай және тұқыртты. Шөп пен жемді айырмады аузынан. Семіртіп сатып жібермекші еді.

Сүзеген байлаудан мезі болды, әбден зерікті. Іш-құсалыққа ұрынып имиіп жүдей берді күннен-күнге.

— Қайттым райдан! Сүзеген әдетімді тастаймын, — деп қоймай-қоймай азынасын-ай. — Келіндерші мұнда. Бірге болайық. Сиямыз бір қораға.

Басқа бөліктегі сиырлар: — Сенбейміз мұныңа. Зәрезеп боп түңіліп біттік сеннен, — деп мөңіресті.

Қара сиыр басын жұтып тынды. Ақырға үйелеп боғы ауып оңалмады да, пышаққа ілінді. Иесі өкінбеді. Сүзегеннен құтылғанына қуанды. Әйелінен де алыстаған. Жалғыз ұлының келіншегімен кырбайласа берген шайпау жазған күйеуінен ажырап жесір отырған қызының қолына барған-ды.

Отағасы түртініп қорада жүреді. Күн көріске деп ұстап отырған төрт-бес қараға шөп салып, алдарына жем төгеді. Бел шешіп жан шақырған соң, сүйкімді немересін алдына алып, айналып толғанады. Есік тықырына елегізеді. Қырық жыл жолдас болған бәйбішесін іштей іздейтін тәрізді. Келіп қалатын шығар деп үміттенеді. Бір жақсысы қорадағы сиырлар тыныш.

АМАЛСЫЗДЫҚ

♦ Таңды мұңайыңқы қарсы алды. Ұйқы ашар әніне құлықсыз еді. Қанша тебіренсе де көңіл бөлетін түрі жоқ мұндағылардың. Қара қоңыз тәрізді осырақ көліктерін әрлі-берлі шапқылатып, мүңкіме жағымсыз иісімен ауаны бұлдіріп барады.

Қарлығаш бір түрлі боп кетті.

— Қайырлы таң! — деді үй шатырына түнеп шыққан Ала мысық. — Қайдан жүрсің, сүйкімді құс? Сені өзіне тартқан ғой шаһардың мәгниті.

—Қала дегені осы ма? - деді Қарлығаш мысықты бір түрлі

іш тартып. - Өзің не қып жүрсің мұнда?! Ауыл мысығы тәріздісің. Көзіме жылы көріндің.

- Дәл айтасың, - деді Ала мысық көңілденіп. - Ием осында кешіп келген. Үйді таба алмай қалып... қаңғыбас боп жүрмін.

- Қиын екен жағдайың, - деп Қарлығаш оған аяушылық білдірді. — Менің де тірлігім онша емес. Амалсыздан жүрмін мұнда. Ұя салған мекенімді өрт алды. Мүтін жаз бойы өртенді елсіз дала. Аң-құс мекенінен безді. Шөп атаулы енді қайтып өспестей боп күлге айналды. Шыбын-шіркей, құрт-құмырсқалар жалынға жұтылды. Енді ғана қара қанаттанып келе жатқан балапандарымызды құтқарып қаламын деп жүргенде сыңарым жалынға күйіп өлді.

- Мұнда қалай тап болдың?

- Күйік иісі шығып қоңырсыған далада қорексіз қалдым ғой.

- Қалада қалай екен?

- Өлместің күні. Бау-бақшалықты төңіректемеймін, — деді Қарлығаш мұңайып. - Мына бір үйдің ауласы ағашты екен. Гүлдің неше түрі бар. Шыбын-шіркейге өзек жалғап, бірді-екілі көбелек ұстап жеп, өлместің күнін кешіп...

- Бұл — дөкейдің саяжайы, - деді мысық өзінше білгішсіп. — Қарауылшысы бар үйді сыртынан күзететін. Мені көрсе тіке атады. Сені қалай еркінсітіп қойды екен?!

- Іш тартатын тәрізді.

- Онда бағың жанайын деген екен, — деді Ала мысық кекесінмен. — Сенімен азайып көбеймес, тұрып қал осында.

- Тұрмаймын қалада! - деді Қарлығаш шыр-пыр боп. — Еркін де бейбіт сағымы бұлаңытқан кең далаға не жетсін!

Ала мысық тағылық түйсікпен жонын дүрдитті.

- Мен қайбір жетісіп жүр дейсің?! Ауылда, үй-үйдің арасында, қорада тышқан аңдып баспалаған қайран мұңсыз да қамсыз күндерім-ай! Күнім күн емес, ұйықтамайды мұндағылар. Мазасыз шетінен. Ажыл-гүріл, даң-дұңнан құлағым бітеліп қалады. Емін-еркін алаңсыз жүріп тұру мүмкін емес мұнда. Әрлі-берлі зулаған желді аяқтың табанына жаншылып қалуың кәдік. Сан мысық ажал құшты. Рақымсыз

және өздері, есіркеп аяу дегенді білмейді. Аяғына оратылғанынды шам көреді, тіке теуіп жібереді. Әйтпесе тырс дегізіп ата салады.

— Мұндағылардың ұйықтамайтыны қалай?!

—Соны айтам да, — Ала мысық керіліп созылды. — Жайым болмай жүр, кетуім керек бір жағына.

— Қай жаққа?

— Ауылға... Үйреншікті тұрағыма.

Сыртқа саяжай қожайыны шықты.

—өкей осы кісі, — деді мысық басыңқы үнмен. — Арыз-арманынды айтып қал.

— Тыңдай ма?

— Тыңдамаса өзі білсін.

— Дөкей кісі, мені көріп тұрмысың? — деп Қарлығаш нәзік үнін созды. — Байтақ даладан сая таппай қалдым, өртеніп жатыр. Жерді иесіз тастауға бола ма?! Адамдарды бір жерге неге жинай бересіздер? Ұйқысыздық дертіне шалдығып жынданып кетпей ме? Біздер, қарлығаштар ежелден адамдардың досымыз. Сендерге тілекшіміз.

Дөкей жан-жағына қарағыштады. Биік дуалмен қоршалған сәнді үйдің дарбазасын күзеткен сақшыны шақырып алып: — Бір дыбыс шыққан тәрізді, — деді мұртын қопсытып. — Жансыз боп жүрмесін, байқашы.

— Құс қой шиқылдаған, — деді сақшы бейбіт пішінде. — Қарлығаш емес пе? Адамдардың ең жақын досы.

Дөкей басын шайкады.

— Құс тұмауы өршіп тұрған жоқ па?! Үркітіп жібер. Әйтпесе, «тырс» дегізе сал. Осында бір қаңғыбас мысық жүр. Ұстап алып, көзін жойындар бүгіннен қалдырмай.

Қарлығаш мықтының тәрізінен сескенейін деді. Мысықты іздеп еді, жасырынып қалыпты. Енді не тұрыс бар?! Іле қомдады қанатын. Лыпыған ұшқыр жылдамдықпен биіктей ұшып кете барған-ды.

Даласына жетуге асығып еді.

ӨКІНІШ

♦ Ым-жымдары бір болатын. Бақталастық өршіп, атаққұмарлық асқынғалды бір-бірімен қырбай.

— Тым жұқарып кетіпсің, — деді быртиған жуантық қалам әріптесін мүсіркегенсіп. - Шидиіп, сұрың қашып тамтығың қалмапты. Жасқаншақ жалтақтай әдетке ауыл үй қонымсың.

—Табаларсың! — деді жүдеубас қалам сәтте шытынап. — Жаның тыныш, жағаң бос, сен оңалмағанда кім оңалады?

— Нағыз мазасыз еңбеккор түртіншек мен шығармын, — деп Жуантық сөредегі кітаптарды нұсқады. — Отыз том шығарма жазыппын. Әлі де жазыла береді. Ием екеуімізге алла қуат берсе, төпейміз күн құрғатпай.

— Қаузайтын тақырыбың не сонда?

— Өмір шындығы.

Жүдеубас қалам оған дүрсе қоя берді.

— Сенің қаузайтының шындықтың жансыз сұлбасы! Мақтап-мадақтайсың кеп өңшең шенділер мен мәнділерді!

—Сен керісінше даттайсың, — деді Жуантық кекесінмен. — Ауызбірлік керек. Ынтымақтасуға ұйытқы болу сенің қолыңнан келмейді. Заманның жаркын көрінісін жаркырата бейнелеп, жана адамдарды дәріптеуге күш салсаң, біреу қой деді ме? Қадір-касиетің артар еді, тыныш ұйықтар едің. Ішкен-жегенін бойыңа тарап мен құсап оңалар едің. Басшылықтың назарына ілігіп, мадақ-марапатқа кенеліп, атақ-абыройың аспандар еді. Мына дөдең «Алтын қалам» сыйлығынан дәмелі.

—Ұялмайсың ба?

—Неден?

— Өтірік жазудан, өсіріп қобырайтудан.

— Нағыз кірлі қалам сенсін! - деді анау тұлан тұтып. - Жайсаңдарды қисынсыз даттайсың, жамандарға жел беріп өп-өтірік мақтайсың. Толғанды төгілсін деп тілейсің. Бағы өскенді өлермен деп мінейсің. Адалдан мал жиғандарға күн көрсетпейтіндер де сендер. Дәрежелі ел ағаларына

қисынсыз жала жауып, жең-ұшынан жалғасып сыбайластықпен парақорлыққа салынды деп, ойбай-аттанға басып, аққағаздың бетін шимай-шатпақпен былықтыратын сен емей, мен бе?! Кісіге үнемі жамандық ойлағасын да қатып-семіп солып бара жатқанына қынжыламын. Жаным ашиды саған. «Пәлекөр қалам» атанып көре алмастықтың қоздырғышы болғаныңа өкініп, райдан қайтатын уақытың жетті сенің. Асылып өлемісің, ішіп кетемісің, ерік өзінде.

Жүдеубас қалам сабыр сақтады. Қоңды да бақуатты толымды әріптесінің сыңайынан сескеніп, осыдан жай кетейін деген оймен жылыстай беріп еді, анау тағы жабысты.

— Қашпа! Менің иегерім келе жатыр. Сәлем бер дұрыстап. Атақты адам. Басшылықтың назарындағы бірегей тұлға. Саған рахымы түсіп, пәле-жаладан арашалап алуға жәрдемдесер.

— Рақымы өзіне! - деді де Жүдеубас қалам біздендеп ұзай берді...

— Еңбегіміз еш кетті, — деді иесі Жуантық қаламға тұнжырай тесіліп. - «Алтын қалам» сыйлығынан құр қалдық. Дарынсыздарға бұйырды. Соларға үлестірді.

—Енді қайттік?

—Жазамыз тағы бұрқыратып...

—Одан не шығады?

— Басқаша сарында. Басшылықтың басқан-тұрғанын жіпке тізгендей етіп санамалап... Құртты! Жұртты құрдымға батырды, тығырыққа тіреді деп...

— Олай деп жазуға енді менің икемім келмейді, - деді Жуантық мұңайып. - Менің ыңғайым мақтай беру төпеп. Даттауға жоқпын. Қинамаңыз енді мені. Басқа серік тауып алыңыз. Әне, кетіп барады! Сонымен әмпейлесіңіз.

— Әй, тоқта! Мында кел! — деп қолын бұлғады нығыз адам. — Менің қолайымда болсаң, жерде қалмайсың.

— Әрі жүр! — деп барқ етті Жүдеубас қалам. — Сендей жарамсақ екіжүзді мыжымамен серіктескенше, керексіз боп аяқ астында қалғаным қайырлы!

Дағдарған нығыз адам кәнігі ескі серігіне дүрсе қоя берді.

— Өй, жұғымсыз-ай! Менің арқамда бағың өсіп, жуансып алып едің. Ананы құтыртқан сен-ау?! Отқа салып жоқ қылайын ба?!

— Мен емес, өзің нағыз жұғымсыз! — деді Жуантық қалам онымен біржолата есеп айырысуға нық бекініп. - Ғұмыр бойы өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп қопсыта қобырайтып кеп, жер ортасынан асқанда шындықты жазып әділетті бола қоймақсың! Бездім сендей екі сөздіден!

Нығыз адам жарылып кете жаздады. Өзін-өзі жұлып, басын қойғыштады. Қырық жылғы жазғаны түкке аспай қалғанына қапаланып, өкіріп жылап тау-тасты басына көтерді. Бәрінен де бұрын қаламсыз құр қол қалғанына күйініп еді.

СҰҒАНАҚ

♦ Сары мысық алғыр. Сонысына бола көрші-қолаң төріне шығарады. Үйді тышқан басып кетті деп оны иесінен сұрап әкетеді. Бөтен шаңырақта көп тұрақтамайды. Шиқылдақтардың жайын тапқан соң, қайтып келеді. Ол келгенде иелері Сарыны төбелеріне көтеріп шала бүлінеді.

- Өзің жоқта көршінің сұғанақ ұры мысығы шошалаға кіріп кетіп, базардан сатып әкелген еттің шимандысын жеп кетті, — деп шағынды бұған.

Үй иесінің қырпынан бір қолайсыздық болғанын түйсініп иіс тартты да, біле қалды суық жүрісті тарғыл мысықтың мұнда келгенін. Жай келіп, жай кетпейді. Жүрген жерін шулатып жүреді. Бекертамақ жалқауды көше тұрғындары иттің қара тұмсығындай көреді.

- Ұры жүрісті қойсаң қайтеді, - деп Сары мысық сұғанақты ақылға шақырды. — Мысықтардың міндеті тышқан аулау. Ежелгі аңызда бар ғой. Жер бетін топан су қаптағанда, адамдар мысықты жәрдемшілікке алған. Кеменің түбін тескілеп маза көрсетпеген тышқандарды

жайпап салғаны үшін жеті қазынаның бірі атандырып төріне шығарған. Еркелеткен. Үйқысын бөлмеймін деп пайғамбар ғалейкісәлам етегін кесіп тастапты деген де аңыз бар. Алғырлықты ұмытып еріншексіп дайынға жүгіргеніміз мысық атымызға мін емес пе?!

— Мойындаймын, - деді Тарғыл мұрнын тыжыртып. — Жалқаусып кеткенім рас. Баулы мені, қасыңнан қалдырма. Менен қайтпаса, құдайдан қайтар.

— Кеттік онда! — деді Сары құйрығын шиырып. — Ер соңымнан. Дирменшінің үйіне барамыз да, астық сақтайтын қамбасына кіріп, майдан ашамыз егеуқұйрықтарға. Тышқан жетерлік. Шетінен ұйпап, тісіміздің қышуын бір қандырайық.

Диірменшінің тұрағы көшенің жоғарғы жағында-тын. Әне-міне дегенше жетіп-ақ барған. Айтқандай екен, тышқандардың шиқылынан құлақ тұнады. Келе кірісті екеуі. Сарының қимылы шапшаң. Тарғыл тартыншақтай берген. Серігі төрт-бес тышқан ұстағанда, Тарғыл бірді ғана қанағат тұтты. Оның өзі күшігі еді, жұмырына жұғын болмады. Сарының көзін ала беріп, ет сарайға зып беріп, бой жасырды. Келе салды ауызды сойған қойдың етіне. Мейлі білді, жей берді кіртілдетіп, жей берді.

Ұры мысықты көріп қалған үй иесі желкеден бүріп мытыған бойында құлаштап кеп жерге бір-ақ ұрды. Серігінің «баж» еткенін естіп қалған Сарының жон арқасы дүрдиді. Сескенген ол тез-тез басып жылыстай берді диірменшінің ауласынан. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген осы екен-ау деп қынжылды. Артына қарап еді, бір тұрып бір жығылып, қиралаңдаған Тарғылды көріп: «Өлмесең өлем қап!» — деді де жүрісін жылдамдатты.

— Әй, тоқта! - деп мияулады Тарғыл. - Саған ерем деп жол шығын боп кете жаздадым.

Сарының қарайлауға дәті жетпеді. Қатерге ұрынарын сезді де, зытып берді.

Ұры мысық иттердің қоршауында қалған еді.

СҮЛДЕР

♦ Қалада деп ойлаған әділет. Сосын ғой тұрақтап қалғаны. Жора-жолдастан кенде емес-тін. Құрдай жорғалады мұның алдында. Қолтықтап жүретін ылғи. Кездесу-жиындарға апарды. Ұраншылдарға қосылып шеруге де шықты. Таяғымен әлдекімдерді нұсқап таусыла сөйлегенде, елірген тобыр ықты-жарды тыңдамай алға ұмтылды. Қарлығыңқы жарықшақ даусын көтере: «Жасасын демократия!» - деп азандағанда аспан асты теңселіп кеткендей болып еді. Қанаттанып шабыттанған Шындық: «Дауыстарыңды әділетшіл отан сүйгіштерге беріңдер!» - деп мәрмәр еденді тақылдатқанда, таяғының ұшынан от шашыраған-ды.

Әлгілер мұны біресе анда, біресе мұнда әкеліп аяғын жерге тигізбей жіберген. Сайлау қарсаңында мейлі білді. Өтімділігінде шек болмады. Құдайы жарылқады. Бал талмады, қазы-қарта шайнады, уылдырық сорды. Қызыл күрең шараптан да ауыз тиді. Сый-сияпаттан да құр тастамады. Шапанда жік жоқ, кемі жүзге жеткен шығар. Үйіліп қалған-ды. Ақшаны сайлауда жеңіске жетсек береміз деген еді. Оған жете алмаған. Жеңіліп қалды өңшең табансыз. Сәтсіздіктерін бұдан көреді. Қасында бірі де қалмады. Сенделіп жалғыз жүр кең көшеде. Кетпесе болмас бір жағына. Мына қалпында аштан өледі ғой. Қалтасында көк тиын жоқ. Жолға деп аздаған тиын-тебенді бір танысынан сұрап алды. Ақша қолына тиісімен қияндағы ауылға бет түзеді. Онда қайбір екі туып бір қалғаны бар дейсің. Шалғынына аунап, тас қайнардың мөлдіріне шөлін қандырып, жусан иісі бұрқыраған таза ауасымен тыныстамақшы еді. Үмітсіз де емес-тін, әділет бар шығар түкпірде деп топшылаған.

Көрген жерде ауыл бар, адаспай жетіп еді түкпірдегі елді мекенге. Сенделіп жүрді де қойды үй-үйдің арасында. Бірді-екілі бейтаныстан сөзге жарымады. Мұндағылар да бір-бірінен жөн сұрасуды ұмытқан сыңайлы. Сәлемдері

салқын, қабақтары түсіңкі. Сірә, кәсіпсіз қалған-ау! Шал-шауқан көзіне түспеді. Үй күшік боп алған ба?! Демігін басып аз тұрды да, еңселі үйдің дарбазасын таяғымен тықылдатты. Сыртқа шыққан әйел мұны көрді де, беталбаты шаңқылға басты.

— Құдай-ай, тілемсектерден-ақ мезі боп біттік-ау! Кімсің-ей?! Қайыршымысың?! — деді.

— Шақыр, отағасыңды! — деді жолаушы ширығып. — Ауылым деп келгендегі көрейін дегенім осы ма еді?!

— Бізден құрмет дәмететін кімсің сонша?! — деді дүрдік ерін қатын бейапар әдетінен танбай. - Көріпкел машайық болсаң мешітке бар.

— Шындықпын, - деді қалтақ шал үнін жұмсартып. — Даланы аңсап... ауылды сағынып... Өздеріңді бір көрейін деп...

—Тірі ме едің?! — деді әйел таңданыспен. — Өліп қалды дегені қайда сені?!

— Өлгені рас Шындықтың. — Шал кемсеңдеді. — Мен оның сүлдерімін, әншейін.

—Сүлдері болсаң қайтейін? — деді қатын қиықтанып. — Жетіскен жайымыз жоқ. Бір жаман байым бар. Үйге қамап ұстап отырмын. Есіл-дерті карта, одан қалды, дүкенге жүгіреді. Ішіп алып жесір әйелдерге қырындайды жаман әліне қарамай.

— Сонда өзі... ауылда да имандылық қалмағаны ма?! - деді Шындық торыққан әлпетте. — Әкім қаралар не бітіреді? Мешіттің имамы кайда?

— Бар соларға! Әрмен жүр! — деді де әйел байлаудағы итті босатып жіберді.

Ит иесінен де өткен екен. Тақымдап қыр соңынан қалмай қойды. Сүлдері құрып тауы шағылған Шындық ауыл сыртындағы қорымға бет алды. Тірілерден түңілген оның өлгендердің әруағына бас иіп, рухына шағынудан баска амалы қалмаған еді.

Еңселеген өлімші Шындық болдырған атша ілбіп бара жатты. Бір жүріп... бір тоқтап жан-жағына қарағыштай берген.

ҮНЕМ СОЗАР

♦ Қар суымен молығып екпіндей тасыған Жылға бұлақты жарысқа шақырғандай боп: — Кел, қатарласа ағайық! — деді.

— Болмайды, — деді Бұлақ.

— Әйеншексің-ау осы сен! - деді Жылға қынжылып.

— Мінезім солай.

—Бойкүйезбін десеңші одан да, - деп Жылға тас қайнарды көпіршік атқан асау ағысымен бастырмалатты. — Сөзді қой да, ілес маған!

Бұлақ елікпеді. Тереңнен бұрқырал шығып сыздықтап ағатын машығынан жаңылмай, сыңғырлай күліп жатты.

Көктем ығысып, жазға жол берді. Өзендер асау екпінін бәсендетіп, өзек-өзек тартылып құрғап калды. Ми қайнатар ыстықтан бұғынған Жылға жанын қоярға жер таппай жанталасты. Тас бұлақтан жалынып жәрдем сұрады.

— Үнем созар едің ғой, бөліссеңші қайнарыңнан! — деп күңіренді. Бара-бара үні бітіп, мүлде сарқылды.

Бұлақ бір қалыпты ағысынан танбады. Күміс үнді күлкісі бәз қалпында еді.

ҚЫЛЫҚ

♦ Селтиіп жеке тұрған Қылықты көріп калған Бітімші: — Өң-түсің келіспей қапты, жылағаннан саумысың? — деді жанашырлыкпен.

- Көзімнен де бұрын жүрегіме келеді жас, — деді Қылық мұңайып. - Серіктесіп бірге жүретін тең құрбы таппай жалғызсырап жүрмін.

- Олай болуға тиісті емес, — деді Бітімші басын шайқап. - «Тең теңімен, тезек қабымен» деген емес пе! Әне, кетіп барады бойжеткендер, ілес соларға.

— Теңдігіне алмайды олар мені. — Қылық жылап қоя берді. — Жұлады тіке шашымды бір талдап. Жұмырықтарын ала ұмтылып, бөкістеп тастайды.

—Астапыралла! — Бітімші жағасын ұстады. — Ақыр заман

боларда су тартылады, қарап тұрған жігітке қыз артыладының кебі ғой мынау! Бөкістескені несі?!

— Қойғыштасады дегенім ғой, — деді Қылық жасын тыйып. — Бүгінгінің бойжеткендері шетінен еркек мінезді едіреңбай емес пе?!

— Сонда оларын еркек болмақ па?!

—Болмағанда несі қалды? - қылық кемсендеді. — Езулеріне қыстырғаны шылым болса, кигендері шалбар болса, сөздері іртік-тіртік дөкір келсе, төбелеске оң иығын беріп тұрса, арақты жігіттерден қалыспай сыңғытса, еркек болмағанда несі қалды?!

— Кешірімшіл болған да жөн, — деді Бітімші кеңпейіл әдетіне басып. - Жаппай емес шығар. Тәрбиесіз тәлпіштер мен көргені жаман тотайларға бола оларды жаппай жазғырмайық. Жұптастыққа адал, махаббатқа тұрақты тұрлаулы келсе, болды емес пе. Бірен-саран қылықсыздардың қылымсы әдеті, аздаған әбестігі өзінен-өзі аяқсиды.

— Сонда не істеуім керек?! — деді Қылық дағдарып. - Сорлы көнді, бейбақ жеңдінің әдетіне бағып, сендердікі жөн, алған беттеріңнен таймаңдар деуім керек пе?

—Үгітте. Өзінді үлгі етіп көрсет. Соңдарынан қалма. Қайда барса да еріп жүр. Қазақ қызы деген атқа кір келтірмендер деп айта бер, айта бер.

— Тыңдамайды, ерегісе түседі. Есіл-дерттері түнгі ойнақ. Одан қалды, ләззатхана.

— Жас қой. Ептеп көңіл көтеріп дегендей...

— Шындап кетсе ше?

— Қайтіп?

— Ашылып-шәшіліп...

— Ол да кешірімді. Қашанғы қымтана берсін.

— Тәнін сатып, махаббатын саудаласа ше?!

— Енді онысы жарамаған.

— Одан да зорғысы бар. — Қылық сұрланып кетті. — Диірменнің асты болмай үсті боламыз деп бәлденерін қайтерсің?! Байдың керегі жоқ, бала таппаймыз деп кергиді шетінен.

— Солармен бірге болғаның жөн-ау! — деді Бітімші. — Сенсіз оларда нендей қасиет бар? «Қыз қылығымен сүйкімді» дегенді халық тегін айтпаған. Қылықсыз бойжеткен ұяңдықтан, нәзіктіктен айрылады. Ұяттан жаңылып, сұлулықтан адаланып, жанды қуыршаққа айналып кетеді. Табиғат белгілеп берген міндетіңнен жаңылма. Қалма олардың қыр соңынан. Райынан қайтаруға күш сал. Еңбегін еш кетпейді.

Қылық жұмсарды. Бітімшінің тоқтамды сөзіне еріксіз ұйыды. Құрбыларының жолын тосты.

— Қылықпын ғой, — деді қызыл бет шолақ көйлек қылымсыға қиылып. — Мені ерте кетші. Бірге жүрейік.

Әлгі қызыл бет шоқ басқандай ыршып түсті.

—Әрмен кет әрі! Қылықты боламын деп қызығымнан құр қалар жайым жоқ.

Қылық басылып қалды. Мұңайып жылағысы кеп кетті. Өзіне бір қатқылдық ауыл үй қонайын деп жүрген сияқты. Көзінен жас шықпады.

Мектепке барған. Жасөспірімдердің жүрегіне орнауға, болашақ бойжеткендердің санасына ұялауға ниет еткен-ді.

ДҮНИЕ ҚОҢЫЗ

♦ Алшақ ұстайды онымен арасын. Мүңкіме иісінен қашады. Ұшырасып қалғанда қажасады. Құмырсқа оған есесін жібермейді. Қоңыздын да тілінің бізі бар.

—Тоңқаң-тоңқаң етесің, мақсатқа қашан жетесің? — деп кекетті оны Құмырсқа. — Осырақсың, мүңкіме сасықсың.

—Дөп түстің, — деген Қоңыз байыппен. — Сендердің де оңғандарың шамалы. Ертеңнен қара кешке дейін тырбанасындар, сондағы шыққан биіктерің қайсы?! Мұратқа жетіп, шылқа майға батқандарың шамалы.

—Ұрпақ үшін жүгіргіштейміз. Әлдіміз әлсізімізге болысады. Ұйымдасып түсіністікпен өмір сүрген соң, қиындықтан қашып қалтарыста қалу өлгенмен тең. Адал еңбектің рахаты бар. Бейнетсіз келген көлденең олжа бізге жақпайды.

- Сенің маған айтқан сының орынды, - деді Қара қоңыз еріксіз мойындап. - Біздер ерте замандарда өте үлкен екенбіз. Құлқынымыз кең, тойымсыз қомағай боппыз шетіміздің. Бір жаман әдетіміз - жылтырақка үйір екенбіз. Асыл тастарға дейін құтқармаппыз. Тау қып үйіп қоятын көрінеміз. Көзіміз тоймапты қызылды-жасылды асыл заттарға. Жылы-жұмсақты және обып өңешімізден өткізе беріппіз. Асыл тастарды бойымызға жапсыратын көрінеміз. Қызылды-жасылды дүниеге бола, тәтті-дәмдіге бола басқа жан иелерімен қырқысып, қырық пышақ бола бергенімізді жаратпаған жаппар хақ біздерді басқа қалыпқа салған ғой. Содан кішірейіп қалыппыз. Ежелгі дүниеқор әдетіміз қолапайсыз қимылымызда, өнімсіз мимырт жүрісімізде қалған. Барша ауырлықты бір өзіміз көтеріп бара жатқандай «тоңқаң-тоңқаң» ететініміз содан.

Құмырсқа тағы қадалды.

- Неге сасықсындар?! Осырақ әдеттеріңнен барша жан иелері жиіркенеді.

- Айттым ғой жаңа, — деді Қара коңыз ауыр қынжылыспен. - Дүниеге құмарлығымыз үшін қарғыс алғанбыз. Содан да ғой дүние қоңыз делінетіні. Тойымсыз қомағайлығымыз өлетінімізді ұмыттырып жіберген. Алла бізді «ишаралап» сасық қып қойған. Дүние шіриді, тозып түтіледі. Іркінді су да сасиды. Тау да тыйпылданады. Теңіз де тартылып құрғайды. Әр нәрсенің ақыры бар. Соған ой жіберіп, ми жеткізбегеніміздің сазайын тартып, барша қызылды-жасылды дүниені үстімізге артып алып, тоңқандаумен жүрміз әлі күнге. Жеткізетін түрі жоқ ит дүниенің.

Құмырсқа аяп кетті оны. Қажағанды орынсыз көрді де, тезбе-тез қоштасты. Осырып жіберер деп қауіптенген еді. Сасық қоңыз зорға ұстап тұр еді өзін. Мүңкіме иісі бойына жайылып тынышын кетірді де, амалсыздан жел шығарды сыртқа. Төңірегіне жайылған жағымсыз иістен барша жанды-жансыз тітіркеніп кетіп еді.

Қоңыз алған бетінен қайтпады. Санасын шырмаған ескі әдетінен жаңылмай алға тырмысты. Дүниеге ентелеп бір пұшпағына жармасып, ұстап қалуға жанын салды.

ҚОҚИ

♦ Қораз тұрқын тіктеп қоқиланды. Іле тауықтарды тықсырды.

— Сыйды білмеймісіндер, түге! Шоқынып күресінен дән тергенге мәзсіндер. Сендерді қауіп-қатерден қорғаштаймын деумен-ақ ала көңіл боп біттім. Алаңсыз түртіне де алмаймын. Орта құрсақпын. Түнемелде өзегім талады. Түн ортасына қарай. Сосын шыдай алмай мезгілсіз шақырамын.

— Білгенде не қыл дейсің бізге? - деді сары тауық қораздың қисынсыз қопсығанын жаратпай. — Тұшыныстан кенде емессің. Үнемі төбемізге көтеріп, иығымызға артып жүруіміз керек пе сені?!

— Жүресіндер, әрине! — деді Қораз алақандай айдарын қозғаштай түсіп. — Менсіз мекиендердің күні қаран. Мен болмасам сендер көрінген әтештің мазағына ұшырап жүрер едіндер ғой ара-дарада.

—Бас иеміз екенінді мойындаймыз. — Сары тауық ойын әріден суыртпақтады. — Алайда сен құс тектісі бола алмайсың. Олай деуге аузымыз бармайды. Біліп қойғын. Сыртыңды әспеттеп қоқиланғаныңмен қыран бола алмайсың. Сұңқармен деңгейлесе алмайсың. Көкке көтеріліп, биіктеп ұшпаған соң, жалған мақтанға беріліп тырашсығаның ерсі.

— Ұша алмасам да көрнектімін. Айбарлымын. Жаңағы өзің мақтаған шақар құстар: қаршыға, қырғи, тұйғын, жағалтай тәрізденгендер маңыма жуымайды. Сесті сұсымнан сескенеді.

—Ондай кереметінді күн уағында көре жатармыз, - деді де Сары тауық көң-қорданы ақтарғыштап кетті. Басқа мекиендер де түртіністе еді.

Сөйткенше болмады, қанат суылы естілді. Төбелерінен құлдилап кеп төнген Қырғи тауықтарды жайқап өтті. Түртіншектер баж-бұж болды да қалды.

Сары тауық амалсыздан бұғынды. Қара әтеш қоқақ-

қоқақ деп ойбай-аттанға басты. Сарыны сағаламаққа жанталасты. Жетіп келді қасына. Айбарлы айдары құйын жапырған жапырақтай бір жағына қарай жатып қалыпты. Көзі жыпық-жыпық етеді.

— Сендерден гөрі көрнектімін ғой, — деді ол Сары тауыққа жалынып. — Әлгі жыртқыш қайта шүйліксе іліп кетуі кәдік. Жасыр мені! Қанатыңмен далдала.

— Онда астыма кіре ғой, — деді Сары мекиен әтештің су жүректігіне ыза болып. — Шамаңа қарамай шалқалақтаған ненді алған?!

Қоразға бәрібір еді. Әсемсіп бәлсінген әдетіне басып, өзінің бір сарынды жаттанды шақыруын жалғастырып кетті. Қырғидан бұғынып аман қалғанын ерлік деп білген-ді.

СҰҒАНАҚ

♦ — Әй, кімсің?! — деді сырттағы дүсірге елендеген үй иесі.

— Мен ғой, мен!

— Бұйымтайың бар ма?

— Жай кіре кетейін деп.

— Болмайды.

— Онда ептеп сығалайын есік саңылауынан.

Отағасы ойланыңқырап барып:

— Сұғанақпысың-ей?! — деді.

— Дәл өзімін.

— Салған бетте сөйдемеймісін? — деді үй иесі өтірік аңқаусып, - Тонаушы ма деп қалғаным-шы. Мендегі шаруаң не?

— Жүрдім-бардым ат үсті жұмыс қой.

—Түсінікті, — деді үй иесі даусынан салқын рай танытып. — Сығалатайын есік саңылауынан. Ішке кірмейсің.

— Ойбүй, пақыр-ай! — деді Сұғанақ қарық боп күліп. — Мені есігіңнен сығалатқаның төріңе шығарғанмен бірдей емес пе?!

Іштегі адам шарасыз илікті.

— Ә, онда кіре ғой. Саған дауа жоқ.

АЛҒЫШ

♦ Заманның амалынан ба, әлде ауа райының әсері ме, кіржиеді де жүреді. Бүгін тіптен көңілсіз. Сұрамшактар ығыр қылады. Осы күнгінін адамдары кілең аларман. Шетінен тілемсек. Берем деп келетін бірі жоқ, содан да құрыстайды.

Ширыға шытынаған ол қоңырау түймесіне төндірді ортан саусағын. Бұралып хатшы келіншек кірді ішке. Тұла бойынан әтір аңқыған ол наздана қылымсыды бастығына.

—Бүгін ешкімді де қабылдамаймын, — деді қырыстанған кеңсе қожайыны.

— Тіпті ме?

— Иә, — дедім ғой!

Келіншек шырынды ернін шүйірді. Онысы — бұныңыз сәл томпақтау дегені еді.

Тыншу сәт бір-ақ сағатқа ұзады. Хатшы келіншектен маза кете бастады.

— Ағай, мында бір кісі...

— Сұрамшақ шығар дәу де болса?!

— Ол емес.

— Жағымпаз болуы кәдік. Көптен көрінбей жүрген.

— Әлгі ғой, ағай.

— Жандайшап па?

— Басқа біреу.

—Шағымшыл арызқойдың бірі болғаны да.

— Ондайларды есіктен қаратам ба?!

— Айтсаңшы, енді кім?

—Бекең ғой.

—Алудан басқада жұмысы жоқ, сұрамшақ па оның?

— Қоржынды кісі, — деді келіншек үнін жұмсартып. — бергіш Бекең! Сіздің әмпейлесіңіз.

—А, онда жібер маған!

ОПАСЫЗ

♦ Тез үйірлескен-ді. Жөн сұрасуды құшақ тартылысы жеңіп кете берген. Тән тойымдығына кенеліп қатты ризаланған төмен етекті сыбырласа бастады. Қойындасы ашыла сөйледі. Ендігі ғұмырда бір-бірінен көз жазбақшы емес. Әйел жесірліктен запа шеккен мұңлық еді.

— Жаным-ай, неткен жұлдыздысыз! - деп үздікті келіншек.

— Құшағың ыстық екен, - деп еркек еңсеріле берді оған.

Әйел одан басқаша сөз күткен. Көңілдесі бірден шешілмеді. Сырын кейінге сақтаған сыңайда. Келіншек алдаусыратты өзін. Көптен құшақ көрмегендей бұған үздігуіне қарағанда, еркек те сыңарынан көз жазып қалған болуға тиісті. Әйтпесе, несіне өліп-өшеді.

Келіншек емексіді. Қойындасын ыстық демімен үрлеп еді, еркек тұтанды қолма-қол. Әбден зарығып аңсаған екен де қызулы әйел құшағын.

Анау ентігін сап-сап басты. Әйел қыбырсыз қалды. Бұндайда үнсіздік қауіпті. Өтірік те болса бірдеңе дескені жөн. Тәтті сөз тар төсекте айтылады.

Үстем көкірек өтірікке шебер келмей ме. Әйел сырын ірке алмайды. Ғұмырында тісінен шығармаған құпиясы ашылып қалуы кәдік.

—Ризамысың? — деді еркек.

— Әрине ғой, — деп келіншек оған жабыса түсті. — Өзінді қатты ұнатып қалдым.

— Бағың бар екен, — деді көңілдесі келіншекке. — Сені қосқанда жүзінші әйелдің етегін көтеріппін.

Келіншек үнсіз қалды. Оны бір дәрменсіздік еңсеріп еді. Ұрғашыға тән әлсіздік. Тұщы тәнін емін-еркін билеп-төстеген мына өлермен қапелімде бұған суық қолды тонаушыдай көрінді. Іргеге қарай аунап түсіп: «Опасыз!» - деді құмығыңқы күбірмен.

ТАМЫЗЫҚ ПЕН ОШАҚ

♦ Көптен көрінбей кеткен. Төбе көрсетті бір күні. Ескі таныстар қауышты. Әсіресе Ошақта ес қалмады. Айтып жатыр, айтып жатыр басынан кешкен қиындығын. Мұңая күрсініп те қояды. Іші толып кеткен ғой, сірә, зар-налаға.

— Керексіз боп қалдым, — деді Ошақ қамығып. — Ием жұртқа тастап кетіп еді, темір-терсек жиғандардың қарамағына өтіп... содан мұражайдан бір-ақ шықтым.

— Жаның тыныш екен ғой.

— Бүйткен жан тыныштығы бар болсын!

— Сабырлық керек, - деді Тамызық. - Қашанғы аңғарымдылығына бағып. — Қайта қорытылып, пештін өңешіне жұтылып кетсең қайтер едің?! Осы тұрысыңа тәубе ет.

— Кешегі күндерді аңсаймын. Қазан көтеріліп... ет асылып... алау-далау боп жатушы едік-ау!

— Менің де жетіскенім шамалы, — деді Тамызық. — Газ пеш, тоқ пеш дегендер маңына жуытпайды. Қарап жүргенше деп басқа бір ермек тауып алдым.

—Ежелгі сүйекке сіңген дағды ғой, — деді Тамызық. — Отты сыртынан қоғамдаймын. Осы күні пеш дегендер менсіз де жанатын әдет шығарды. Кәресінге сүйенеді. Жер майының құдайы жарылқап тұрған жоқ емес пе?! Гәп жүректе. Жүрек оты әлсіресе, құштарлық бәсеңдейді өмірге деген. Жігері жасиды елім деген азаматтың. Сол себептен жүрекке қуат дарытамын. Дамыл-дамыл тамызық үстемелеп, жігеріне жігер қосамын. Намыс отын қағыстырып бәсеңдемеуін қалт жібермей қадағалаймын. Жігер-қайраттың күш алып, елін сүйген ерлердің сесті жүруіне, пықсып түтіндеген әдеттен аулақ болуына септесемін. Дүниеде тартпайтын пештен, күлбілте күншілдіктен, арсыздық пен надандықтан өткен қасиетсіздік жоқ-ау, сірә!

Ошак ескі досын үнсіз құптады. Тамызықтың елгезектігіне тәнті еді. Өмір көшіне ілесіп, адамдарға тілекші боп жүргенінің өзі неге тұрады?!

ҚОЛШАТЫР

♦ Гүл теріп жүрген. Жаңбыр құйып кетті де, жол жиегінде ербиген талды паналады. Қашанғы кәрі ағаш құрай бастапты. Уақыттың пәрменіне шарасыз бой ұсынған қалыпта екен. Өзі және тырбиған аласа. Ықтасын болатындай шамасы жоқ. Өткінші үдеді. Кенет қыз шөп арасынан қолшатырды көріп қалды. Топшысы кетіп ұша алмай қалған құс тәрізденіп бұғынып жатқаңдай еді. Ескілеу болғанымен, істен шықпапты. Қыз оны төбесіне ұстай қойды. Ақ жаңбырдың ірі тамшылары қолшатырды аяусыз осқылады. Керексіз боп айдалада қалғанына құсаланған шер көкірек байғұс сәтте сергіді. Іле жігіт жетті алқынып. Шатырды төбесіне ұстаған олар сөйлесе бастады. Әзілдері жарасқан екеуі қосыла күлгенде, шатырда ес қалмады. Үміті тірілгендей болып еді. Үйреншікті орында қала берген қолшатыр жер тынысын түйсініп, жаңбырдан жасаңсыған қыр шөбінің хош иісіне кенелді. Адамдардың қажетіне жарап жатса, одан артық не тілейді жаратқаннан. «Шіркін-ай,— деп қиялдады ол, әлгілер бір-бірімен жарасып кетсе ғой. Сонда ұмытпас еді, қайтып кеп мені алып та кетуі кәдік. Дүниеде керексіз боп ескерусіз қалғаннан өткен қорлық жоқ-ау, сірә!».

Ол бұрынғы иесін есіне алды. Үнемі ішіп жүретін. Мас боп қалып, осы мына жалғыз талдың түбінде ұйықтап тұрған. Қара басып, ұмытты да кетті қолшатырын. Күн жеп, жаңбыр шайып, өңі оңғаны аздай-ақ, осы маңнан өтіп бара жаткандардың мүсіркегені жұқартады. Адамдар да қызық, ескірген нәрсені көзге ілмейтін жаман әдеттері бар. Сонда өздері тозбай ма?

АҚ ТАУЫҚ

♦ Ақ тауық жылдағы дағдысымен жұмыртқаны жасырын басты. Молықтырып алып, шайқаған еді, артық-кемі жоқ, он бес балапан өргізді. Иесі мекиеннің бөбесектігіне кешіріммен қарады. Бауыры құтты деп біледі. Басқа тауықтардан мұны

артық көреді. Дәнді алдына мол төгеді. Ұябасарға оңай емес шібилерді коректендіру. Ашқарақ шетінен. Бозала таңнан кеш түскенше көң-қорданы түртіншектеп дамылдық көрмейді.

Үй иесінің күйбеңі ақтауықтан да асып түседі. Балаларын құтты ұясынан ұшырып жіберсе де, әлі күнге солар деп түн ұйқысын төрт бөледі. Ұшқан ұясын сағынып келгенде, байғұс ана сақтағанын балаларына жайып салады. Қарындағы майын, қаптағы құртын таласа-тармаса бөлісіп жатады. Соларға деп жинаған жұмыртқаны да алдарына қояды. Жасанды қоспадан ада табиғи тағамға жаны құмар өздерінің. Жас кезіндегі еркеліктерін естеріне түсіріп, маған үлес аз тидіні желеулеп, бір-бірімен дауласып жатқаны. Келіндері, обалы нешік, аса сұғына қоймайды. Ененің қырпымен болады. Бір баламен тоқтап қысырап кеткен тақыстары тауық жұмырткасынан өршіген қысыр даудан қарадай қорынады. Он үш құрсақ көтерген ене ақ тауықтың бөбесектігін айтып қала ма деп жасқанады. Жарапазандауын қоятын ол емес. Әр сөзінде астар, терең мән бар. Аңқаусыған боп төтесінен койып қалады. «Жұмыртқаға жерік болсаңдар, жей түсіндер», - деп, жерік асты естеріне салады.

Ақ тауықтың да көзқарасы, шүкіршілігі бар тіршілікке деген. Түртіншек шібилерін шұбыртып күресінге бет алғанда, мекиенді астам сезім билейді. Төңірегіндегі жанды-жансыз кішірейіп шөгіп қалғандай-ақ, қанат-құйрығы қопсып зорая түседі. Мүтін тіршілік көз алдында дөңгеленіп, барша жандылар ақ тауыққа құлдық ұрып, тәжім етіп тұрғандай болады. Жұмыртқа баспайтын қысыр тауықтарды көргенде, желке жүні қопсып дүрдие қалады. Әтештер ақ тауыққа жанаса жүреді. Жас мекиен ұрғашылық түйсікпен кішілік танытады.

Ақ тауық барынша сергек. Не болса соны шоқитын ашқарақтарды маңына жуытпайды,қуып тастайды. Балапандары үшін ғой, бір басына қорек табылады. Біреу емес, екеу емес, бір ұя шібиді асырау оңай ма?! Кейде ұрт кететіні содан.

Күндегі әдетімен іргелес аулаға ойысты. Көршінің қызыл тауығы шықты алдынан.

—Ұялмай тағы келдің бе? Жаныңды асырай алмайтының бар, қаптатып балапан өргізген неңді алған!? Менен үлгі алмаймысың? Он жұмыртқадан үш-ақ балапан шығардым. Қалған жетеуін иеме білдіртпей шоқып тастадым.

— Бұл деген ұрпаққа опасыздық?!

— Сен-ақ жарылқан! — Қызыл тауық қанат-құйрығын қопсытты. — Жетіскенін осы ма?! Жат аулаға неге сұғынасың?

— Көршіміз ғой. Бірімізге-біріміздің ауыс-түйіс боп жатқанымыз жарастықты емес пе?

—Сендей сұғанақты кім ұнатсын?! Ашқарақ үрпектеріңді шұбыртпай, тайқы әрмен! Ауламызды былғайсың.

Сыртқа үй иесі шықты. Орта жастағы әйел еді. Үні дігерлі еркек дауысты болатын. Айқайға басқанда, иті қосыла шабаланды.

—Ойбай, құдай-ай, осылардан-ақ көрдім-ау!? — Қолы мен аузы қоса жүгіретін әдетімен көршінің тауығын кірпішпен дәлдеп жатқызды.

Ақ тауықтың жан даусы шықты. Шібилері жанталаса жүгіргіштеді. Бір-екеуі иттің аузына түсіп қалды, өзгелері бас амандады. Қызыл тауықтың қыбы қанды. Иесіңде арқа-басы кеңіп қалды.

Ақ тауық шығын болған қос балапанын жоқтап қоймай-қоймай қыт-қыттады. «Қалғандары аман болсын, — деп мүсіркеді оны иесі. — Долыдан да өткен донданақтың өзі нағыз. Онымен сөз таластырып қайтемін, жұлысудан тайынбайды. Ендігәрі олай қарай қия басушы болма. Жазым боп кетесін. Қішкенелерің жетім қалса — қиыны сол болады. Жайы мәлім онын. Жалғыз баласын шыдатпаған одан не үміт, не қайыр?! Келіні мен баласы көрместей боп кетті. Күйеуін де оңдырмайды».

Мекиен иесінің қырпынан өзіне деген жанашырлықты сезінді де, ықтиятты болуға тырысты. Көрші үйдің ауласын мүлде ұмытты.

Жаз өтіп, күз келді. Шібилер жетіліп, өз күндерін көре бастады. Ене тауық арқасын кеңге салды, қысқа қоң жиюға кірісті. Бірде көршінің Қызыл тауығымен ұшырасты.

—Шібилерің қайда? - деді еш құйтырқысыз. - Жағдайың қалай?

—Сопайып өзім ғана қалдым, — деді Қызыл мекиен. - Бір балапанымды жоғалтып алдым. Екіншісі өліп қалды... Қалған жалғызды ит жеп қойды.

—Обал бопты-ау?! — деді Ақ тауық көршісін мүсіркеп. — Келер жылы жұмыртқаны молықтырып басарсың...

— Оған жете алсам жақсы-ау!? — Қызыл тауық жыламсырады. — Ием дәнді үстемелеп төгеді алдыма. Семіртіп үйітіп алмақшы.

— Тұтылыстан кім қашып құтылады? - деді Ақ тауық естілігіне бағып. — Зауал шақ бәрімізге ортақ, тұқым қалса болды да артымызда.

Қызыл тауық қоймай-қоймай созды үнін. Үш балапанын жоқтаған еді. Ақ тауықтың көзіне жас келді. Аяды тұқымдасын.

КЕРЕК ТАС

♦ — Осы жатысың не? — деді арақтан босап қалған шиша жол жиегіңде мелшиген суық қара тасқа қисынсыз соқтығып. — Не онда, не мұнда емессің. Олай-былай өткен жүргіншіге кедергі болғаннан басқа.

— Табаларсың?! — деді тас салмақтанып. - Мәшинеге тиеліп бара жатқанымда, абайсызда қораптан жырылып қалдым. Өзіңнің жатысыңа жол болсын?!

— Міндетімді өтеген соң, арқамды кеңге салып...

— Түсінікті. Бір ішкіштің әуселесімен десеңші одан да?

— Сенде ол да жоқ! — деді шиша шырт етіп.

—Бір есептен онын да қисынды, — деді кірпіш тәрізденген тас тым шұғыл кетпей. — Мен үшін қам жеме. Еш нәрсе керексіз қалмақшы емес.

Ажылдап, гүрілдеп жүк мәшине келе жатты. Кілт тоқтады да, рөлдегі кісі тасты мәшине қорабына ытқытты.

Тас қораға кірпіш боп қаланған еді. Нығыз да мығым қалпында ұзақ тұрарына сенімді-тін.

БҰЙРЫҚ

♦ Тарғыл - кәрі мысық. Нешеме қар басқаны түйсігінде жоқ. Қыста дүрдиеді, жазда ілмиеді. Соған қарағанда, кәрілік оған ауыл үй қонайын дегені. Қимылы шабандап, жемін іліп түсетін ілкімділіктен алыстап барады. Бір тышқан ұстап жеуге мүтін бір түні кетеді. Жітілік, қыбыр еткенді шалып қалатын қырағылықтан ада. Дегенмен, тағыға тән айбардан жаңыла қойған жоқ, айбатқа да бар... Иттерден ығыса қоймайды.

Ит демекші, Тарғыл кашаннан бір аулада тұрып келе жатқан Бөріаламен тату. Қисынсыз іліктесе қоймайды. Мұның қиянпұрыс шақарлығын есті ит елей бермейді. Бір жаманы, қожасы төбетті байлаудан босатпайды. Үрісі сараңдау болғанымен, үні зілді. Кәрілік иектеп, жүні жығыла бастағалы марғау тарткан.

— Не ойлағаның бар? - деді Бөріала үйшікке жақындаған кәрі серігіне. - Тіршілік қажытқан жоқ па?

— Ондайды сезіне қоймаймын. Тамағым тоқ, тышқан ұстап жейтіндей қабілетім бар әзірше.

— Мәселе тамақтан өткенде емес, алды-артыңа ой жіберіп, бұрынғы-соңғыдан келе жатқан аталы сөзге мән беріп, бізден бұрынғы өткендердің өмір тәжірибесіне сүйену керек емес пе?

— Менің мақсатым — тышқан ұстап жеу. Алғырлығымның арқасында иемнің көңілінен шығамын. Шошалаға кіріп ет ұрлап жемесем, қожама адал болсам, одан артық нендей мақсатқа жетем?

— Бір сәт айналана қарамаймысың?

— Мен қарағаннан дүние оңғарылып кете ме? Қашаннан әлсіз әлдінің жемі.

— Сенің мұның ежелден үзілмей келе жатқан тағылық түйсік. - Бөріала сөзін әріден бастады. — Тірлікті бастау деген бар. Аяқтау деген және болады.

—Қияли бірдеңені айтпашы! Адамдардың ойын қайталайсың. Ақылдымыз дейді, жетіскені шамалы соларыңның?!

- Бұйрыққа бой ұсынғысы келмей қиықтанады, содан да шығандап қиыс кетеді.

- Бұйрық деген не?

- Ол - сенің ұзына ғұмырың, маңдайыңа тартылған сызық. - Қоясы қозғалып кетті де, ықылық атты. — Құла түзді бетке алып кетсем бе екен. Сонда, бәлкім, жеңілейіп ширайтын шығармын. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпес» дегенге тоқтамасқа лажым жоқ.

Мазасызданған оны иесі босатып жіберді. Азаттық алған Бөріала екі-үш күн бостандықта жүрді де, жоқ боп кетті.

Тарғыл жалғызсырай бастады. Үйреншікті аула оған бір түрлі жат көрінді. Әлдекайдан сап ете қалған жас мысық Тарғылға күш көрсете бастады. Түк жазығы жоқ оны жатып кеп бүрді. Жаны қысылған кәрі мысық шатырға шығып кетті. Мияулай берді құдай аманаты. Бара-бара үні бітіп тыншыды.

Аулаға жас мысық қожалық ете бастаған. Бөріаланың үйшігіне үш айлық күшік тұрақтады.

Бұйрыққа шара жоқ.

ЖОРТУЫЛШЫ

♦ Көршілер тату. Күңкіл-шүңкілдері өзара. Сыртқа шығармайды. Ауладан озбайды ұрыс-керістері. Бұл дағды ит пен мысықтарға ауысқан. Бір ғажабы - екі үйдің адамдары егде, ит пен мысықтары да кәртан. «Тек жүрсең, тоқ жүресің» тәртібін ұстанған.

Көк мысықта аздаған мінез бар.

- Койсаңшы! - деді көрші үйдің кәрі мысығы жалынғандай боп. — Жасымыз ілгеріледі. Қисық жүрістен опа таппаймыз.

- Естіп тұрмысың? - Көк мысық жонын дүрдитті. - Көшенің арғы басындағы ерке сары шақырады. Мауығып өлгелі жүр.

- Сен деймісің іздегені?! Қатарына назданады. — Көрші үйдің мысығы танауын тыржитты. — Жанның бәрі

мысықтын еркегін ұстайды. Дәмелілер баршылық. Өткен жолы өлесі боп келгенің қайда? Боғыңмен жасты бозымдарға таланғаның өлім емес пе?! Бұл әдетіңді тастамасаң жол шығын боп кетесің. Ит жемеде қаласың. Бәленшенің мысығын мәшине езіп кетіпті дегізіп иеңе сөз келтіресің.

—Ә, мейлі, әр күнім кымбат, қызық керек маған! — Көк мысық құйрығын шиырды. — Өз иен сері шалды көрмеймісің?

— Кемпірі өліп қалған, оған кешірімді, — деді акылгөй мысық. — Ақынсымақ, арқасы бар.

—Біз ше? Еркек емеспіз бе?!

— Картайдық. Ендігіміз ерсі. Оралымсыздық жасап опынып жүрсек, не болғанымыз?!

— Сенің сері иең опынбай ма?

—Ақырын жүріп, анық басады.

— Көрерміз күн уағында, — деді де Көк мысық көшенің жоғарғы жағына тартып кетті. Шал шықты үйден. Қолында оймышты таяқ, қатып киініп алған. Немересі соңынан еріп еді, таяғымен нұқып жіберді. Еңкіш бойын қасарыса тіктеп, кербез адымдап бара жатты. Түнімен ұйықтамай шатпақтаған өлеңін көңілі түскен керімге ұсынбакшы. Керімі байланыс бөлімінде істейді. Көгершіндей сүйкімді қызға қырындағалы біраз болды. Балдызым деп ойнай береді. Ойыннан от шығып, кәрі жүрегіне дерт жамап алды. Дертінің сабағы балдызында жатыр. Ойыны ма, шыны ма: «Маған арнап өлең жазсаңыз, көңіліңізді қайтармаймын», — деп дәмелендіріп еді.

Қызға бөлекше ат қойып алған. Еркінгүл деп еркелетеді. Мына шығарған өлені қолына тигенде, балдызында ес қалар деймісің. Шалкыды шалың. Өлең туындатқаны былай тұрыпты, ән де шығарып тастаған. Сол әуенді көмейінде құмықтырып пысықтап келеді. Бар ынты-шынты Еркінгүлде. Әй, өзі де бір керім-ау! Ән салғаны тіке жүрекке жетеді. Назы қандай, қылықты-ақ, пәтшағар! Кет әрі емес. Қатар құрбыластарға өкпелімін

деген бір сөзінде. Сірә, алданған-ау?! Ол жағын қопсытып не қылады. Кәрі денені жылытса болды. Көнсе, ала салады. Бала тапса, атын Жетпісбай деп қойса, қатып кетпей ме! Картайқа тұрмақ өзін де ұмытты. Шығарған әнін ширатып үнін соза түсті.

Еркінгүл ерке қыз, бұлбұлым,
Күмістің үзігі сыңғырым.
Тағатым таусылды шара жоқ,
Өзіне сынапша сырғыдым.
Ескерші, ес көрші,

Тәңірдей жеткерші.
Көңілді сергітіп,
Жүрекке от берші.
Еркінгүл ерке қыз ақшабақ,

Өзгеден өрнегің басқарақ.
Есті деп ескердім жан тартып,
Өзінді тендессіз дос санап.
Жүрегім елжіреп,

Көңілім елбіреп.
Қашанғы жүремін,
Сен күліп, мен жүдеп.
Еркінгүл ерке қыз, шынарым,

Қайнарым, бұлқынған бұлағым.
Ынтығым, қызығым, құмарым,
Құлақтан кетпейді жыр-әнің.
Торығып, жабығып,

Мұңайып қамығып.
Өзің деп өксимін,
Сәт сайын сағынып.

Еркінгүл, ерке қыз қызғалдақ,
Үмітпен жыр жаздым сізге арнап.
Өткінші жаз ғұмыр бес күндік,
Мәңгіге тұрақтап кім қалмақ.

Беріліп кеткен еді ән әуеніне. «Мына шал алжыпты ғой», — десті әрлі-берлі етіп жатқандар. Шабыты қозған кәрі шөңге байланыс бөліміне тіке әндетіп кірді. Кісі қара аз екен. Соған дәс алған ол діттеген тұсқа шүйілді.

— Еркеш, аманбысың? Анадағы тапсырманды орындадым.

—Кеш қалдыныз ғой?

—Неден?

—Бәрінен де.

—Мүмкін емес?!

— Мүмкін болғансын айтып тұрмын. — Еркінгүл жездекесіне аяушылықпен мүсіркей қарады. — Естімегенсіз бе? Тұрмысқа шығып кеттім.

Шал аңырды.

— Мынаны қайтем?! — деді аянышты үнмен. — Еңбегім еш кетті-ау?!

— Өзіңізде қалсын, — деді ол жайымен ғана. — Ескерткішке сақтайсыз.

— Сенде қалса ше?

Балдызы басын шайқады. Шал тұрды-тұрды да, есікке беттеді. Жүрісі мимырт, зорға басады аяғын. Әлгіндегі екпін жоқ. Шалқыған көңілі су сепкендей басылып, еңсесі мүлде түсіп кетті. Жүрегі шанышты. Ауа жетпей тынысы тарылып: «Аманымда үйге жетіп алайын», — деді саскалақтап. Қырсықты қойсайшы, қиыс кетіпті. Көшенің орта тұсынан кейін қайтты. Сүйретіліп бір мысық келеді. Еріксіз түсті назары. Көршінің көк мысығын танып: «Жортуылшым-ай, жолда қалғанбысың?! - деді оған шағынғандай боп. —Менің де жағдайым мәз емес. Бұрыс жүріс кәріні сүріндіреді екен».

Көк мысық көрші шалды танып аянышты мияулады. Мәшинеге ұрынған оның жағдайы мәз емес-тін.

Айналасындағы жанды-жансыз көз алдында дөңгеленіп бара жатты.

Көк мысықты көршінің мысығы көпке дейін ұмыта алмай жүрді. Сері шал жортуылын азайтқан. Кәрі мысық әр нәрседен аяғын тарта басады.

ШИРЫҒЫС

♦ Ішкұсалық жаман бәрінен. Жегідей жеміріп, түгінді қалдырмайды. Өзегінді кеулеп кетсе, түлеген жыланның сырт қабығындай қаудырап қаласың. Өзі де соған жақын. Тірліктен тиесілі сыбағаңнан құр қалмауға тырысып, өжеттікпен алға озған да мерей. Ондайда саған мұң-нала жоламайды, сырт айнала қашады. Дүниеде өмір додасынан жырылып жалғыз қалғаннан қорлық, сірә да, жоқ шығар!? Әу баста саған бұйыршақ бағың мен сорыннан шеттеп әйеншексуің, жүрексініп тайсақтауың, жан тыныштығын көздеп жалтаруың - керт басыңа абырой әпере ме? Саған тиесілі міндетті кім өтейді? Осы ой Қамшының өзегінен кетпей көп ойландырады. Рас, адамдармен бірге жасасып келеді. Солардың шебер қолынан шықты. Елін жаудан қорғаған батырлардың сенімді қаруына айналды. Ішіне өзек салып, төрт қырлап өрген бұзаутіс, өріміне қорғасын жүгірткен дойыр, бауыры темірмен көмкерілген дырау — бәрі-бәрі қамшының арғы тегі. Жағаласқан дұшпанын бір сілтегеннен қалдырмайтын қолы қаттылар қамшыгер атанып, батыр санатына қосылатын. Билер мен бектер, елбасылар ұстаған қамшының сесі бар деп есептеледі. Жоғары көтерілсе, пәтуасыз тобырды тәртіпке шақырғаны; алдыға көлденең тасталса, иесінің сөзге сұранғаны; ширықты қолда ширатылса, мәмілеге келуден тартынғаны; екі бүктелсе, ынтымақ- бірлікке тіленгені. Бозбаланың қолындағы тобылғы сапты айдауыш бойжеткенге сұқтанса, сүйгендігінің белгісі. Қыз ұстаған жез сақиналы сарыбас өрім замандасына ойысып, шалт сілтелсе, ер жігітке назданғаны, көңіл көмбесінен хабар бергені.

Қамшы ширықты. Бұлқынды өзінше, бірақ онысынан түк шықпады. Қауақ құрлы салмағы жоқ, тым жеңілейіңкі. Қолға ұсталмаса, қонышқа сұғылмаса, жымдасқан сұлу өрімі майлы сорпаға шыланбаса, ақ көбігі шыққан аттың ащы терісі жетесіне жетпесе, қайдан алсын салмақты?! Ең құрығанда, сабы тобылғы мен шырғайдан болса ғой. Жасанды саптан нендей қасиет күтерсін!? Тұла бойы көз алдаған әлемішпен сіресқен, сәндіктің құлы әншейін бір.

—Не болды саған!? - деді төр қабырғаға құрылған Масаты кілем серіктесінің тыпыршығанын жақамай. — Мазамды алып біттің. Жаның тыныш, көпсінемісің басындағы бағынды?!

— Бағым емес сорым, менің бұл тұрысым!

— Астапыралла!? - Кілемнің арқа-басы тітіренді. — Жан тыныштықтан қашқан сен, түбінде бір қараға ұрынарсын?

— Ұрынғаным керек! - деді Қамшы жаңағыдан бетер ширығып. - Саған жарасады бір орында тапжылмай тұру. Маған үйлеспейді.

— Сонда не тындыра қоймақсың?

—Қамшылар әулетіне тиесілі міндетімді өтеуім керек емес пе?

— Төрде ілулі тұрсың, бұдан артық таққа отырамысың?

— Бұл — көз алдау. Менің өрісім басқа жақта.

— Қай тұста, мәселенки?

— Атқа мінгендердің қолында, таққа отырғандардың қасында жатуым керек.

— Дәмесінің зорын?! - Кілем кекесінмен өрбітті ойын. - Хан сарайы бізге тиемел. Сендерге оңда орын жоқ. Атқа мінген шенділер, билік тізгінін ұстағандар саған пысқырып та қарамайды. Ескіліктің сарқыншағы, қажетсіз өлі зат деп біледі. Әкесі өлгенді де естіртеді, бара-бара төрден де ығысып, тіршіліктен мүлдем шет қаласыңдар. Дүниеден ызым-қайым жоқ боп кетесіндер.

—Жағың қарыссын, жағыңа жылан жұмыртқаласын сенің! Алланың абзал жараткан пенделері барда, жерде қалмаспыз. Әсіресе, далалықтар тұрғанда.

— Далалығың кім-ей!?

— Ауылдағылар ше?

— Қазақтар ма?! Солардың қолынан жөні түзу қамшы көрсем не дейсің!?

— Бас жаққа барыспайық. Мына біздер — қазақтың намысымыз.

— Өйтсе, жаппай қамшы ұстасын.

—Ұстамауы мүмкін емес. Намысын қамшылау үшін керек. Айдауышсыз ат жүрмейді.

— Өз сөзің өзіңе куә, - деді Кілем қырыстанып. — Замныңның өткенін, зауал шақтың жеткенін мойындағын келмейді. Бүгінде әлгі «далалықтарың» мәңгіріп барады. Қамшы орнына шыбыртқы, сапалақ, сабау ұстай салады. Ремен, резеңке айдауыштар пайда болды. Бұдан былайғы жерде, мінгішті қамшылау дөрекілікке жататын жабайы тәсіл боп табылады. Электронды айдауыштар шығады жүйкеге әсер ететін.

Қамшы басылып қалды. Мұң-зарына құлақ асатын кімі бар?! Жанның бәрі қызылды-жасылды дүниенің соңында. Өз қызықтары өзімен. Мұның иелері жас адамдар, кім айтса соған ауа салады. Төріне ілгенге мәз, қолына ұстап көрген емес. Балалары да салқын бұған. Қызықтауға жоқ. Компютрмен әуейі. Одан экранға тесіледі. Әне бір тәмпіш мұрыннан үмітті. Оңашада қолына алып ұстағыштайды, бүлдіргесін білегіне қыстырып, олай-былай жүргіштейді. Әкесінен әр нені сұрап, білмекке тырысады.

— Әке десе, қамшы не үшін керек?

— Атқа мінгенде қолға ұстауға қажет.

— Сол ма бар міндеті?

— Сәндік үшін төрге іледі.

—Олай емес. — Тәмпіш мұрынның қабағы түйіліп кетті. — Көрші ата айтқан. Қамшы тұрған жерден шайтан қашатын көрінеді.

—Шайтаның не-ей?! - Әкесі түрін суытты. — Діңдарлардың ойлап тапқан ертегісі емес пе?

— Шайтан жоқ па?

— Білмеймін.

— Білмесең неге жоқ дейсің? Адамдарды тура жолдан тайдырып адастыратын азғырынды солар дейді ғой?

— Мені неге адастырмайды?

—Үйде қамшы болғасын, шайтан бізге жоламайтын шығар?

— Ә, солай екен ғой, — деді әкесі баласының ығына жығылғансып. — Көрші шалдан тағы не ұқтың?

—Шал деме ол кісіні,-өзің де ертең шал боласың. — Бала әкесіне қабағын түйді - Атам бүйдеді, әр қазақтың қолында қамшы жүрсін дейді.

— Қамшы ұстамаса ше?

—Онда ондайлар өзінің кім екенін ұмытады. Ана тілінен, ата-бабасы ұстанған дінінен көз жазып мәңгүрт боп кетеді дейді.

— Атаң алжыған екен?!

— Жасыңызға жетпей алжитын сіз боларсыз, түбінде!?

—Қойдым көкібас, сен жеңдің.

Қамшы баланың сөзіне мағұрланды. Бір түрлі кеңейіп, арқа-басының құрысы тарқағандай болды. Тырысып-бырысқан қалпынан айығып, қиялына ерік берді. Қанат бітіп ұшып кетсе ғой! Сайын далада, кең жазықта құсша қалықтап жүрер ме еді. Еркін, бейбіт күндер-ай! Адамдар да қызық!? Кең байтақ дала тұрғанда, құмырсқаша ұйлығысып бір жерге жинала беретіні қалай? Дүние-дүние дейді, жия береді бір-бірінен қалыспай. Қалады ғой артында. Мені бір орыннан тапжылтпағанына таңмын?!

—Қойсаң қайтеді? - деді Кілем шыдай алмай. - Солардың арқасында өңейіп түрлендік. Бізді жоқтан бар жасаған адамдар.

— Сонда олар құдай болғаны ма?

— Құдай емес, құдайдан былай емес. Алланың абзал пенделеріне бәрі де жарасымды.

— Менде ие жоқ, кім-көрінгенге көз түрткімін, — деді Қамшы босаңсып.

— Иесіз тұл жетім болсаң, төрде тұрмас едің.

— Бұлар жат маған, өгей адамдар. Қадір-қасиетімді жете бағаламайды.

- Сонда қайтуі керек?

— Бір мезгіл қолдарына ұстап қызықтаса несі кетеді? Сені аялағанда сондай. Балконға шығарып, күн көзіне жаяды. Қағып-сілкеді, шаң сорғышпен арқа-басыңды ысқылайды. Құрыс-тырысынды жазады. Осы шаңыраққа тұрақтағалы маған бірде-бір назар аударған емес үй иелері. Төрге ілгені — көз алдау. «Біздер деген нағыз ұлтжандымыз, ата-бабадан үзілмей келе жатқан әдеп-ғұрып, салт-дәстүрді берік ұстанамыз» деу үшін керекпін.

—Ой, бөсесің-ау! — Кілем білгішсіді. - Кім-көрінгеннің қолында шолтандағанша, осы тұрысың хан тағындай емес пе саған?

- Хан тағының басын ауыртпай-ақ қой. - Қамшы қыжылын үдетіп жіберді. - Мен де бір, тұтқындағы адам да бір. Бұла шағымды, еркін де ерке күндерімді аңсаймын.

Кілем аңғарлы ғой канша дегенмен, аяп кетті оны. Өзіне де келеді кезек, табан жолға төселетін кезі алыс емес. Ескірмейтін, тозбайтын не бар дейсің?! Әр ненің ақыры бар.

Іле түртпек түсті. Кілем еденге төселді. Қамшы сырғи-сырғи ауыз бөлмеге тұрақады. Әркім бір ұстап көреді. Олардың алақан табынан бойына қуат дарығандай құрыс-тырысы жазылды.

Бұл орын қамшыға түпкілікті тұрақ болмады, босағаға жылыстады. Оған өкінбеді. Тәмпіш мұрын бала каладағы нағашысына кеткен-ді. Оны қамшы қатты іздеді. Серік болар деп үміттенген. Ойын баласы ғой, әр неге алданады. Ендігі мұны ұмытқан шығар.

Үйге бас сұққан біреу қолына ұстай кеткен-ді. Сиыр баққан табыншыға тап болған қамшының өңі кіре бастады. Шырайы еніп, арқа-басы кеңіді. Өзінің камшы екенін анық сезініп, дүние дидарына қаймықпай тік қарады. Жуас момын қолда әрлі-берлі сермелген сайын, қуаттана түсіп шиыршық атты. Ежелгі бұла шағымен қауышқандай әсерде жарық дүние оған соншалықты қызықты көрінді. Төңірегі қиқулы дүбірге толып кеткендей еді.

ҚАРАЖАРЫС

♦ - Дүкесі, тәп-тәуір сілтейтін боп жүрсің. Бәсекелесінді шаң қаптыруға жақындадың. Үдет екпінінді! Қамшы бас дәмелі жүйрігіңе.

— Ә, солай ма, Көлгір достым? — Дүмше қопсыды. — Басынан-ақ қара жаяу емес едім. Үнемсозар болатынмын.

—Күнің енді туды. Жаппай қара жарыс басталды. Баптай бер көк шолағынды.

— Шаң қауып, тезек теріп қалмай ма?

— Онда дау шығар, ілік ізде. Даукестікпен жұртты аузыңа қарат. Көпшіліктің назары саған ауады. Бәйгенің әдісін алған соң, жаратқан атыңды амалдап оздырудың әдісін қарастыр. Көз жұмбаймен көлденеңнен қос та жібер. Қара жарыста кімді кім байқайды. Үштің соңы боп келсе де жетіп жатыр саған.

— Өзіндікі ше?

— Маған асығыс жоқ. — Көлгір суық жымсиды. — Мінгішім, әйтеуір бір озады. Сан мәрте келтіргенмін бәйгеден. Маған заман өзгерісі дүйім бе, тәйірі?! Артта қалып көрген емеспін. Тең орталықта жүремін. Тым озғындап кетсең, пәлеге ұрынасың. Күншіл-күндес, көре алмастарға нысанасың. Байқап-байқап басамын аяғымды.

— Тең ортада жүру қиын -ау өзі?

— Ізден жатпай-тұрмай. Машықтан мен айтқан әдіс-айлаға.

— Діндар болсам қайтеді? — Дүмше күмілжіді. — Әдеттенбеген соң қиын екен өзі!?

— Түк қиындығы жоқ. Құран сүрелерін жатпай-тұрмай жаттап ал. Мұрт қой, сақал өсір. Сақалың омырауыңды жауып тұрсын.

— Болған-біткені осы-ақ па?

— Тең орталықта жүрем десең, осымен тоқталасың. Кәнігі хазіреттермен, мүфтимен деңгейлесуге құлшынсаң, оның да есебін келтіруге болады.

— Сауатым аз, ілімім шала ғой.

—Шұрқ етпе. Аузыңнан алла түспесін. Дұшпан көзі ғып, қайта-қайта дәрет алатын әдетке бас. Өлік шыққан жерден табыл. Жаназа намаздан, құдайыдан қалма. Ақ май аузыңнан қалады. Өңейіп шүйдең шығады. Қып-қызыл нарттай боп семіріп аласың. Сырт көз сені бетіне иманы шығып тұр деп жақсы көріп кетеді. Көбінесе мешітте бол. Түней сал сонда.

—Болды ма?

—Болған жоқ әлі. — Көлгір досын еліктіре түсті. — Енді бар ма, елде-күнде жоқ бірегей бата жаттап ал.

Дүмше қанаттанды. Қыранша қомданып, қияға тікті назарын. Қара жарыс оны еліктіре түсті. Бірәдарлықты тез меңгерді. Айналасы екі-үш аптада жеті-сегіз құран сүресін жаттап шықты. Үнді болатын, сонысы ұлысқа шықты. Бата сәтімен табылды. «Е, құдайым ондасын, еш жамандық болмасын Отыз түйең боталап, мың саулығың қоздасын. Қастық қылған сендерге, еш уақытта оңбасын. Қалтаң толып долларға, мәшине қаптап албарда, екі қабат үйің боп, күнде думан-жиын боп, ғасыр жасап алжымай армансыз боп өткейсің. О дүниеге барғанда, тар лаһатқа салғанда, тас қабірдің ішінде тас бүркеніп жатқандай рахатқа батқайсың. Тозақтың аузы жабылып, пейіштің аузы ашылып, жаннаттан тауып тұрақты, хор қыздары қасында алаңсыз мәңгі жатқайсың».

Дүмшенің батасы ауылдан асып, аймаққа таралды. Діндарлығы нығайып, беделі күшейді. Қалтасы қалыңдады. Оған бу бітейін деді. Қара жарыста озды деген осы. Айналасы жеті-сегіз айда ел танығаң мүрит болды да шықты.

—Өңейіп апсың-ау өзің?! — Көлгір одан сыр тартқан. — Діндарлық жаныңа жайлы тиген шығар?

— Жалығып қалдым діндарлықтан, - деді Дүмше қорозданып. — Жазушы боп кітап жазуға көңілім ауа береді.

— Сол да сөз боп па!? — Көлгір досын қамшылады. — Естелікке шамаң келмесе, шежіре жиыстыр. Анадан анау

туған, мынадан мынау туған деп шұбырта бер. Бабаларын шетінен батыр атандыр.

Арада ай өтіп жыл жаңарды. Дүмше жазғыш қалындығы кірпіштей кітап шығарып үлгерді. Шежірелік дерекке құрылған қызықты кітапты жеті атсынан маһұрым қалғандар таласа-тармаса оқып жатты. Шетінен батыр тұқымдары екеніне мақтанды. Текті атаның ұрпағымыз деп қодырайысты.

Дүмше ауылдан асып, аймаққа танылды. Діндар да сол, жазушы да сол. Ас пен тойдан қалмайды. Кимелеп төрге озады. Батагөйдің нақ өзі. Бәйгеден келсін келмесін ат жаратады. Нөкер ертіп жүреді. Үнінде тосаң жоқ, қыранша саңқылдайды. Асқа келген-ді. Көзі ілініп кеткен екен, ояна келсе, көлгір тұр қасында. — Тұрсаңшы! — деді бұйырып. — Заманға мәлім жоқ. Іріктеп сұрыптауға ілігіп кетсек, жарыстан шеттейміз. Оңтайы кеп тұрғанда, қара жарысты пайдаланып қалайық.

Қара жарыс дара жарысқа ұласатын күндерге аман жетсек-ау, шіркін!

КӨМПІС

♦ - Уақыт өтсін, пікірлесейік, — деді есік жақта тұрған Сыпырғыш әмпейлесіне. — Озғын заманның жетістігісің, иемізге бір табан жақынсың, төр жақта тұрасың.

— Мен керісінше сенің орныңа қызығамын, — деді Шаңсорғыш кеңпейіл әдетімен — үйге бас сұққандарды алдымен қарсы аласың. Елгезексін. Мен шетқақпаймын Үйдегілердің күңкіл-шүңкілінен де қалыспын. Аптада бір ғана мәрте қозғалысқа түсіп, міндетімді өтеймін. Содан соңғы тұрағым сән ағаштардың қалтарысы. Маған қарағанда, сенің тірлігің көш ілгері.

—Оның рас, - деді Сыпырғыш ойлы кейіпте. — Әлмисақтан адамдармен біргеміз. Қайда да біз жүреміз тазалыққа жаршы боп. Дидақшылықтан жалықпаймыз.

—Сондайлық бейнетқор бола тұра, еленбейтінің қалай?

— Онын себебі бар, — деді Сыпырғыш. — Біз қарапайым пенделерге серікпіз. Солардың елгезек қолқанатымыз. Кеуде керіп көкіректеу, табиғатымызға жат. Осы қасиетіміздің арқасы шығар адамдармен бірге жасасып келе жатқанымыз.

— Көмпістіктің де шегі бар, — деді Шаңсорғыш еш құйтырқысыз. — Осы үйдің адамдары ұнай ма саған?

—Қытымыр әне бір әйел. Күйеуі де паң, кісімшіл. Қонақ шақырмайды, келгендерді есік сыртынан жібереді.

— Оныңа келіспеймін, — деді Шаңсорғыш. — Бұл — қала, ауыл емес. Ығы-жығы жүріс-тұрыстан, айқай-сүрең, аттан-ойбайдан, кеше қозғалысынан, мәшинеңің ажыл-гүрілінен әбден мезі боп жүйкелерін жұқартып алған. Нан табу оңай деймісің. Қызмет жағдайындағы түсініспеушілік, жұмыс барысындағы келеңсіздік — бәрі-бөрі қинайды. Құттыханасында жан шақырайын десе, тағы маза бермейді жора-жолдас, ағайын-туыс. Шетінен міндетсіп кие-жарады. Тап бір, бірдеңесін өткізіп қойғандай?!

— Олай емес, — Сыпырғыш көрінеу қиықтанды. — Босағасына оралған сон не тындыратыны менің көз алдымда. Әсіресе әне бір кер әйелдің әдеті ұнамайды. Бұларды несіне қорғаштайсың? Ұзын құлақпен сағаттар бойында сөйлескенде сондай, шаршап келсе сөйте ме? Одан қалды, теледидарға тесіледі. Өсек-аянға сықалған басылымдарға көз талдыратын кім екен!? Құтқармайды бірде-бірін. Шегене басқа төрт бөлме артық емес пе? Дүниеге сықай береді, сықай береді.

Сөйткенше, есік ашылды. Кермиық әйел енді ішке. Сыпырғыш ығысты. Әлгіндегі ойымды біліп қоя ма деген қысылыспен мүләйім монтаны күйге түсті. Жарамсақсып мүсәпірсіді.

Иесінің көңіл күйі көтеріңкі екен, бұған назар салмады. Тоқмейілдік аңғарылады қабағынан. Асықпай шешінді де, шай қойып ішті. Ұзын құлаққа созды қолын. Әмпейлесімен шүйіркелесті. Содан соң ащы шектей шұбатылып айларға созылған телехикаяны көруге отырды. Күйеуінің көзіне шөп салған әйелдің мекерлігін тамашалады.

Есік қоңырауы безілдеді. Қоймай-қоймай созды үнін.

—Бұл кім-ей?!

— Мен ғой, Құрмашпын. Отағасыңыздың немере інісімін. Ауылдан кеп едім. Ағайда шаруам бар.

— Ағаң үйде жоқ. Қызмет бабымен жолсапарда жүр.

—Ағатайымды тоссам қайтеді?

—Өзің біл.

— Онда сіздікінде болайын.

—Қонақ үйге бар.

— Әулетіміздің қара шаңырағында аунап-қунасам деп...

— Әулетің өзіңе! Ауылдың тілемсектеріне күтуші болар жайым жоқ.

Құрмаш есімді жігіт үнін қатайтты. Қолайсыздау сөз шығып кетті аузынан. Шаптыққан жеңгесі сыпырғыш ала ұмтылды қайнысына. Әлуетті қолда кетті сыпырғыш. «Қайтқан малда береке бар, — деп жұбатты өзін ауылдан келген жігіт. - Сені кекір қатынға қор қылғанша, көше сыпырушыларға бере салайын». Сыпырғыш көрнекті еді: «мен алам, маған бер» деп таласып жатты аула тұрғындары.

Қолдан қолға өткен көмпіс сыпырғыш бөтен үйге тұрақтады.Үй иелері карапайым адамдар екен. Жанды-жақты өздері. Келімді-кетімдіден де құр емес. Құдайы жарылқады, тыным жоқ сыпырғышта. Ішқұсалықтан арылып, елгезек әдетімен қауышқалы-жасаңсып қуаттана түсті. Бұрынғы иесі әлгі бір кесірлі әйел есіне түскенде, бір түрлі боп кетеді. Шансорғышты да ойлап қояды. Заман соның қолайында, несі кетер дейсің.

БАТАГӨЙ

♦ Үлкендік — алла бұйыртқан сый. Шүкірлік қылады. Елім дейтін азаматтар үйір өзіне. Ақылман деп көтермелейді. Хал-жағдайын біліп тұрады.

—Ақсақал, сізге келдік.

—Сыйлық бересіндер ме?

— Аузыңызға — май, астыңызға — тай. Партия құрдық. Жолашар айтасыз. Тілек білдіресіз.

Ұзақ-ұзақ сөйлеп көсілген біраз. Болдырған аттай тәлтіректеп зорға жетті құттыханасына. Көзі ілінгені сол еді, біреу кеп түртті тағы.

—Көке, сізді асқа шақыра келдім.

—Кімнің асы?

—Бабамыз Жауқаштының.

—Сірі тақым ұры жолбасар қарақшының ба?

— Дәріптейсіз, аспанға шығарасыз. Ойраттарды ойрандап, кержақтарды желкелегеннің нақ өзі, қаһарман болған дейсіз.

Астан олжалы қайтты. Оқалы шапан ілді иығына. Батырдың ұрпақтары қалтасына доллар салды. Келе құлаған. Сілтесін-ай ұйқыны! Самбырлаған дауыстан оянып кетті.

—Бұл не жатыс!?

— Жайшылық па?! — деді ұйқылы көзімен келгендерге сүзіле қарап.

— Еңіреген еріміз, біртуар азаматымыз атпал жасын атап өтпекші.

— Е, әлгі, Совет өкіметінің жарты байлығын басып қалған қу ма?

— Енді оныңыз өткен шақ. Қайтып келмейді. Бүгінімізді ойлайық. Елу жасын жұрттан асырып тойлағалы жатқан Жобал бауырыңыздың атағы аспандап тұр. Қазақтың біртуар азаматына батаңызды бересіз. Сый-сияпатсыз қалмайсыз.

Еңбегі өтелді. Тарту-таралғыдан бөлісті. Көңілшектеніп ішіңкіреп қойған, сонысы дұрыс болмады. Кәрі мысықша пырылдап терең ұйқыда жатқанда, тағы біреу кеп түртті. Жиенсымақ еді, жылы-жылы сөйледі.

—Нағашы, мешітке жүріңіз.

—Онда не бар, иман үлестіре ме?

— Кәсіпкер Пернебай алланың құлшылық орнын әкесінің атына рәсімдеп алғалы жатыр.

— Е, оның әкесі діндар ма еді? Кеңес өкіметі орнаған жылдарда құдайсыздар қоғамына мүше болған. Қойманын

кілтін ұстаймын деп өңешінен өткізіп жіберіп бірдеңе-сірдеңелерді, қара жер хабар бермесін, отырып та шыққан.

— Баласы кәсіпкер марқұмның. Ақшаның күші не істетпейді.

—Ә, солай ма?!

Құдайы аста-төк болды. Сөз сөйледі. Пернебайдың әкесі ала жіп аттамайтын адал еді десін. Мейлінше діндар еді десін. Дін оқуын тауысқан ғұлама болатын деп те жіберді қызды-қыздымен.

Кәріге не болса сол жүк. Желінген ет, ішілген қымызды сіңіре алмай жайы кетті.

Іле тағы келсін. Әкімияттан екен. Облыстың дүмдісі халық алдында есеп бермекші көрінеді. Үлкен кісіні көтермелеп сөз сөйлейсіз дейді.

—Жөн-ақ! Онда сөйлемегенде қайда сөйлеймін?

—Қатырыңыз! Аянып қалмаңыз!

Аянып не қылсын. Өлең де арнады. Мадақ-марапатты үйіп төкті. «Осы қарағымның арқасында ел қатарына қосылдық!» деп және үстемеледі.

Үйге қайтты. Бір жүреді, бір тоқтайды. Жаяулап жалғыз келе жатыр. Қол көтеріп еді, ешбір көлік тоқтамады. Көшеде олай-былай өтіп жатқандар сұқты көздерімен бір-бір түйреп өтеді. Итаршы шалды қара дейтіндей.

Ақсақал қуыстанды. «Мен осы кіммін!?» деген сұрақ жүрегінің басынан кетпей келеді.Үйге келе құлады. Кегін ұйқыдан алды. Түс көрген. Елбасы өз қолымен омырауына орден тағып жатты.

— Түсі оңалған адамның ісі де оңалады. — деді ол тынығып тұрған бетте. — Көре алмағандар не демейді? Мен деген, батағөймін, тілекшімін жалпақ жұртқа!

Әмин дейікші!

ӘДЕТ

♦ — Қайттым райдан, - деді Ұран өз-өзімен сөйлесіп. - «Коммунистік партия жасасын!» деп жетпіс жыл ұрандадым. Кәне, содан шыққан мүйізім?! Тілеуім жаман. Ақырында Совет Одағының түбіне жетіп тындым. Бір алланы танып, соған құлшылық етуден басқаның бәрі жалған.

Жайнамазға жығылды. Беріле оқыды намазды. Тәшпі тартып, зікір салды. «Аллаһулап» отырғанда, біреу келді алақ-жұлақ етіп.

—Кімсің-ей?

—Шайтанмын.

—Оның қай түрісің?

—Киімдісімін.

— Е, өзіміздің туған екенсің ғой. — Ұран оны іш тартты. — Құдай киімсізінен сақтасын! Тұзың жеңіл, әттең!? Кәне, шерт кебіңді.

— Сізге үлкен кісі сәлем айтты. Дайындала берсін дейді.

—Неменеге?

— Мүтін адамзатты «жарылқаушы» бізге беттеп келе жатыр дейді.

—Оның кім еді? Жұмбақтамай айтсаңшы!

— Демократия ше? Ол жүрген жерде еш жамандық болмайды. Әділет орнайды. Шындық салтанат құрады.

— Апырай, ә!? - Ұранның арқа-басы қышып, көмейі жыбырлай бастады.

—Жақсылықтың жаршысы десеңші?

— Дәп солай! Адамзатты азап пен сордан, қиянаттан құтқарушының нақ өзі. Өмір сүруге кедергі келтіретін құрғақ насихатты құрдымға батырып, еркіндікке қанат бітіреді. Дүниені қызықтап өтуге даңғыл жол ашады. «Ішіп же, сайранда!» оның ұраны. Ойыңа алғанды орындайсың. Қымтанғанды, сыпайысып сынықсығанды мүлде ұмытасың.

— Сонда бұның — құдай емес, құдайдан былай емес болғаны ма?!

— Жаратушыда әділет жоқ. Демократия — бостандық пен теңікке даңғыл жол ашады.

Ұран ойланды. Киімді шайтанға киімсізі қосарланып екі жақтағанда, делебесі қозды. Ескі әдеті бас көтерді. Қыранша саққылдағанда, үні тау-тасты жанғырықтырды.

— Уа, төрлет, бостандық пен еркіндіктің ақ құсы! Әманда, мерейің үстем болғай-ақ!

Жамылғысы жылтыр, іші кіршең демократияны жалаулатып «жасасынға» басқан жалған ұраншыға не дерсің?! «Сорлы — көнген, бетпақ — жеңген» өлімші ит тіршілік-ай!

ЖАБЫСҚАҚ

♦ - Қарап тұрғанша, әңгіме болсын, - деді Ошаған тұрқын тіктеп. — Шөп асылы сен бе, әлде мен бе?

Шалғын көңіл жықпас әдетіне бағып: — Өзің шығарсын шөптің төресі, - деді еш құйтырқысыз. — Бойың озық бізден. Көрнектісің.

— Ә, солай ма? Тағы қандай қасиетім бар?

— Еңселі де кеуделі екендерің бір аллаға мәлім.

— Айтыңқыра.

—Нені?

— Өзгеше озғын қасиетімізді.

—Қайсарсыңдар. Ыстық пен суыққа беріспейсіңдер.

— Дөп баспай тұрсың.

—Бірегейсіңдер. Тал бойында бір мін жоқ.

Ошаған өз-өзінен теңселеңдеді. Бүртіктері кірпіктене қалды да, шалғынға шұқшиды.

— Се-се-сендер, бізді көре алмайсыңдар, - деді суық сызбен. — Жәдігөйсіп өп-өтірік мақтайсың. Айрықша озғындығымды айтпай бүгіп қалдың.

— Еруліге қарулы, мені де мақта, — деді Шалғын оқыс ширығып. - Өскін атаулының көрнектісі біз шығармыз. Сайсаланы ажарландырып құлпыртатын кім екен?

— Сенбісің?!

— Менмін ал! Ішің күйсе тұз жала!

—Оңғақсың барып тұрған! — Ошаған ұрт кетті. — Өңезеннің нақ өзісің! Болмашы лептен жапырыла қалатын кім екен? Қырда өссендер, «сіңбірік боз» атанасыңдар, суағарда бой созсандар, маңызы жоқ «өлең шөп» делінесіңдер. Уақыт екпініне шыдамай, «өлі қау» деген атаққа қалатын кім екен?! Құрғақшылыққа төтеп бере алмайтын әлжуаз екендерің өтірік пе?! Күз келмей жатып сарғаятын, сүмбіленің суығына шыдамай бозарып сала беретін жаман әдеттерін тағы бар.

— Жә, сенікі жөн-ақ болсын. — Шалғын жеңер ақы датын тереңнен суыртпақтады. — Мың сан өскін табиғат құрсағында тамыр жайғанда, бекерден-бекер өсе салмаған шығар?! Табиғатты түрлендірген жаратушы иенің өз есебі болуға тиісті.

— Нендей есеп дейсін? — Ошаған тіптен маңызданды. — Жер бетіне өң берсін деп қой.

—Тап баспадың. Бізді жануарлар қорек етеді. Жануарларды адамдар тіршілік амалына бейімдеп, күшін пайдаланады, етін жейді, сүтін ішеді. Құдіреті күшті жаппар һақ барша табиғат байлығын ақылды жан иелеріне бұйырып берген.

— Оларда қанағат деген болмайды. — Ошаған өзінше білгішсінді. — Бір-біріне деген бауырмалдық жоққа тән. Есілдерті дүниеге ауып кеткен. Қайырымсыз шетінен.

— Сенде бар ма бауырмалдық? - Шалғын қасақана көлгірсіді. — Үлгі көрсетпеймісің?

— Көрсетсе несі бар!? Мейірмандық біздерде молынан. Жанасқанға жабыса кететін, түп етегіне жармасып айрылмай қалатын кім екен?! Сен тәрізді аяққа оралғы әдетпен бағамды түсірмеймін. Сәйгүліктің жалы мен құйрығында да біз бармыз. Әсіресе адамдарға жанасқанды жақсы көремін. Балағына жармасып, айрылмай қоямын. Бізді қасиетті шөп санатына жатқызады. Жабысқақ әдетімізге кешіріммен қарап, олжалы боламыз деп ырым көреді.

—Әй, бөсесің-ау, Ошаған достым! — Шалғын самал лебінен ырғала тербетілді. - Сенікі өкім-зорлық. Қисынсыз жерде қыстырылып аяққа оралғы болу деп осыны айтады.

—Өзінде жоқ, па ондай ерсілік?

— Өздігімізден ұрынбаймыз. Өздері кеп табады. Сен сиякты жабысқақ әдетке әсте бармаймыз.

Ошаған тікенек түймешіктерін ала ұмтылды шалғынға.

—Нағыз жалған жалпыш, сен шығарсың!? Кім-көрінгенге бас шұлғып жапырыла қалатын.

— Әр жанды-жансыздың өзіне тиесілі орны мен міндеті бар. — Шалғын қисынмен өрбітті ойын. — Соған қарата мөлшерлейді шама-шарқын. Шамасына қарамағандар шашылып жолда қалады.

—Оның кім?

— Ол сенсің!..

Қыр астынан гүріл шықты. Жеңіл мәшине шабындықты жиектей тоқтады. Тоқ қарын нығыз жігіт қасындағы жол серігіне:

— Шалғынға аунап шаңымызды кетіріп алайық, — деді келіншекті өзіне бейімдеп. — Есімді алып біттің. Шыдай алатын емеспін.

—Есіңнен айрылатындай не көрінді саған?! — деді әдеміше келіншек қасақана қылымсып. — Үйіңнен шыққаның осы жаңа ғана емес пе?

— Еркек қайда да еркек.

—Жаназаға бара жатқанымызды қаперіңнен шығармасаң етті?!

—Онда тұрған не бар?! Өмір өткінші. Сені ертеден жақсы көремін.

— Жақсы көріп ынтықсаң деген шағында қайда қалдың?!

— Мысың бар-тын. Сойқан сұлусың ғой сен деген! Теңсінбей ме деп...

— Енді кіммін?

— Біреудің қатынысың.

— Бөтеннің бөктеріншегінде нең бар?!

— Әдетім солай. Оңтайыма келгенді ұйпалақтағым кеп тұрады.

— Сен ұйпалақтай салатын босаң қатын мен емес! — деді әйел сұрланып. — Көріп тұрмысың, әне бір тікенек түймешікті

өскінді? Сүйкенгенмен сүйісе кететін құтты сен тәрізді жабысқақ!

— Ә-ә, сонда мен ошаған болғаным ба!? — деді еркек келіншектің қатулы әлпетінен қарадай ықтап. — Жүрегің жұмсақ па десем, кесіп алса қан шықпастың өзі екенсің-ау барып тұрған?!

Шалғын шаттанды. Мүтін жаратылыс мына арсыз еркек пен жойдасыз жабысқақ Ошағанды оқты көздерімен атып жек көріп тұрғандай еді.

КӘРТЕМІС

♦ Жаңғақ ағашы тіршілікке құштар. Көнере бастағалы салғыртсып барады. Неше ғасыр жасағаны есінде қалмапты. Оның есесіне тартқан азабы түйсігінде қаттаулы. Адамдардан көрген қысастықты ұмытпакшы емес. Мәуелі жемісін төгуден еш жалықпайды. Сонда да жақпайды иелеріне. Жоқтан ілік шығарып, балта ала ұмтылады. Шауып тастаймын деп қорқытады. «Жаңғақты неге аз бересің?» деп дігерлегені батады жанына. Адамдардың өлгенін де бұдан көретіндер бар. «Тілеуі жаман» деп неше саққа жүгіртеді. А, бұл пендеге не шара!? Шеттерінен ашпа-жалап.

Кәрі ағаш қапелімде бір түрлі боп кетті. Діңіне құшақ жетпестей жуандығына қарамастан, өзін соншалықты қораш сезінеді. Ақ балтаға алдырмайтын, аран ауыз араны да мәу демейтін бұла шағы келмеске кетті емес пе?! Бүгінгінің адамдарына мұның толымдылығы түкке тұрмайды. Тасты да қидалап тастайды жойқын құралмен.

Жаңғақ ағашы мұңайды. Биылғы беретін өнімі аз боп тұр. Соны ілік қылған иесі құлағынан сөз кетірмейді. Өзімен бірге жасасқан шалды жазғырып не қылсын. Соның әне бір едіренбай ұлы тиеді ит жынына. Араққа бөгіп алғанда, тіке бұған кеп соқтығады. Айтпайтыны жоқ. Әкесін де сыйламайды.

Кәртеміс иесі шықты сыртқа. Қалтақ-қалтақ етеді. Көзі

жөндеп көрмейді, құлақ естуден қалған. Бірақ соған қарамастан, көкірегі - сара әлі. Көрген-баққанын мұнымен бөлісуге асығады. Қайтсын енді, мұндасатын қатарласы да қалмаған.

Тәлтіректеген ол жаңғақ ағашына барды. Өз қолымен домбалдаған көне орындыққа жайғасты да, ағашқа әлжуаз саусақтарын жұғыстырды.

— Әлі тыңсың. Тағы бір жүз жыл тұратын шығарсың. — Басыңқы үнмен жай-жай сөйледі. - Мен қажыдым. Қайратым кеміп, қуатым сарқылды. Сенің әлі де болса жеміс төгетін мүмкіндігің бар. Қауқар қалмады менде. Бұрынғылар айтады екен: «Жастық шақта бейнет бер, қартайғанда дәулет бер» деп. Мына еңселі қос қабатты үйді өз қолыммен тұрғыздым. Ішін қызылды-жасылды дүние-мүлікке сықадым. Бау-бақшаны мәпелеуден жалықпаушы едім. Қолымнан күрек пен тырма түспейтін. Өзіңді ерекше күтімге алғаным есінде шығар. Бұрынғы иең сені маған қатты тапсырған. Әкемнің әкесінен қалып еді деп. Жарақатыңа кінәлі мен емеспін. Бала мен келіннің шығарып алғаны. «Қиып тастаймын деп қорқыт, сонда жаңғақты мол береді» депті бір сәуегей. Жөндеп қопсытып, тыңайтқыш төгіп, мезгілінде су жіберуге ерінеді де, саған қисынсыз кінә тағады. Өзіңнің арқаңда байып едім-ау. Төккен жаңғағыңды базарға шығарып, қыс бойында сататынбыз. Марқұм бәйбішем еңбекқор еді.

Жаңғақ ағашы иесінің аңғарын байыптады. Бір өтірігі жоқ, бәрі рас. Бейнетқор-тын. Күні кешеге дейін түртінді. Бау-бақшалықты назарында ұстады. Жегі көбелек пен ағаш кеміргіш құрттарға тосқауыл қойды. «Әкең қартайса, құл жалдама» деген ескілікті сөз нәш айтылған. Әкесінің дәулетіне мастанған мұның жас қожайыны бұған қыр көрсетумен келеді. Қиып тастап, орнына сауна тұрғызбақшы.

— Бақұл боп тұр, жарықтығым! — деді шал кемсеңдеп. — Қоштасуға келдім. Есік алдының сәнін бұзады деп, өзіңді құлатып тастамақшы менің әумесер ұлым.

Арада апта жылысып, ай жанарды. Үйде оқыс оқиға болған еді. Газ атылып, өрт шығып кете жаздады. Соны ілік қылған ерлі-зайыпты қожайындар жанғақ ағашына тап берді. «Айтушы едім ғой! — деп шаптықты сәнқой келіншек күйеуін кінәлап. - Кәртеміс ағаштың тілеуі жаман болады деп. Әкең де оңған емес. Көзінен жас кетпейді. Корқамын сол шалдан. Біреуімізді жұта ма деп?!»

—Ағаштың жарасы жеңіл, — деді күйеуі долырған зайыбын сабырға шақырып. -Ертеңнен қалдырмай сұлатамын. Әкейді қызының қолына жіберейік. Алжыған шалды жөндеп күтпесек, ертеңгі күні сөзге қаламыз. Бақсын олар да әкесін. Өле қалса, сүйегін алдырармыз. Ұлының босағасынан шықты дегізіп...

Кәртеміс дарақ анау-мынау араға берісе қоймады, зордың күшімен жығылды. Піл сауырлы дөйді кранмен мәшинеге тиеп жатқанда, көрші-қолаң таңырқасты. «Мұндай да алып ағаш болады екен-ау!?» — деп жағаларын ұстады. Жазықсыз қиылғанын мүсіркеп, аяушылық білдірді.

Өлмелі шалға ауыр соқты жаңғақ ағашының сұлап түскені. О дүниеге бет бұрды. Суынған денені тәрбиелегендер бір жапырақ қағазға түскен қарындаш ізінен: «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген ескертпені қайта-қайта оқып, бас шайқасты.

Қала шетіне апарып тасталған жаңғақ ағашын сол маңайдағылар тамызыққа деп бөлісіп алып жатты.

ЖҮЙРІК

♦ Арқандаулы жүйрік елегізді. Құлағын тіге қалды. Соңына төлін ерткен қулықты қара тұтып: — Келсеңші бері. Жақында! — деді шиыршық атып. —Сүйкімді-ақ қой құлыншағың. Тұмсаң ба? Ұрғашының соңына төл ерткеніне не жетсін!?

— Өзің не, деген күнінде қызықтан шеттеп?! — Қулық алғаусыз білдірді ойын. — Деген күнінде буазымай не көрінді саған?!

— Басыңа түссе көрер едім, — деді Бедеу мойыл көзі тұңғиықтанып. - Ием үйір қожасын маңыма жуытпаса, амалым қайсы?!

— Есебін таппаймысың?

— Ием сауысқандай сақ, — деді Бедеу жау қабақтанып. — Әне тұр, үйден шығып қарап. Көктемнің алғашқы дүрмегінде сәурікке бөксемді жұғыстырам деп... бәлеге қалып... Содан бері аңдудамын. Ием арқаннан босатпайды.

— Не үшін өйтеді?

— Құлындамасын деп.

— Неден жазықтысың?!

— Мисыз жүйрікпін. Алдыма қара салмаймын.

— Ә, онда кешірімді.

— Менің бағымнан сенің сорың артық-ау!?

— Олай демеші!

— Енді не дейін? Соңыма құлын ертпесем, айғырға тал бойымды тастай алмасам, менде нендей қасиет қалмақшы!?

Құлық аяды желқуық бедеуді. Кішкенесін икемдеді оған.

—Иіскеп мауқынды бассаңшы.

— Кақ өзегімді жарып шықпағасын, емірене аламын ба бөтен төлге? — Бедеу құлынға құлықсыз жұғыстырды ернін. — Қасқырдың тісінен, ұрының бұғалығынан сақтай көрсін!

—Айтқаның келсін! Саған менің жолымды беріп, соңыңа құлын ерт.

Бедеу құлазыды. Іші аңырап барады. Суатқа құлаған жылқыларды көріп қалып, шұрқырасын-ай! Көмейінен ағытылған зарлы күңіреніс үйір қожасын елең еткізді. Қолма-қол қайтарды жауапты. «Иеңнің мінезі жаман, атып тастайды» дегенге жуық еді айғырдың сарындауы.

Үйір қожасының «жолдаған сәлемінен» нәтиже шықпады. Көктеммен ілесе келетін ләззат салтанатынан шет қалғанына күйінген Бедеу жойдасыз бұлқынды. Құрсағына түйін байланатын қызулы да қызықғы сәтті зарыға аңсап шала бүлінді.

Құлық ондай шектеуден азат. Жақында иесі мұны көршісінің дөненіне көзіктіріп алған-ды. Сондағы тұшынысын

сұрама! Жалқы сәттік жан шақырыс тәнінен өтіп, сүйегіне жетіп еді.

Соңына құлын еріткені қандай жарастықты десеңші! Өзегін қақ жарып шыққан құлыншағына енелік түйсікпен еміренгенде, көк балаусаның бояғына елтігендей жан рахатын сезінеді. Бұтына жармасып, сүт кернеген емшегін ашқарақтана сорғыштаған кішкенесіне танауын жұғыстырғанда, өзгеше тұшынады. Сандаған өскіннің хош исі құлыншағының тұла денесін иіткен жұпарына жетпекші емес.

Қулық оқыранды. Тұлымшағына мейірімі түсті де, бауырына икемдеді. Енелік тілегі оянған Бедеу жұптастықты аңсап аласұрды. Шұрқырағаны ет жүректі езіп жіберердей тым аянышты еді.

ҚҰШТАРЛЫҚ

♦ Тұнжыр мұңайды. Жүдеңсіді бір түрлі. Өзегі талғаннан да бұрын жалғыздық қинайды. Бір тауда бір өзі... Ұядан ұшып шыққалы көрген күні осы. Сыңары Шымырмен біразға дейін бірге қонақтады. Мұны тырнақ алды жеміне ортақтастырды. Ашқарақсып сұғына кететін қомағайлығы шақарлыққа ұласты да, ұяласымен жиі-жиі тарбайысатын әдет шығарды. Соны кек көрген Шымыр бір жолғы шекісуден кейін көз көрмес жаққа ұшты да кетті. Одан бері сандаған түн ауысып, нешеме күн шықты. Шымырды әлі іздейді, ұмыта алмайды. Бәрі өзінен, тірлікке оралымсыздығына опынады.

Енесі көз алдында майып болды. Тау арасына сейілдеуге келгендер шілді бәршектеп жатқан ұябасарды атып салған. Сол жолғы сескеністен кейін екі аяқтылардан қашық жүреді. Олардан қатты ықтайды. Ұябасар жоғалып кеткен соң, тірнекті аталық қамқорлыққа алды. Бүріп түскен жемін алдына тосып, құс ілуге баулыды. Қамқоршысы қапылыста торға шырмалды. Қастық екі аяқтылардан келген еді. Аталық сол кеткеннен мол кетті, көзіне бір де түскен емес.

Асыраушыдан айрылғаны тірнекке қиын соқты. Ұядағы болбыр босандығынан арыла алмай-ақ қойды. Жалғыздық

және қинайды. Жұптасы Шымырмен қатарласа қанат қомдағанда, бүйтіп тарықпас еді. Бір ұяның қос түлегін бір-бірінен айырған ненің амалы?! Түйсігі жетпейді себеп-салдарына.

Жас қаршыға жалтақтады. Жемсауы түйнеп барады. Бәрінен де аштық қиын Соқты. Елді мекенді төңіректейін десе, жұмыр бастылардан сескенеді. Тышқан ұстап жеуге әу бастан икемсіз. Қаз бен үйректен көз жазып қала береді. Іліп түсуге оралымы жетпейді. Аштықтан өлесі болған қорғансыз қаршыға амалсыздан топшысы кеткен ұларды алып жеді. Одан бері де екі-үш түн ауысты. Жан далбасамен өліп қалған сауысқанды шоқыды. Жүрек жалғарға демесе, маңызы шамалы екен.

Тірнек ұядағы мұңсыз-қамсыз күндерін ойлады. Енесі қос жеткіншегін қапысыз баулыды. Бұл әу бастан кірпияздау еді. Не болса соған қитығады. Сыңары Шымыр сергек те, сезгіш. Енесінің ыңғайымен болады. Оның әр қимылына зер салып, үйренуге тырысады. Ұябасардың жеміне шүйіліп іліп түскеніне, аталық қаршығаның қиянды кезген алымдылығына елігіп, ұядан түлеп ұшар шаққа асығатын. Қанатын қомдап далп-далп сабаланып, көк жүзіне көтерілуге тіленеді.

— Мазасызсың барып тұрған! — Тұнжыр ұяласын топшысымен нұқиды. —Тыпырши беретінің не? Астыңнан су шықты ма?

— Не ойлағаның бар-ей?! — Шымыр бұған қарсы қояды сұрақты. — Есінде болсын, ұя уақытша тұрағымыз. Қанат құстарға ұшу үшін берілген. Көк жүзіне көтеріліп, аспанда ойын салуға асығуымыз керек.

— Қорқыныштыұ ғой?! — дейді Тұнжыр төменге үңіліп. — Майып боп кетпейміз бе?

—Осы бастан ұшуға бейімделмесек, бізге қиын соғады.

—Ұшқасын қайтеміз?

— Жем іздейміз. Қорек ететін құстарды ілуге машықтанамыз. Көктен құдия шүйіліп теуіп түсіреміз. Тепкінімізге төтеп бере алмай, жерге топылдап түсіп

жатады. Құстың қызылына түмсығымызды емін-еркін батырып, қомағайлана қылғытамыз.

—Обал емес пе, жазығы не момын құстардың?!

—Табиғат заңы солай, біреуді біреуге аңдытып қойған.

—Құстардан басқа нені қорек қыламыз?

—Шоқыдың ғой талай. Бадырақ көз шолақ құйрықты.

—Әлгі, бажылдап бақыратын ба?

—Есесіне еті тәтті.

— Сонда бізді баулыған қамқоршыларымыз қайда жүреді?

—Ұяда не көрсек, ұшқанда соны ілуіміз керек.

— Соның біріне де зер салмаймын, — дейді Тұнжыр қитарланып. — Тұмсығымды қандап, жемсауымның тілегін орындағанды ғана білемін. Басқа жағына бас ауыртып не қыламын. Токмейілдікпен көңілімді кеңге саламын. Сен тәрізді ұядан ұшпай жатып, қисынсыз тіленуге зауқым жоқ.

Зауықсыздығы өзіне сор боларын қайдан білсін?! Тоқтыққа кенеліп, ұядағы қамсыз-мұңсыз шағына мастанған шолжыңдығын есіне түсіргенде, қанаты салбырап кетеді.

Ұяласы басынан-ақ сергек-тін. Байқампаз еді, назарынан қыбыр еткенді қағыс қалдырмайтын. Ұябасардың алдарына әкеп тастаған жемтігін шоқымас бұрын Шымыр бұған:

— Жақсылап көріп ал, қанаттанып ұшқанда ілетін құсымыз болады, — дейді.

Тұнжыр сонда да селт етпейді. Енесіне сенеді, ол тұрғанда қореқсіз қалмайды. Аталықтың қырғилығы тіптен әлемет. Құстың не бір түрін әкеп тастайды ұяға. Бөдене дейсің бе, шіл мен құр дейсің бе, толып жатыр. Қараша қаз бен дарқоңыр үйректі шоқытады. Кәдімгі бажылдақты да жеткізеді. Бір жолы шала-жансар көжекті бүріп әкелгенді қырағы қыран. Тұнжыр қатты сескенді. Өз-өзіне келгенде байқаса, ұяласы әлгі бажылдақтың жылы-жұмсағына ашқарақтана кірісіп кетіпті.

Өткір тұмсығын аямай сұғындырып апаш-құпаш қылғиды

қоянның жұмсақ етін. Дауаламады жүрегі, сұғынбады өлі қоянға. Сол жеркеншектігінен жапа шегерін қайдан білсін? Ұядан алған тәлімі түйсігінде қалмаған. Сіңбепті санасына.

Күн суытып, күз қабағы түйіле бере, құстар жылы жаққа қанат қомдады. Көш бастар шікілін сайлап алған қанаттылар керуені шырқау аспанда қиқулап бара жатты. Неге екенін қайдам, жас қаршыға елікпеді дүбірлі керуенге. Жалқаулығы ұстап, кежегесі кейін тартты. Үйреншікті мекенді тастап кеткісі келмей, ұяласы Шымырға қарайлады. Қайтып оралар, өкпе-араздықты ұмытар деп үміттенген.

Қар қалындап, аяз дендегелі, қорғансыз тірнекке қорек айыру тіптен қиындады. Сұңқар тектестер ырымға жоқ, аспан тәңірісі қырандар алыстап кеткен. Қарлы атырапта ала қанаттар шалынады көзіне. Шүйіліп берген, бүріп түспекші еді. Ілікпеді тырнағына, жалтарып кетті. Жаны қысылған сауысқан тас арасына кіріп алып шықпай қойды. Жем іздеу жорығы өндімеді. Әдістеніп алған ала қанаттар жалтарумен діңкелетті. Әсіресе жытқыр сары аланың ызасы өтті. Тебіндегі жылқыларды далдалап амалын асырды. Тағы біреуіне шүйілген, тіптен әккі боп шықты. Жайылыстағы қой-ешкілердің арқасына қона кетіп, бірінен екіншісіне ауысып көз жаздырды.

Тұнжыр жан далбасаға басты. Ала қанатгардың соңына түсті. Топшысын зақымдап алған оған:

— Мені алып жейтін шама бар ма сенде?! Су жүрек қояндарға шүйілмеймісің? — деп шықылықтады.

Тұнжыр ширықты. Қайтсе екен?! Жанбай жатып сөнгені ме, өлгені-ау бостан-босқа?! Аман екен топшысы. Өзіне аяқ астынан өжеттік пайда болайын деді. Көзіне көрінгенді бүруге құлшынды. Кеуектен тұра қашқан қоянға төнді. Қоян тобылғының арасына кіріп кетіп шықпай қойды.

Тірнек мұңайды. Ұядағы күндерін көз алдына әкелді. Аталық қаршыға бір жолы ащы шаңқылға басқан. Сонда ұяласы мұны түртіп: «Бізге кереметін көрсеткелі жүр. Шабыттанып күш жиюдың амалы. Қара да тұр, жеміне шүйіледі», - деген-ді.

Іле сойқан басталған. Шабытты аталық қаз үйіріміне араласып берген-ді. Қанды көзденіп өжеттікке басқан алғыр қыранның тепкініне тап болған момын құстар жертезекше шашылып қалған-ды. Есесіне ұядағы ақ үрпектер жемге қарық болды. Мейлінше тояттаған ұяластар тоқтық әніне басып, нәзік үнмен шақырып еді.

Тірнек таңнан тіленді. Шаңқылын үдете түсті. Біресе көкке шаншыла көтеріліп, біресе төмен құлдилап, неше қилы мәнермен көк жүзінде парлағанда, сақсынған сауысқандар кірерге тесік таппады.

Жас қаршыға өрленді. Шаңқылы жігерлі саңқылға ауысып, үнінен қарлы атыраптың жоны жіпселеңдеді. Таудың қабағы ашылып, түксігі сыртына шыққан жартас та жадырады. Сұлу шоқылар мен қыз емшек төбешіктер қозғалақтай бастады. Тірнекке ғайыптан қуат бітті. Шиыршық атып уыттанғаны соншалық, көзіне көрінгенді бүріп түсуге құлшынды. Осындайлық шабытпен көк жүзінде шарқ ұрған жас қаршыға тепсеңнен бойын көрсетіп алған дәу қоянға шүйілді. Жембасары мен тегеурініне сенген еді. Құрбандығын шеңгелінен босатпай жойқын күшпен қарпыды.

Тояттаған қаршыға оқыс дыбыстан сескеніп, ұша жөнелді. Тіке қияға қанат қомдаған жас қыранға аязы мен бораны қабаттасқан қыс амалына беріспей, жазмыштың пешенесіне белгілеген тауқыметін жеңіп шығу, тіптен оңайлап кеткендей еді.

КЕКІР

♦ Су жиналатын Бөгет кемелінде. Молығып алған шағын айдын мінез шығаратын боп жүр. Астамсыған ол маңайындағы іркінді тұма-бұлақтарға соқтықты, Қызды-қыздымен көлшікке де қыр көрсетті.

—Тұп-тұнықпын. Мөлдірлігіме ынтыққан жан-жануар шөлін басады. Тазалығыма пар келетін бірің жоқ. Айна көзбін, көк мөлдірмін нағыз.

Одан қар суымен екпіндеп тасып, жаз ортасына қарай саябырситын жыланшық өзендерге қырланды. Дөңайбат жасады. Олар да қарап калмаған. Өз шамаларынша қарсылық көрсетті.

— Сен адамдардың иелігінде болсаң, біз табиғатпен еншілеспіз. Бірде толамыз, бірде ортаямыз.

— Менде ортаю деген болмайды, — деп кергіді Бөгет. — Үнемі айна көзденіп мөлдіреймін де тұрамын. Ерке толқындарым ереуілдегенде, көкше көлден бір де кем емеспін. Алыстан мен мұндалап барша жан иелерін өзіме шақырамын. Тұнық сумен жарылқаймын.

— Саған осыншама молшылықты бұйыртқан кім? — деді бақталастары жамырай дауыстап. — Құнар қайдан келеді саған?

—Сүйеушім мықты емес пе? — деді Бөгет көпіршіктеніп. — Адамдардың қамқорындамын. Солардың арқасы менін осы халге жеткенім.

Бақталастар басылып қалды. Бөгеттен қаймықты да, ауыздарын бақты. Осыдан жай жүрейік деп шешті. Сақтанбасқа бола ма? Сенгені кәдімгі жұмыр бастылар. Олардан амал артылмайды. Ойлап шығармайтыны жоқ. «Тоспа — бөгетті молықтыратын кәдімгі Бастау емес пе?» деуге бата алмай, іштерінен тынды.

Бөгет тіптен кергіді. Толқыны көбіктеніп ереуілдеді барынша. «Су тәңірісі менмін!» — деп алдаусыратты өзін. Астамсыған ол көк желкесінде жай-жай сыздықтап ағып жатқан тұма бастауға соқтықты.

—Былдыр-салдыр үніңнен бір жаңылмайсың. Тынымдап тыншитын кезің бола ма, сенің?! Мазамды алдын! - деді кекірсіген астам үнмен.

Үзілмейтін үміттей тереңнен қайнап шығып жатқан Бастау мейманасы асқан Бөгетті тоқтамға шақырды.

— Сабырлық керек, достым, — деді үлкендікпен. — Ойпаңдағы іркінді шалшық едің. Бағың жанып толыстың. Кішігірім көлшік дәрежесіне жеттің. Маңайың қара-құраға толы. Қанаттылар да саған ынтық. Жан-жануар өзіңе кеп

шөл басады. Адамдар боса-болмаса сені төңіректейді. Тұнығыңнан қуаттанады. Бау-бақша өсіреді, егін салады.

— Не айтпақшысың-ей?! — Бөгет қиықтанды. — Сенсіз де таңым атып, күнім шығады. Мазамды алмай жайыңа кет!

Бастау мүдірді. Меселі түсіп жасыған ол ағысынан жаңылып қалды, қапелімде. Кейістік оңай ма, тамыры жүрмей, жүрек соғысы баяулады. Өзінің қалай толысқанын, күшейіп молыққанын ұмытып, өктемсіген Кекірден іргесін бөлудің есебін таппай дағдарды. Ақыр-сонында ағысын тоқтатып тұмаға айналуға бекінді. Кекірден жүзін теріс бұрды.

Менменсіген астамшыл Бөгеттің күні не болар екен?!

МЕКЕН

♦ Жан даусы шықты. Байбаламдап қаңсылағаны тіке құлаққа ұрды. Сары қанден серігіне көмекке ұмтылды. Дүрегейдің өзінде де бар, ұрлыққа бейім. Ашық қалған сарайға кіріп кетіп, жылы-жұмсақты тістей қашатын сумақайлығы үшін аула тұрғындары «сұғанақ сұр» атандырған.

- Неден жазықты боп қалдың?! - деді Сары қанден аямпаздық әдетімен. - Жымысқылықты таста дегенім қайда саған?

— Өзегім талып, өлесі болғасын! — деп аянышты қыңсылады сұр дүрегей. - Екеуіміздің басқа ырылдақтардың күні күн де, біздікі түнек боп тұрған жоқ па? Қарашы әне, табалауын?! — Бесінші қабаттың балконынан көрініс берген шолақ құйрық ақ сары итке тұмсығын шаншылта үріп-үріп жіберді. — Арамтамақ добал неме!

- Өзің ше? — деді жоғарыдағы ит жонын дүрдитіп. — Тілемсек ұры тұмсық сұғанақ екенінді жанның бәрі біледі. Мен деген дегдармын! Иттің сырттанымын! Сол артықшылығыма бола биікте тұрамын. Атағым бар, айбарым да жетерлік.

Дүрегей қорланды. Кезінде сілтеген-ді. Түлкінің соры еді. Көкжалмен де алысып көрді. Көбінесе тең түсетін. Иесі ауылдан қалаға көшетін болғанда, сұр дүрегей өзінше қарсылық көрсетті. Мәшинеге отырмай безе қашты. Көш сорабын қуалап өкпесі өшкенше жүгірді. Жеткізбей кетті жүйрік көлік. Қаңғып далада қалған сұр ит ошарлы мекенге жетіп жығылған. Тамақ асырауды амалы бір кездегі аң қоймас дүрегейді көз түрткіге душар етіп, сұғанақ сұр атандырды. Иесі мұны Құтжол дейтін. Өзінде де бар, ұстатпай безе қашқан. Соның сазайын тартты ақырында. Кенттегі бұралқы иттердің тобында. Мылтық қарауылынан аман әзірше.

Бүйткен амандығы бар босын-ай! Әлгіндегі соққы сүйегін қан қақсатып, қабырғасы сырқырап әкетіп барады. Апаш-құпаш асағаны желкесінен шыққан дүрегей жылап үріп, ауланы басына көтерді.

— Шыда! — деді Сары қанден. - Дұшпандарың табалап, жақтасың жалтарады.

Сұр ит тыныштальды. Есесіне іші ұлыды. Өткен күндерін түйсігінде тірілтіп алдамшы қиялға берілді. Мал бағатын қожасы мұны аң алуға баулыды. Таза қанды тазы мен қаскыр ит алабайдың арасынан шыққан сұр дүрегей мейлінше бетті-тін. Жүгіріске де бар. Денесі ауырлау болғанымен, ұзаққа сілтейді. Аң құтылып көрген емес.

Дүние кең еді. Тарылып кеткені қалай?! Соған түйсігі жетпейді. «Кең байтақ дала тұрғанда, бір жерге үймелей беретіні несі? Ауасы таза, суы тұнық, тарсыл-гүрсілі жоқ, тып-тыныш мекеннен безгені жөн бе?» дегісі келеді.

Дәрменсіздігіне мұңая қыңсылады. Колқа жүрегін сығымдаған азалы мұң сағынышын қиян далаға ала қашып, үйреншікті мекенді зарыға аңсады.

— Мұңайып не қыласың? — деді қанден. — Мені де ием тастап кеткен. Адам дегендер тұрақсыз. Опа жоқ оларда. Тілімді алсан, сұғанақ әдеттен тыйыл. Ұрлық опа бермейді.

—Қайтеміз сонда?

—Жарамсақ әдетке басып, жұмыр бастылардан қайыр

күтеміз. — Сары қанден ойын орнықты өрбітті. — Адамдарда да жүрек бар. Бәрі бірдей қатыгез емес, жүрегі жұмсақтары жетерлік.

— Ондайға бара алмаймын! — Дүрегей ызалана ырылдады. — «Жарамсақтанған ит жатқанша таяқ жердін» керіне басар жайым жоқ. Ендігі маған қалғаны тілемсексіп күнелту ме? Өйткен тірлікті ұрғаным бар ма?!

— Өзің біл, — деді қанден жасқаншақтап. — Күн көріс амалы қинап тұрғасын айтқаным ғой. Сұғанақ сұр атанып кім-көрінгеннен зекінді естігенше, монтансып тіленші болғаның көп қайырлы.

— Ә, солай деймісің? Ердім соңыңнан! — деді сұғанақ сұр нық шешімде. —Тұқымдаспыз ғой. Мені жауға бере қоймассын.

Дүрегей ызалы ырылдан тыйылды. Басыңқы үнмен жай-жай үретінді шығарды. Онда да түнде. Күндіз езуі бір ашылмайды. Жонын дүрдитуді ұмытты. Кеуделілерден ықтап кетеді. Ауыл итінің қоршауында қалғанда, құйрығын бұтының арасына тығып алып, барынша мүсәпірсиді. Азуын ақситып, ырылдақ әдетке басу — тағылықтың белгісі деп, ондай оспадарлықтан ада-күде тыйылған. Көпек иттердің астына түсіп таланғаны керек. Өйтіп табанға түспесе, тілемсек атана алмайды.

Көзіндегі уыт, жонындағы дүрдиіс бағынышты кейіпке ауысқан. Белі аспанға шығып имеленгендегені аяушылық тудырады. Не бір сараңцар сүмелек сұрды көргенде қатты мүсіркейді. Қолындағысын алдына лақтыра салады. Сүйек-саяқтан кенде емес.

— Бабындасың! — дейді Сары қанден оңала бастаған серігіне. — Байқамай иттікке басып жүрме, онда құримыз. Еңбегіміз еш кетеді.

Сүмелек сұр әдіс-айласын жетілдіре түсті. Тіленшілікке әбден кәнігіленіп алған соң, өзіне жол көрсеткен канденді ығыстырып, тіке алға шықты. Көз сатудың ығытын келтіріп, ұштай түсті талабын. Базарды төңіректейді. Шығар ауызда жатып алып, адамдардың қабағын бағады.

Той жасаған, құдайы берген, өлік жөнелткен үйлердің күресінін торуылдайды. «Әй, әне бір бөлек-салақты бұралқы иттерге тастай салшы. Сауап болады» деп жатады. «Мына бір сүмелек сұрда қасиет бар, алдына тастамасаң өз бетімен ұмытылмайды» деп және көтермелейді дүрегейді.

Осымен қыс өтіп, -жаз шықты. Тіленшілікке төселіп алған екеуінің жағдайы әбден жақсарды. Ауыздары майланып, жонданып алды. Сүйкімсіз де емес, зекіндіні мүлде ұмытты. Үлкен-кішінің аяғына оратыла кетеді. Дәметеді жылы-жұмсақты. Құр тастамайды. Кең пейіл ғой, шіркін, адамдар! Мына қызықты қараңыз, бұралқы ит пен мысықты ататындар екеуіне мылтық кеземейді. Бір түрлі іштартатындай ма?!

Тіленшілік екеуіне майдай жақты. Тамақгары тоқ. Оқтан да аман. Сары қанденге бәрібір еді. Дүрегейге қиындау соқты. Байлаудағы иттердің арпылынан, адамдардың байқампаз назарынан қаймығады. Иелерінің соңында бос жүретін шәуілдектер дүрегейден аянып қалмайды. Табалайды өздерінше. Сұғанақ әдеттен тыйылып, жарамсақтық машыққа ауысқан соң, «тілемсек сұр» атанды. Соған іштей қорланады.

— Жағдайымыз жақсарды-ау! - Сары қанден серігін сөзге тартты. - Осымыздан көз жазып қалмайық. Қатарымызға қаңғыбас шәуілдектерді қосып алайық. Сонда бұралқы иттердің «көсемі» атанасың. Айбынданып, атағың шартарапқа жайылады.

— Атақ құмарлықты адамдарға бердік. Солар-ақ жарылқансын! — Дүрегей ызалана қыңсылады. - Барлық салпаң құлақ бұралқы боп кетсе, тіленшілікпен күнін көрсе, қасиетіміздің жұрдай боп, ата жауымыз қасқырларға мазақ болмаймыз ба?

— Оған бола жұқарма. - Сары қанден танауымен иіс тартты. — Біз түгілі кәдімгі жұмыр бастылар да қол жайып, қайыр сұрайды.

—Кәне, ондайлар?

—Әне тұр!

Дүрегей қайыршыға жақындады. Он жасар шамасындағы бала тақпақтап өлең айтып тұр. «Әкем ішкіш, анам жоқ; ақша табар шамам жоқ. Панасызбын, жетіммін; қарайласар адам жоқ».

Алдына қойған бас киіміне олай-былай өткендер темір теңге тастайды. Молыққан сайын бала тақпағын үдете түсті. Зар жақ екен, қояр емес сұңқылын.

Дүрегей тыпыршыды. Өзіне етене үйреншікті иіс сезілгендей болды да, айналасына алақ-жұлақ қарап, үріп-үріп жіберді. Танауымен иіс тартып және шала бүлінді. Жонын дүрдитіп, айбат шекті. Баяғы бұла күндері көз алдынан жүгіріп өткендей, алдамшы елеске арбалған сүмелек сұр бұрынғы қожасын іздей бастады. Иесінің иісі мұрнына ап-анық жетіп, аласұра дызықты.

— Құтжол-ай, аман-есен жүр екенсің-ау! — деді көп қабатты үйлердің тасасынан көрініс берген жүдеубас адам. — Кә-кә, келе ғой!

Сұр итте ес қалмады. Арсаландап иығына асылды. Қынсылап жылап үргенде сағындырып көрінген иесінің көзінен жас шығып кетті. Қасаңсып мүйізденген саусақтары жон арқасына жұғыскан сәтте, сағынышы сап басылып, түйсігі байыздады. Иесінің қолын құныға жалағыштай түсті. Оған өзеурей шағынып, қоймай-қоймай қыңсылады.

— Жағдай осы?! — деді сақал-мұрты өсіңкі кісі. — Қала бізге жақпады. Жалғыз ұл араққа салынып... келін төркініне қашып... Кемпірім аурулы боп, жылай берді ауылды сағындым деп. Содан осында көшіп келгенбіз. Біреудің босағасында отырмыз. Үй сатып алатын тыйын-тебен аздау боп... немереме қайыр тілетіп... сорым қайнап қалды! — Ол кемсеңдеді. — Былайша ширақ екенсің. Өз күнінді көріп жүрсің-ау, шамасы?!

Құтжол оның қырпынан жағдайының мәз емес екенін шамалады. Кезінде жылқы баққан еді. Құралайды көзден ататын мерген болатын. Ауылды өрге сүйрегеннің бірі-тін. Ендігі жүрісі мынау?!

Дүрегей аяқ астынан бүлінді. Тоқтыққа мәзденген қанденнің жалтақайлығын жақтырмай «арс» етіп, қауып тастады.

— Қисық жолдан бұрып тура жолға салып едім?! — деп байбаламдады Сары қанден. — Ақырында өзіме ауыз салдың ба?

— Өйткен тура жолың өзіңе! — деді сұр дүрегей жаңағыдан бетер долданып. - Қожамның түрін көрдің ғой? Мен де оңып жүрген жоқпын. Әншейін, саған сездірмеймін, ішім толған запыран. Бүйткен тіршілігі бар болсын?! Жалықтым итшілеуден! Дала кең. Жетемін, сол үйреншікті мекенге!

Қанден мұңайды. Иттің қоры екенін, әл-қуатының жоқ екенін мойындап, дүрегейге тілектестігін ашық білдірді.

—Жоның тайып, бағың байланса да, сырттандық мінезді ұмытпаған екенсің. Үйреншікті мекеніңе аман жет!

Сұр ит қасқыр жортақпен елсізді бетке алып ұзай берді.

ДАҢҒЫРАҚ

♦ Шелек - даңғырлақ. Ойбай, аттанға үйір. Оған жұғыскандар пәлеге қалады. Қайткенде сөз естиді. Шатақшыл шайпау әдетіне бола, өзге ыдыстар оны мейлінше жек көреді. Салдырақ жазған итаяққа өш. Қисынсыз соқтығады.

— Сен ыдыс-аяққа үйлеспейсің. Мұлде бөлексің. Ыдыстардың ең елгезегімін. Иеме адалмын. Біз адамдарға мінсіз қызмет көрсетеміз. Әсіресе, менің орным бөлек. Үлкен-кішімен әмпейлеспін. Қолдарынан бір түспеймін. Иеме ілесіп, бұлаққа барамын. Базарды жағалаймын. Сиыр сауысамын. Күйбеңшіл шаруақор бәйбішенін қасынан табыламын. Қазанға су құйысып, тамақ істеуге көмектесем. Отағасымен де ыңғайласпын. Атына су ішкіземін. Балалар бізді қолдарынан тастамайды. Мұз қатырып қардан сырғанақ жасағанда, қастарынан табыламын. Бойжеткенмен бірге құдықтан су алуға барамын. Көрші

үйдің тентегімен су шашысып ойнағанын тамашалаймын. Махаббаттарына дәнекер боламын. Сенде мұндай икем жоққа тән. Қашан көрсем, үйшіктің алдында, иттің қасында жатасың. Бір орыннан тапжылмайсың. Ішің пыспай ма, қалай шыдайсың, ә!?

—Басқа түскесін көнемін, — деді Итаяқ шелектің ығымен болып. — Жүріп-тұрмадым деп не қылайын. Өзіме тиесілі міндетімді адал атқарсам болғаны.

— Итке қызмет көрсеткен де міндет болғаны ма? — деді Шелек сүйкеншік әдетіне басып. — Кір-кожалақсың. Арсылдақтың қара тұмсығына нысанасың. Мүлік санатындамын деп қалай айта аласың!?

Итаяқ төменшіктеді. Шелек бір көтерілсе жуықта басылмайды. Салдыр-гүлдір, даңғыр-дүңгір етіп, ауланы басына көтерді. Басқа қайраны қалмаған Итаяқ даңғырақтан бұғынып, кірерге тесік таппады. Қораш та емес, былайша. Иесі қайыңнан оймыштаған. Ұстау көтеретіні содан. Жарықшақсыз. Уакытқа беріспей келеді.

Шелек ондай қасиеттен ада. Қолды-аяққа тұрмайды. Дегбірсіз және өзі. Болмашыға шыж-быж боп, күйіп-пісіп жатқаны. Ілік шығармаса жүре алмайды. Үйдегі ыдыстарға соқтығады. Қырына ағаш шелек ілікті.

— Көрінбеші-ей, көзіме! — деп шүйілді оған. — Санда бар, санатта жоқсың. Қатардан шығып қалғанынды неге мойындамайсың?

Көмпіс байғұс үндемей құтылды. Өзінің әу бастағы нобайын мансұқтап, қалай пайда болғанын есінен шығарған даңғырақтың жетесіздігіне қынжылды. Шатақшыл салдырақ ағаш табақ пен шөмішке, саптыаяққа да төнді. Бұларды біраз қусырмалап алған соң, басқа ыдыстарды қырына алды. «Жасандысындар шеттеріңнен! — деп қоймай-қоймай даңғырады. — Асыл сүйекпін. Таза темірден жасалғанмын. Сендерді қоқыр-соқырдан домбалдаған. Көп ұстау көтермейсіндер».

Данғырақтан ыдыстар ығыр болды. Оны көргенде бұғына қалатынды шығарды. Иелері мазасыз салдырақты

елеусіз калдырды. Шаруақор әйел ескі серігін ұмытуға айналды. Көбінесе ол колға ұстауға ыңғайлы жаңаша үлгідегі шелекті пайдаланады. Шашы ұзын бойжеткен де бұдан сырт берді.

Темір шелекте баяғы кеуде жоқ. Елеусіз бос тұрғанына кынжылады. Бүйірі шыккан тоқмейілдік келмеске кеткен. Керексіз бола бастағалы бала-шағаның ермегіне айналды. Мазак ететінді шығарды. Еріккен тентектері бүйірден теуіп өткенде, салдыр-гүлдір етіп ауланы басына көтереді.

— Әй, катын! — деді отағасы кырыстанып. — Мына бір шелектің көзін неге құртпайсың? Аякка оралғы боп даңғырайды да жатады.

— Егініңе түсті ме? — Әйел өре түрегелді. — Қымс етсе, ескірді ғой, тозды ғой деп шыға келесің! Өзіңе қарамаймысың. Баяғы жас қалпыңда жүре бермекпісің? Көнерсе де, көзіме ыстык үйдегі әр мүлік. Ескісін тастап, жаңасын алғаннан не шығады?

— Әне, бұл әжемсиді! — Тіптен үдеді отағасы. — Үйдегі ескірген нөрсенің бірін де коймайсың, білдің бе! Шелегіңмен қосып!..

Ашулы еркек нәштеп тепкенде, Даңғырактың бүйірі кабысып калды. Үн шығаруға шамасы жетпеді. Бәйбіше ескі серігін күл төгуге пайдаланды. Шелекте баяғы екпін қалмаған еді. Итаяқ өлесі болған салдырақты аяды. Оны көрсе де көрмегенсіді. Табалағандай болмайын деп, байлаудағы иттің алдында бұғынып жата берді.

Мазасыз Даңғырак бара-бара күл төгуден де шет калды. Түбі ойылған салдыракты оспадар еркек күресінге лақтыра салды.

ІЗБАСАР

♦ Шағын бекет жандана бастады. Әрлі-берлі өтетін пойыздардың қарамы молығып, екпіні үдеді. Теміржол табанының дүбірі күшіне еніп, доңғалактар дүрсілге басты. Әсіресе, шет жұрттан кеп бауыр басқан ұщқыр көліктің жылдамдығы әлемет. Жатағандау келген жолаушы пойызы екпіндеп өткенде, оншақты шаңырақтың үлкен-кішісі үйлерінен жүгіре шығады. Әуестіктен емес, сактыққа бола. Бос жүрген бұзау-торпақ теміржолға шығып кете ме деп қауіптенеді. Малды бағусыз жіберіп, жол қозғалысына нұқсан келтіргені үшін талай-талай шығындалған. Содан да бұзаулар байлауда, сиырлар бағымда. Салпаң құлақ көк есекті де арқаннан босатпайды иесі.

Еркіндікте жүретін жалғыз Буыршын ғана. Иесі оны арбаға жегіп, сексеуіл тасиды. Жегіннен соңғы Буыршынның ермегі иттер. Шәуілдектерге маза бермейді. Мойын салып, қуалайды да жүреді. Балаларға ұмтыла қоймайды. Олар бұған тәтті ұсынады. Соған алданады. Ит пен балалалардан жалыққан соң, пойызға жүгіреді. Жер төсін дүбірлетіп бара жатқан ұшқыр көлікпен жарысқа түспекші ме? Осы әдеті жұмбақтау. Иесі кәртең кісі. Буыршынның «еркелігіне» кешіріммен қарайды. «Сойып таста. Ұшқыр пойыздың табанына түсіп қалса, апатқа ұрындыруы кәдік. Түйе тұрмақ басынмен қайғы боласың», - деп білгішсігендерді жүре тыңдап, күрсініспен байқатады қарсылығын. Ойсылқара тұқымының азайып кеткенін уайымдайды да кәрі шөңге.

Кейінгі күндері Буыршын тағы бір тосын әдет шығарып алды. Көмейінен зарлы үн лықсытады. Боташа боздағанда, тұңғиық суық жанарынан жас домалайды. Сондай торығыстан соң, бүлкектеп қыр асып кетеді. Барып-барып тоқтайды да, сор топыраққа бауырын төсеп ұзақ жатады. Жай жатпай өткен шақты түйсігіне оралтуға тырысады. Сондағы оның таң болатыны бір-ақ нәрсе: «Осы мен ешбір жануарға ұқсамаймын. Қай жақтан келдім? Қалай пайда

болдым?!» Бұл жатысынан түк шығара алмаған соң, иттермен «ойынын» қайтадан жалғастырады.

— Не деген қасақы едің?! — деген ала төбет адуынданып. - Бізді бір жетісіп жүр деймісің? Ұзақ түн үрумен боламыз. Күндіз сен шығасың жынынды бүркіп. Ұйқы бермейсің.

—Түнімен үріп не көрінді сендерге!?

— Ұрыға айбар көрсетеміз. Қорадағы қой-ешкіні, тана-торпақтарды күзетеміз. Теміржол бойын қадағалаймыз. Реліс ұрлағандарды түп етегінен алып, қия бастырмаймыз,

— деді ала төбет жоны дүрдиіп. — Қара құлақтар бір жағынан ұлып маза бермейді. Өткенде жайылыста жүрген ешкілерді бірін қалдырмай тамақтап кетті. Одан шетке шыққан бұзау-торпаққа ауыз салады. Осы жазда үш бұзау, екі тана қасқырдың өңешіне жұтылды. Жақында ғана шеткі үйдің қорасына түсіп, тауықтарын қырып кетті. Содан бері бізде ұйқы жоқ, түнімен үріп шығамыз.

— Білем, көргем оны, — деді Буыршын жайбарақат. — Сөлбеңдеп имелең-имелең етіп жүретін ұры қасқыр ғой. Соған шамаларың келмей ме? Шәуілдегенге мәзсіңдер. Сырттандық қалмаған-ау бірде-бірінде?! Ұят-ай!

— Өзің ше? - деді төбет ызбарланып. - Біз білмейтіндей! Жар жағалаған жетімексің. Иттерді қуалағанша, өркештілерді іздеп таппаймысың? Тым құтырып кеттің, басыңа көрініп жүрмесін? Пышаққа ілігіп, жайрап қаларсың бір күні.

Буыршын төбетке тап берді. Тарпып жіберуге аз-ақ қалды. Шәуілдектер қосыла үріп: «Ұзын мойын сорай!» — деп мазақтады...

Жайылысқа шыққан Буыршын ащылы өзекке ойысты. Көкпекке қадалып, тарлау мен изенді құныға ұйпады. Желкеуірдің қоланданған жапырағын көмейлете шайнады. Атқұлақты да үзіп көрді. Батпақта бой созған жекен шөпті орақша орды. Оты қанған соң, соры бетіне шыққан тақыраңға шөкті де, алаңсыз күйіс қайырды. Иттердің арпылынан, доңғалақтардың дүрсіл-дүбірінен алыстаған Буыршын бота күнгі тайрандаған шағын көз алдына әкелді.

Еміс-еміс есінде қалыпты. Енесі қас пен көздің арсасында жоқ болды да кетті. Жүйткіген пойыздар керуеніне ілесіп кете барған анасын күні бүгін іздейді. Оралатын шығар деп үміттенеді. Пойызға жүгіретіні — енесін іздеудің далбасасы. Бір күш солай қарай итермелейді. Түйсігінде еміс-еміс қалған. Теміржолды кесіп өтпекші болғанда, пойызға соғылып майып болған қара інген мұның енесі еді.

Жетім бота қорлықты көп көрді. Шәуілдектер бұған өш болатын. Оларды қара тұтайын десе, сирағынан тістегіштеп жатып кеп жұлмалайды. Бір жолы осы мына ала төбет «арс етіп» тұмсығынан ала кетіп, мұрнын қанатып тастаған. Жырық мұрын жетім бота атанды. Арсылдақтарға деген қызыл бітіспес өштікке жол ашқандай еді. Қырып тастағаны шамалы, іштегі мұнды сейілтудың сылтауы да, әншейін. Болмашы ілікке себепкер — жетімдігі. Жас өскінге кең дүние тар көрінеді де тұрады. Түйе түлігінен екенін сезіне алмағанына қиналады. Буыршыннан бура шығып, бұйда үзер шаққа жеткенше, бір де бір өркештіні көрмесе, не кінә бар?! Күйіс қайырып жатып та елес қуалайды. Біресе жақындайды, біресе алыстайды бұлдыр сұлба.

Буыршын құлазыды. Жалғыздық оны қатты буды. Жүре жайылып бірсін-бірсін ұзай берді. Үйреншікті мекеннен алыстаған сайын жүрісін жылдамдатып, май бүлкілді тапыраңдаған қатты желіске ұластырды. Шығандаған Буыршын барып-барып тоқтады. Ақ көбігі шығып болдыруға айналған еді. Сонда да қайтпады алған беттен. Ілгерілей берді. Түнге ілікті де, тынымдап әл жиды. Келесі күні де тоқтамады. Тоқтағанмен іздегені табылар емес. Енді бұған бәрібір. Беті ауған жаққа туралайды бағытын. Жер жұтып кетпесе бір кезігер. Кезікпесе жүреді осылай. Дала неткен кең еді! Иесіз қалғаны қалай? Қайда адамдар? Төртінші танды атырғанда ұшырасты жоқ іздеген біреуге. Мінгіші әндемді екен әлгінің. Айдауға көнбеген буыршынды құрықтың астына алып, тапырандатып қуа жөнелді. Әбден сілелеген Буыршын ауыл шетіне іліге бере,

қалт тұрып қалды. Шөге кетті де, мойнын жойдасыз созған бойда басын жерге салды. Сол жатқан бойда танды атырып, күнді шығарды. Екі-үш ұмтылып зорға тұрды орнынан. Қасына бір ит келді.

- Қайдан жүрсің? - деді ит бұған. - Адасқаннан саумысың?

- Адасқанымды қалай білдің?

- Иісіңнен.

- Мына сорайғандар нендей түлік?

- Түйелер емес пе?

- Ә, түйе деймісің?! - Буыршын маң-маң басқан қос өркештілерге секемдене қарады. Жоғалып кеткен енеме ұксайды ма қалай?! Тым сұсты екен өздері. Қастық қылмай ма маған?

- Қорықпа, — деді ит бөтен өркештінің көрбалалығын біле қалып. — Тумысыңда тұқымдасыңды көрмегеннен саумысың?!

- Ұшырасқан сәтім осы. Өзіме сене алмай тұрғаным... Бір түрлі жүрексініп...

- Ештеңе етпейді, — деді ит жетім Буыршынға жаны ашыған тілеулестікпен. —Жүрегіңді тоқтатсаңшы. Көріп тұрмысың? Әне, келенін көсемі осылай қарай беттеп келеді.

- Қашайын ба? - деді Буыршын түршігіп. — Түрі неткен суық?!

- Қашканың не?! — Ит зекіп тастады. — «Алдияр тақсырлап» аяғына жығыл.

- Бұларға жазықтымын ба сонда?

- Саяқ жүргенің үшін кінәлауы кәдік.

Буыршын бураға қарсы жүрді. Батылдықтан бұрын жетім түйені әуестік жеңген еді. Буыршынға бура қаһарын төге қоймады. Талапкер жас нәсіліне іш тартты. Жас буранық кесіміне қызықты. Тұрқы сидаң. Тұла бойы бұлқынған бұла күшке толы ма қалай?! Қос өркешімен көк тірейді. Шаң басқан шудасы мейлінше өскелең. Қабағы қалың, қайсарлық пен уытқа суарылғандай екен. Тұңғиық тұнжыр жанарында тірлікке деген құштарлық молынан.

Жалғыздық азабы қинаса да, тауаны қайтып, талабы тұсала қоймағанын кәрі шөңге ұзын оймен топшылады. Жүрегін аздап сағыныш пен мұңға жегізіп алған екен. Уақыт әділ төреші. Өз ыңғайымен реттейді. Жастықтын бұла күшін ысырап етпей, орнына жұмсаса болғаны.

Кәрі бура оралымды-тын. Жас талапкерден бейбіт сыңайда жөн сұрады.

—Кәне, шерт кебіңді. Бет алысың қай жақ?

— Оны сіз білесіз, - деді Буыршын ішкі бұлқынысын шаққа тежеп. — Келеден, анамнан көз жазып қалған шер көкірекпін. Тәрізі, өздерін бе деймін менің іздеп жүргенім? Бір жақындықты сезгендеймін. Әне бір аруана енем тәрізді ме қалай?

— Саған енді ененің не керегі бар? — деді Бура қабағын түкситіп. - Ойсылқара түлігіне бас ие болатын дер шағында болбырақ бота тірсек кезінді аңсағанын, өлі сүйек ынжықтыққа жатады. Адамдар біздің иеміз: «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқасын», — деп осындайдан айтпай ма. Қартайдым. Қажырым қожырап барады. Түбінде, ізімді басатын сен боларсың!

Буыршын шаққа шыдады. Босаңсып жасығанын ата бураға байқатпауға тырысты.

ТӘУБЕ

♦ Жоғарыда тұрған да мерей. Шатыр осы артықшылығын өзіне дөп көреді. Шатырға ыңғай беретіндер жетіп артылады. Адамдар былай тұрыпты, жануарлар да мұны ес көріп төңіректейді. Ит атаулы үрісімен демесе, мысықтар үй төбесіне жиі-жиі шығып тышқан аулайды. Бөбесек көгершіндер шатыр астында тынымдайды. Ұзамайды бұдан. Дамыл-дымыл қанат бүгеді. Түртініп, тапқан көрегін бойларына сініреді. Көшеде кетіп бара жатқан үлкен-кішінің көз қиығы биктегі шатырда болады.

Осындайлық әмбебап танымалдығына бола Шатыр

мардымсиды. Тиісерге қара таппай: «Мақтау-мадақ маған лайықты. Үнемі биікте тұрамын. Барша жанды-жансыз аяғымның астында. Иығымен аспан тіреген ғимараттардан, көп қабатты үйлерден де асқақпын. Оларға қамқоршы боп, жауын-шашыннан, дауылдан қорғаштаймын. Мына дөдеңе: «Аспан тәңірісі» деген атақ лайықты.

—Уай, Шатыр достым, не көрінді саған?! — деді Үй үнін сәл қатайтып. — Бүгінің өзіңе көп болайын деп жүргеннен сау ма? Мазасыздана бермесеңші. Шүкірлік етіп, тәубе қылмаймыз ба осы тұрысымызға.

—Тілің шығайын депті-ау! — Шатыр шатынады. — Саған жасаған жақсылығымда шек жоқ. Ұмытуға тиісті емессің.

— Керісінше шығар. — Үй сөзін әріден бастады. — Жаратылыс құпиясына үйілуге түйсігіміз жетпейді сен екеуіміздің.

— Неге өйдейсің? — Шатыр тырсиды. — Сен тым жадағайсың. Мен деген жаратылыс амалын биіктен бақылап, зердемнен өткізіп, ақыл таразысына саламын.

— Рас, ондай қабілетіңді мойындаймын, — деді Үй көнтерімді әдетімен. — Мені жел мен дауылдан қорғайсың. Жаңбыр тамшысынан қалқалайсың.

— Онда маған бас ұрып кішілікпен тәжім етуге тиістісің, - деді Шатыр маңызданып. - «Биіктік тәңірісі» деп жар саласың. Жағың талғанша айқайлайсың.

— Өйтіп күпірлікке барар жайым жоқ, - деді Үй салқын райда. — Биікке әркім-ақ құштар. Өрмелей-өрмелей жылан да шығады, болат топшылы қыран да шығады. Өлермен жанкешті де соған тырмысады. Кімнің жоғарыда тұрғысы келмес дейсің. Баққұмар мен мансапқор да биіктен мұрат табады.

—Былшылдама! Сондағы айтайын дегенің не?

— Есінде болсын, мейлі жанды, мейлі жансыз болсын, ешкім өз биігінде тұрақтап қала алмайды. Түптің түбінде төменге түседі. Топырақтан табады тұрағын.

Шатыр қиықтанды. Онсыз да сұрғылт беті көгістене шытынап, үйді теңсеп жіберуге шақ қалды. Көмпіс баспана

бұғынды. Кеудесіне нан піскен Шатыр асқына аспандады. «Аймен тілдесіп, жұлдыздармен сырласамын. Күн де маған ықыласты, — деді шімірікпестен. - Осыдан жақ аштың ба, тіке мүрдем кетірем!»

Үй үндемес атанды. Тіс жарудан қалды. Бар амалы - бұғыныс. Онсыз да таңы атып, күні шығады. Азар болса, шатырсыз тоқал там атанар. Ұяты жібермейді, әттең!

Қырбайласудан түк өнбеді. Шатыр жоғарыда, үй төменде. Жаз жылыстап, күзге жол берді. Кәдімгі жауын-шашынды қазан айы екпінін үдетті. Тал-теректер жапырағынан жұрдай болды. Күш алған қазанның дауылы үдеп-үдеп соқты. Діңі жуан ағаштарды тамырымен қопарып, ойнақ салған долы жел есті шығарды.

Үй «алла сақтасынды» айтумен болды. Табиғаттың амалынан әупіріммен аман қалғанына тәубе қылды. Бұғыныстан ес жиғанда барып шамалады жағдайды. Шатырды адуын долы жел аумағымен көтеріп әкетіпті. Күл-талқаны шығып, шашылып қалған бейбақ: «Үй-ау, жағдайым осы! - деді аянышты үнмен. - Айтқаның айдай келді. Биіктік менің қолайым емес екен».

Үй дағдарыста еді. Ендігі жағдайы нешік!? Екі жарты, бір бүтін боп, елбесіп-селбесіп жан сақтаудың орнына, кеудесімен көк тіреп астамсыған Шатырдың көз алдында быт-шыт боп уатылып кеткені қатты ойландырып еді.

ҰРЫС

♦ Пештің зықысы шықты. Қазандық пен отқа жалынды. Одан мұржаға басу айтты. Бірінің аузын жапса, басқасы шығады байбаламдап. Шетінен қырсық. От жөндеп жанайын десе, қазандық кергиді. Пықсып жатып алады. Ұзын мойын мұржа және қырсығады. «Түтіндей беретінің не?» деп Пештің өзіне төнеді. Ұрыс-керістен Көсеу мен Қалақша да шет қалмады. «Біз болмасақ от жанбас еді, пеш жөндеп қызбас еді», — деп сүйреңдеді. Жел өкпе сүйрендерге көмір шелек дем беріп, айқай-ұйқайдың отына

майды құя түсті. Қыздырманың плитасы мен қақпағы және қырсықсын.

Пеш сасайын деді. Дүмпуді қолайындағы кірпіштер бастасын: «Сені ұстап тұрған біз емес пе»? — деп сызданды.

Пеш тіптен бұғынды. Үні бітіп сөйлеуге шамасы келмеді. Бәтуасыз тобыр желігісті ойбай-аттанға ұластырып ушықтырып жіберді. Шелек салдырап, көсеу сүйреңдеп, қалақша қақшаңд береке-бірлікті үркітіп жіберді. Тезек пен көмірге де тіл бітті. Айтатындары бір-ақ сөз: «Бізсіз от жанбайды, тамақ пісіп, үй жылынбайды.» Ұрыс-керіске оттың күлі килікті. Ол да өзін көтермеледі. Пәлсапаға басты. Тамызық пен тезек, көмірді нысанаға алып: «Он жерден кеуделегенмен қыр аса алмайсыңдар. Маған кеп қосыласыңдар. Тозаңға айналып, тоз-тоздарың шығады», - деді.

Ұрыс-керіс от басының беркесін алды. Үйдегі адамдардан да ынтымақ қашты. Оттың жөндеп жанбағанын бір-бірінен көріп, айқай-сүренді одан әрмен асқындырып, ушықтырып жіберді...

— Отынды ерте бастан әзірлемедің? Жасаң ағаш жөндеп жанбайды. Түсіріп берген көмірің ұп-ұсақ. Пешке қызу бермейді, - деп шаптықты әйел күйеуіне. - Елдің еркегін көрмеймісің. Ойды орып, қырды сыдырады. Өзіңдей Оңғарбайды қарашы?! Қара табан құл емес пе еді от көсеген. Темір-терсек жиып, байып алды. Одан қалды, ұрлыққа аттанады. Түйені түгімен, биені бүгімен жұтады. Сол ширақтығының арқасында екі қабат үй салды. Біз, міне, атам заманғы жеркепеде «шықпа жаным шықпамен» әлі отырмыз. Оңғарбайдың қара кер қатыны еден жуып, сыпырғыш ұстағаннан басқа не көріп еді?! Ақ саусақ бүгінде. Мен сияқты отпен кіріп, күлмен шықпайды. Үйлері тоқпен, газбен жылынады.

- Басың жұмыс істемейді! - деп нығарлады күйеуі әйелін. — Газ бен тоқ қып-қызыл шығын. Саған мен

сауда жасама дедім бе? Өзің ғой кергіген. Ұят болады деп. Оңғарбайдың қатынына ілесу қайда саған. Мені қызғанғаннан басқа қолыңнан не келуші еді?!

Қыстың кірісі-тін. Жөндеп от жанбаған соң, пештен қызу қашты. Үй мүлде салқындап кетті. Әйел кегін көсеу мен қалақшадан алды: «Қараң қалғыр-ай! — деп тепсінді. — Берекесіздің түсіргені ғой, көмір емес тозан! — Пешке де төне түсті. - Құлатып тастар ма еді», — деді құдай аманаты шала бүлініп.

Отта зәре жоқ. Көңілсіз тұтанып, қызусыз жанғанын ілік қылып, долырған бәйбіше бұған да тілін салып-салып алды.

Ерлі-зайыптылар келісімге келе алмады. Пешке түсті салмақ. Үнемі арқа-басын отка төсеп, жаман үйренген пештің кірпіштері тоңазып, дірдек қақты. Танауын көтергіштеген мұржа қыраудан көрінбей қалды.

— Ендігі күніміз не болады? — деп торықты От пен Қазандық. — Бекер-ақ бүлінген екенбіз. Сау басымызға сауда тілеп алмасақ не қылсын?! Пеш-ау, көнтерімді едің ғой, ақыл берсеңші. Тығырықтан шығар жолды бірлесіп қарастырайық та.

- Көпті көрген, көп жасаған, көнемін, - деді Пеш ауыр теткіп. — «Бір күн ұрыстың, кырық күн кесірі болады» дегенді естігенім бар-тын. Соның сілесі де бізді шарпыған. Өзімізде де бар: «Тілеп алған аурудын дауасы жоқ» деп осындайдан айтылса керек.

Пешке қолайындағылар кішілік танытты. «Айтқаныңнан шықпаймыз» деп құлдық ұрды. От басына тыныштық орнағандай ма қалай? Ұзағынан сүйіндіргей-ақ!

ЖҮГІНІС

♦ Дау өршіді. Басу айтқандарға тоқтамады екі жақ. Бірінен бірі асып түседі. Әсіресе Қалтаның беті қатты. Қолға тендік беретін емес. Сабырға шақырған Басты: - Заманың өткен. Компьютер сенен әлдеқайда ілгері», — деп тұқыртты.

Бас басылып қалды. Кейінгі кездері жалтақситын боп жүр. Өзгелер мұны жүре тыңдайтынды шығарды. «Тым ақылгөйсіп, құрғақ тілмәрсисің» деп кінә тағады. Құлақ пен көз, мұрын мен ауызға, аяққа да сөзін өткізе алмайды. Жүре тындайды. Шетінен білгіш. Шатақшыл және өздері. Айқай-сүренге оң иықтарын беріп тұрады. Бірін-бірі қорқытып-үркітуге кәнігіленіп алған.

Қалта мен Қолға не жетпейді екен?! Қойындар деп еді, пәлеге қалды.

— Сенің айналаңдағы тобырдан мен әлдеқайда ілгерімін — деп шіренді Қалта. — Менсіз бір де бір жұмыс алға баспайды. Шен-шекпенділерді де жарылқайтын мына дөдең! Менің алқауыммен дәрежесі биіктейді. Билікке келеді. Орын таққа жайғасады. Қара халыққа да өтімдімін. Ділмарлар мен деп тақпақтайды «Талтандасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда» деп жырлайды ақындар мені. Аузымда дуа бар Үлкен-кіші айтқанымды екі етпейді. Елбасыға да сөзімді өткізуге құдіретім жетеді.

Ел аман, жұрт тыныштa да жау қайдалайтын Қол қарап қалсын ба, әрлі-берлі сермеліп, сес көрсетті Қалтаға.

— «Өзі болған қыз төркінін танымайдының» кері де сенікі. Алма піс, аузыма түстен басқада жұмысың жоқ бобалақ едің, саған біткен ненің буы?! Сені қатарға қосқан мен емес пе едім. Аңқауды алдап, сараңдарды арбап, берместі еппен иліктіріп, беделдіні арыз-шағыммен ықтырып, біреуден іліп кетіп, қапысын тауып жұлып кетіп, тапқан табысымды қойны-қонышыңа тықпалағаным ба жазығым?!

Қалта сөз шығындап не қылсын. Сызданып сырт айналды.

— Албасты да алғанын орнына салады. Қайтар маған тиесілі үлесті! — деп ербеленеді Қол. — Қайтармайды екенсің, заңға жүгінем.

Бас келмеске кеткен күндерін аңсап шерлене теткіді. «Тура биде туған жоқ, турасыз биде иман жоқ» дегенді халық тегін айтпаған. Әділеттің ақ жолынан таймаған еді, заманның амалы-ай! Өз нәсіліне ақыл айтып, жол көрсетуден шеттегені сұмдықтың басы болмаса не қылсын?! Иықта бас тұрғанда, бас ие барда бұлардың бөгдеге жүгініп, жаттан араша сұрағаны озғындыққа жата ма?

Бас дағдарды. Айналасына жіті қарайтын әдетімен төңірегін шолды. Ойнап жүрген балалардың аузын бақты. Шекіскен екеуді көріп қалып, қайтер екен ден жіті бақылады.

— Атама айтам, — деді кішкенесі. — Ол кісі жазушы. Кітап жазады.

— Кітап жазса, жаяу жүре ме? — деді ересектеуі — Мәшинесі жоқ кісіні жазушы дегеніңе ешкім нанбайды.

— Қалтасы жұқа атамның, — деп ақталған болды кішісі. — Шығарған кітаптарын өткізе алмай жүр.

— Атаң ақымақ екен, — деді ересек бала. — Өтпейтін нәрсеге әуре болып... Менің атам дөй пермер. Анада базарға әкеп қой сатып, қалтасын ақшаға толтырып қайтты. Маған желдіаяқ сатып әперді.

Кішірек бала тосылды. Атасының қалтасында қара бақыр да жоқтығын ойлағанда, жылағысы кеп кетті. Зейнет ақысыда мардымсыз. Күнделікті ішім-жемге зорға жетеді.

Бас іліктескен екеуді бақылады. Балалардың шекісуі мыналардың тарбайысына қарағанда, әншейін боп шықы. Екеудің беті қатты-ақ, бірін-бірі сотқа сүйреді.

—Жазығым не?

— Моральдық құқығыма қол соғып «оңбағансың» дегенін үшін.

- Осы күні оңған адам бар ма өзі?!

- Әне, сен тіліңнен табасың! - деп пәле басы тіптен ширықты.

- Сотты қояйық, — деді жәбірлеуші аяқ астынан жұмсарып. — Ақсақалдың алдынан өтейік. Әулеттің үлкені, әрі аузы дуалы кісі.

- Сен өзі қай дәуірде өмір сүріп жатқаныңды білемісің? — деді жәбірленуші. -Үлкенге тоқтайтын заман өткен. Заң шешеді бәрін.

- Заң емес, қалта шешеді десең құлаққа енеді...

Бас еріксіз езу тартты. Өз маңайының да жетісіп тұрғаны шамалы. Қалта мен Қолдың теке тіресі ушығып кетпесе не қылсын?! Қолға бүйрегі бұрады. Бірақ ол да таза емес. Сұғанақ сумақайдың нақ өзі. Екеуі де оңып тұрған жоқ. Байлықты бөлісе алмай жанталасып жүр.

Қол жеме-жемде Басқа: - Маған қорғаушы болыңыз! - деп жалынды. - Енді бұдан былайғы жерде, алдыңнан кесе өтпеймін.

Сонымен, жүгініс басталып кетті. Заң әділ ғой қанша дегенмен. Жең ұшынан жалғасып, бас пайдасын көздеген суман қолды қатты жазғырды. «Сұғанақсып не болса соған ұрынасың. Адалдан дәулет жимай, арамға жерігеннің нақ өзісің! Жемқорсың, алғышсың! Парақорсың! - деп екі аяғын бір етікке тықты.

Бас өз уәжін айтты. «Жиған-терген еңбек Қолдікі. Қалта мұның табан ақы, маңдай терін пайдаланып кетті», - деді.

Заң тосылды. Нөкерлерінен қолдау күтті.

- Әй, Бас! - Дүрсе қоя берді қалталы. - Қалтаның жазығы шашылғанды қоғамдап, шатылғандарды бітістіргені ме? Береке-бірліктің ұйтқысы, ырыс-несібенің қоймасы емес пе. Қалтаны сумақай ұры Қолдың жаласынан қорғап қалмасақ, шындықтын ауылынан алыстап, демократияға нұқсан келтіреміз. Заңның беделін түсіріп аламыз. Қолды қисынсыз қолдап қорғаштаған Бас та жазадан құтылмауға тиісті.

Заң қодырайды. Күшіне мықтап еніп, үкімін қатайтты.

—Қалтаға жала жауып, беделіне нұқсан келтіргені үшін — Қол үш жылға бас бостандығынан айрылып, қатаң тәртіптегі қоршауда кесігін өтесін. Және сонымен қатар, жемқор сұғанақпен сыбайласып тамыр-таныстықпен Қолдың шашбауын көтергіштегені үшін Бас екі жылға шарт жазаға лайықты деп табылсын.

Үкімге кім қарсы шығады. Жазалылар дәдесін алды. Қалта әмпейлесімен қолтықтасып бара жатты. Бәз-баяғы тоқ қалпында еді. Қалталыда ес жоқ, екі езуі екі құлағында.

ТҮНЕК

♦ Алғашқыда қатты тарбайысқан. Үйренісе келе бір-бірімен түсінісіп сөйлесетін дәрежеге жетті. Сескеністі ұғыныстыққа жеңдірді.

— Күні кеше ғана жүр едім кең дүниеде, - деп мұңайды Кірпі. — Тар қапаста өлесі боп біттім.

Олай деме. - Мысық жонын дүрдитті. — Қасиетті тұрақтың қадірлі қонағысың.

— Маған түк әсері жоқ. — Кірпі көзін жыпылықтатты. - Ормандай қайдан болсын. Нағыз қасиет далада емес пе. Адамдар табиғатқа еліктеп, жаратылыс үйлесімін қайталағанға мәз. Мына үйде тіреліп тұрған жиһаздар қасиетті болса, өздерімен бірге неге ала кетпейді?

— Қайда? - деді Мысық көзін бағжитып. — Жансыз емеспісің?! Білмейтінің жоқ. Тікенек тонында қасиет бар-ау, шамасы?

— Бар болғанда қандай! - деді Кірпі құлыққа басып. - Иеңе жеткіз. Маған азаттық бермесеңдер, құпияларыңды біліп алып, дүйім елге жайып жіберемін.

— Келмей жатып төр менікі демесеңші. — Мысық мәймөңкеге басты. — Иемнің саған түк жазығы жоқ. Орманға саңырау құлақ теруге барғанда, өзіңді ұстап әкепті. Жалғызсырап жүр десе керек. Төріне шығарып төредей күткені ме жазығы? Неше түрлі тағам түрлері алдында. Жеміс-жидекке кенеліп, мұртыңды бір майладың.

Сұғанақтанып және жейсің. Арнайы орын дайындап жатыр саған. Сонда тұрақтайсың. Балалар түртпектеп мазаңды алмасын деген қамқорлығы.

- Бәрібір орманға жетпейді, — деді Кірпі инесін тікірейтіп. — Иелерің тым мазасыз екен. Сөйлей береді, сөйлей береді. Айқайласады. Не жетпейді бұларға?!

- Үй ішілік күңкіл-шүңкіл, — деді Мысық сөзін жайма шуақтатып. — Еркекке әйелі ақша тап дейді. Ескірген, талғамға сай келмейтін дүние-мүлікті қымбат бағалысымен ауыстырайық дейді. Онысы дұрыс бір есептен. Ана жолы тышқандарды індетудің қамымен жүргенде, көршінің үйіне бас сұққанмын. Елде-күнде жоқ сәнді жиһазға тіреліп тұр. Алтын жиекті кесе деймісін, күміс қасық деймісін, тіке көзіме ұрды. Дүние-мүліктерінін асылдығы соншалық — қараңғыны жарық қып жібереді екен.

- Он жерден тырбанғанымен баратын жері ана жақ — деді Кірпі кішірек көзімен мысыққа тесіліп. - Иелеріңнің түпкілікті тұрағын білмейді екенсің.

- Неге білмеймін? — деді Мысық құйрығын шиырып. - Адамдардың көлігі ұшқыр. Көкке де шығады, суға да сұңгиді. Кең дүниені емін-еркін шарлайды. Бір жерде тұрақтап қалмайды. Жүйріктерімен әрлі-берлі зымырағанда, көз ілеспейді.

- Шаршамай ма?

- Шаршаса тынымдайды үйіне кеп. Алаңсыз ұйықтайды. Не керектің бәрі бар мына кең тұрақта. Айшылық алыс жерлермен хабарласады. Айнадан көріп отырады бір-бірін. Темірге тіл бітіріп қойған, өздеріне мүлтіксіз қызмет көрсетеді.

- Білем. Олары нағыз бөжекей. - Кірпі тағы да мысықтың алдын орады. — Бізбен көрші тұратындар мазасыз емес. Тып-тыныш қана жатады. Ұйықтай береді. Қозғалыс жоқ — тым-тырыс. Тұрақ-мекендері жұпыны. Мынадай қызылды-жасылды дүниені көре алмайсың. Көрпе-жастықтары да жоқ. Топырақ бүркенеді.

— Олай етуге тиісті емес, — деді Мысық таң болып. — Тоңып қалмай ма?

— Топырақтың астында жатқан соң суық өтпейтін шығар, - деп жұмсартты сөзін Кірпі.

— Нанбай тұрғаным?! — деп Мысық шиыршық атты. — Адамдарды өйтіп өсектеме. Ондай кіріптарлыққа душар болуы қисынға келмейді.

—Сеніңше олар өлмеуге тиісті ме?

— Соған миым жетпейді, — деді Мысық. — Не керектің бәрі қолдарында. Жансыз темірге жан бітіргенде, өлмеудің амалын білмейді деуге қалай ғана аузым барады?! Ақыл-ой кереметімен жиыстырған мұншалықты мол байлықты, асыл дүниелерді тастап кетуге тиісті емес.

— Айтып тұрған жоқпын ба? — Кірпі ойын бекіте түсті. — Тым-тырыс жатады да қояды. Топыраққа көміліп қалған. Тірі жатса бастарын көтермей ме бір мезгіл. Нанбасан жүре ғой менімен. Көрсетейін өлі тұрақтарын. Көп-ақ өздері. Бір жерге тоқайласып алған...

Үй иелерінің шаң-шұңы Кірпі мен Мысықтың әңгімесін бөліп жіберді.

— Иелерің не деп жатыр? — деді Кірпі қуыстанып — Менің жайымды таппақшы-ау?! Аз күн әмпейлестік. Мені иелеріңе білдіртпей шығарып жібер үйден. Обалыма қалмандар. Адамдар өлмейді, мәңгі жасайды.

— Сенің топшылауың жөн екен, — деді Мысық көзіне мұң тұнып. — Өздері айтып қалды: «Баратын жағымыз жер асты» дейді.

— Ә, солай ма? — Кірпінің арқа-басы жазылып сала берді. — Артықтау кетсем, айыпқа бұйырма. Сондайлық озғын санадағы жұмыр бастылардың бір-бірімен тіл табыса алмайтыны ерсілеу екен?

— Тіршілік деген қып-қызыл айтыс-тартыс. Біз де бірден түсінісе қойған жоқпыз, — деді Мысық ақылдымсып. — Дымың ішінде болсын. Сендер жаққа барған сон тыншиды.

— Мазасыз екен барып тұрған! — Кірпі бір уыс боп жиырыла қалды. — Қалай шыдайсың, ә?! Кетейік те, маған

ілес. Орман тып-тыныш. Сендік тышқан табылады. Несіне қамаласың мына қапасқа? Еркіндікте жүрмеймісің. Ежелгі бабаларыңның шалқар мекенінде.

Мысық шиыршық атты. Ақылдымсыған мазасыз «қонақтан» тезірек құтылғысы кеп, есікті тырмалап ашты да, Кірпіні сыртқа шыға'рып жіберді.

Тышқан ұстап жеді де, асықпай дәрет алды. «Мені адамдардан көз жаздыра көрме!» деп мінажат етті жаратқанға. Иелерінің ұрыс-керісі Мысыққа түк әсер етпейді. Олардың кейстігіне түсіністікпен қарайды. Өз басында да бар, жан асырау оңай ма? Кірпінің білмейтіні жоқ. «Біздің жақтағылар тым-тырыс жатыр» демеді ме.

Мысық мазасызданды, қапелімде. Үнсіздіктен қорқайын деді. Тылсым түнектен...

ТҰҚЫМ

♦ Бір тауда бір өзі. Ежелгі қара қоныстан ауып қайда кетеді. Енесінің сарындауынан ұққаны — борсықтардың өсіп-өнген мекені осы маң. Оған айғақ бар. Әне бір аңғар «Борсықты сай» деп аталады. Сол тұста осыдан екі жыл бұрын қан қасап ойран болды. Онда Қоңыр ене соңындағы күшік еді.

Бұл төніректе қасиет бар. «Борсықты сайдың» қойын-қолтығы тәтті тамырлы өскінге бай. Жабайы жемістің неше түрі кезігеді. Қой бүлдірген мен итмұрын, долана жетіп артылады... Миясы қалың өседі. Тамыры тәп-тәтті. Содан да борсықтар осы маңнан ұзамайды. Жабайы жемістен жалыққан соң, тәтті тамырлы шөптерге сұғынады. Одан жәндіктерді аулайды.

Енесі күшіктерін қорек іздеуге баулыды. Жас томпақайлар ширап, шымырлана түскен-ді. Мамыра-жай күздің тыншу түнінде, ойламаған жерде, мол қорекке кезікпей ме. Тегін олжаға кенеліп, сен же, мен жеге бассын-ай! Көкөністің иісін алғандар ойдан-қырдан кеп «жәрмеңкені» қыздырып жатты. Ес жоқ еді әулекі тобырда.

Жемістің нешеме түрі тоқайласқан тағам қалдығына емін-еркін сұғынған ашқарақтар қауіп-қатерді мүлде ұмытты. Қу құлқын көздерін кіреукелеп тастады. Қуатты тамақ қалдығының ашқылтымына және масайды.

Екі түн өтіп, үшінші түнге ауысқанда кеп жетті бес қаруы сайлы жан алғыштар. Жарқыл-жұрқылы аспанға өрлеп, шақырайған көздерімен түн түнегін тінткілеген дүрілдектер жан-жақтан ереуілдей атойлап, борсықтарды қоршауға алды. Алдамшы жарыққа арбалған момын хайуандар доңғалаққа тапталып, одан ұнғысынан от бүріккен тажалдың қарауылына ілігіп қырғын тапты. Тарсыл-тұрсыл бәсеңдей бере, оқ тиіп жаралаған бірді-екілісінің жан даусы азалы үнге ұласып, қара түннің пердесін дар-дар айырды. Бажылдап бақырған, шыңғырған үн біразға дейін бәсеңдемеді. Тау тітіреніп, жартастың жоны шымырлап еді.

Енесі байқампаз болатын. Алас-күлесте күшіктерін құтқарып қалуға жанын салды. Болбырақтардың дені ойран алаңында қалып қойды. Туасы ширақтау Қоңыр ғана ілесті енесіне. Қам көңіл ана күшіктерін жоқтап, ұзақ-ұзақ сыңсыды. Енесінің азалы зары біразға дейін басылмады.

Ойраннан кейін «Борсықты сайда» өлі тыныштық орнады. Бірі қалмай қырылып кеткен еді. Соны ет жүрегімен түйсінген естияр енесі күннен-күнге төмендей берді. Жүнжіп жүдегені былай қалып, өзіне айықпас дерт жамалған-ды. Не жесе соны құсады. Ықылық атып жанталасқан енесіне жаны ашыған Қоңыр жылап-жылап алады. Шіп-шикі жас қой әлі. Асырап сақтайтын қамқоршыдан айрылса — күні нешік?! Анталаған аран ауыздар бір күні мұның да жайын таппай ма. Енесі қысқы ұйқыға жатар кезде іннен шықпай қалды.

— Ізбасарым, — деген көзі жұмылардың алдында. — Тіршілік осы: бүгін барсың, ертең жоқсың. Әр жан иесінің аңдыған бір жауы бар. Біздің түбімізге сол «жауымыз» жетті. Анадағы түнгі ойран-топырды ұйымдастырған солар.

Терімізден малақай, майымыздан дәрі жасау үшін
тұқымымызды жойып жіберуге шақ қалды.

— Жазығымыз не?! — деп жылерман болды жас борсық. — Сенсіз маған қиын болады, кетпеші ешқайда. Егерде бар ғой, жалғыз қалатындай басыма ауыр күн туса, жартастан құлап өле саламын. Мынадай қорлықта тіршілік ету мүмкін емес.

- Тұқымымыз құрып кетпес үшін күресетін боласың, — деген енесі ауыр қиналыспен. — Қақ өзегімді жарып шыққаның рас болса, сөйтуге тиістісің. Жарық дүниеге босқа келіп, із қалдырмай кетем десең өзің біл. Онда сен борсықтар нәсілінен емессің.

Қоңыр енесін көп жоқтады. Ене борсықты ойлағанда, кішкене тұнжыр көзі дүниенің бар уайымын қарашығына сыйдырып алады. Өзін болбыр босаңдыққа жеңдіре бастағанда, енесінің өсиетін есіне түсіреді. Сонда жас талапкерді ырықсыз күш алға итермелейді. Алды кедергі-бөгетке толы боп шықты. Қиындықтан жол табатын бастаушыдан күдер үзген.

Жарық мұның қолы емес екен. Еркіндікке бастайтын кәдімгі түн қорғансыз жетімді қауіп-қатерден қорғаштады. Өз бойында да қуат көзі бар боп шықты. Кішкене мұрны айрықша сезгіш. Керекті иісті қапысыз ажыратады. Жанары отша тұтанғанда, төңірегі күндізгідей жап-жарық боп кетеді. Сонда Қоңыр өзін еркін сезінер еді.

Кенет, құлағына енесінің «шақыруы» жеткендей алдамшы әсерде дыбыс аулады. Басқа бір мақұлықаттың жан айқайы боп шықты. Қапелімде түйсігін сағыныш қармады. Енесін әкелді көз алдына. «Қайтпаңдар алған беттен!» деп ізбасарларына дем беретін. Сөйткен ене қайда? Ұяластарының түнгі ойранда бірі қалмады. Өлеріне көрінді ме, енесі Қоңырды өзге күшіктерінен бөлекшелеп айрықша іш тартты. Тірі жәндіктерге сұғындырмай, шөп тамырын қазып жеуге дағдыландырды. Қолаң жапырақты мияға, тау шымылдық пен тәтті тамырлы шөпке, жабайы жемістерге дәніктірді.

Түн Қоңырға жайлы тиді. Бұйыртқан несібесін теріп жеген соң, артылғанын інге тасыды. Қысқы ұйқыға жатар кез жақындап келеді емес пе. Енесі: «Жазда жазылып, күзде жонданып алмайынша, жілік майын үзіліп қысқы ұйқыдан тұрмай қаласың» дейтін.

Тірі мақұлықат өлмес күнін көреді екен. Қоңырды қинайтыны — жалғыздық. Бабадан атаға жалғасып, олардан ізбасарларына ауысып, жүздеген жылдар бойында борсықтар әулетіне құтты тұрақ боп келген «қалашық» қаңырап бос қалғалы, екі қыс ауысты. Көлемі бірқыдыру жерді алып жатқан ін қалашығының елуге тарта аузы, соншама жылы ұясы бар еді. Осыншама кең тұрақ бүгінде иесіз. Қаңыраған жер асты жымы күтімсіздіктің салдарынан борып құлап жатыр. Ін ауыздары жабылып қалудың аз-ақ алдында. Қоңыр өзіне тиесілі ұяны ғана күтімге алады. Көңіл жоқ, бей-жай. Тұқымдастарын ойлағанда, көмейінен зарлы үн лықсиды. Аянышты сыңсуды жоқтауға ұластырып, жылап-жылап алады.

Күге қарай «ескі қалашыққа» шақырусыз қонақ келгіштеді. Қоңыр тәрізді жетімек екен ол-дағы. Өткен жолғы қырғыннан пәнайы себеппен аман қалып, әр інге бір түнеумен жүрген талапкер бұдан ширақ боп шықты. Күзге ілікпей жатып, домаланып семіріп алған. «Мені Жағал деп ата», — деп бұйырды жаңа танысына.

— Саған не көрінген? — деді бөтен борсық Қоңырды мүсіркеп. — Ілмиіп жүдеп кетіпсің. Бізге қоңдылық жарасады. «Борсық ұрған сайын семіреді» дегенді адамдар бекер айтпаған.

—Олармен істес болған жерін бар ма?

— Болғанда қандай! — деп мардымсыды Жағал. — Бұлақтан су ішкелі барғанда ұсталып қалып, біраз қамауға түскемін. Сонда байқадым, олардын аужайын. Сөйлей береді. Ауыздары бір жабылмайды. Сөзге алданып отырғанда, қашып шықтым да, қарсы шабуылға шықтым.

—Қалайша?!

— Былайша! - деп қодырайды Жағал. - Қорадағы

малдарына ауыз салдым. Қойдың құйрығын соратын жырындының өзі болдым да шықтым. Сөйтіп, мына дөдең адамдарда кеткен есеміздің орнын толтыратын дәрежеге жетті. Солар емес пе борсықтарды азайтып жіберген. Енемізді мүрдем кетірген жоқ па. Ұяластарымызды және жойды. Мүтін борсықтар әулетін қырғын таптырды. Сол үшін аттанысқа шығып, мазаларын аламын.

- Онымен кек қайта ма? — деді Қоңыр. — Тұқымымыз құрып кетпес үшін күресуіміз керек. Ендігі мақсат — сол!

- Топталып не бітіргендей еді борсықтар? - Жағал өз ойын дәлелдеуге тырысты. — Бұқпантайлап күн кешуден басқа амал жоқ. Әр жан иесі өлмес күнінің құлы. Қарын тоқтығына бола жанын жалдайды. Тесік тамақтың, қу құлқынның қажетін өтеуден өзге тырбаныс құр далбаспай.

- Жұптастық ше?

- Оған шама қайда? Қайдан табамыз нақсүйерді?

- Бірігіп іздейік.

- Жол шығын боп кетерміз, — деді Жағал тартыншақтап. - Екеу боп жарасып жүре алмаймыз. Төңірегің тарсыл-гүрсіл, ала шапқын жағалас. Адамдар да жеке-жеке отайтын болған. Махаббат жоқ деп гөй-гөйге басады.

- Сөйткенмен олар да ұрпақ жалғастығы үшін күреседі. Өздерінен әл кете бастаса, ақылды темірге жүгінеді. Қолдарын ұзартады. Біз ондай мүмкіндіктен адамыз. Сол себепті іздеуіміз керек тең құрбыны.

- Зауқым жоқ соған. - Жағал тағы да қыңырттады. - Он жерден тұқым жалғастығы үшін күрескенімізбен, нәтиже шықпайды. Бәрібір адамдарға жем боламыз. Мейлінше молығып алған екі аяқтылардан аң-құс құтылмайды. Обып жалмап жатыр. Тойымдық жоқ өздерінде. Бізді семіздігімізге бола аулайды. Майымызды емге пайдаланады. Өлгісі келмейтін тәрізді, мәңгі жасамақшы.

- Тіресіп көрейік, — деді Қоңыр қодырайып. - Ізбасарымыз қалды артымызда деп кеткен жоқ па қырғынға

ұшырағандар. Тұқым өрбітуден басқа амалды көре алмай тұрмын. Жақсы кезіктің, серіктес маған.

— Азабым не?! — Жағал кіржіңдеді. — Өзім аман жүрсем болғаны. Өзгелерді жоқтап бас қатырар жайым жоқ. Не ішем, не жеймін демеймін. Ақ май, қызыл ет аузымда.

Қоңыр оған деген қыжылын сабырға жеңдірді. Мұңсыз-қамсыз тірлікке төселіп алған Жағалды алған бетінен қайтара алмасын білді де, інге кіріп алып шықпай қойды. Оның тоңмойын топастығына, өзімшілдігіне іші ашыды. Оңайға жүгіретін өңезелігіне қынжылды. Жалған мақтанның әуселесімен жүргеніне кіжінді.

— Әй, батырекесі! — деп дыбыстады тоғышар борсық. — Уайымнан түк те шықпайды. Ұраншылдық жарға жығады. Тұқым-жұрағатқа қамқор болу екеуіміздің қолымыздан келмейді. Бас пайдамызды білсек, одан артық жау түсіреміз бе? Жүр, менімен. Қораны тесіп шығып, қойдың құйрығын сорамыз.

- Бара бер, жайыңа жүр, әрмен! — деді Қоңыр барқ етіп.

- Ынжықсың-ау барып тұрған! — деді Жағал дүрдиіп. — Қарсы ұмтылып қайрат қылайық, кек қайтарайық дегенім бе, жазығым?

Қоңыр шыдамдылығына бақты. «Жалған намыстың құлысың» деп жазғырды іштей құлқын құмарды. Енесінің үні құлағынан кетпейді. «Жалғастық үшін күрес жатпай-тұрмай» демеді ме. Серіктеседі деген Жағалдың түрі мынау. Қарақан басының қамынан басқаны ұмытқан.

Түн ұзара бастаған-ды. Қорек іздеу жортуылының ара-арасында жүрегін кемірген «қимасына» сәлем жолдайды. Жан түбінен аянышпен сызыла шыққан зарлы үн түнекке жұтылып кете барады. Үшкіл тұмсығымен ауа қармағанда, мұрнына әлдебір жағымды иістің там-тұм жұқанасы жеткендей алдамшы түйсікпен жан ұшыра жүгіргіштеді. Қараңдаған сұлба жеткізер емес. Қуа-қуа өкпесі өшті. Үйреншікті тұрақтан алыстап кеткен-ді. Бөтен інге жайғасып, дамылдық алды. Келер түннен үмітті-тін. Өзіне таңсық жағымды иіске елти береді. Соған қарағанда іздеген

«сүйіктісі» алыста емес, осы маңда жүруге тиісті. Айтқандай-ақ, айсыз қараңғыда кезікті армандаған аяулысы. Бірден әмпейлесе кету борсықтардың табиғатына жат. Емексітіп есін алған Еркетайдың мұңы бір басына жетерлік болып шықты. Бұл жақта да борсық аулау науқаны өршіпті. Адамдар тарапынан ұйымдастырылған қырғында бейкүнә момын хайуандар тозғындыққа ұшыраған. Тірі қалған бірді-екілісі жалғыздық азабынан шетінеп кетіпті.

- Күз орталана бере басталды сойқан, - деді Еркетай мұная сыңсып. - Інге түтін салып тұншықтырды. Темір серіппеге аяғын шаптырып алғандар тірідей қолға түсті. Менің енемді сүйтті. Түнгі қуғын тіптен жойқын болды. Көздері отша жанған қара тажалмен бастырмалатқанда, кірерге тесік таппайсың. Сондай бір қуғында қолға түстім. Олжаларын бөлісе алмай қиқылдасып жатқанда, оқ тиіп жанталасқан шамама қарамастан, көзден тасаланып үлгердім. Шөп арасына жасырынып қалдым. Жарақаттан көп бейнет шектім. Тірі қалғанымды қайтейін, жалғыздықтан жүрегім езіледі. Енді бәрі ұмыт. Жарасып кетсек болғаны. Адам дегендер ақылды бір жағынан. Солардың аталы сөзі бар: «Орнында бар — оңалар» деген.

- Сен екенсін-ау? - деді Қоныр еркінсіп. — Құлағыма тым-тым алыстан мұңлы сыңсу талып жетуші еді.

- Нақ өзімін, - деді Еркетай назданып. — Сенен қоштаған хабар жетпей қойды. Жүйрік желмен ілесе келтен иісінді алып шарқ ұрдым. Іздей бердім дамылдық көрмей.

Қоңыр зарықтырған сүйіктісін ежелгі қара қонысқа, «Борсықты сайға» бастап келді. Жұптастық ләззатына емін-еркін кенелген алаңсыз ашына-жай күндердің бірінде бұларды кәдімгі Жағал іздеп тапты. Шіліңгір шілдеден бойына май жия бастаған ашқарақ жазған берекелі күздің құнарына алаңсыз кенеліп тіптен тырсиып кеткен-ді. Жонынан жарылады, әншейін. Қораның іргесін тесіп шығып, қойдың құйрығын сору үйреншікті кәсібі. Шіркін, семіз қойдың құйрығының майына нендей қорек жетер

дейсің! Кәнігі ұры машықты асқан ептілікке ұштастырып алған Жағал «нағыз борсық осындай-ақ болсын» дейтіндей зар күйінде-тін. Жойдасыз бағландығы бұған бу бітірген-ді. «Семіздікті қой ғана көтеретінін» қайдан білсін.

—Кезегімді бер, — деді ол салған бетте.

—Бермесем ше?

—Онда қай жеңгеніміз Еркетайды иеленеміз. Оның нақ сүйеріне айналамыз.

Тарбайысып берген. Құмарлық желігі есін алған қос талапкер ұзақ алысты. Бір- бірімен ит жығыс түсіп жатса да, жағаласты тоқтатпады.

Әдетте борсықтар ләззат ойынына тым қатты беріліп кете қоймайтын. Тәтті тұшыныстың межеден асырмай қысқа қайырушы еді. Қос ынтық бұл межеден асыңқырап кетті. Жалғастыра бермекші-тін. Есті алған мауығыс түн былай қалып күндізде де жалғасты. Ін сыртында бір-бірін қуалап ойын салған қос ынтыққа кеп ұрынған Жағалдың омырау соқ ожарлығы алым-перім жағаласқа ұласқанын биік шоқыдан бақылаған жігіттің көңілі орнында емес-тін. Алаңы басым еді. Кәсіп іздеп қалаға кеткен-ді. Шешесі ауырды деп естіп, аз күнге мұрсатана алып ауылға келген. Ауруы салмакты болғанымен, анасының ақыл-есі өзінде екен. Мұңы жылыдай қолға алмасы бар ма.

—Үйленсеңші.

—Оған мұрша келмей жатыр. Жағдай көтермейді.

—Бойжеткенге ебің жок па?

—Осы күні жөні түзу ұрғашы бар ма?!

— Өзіңе келер сөзді айтпасаң етті. — Анасы қынжылыспен жалғастырды сөзін. — Сендер де жетісіп тұрған жоқсыңдар. Бас құрап екеу болу үшін емес пе пенденің күйбеңі?

— Жанымды сақтап алсам да жетер, — деп бұл тіптен шалқалаған. — Онсыз да адамдар жер бетіне сыймай барады. Менің тұқым-жұрағатым кімге керек?! Маскүнем алқашты көбейткеннен жер бетінде жұмақ орнаса, қайда әлгі қой

үстіне бозторғай ұялаған тыншу заман? Өз итшілегенім де жетер, құлды көбейтер жайым жоқ.

- Ойлан, балам, ойлан, - деген анасы мұны сабырға шақырып. — Өмірдің мәні жұптастық. Аң мен құс та сыңарымен сүйкімді.

Отызды алқымдаған сақа жігіт анасына илікпеді. Қасарыса түсті.

- Мені бір қуарған тамыры шірік ағаш деп біл. Жапырақ жайып мәуелеуге әсте жоқпын. Он бала тауыпсың. Қайда қптаған ұл мен қызың? Күндерін көре алмай тентіреумен жүрген жоқ па? Қаладағысы сауықшыл, жаман әлдеріне қарамай. Даладағылар құр далақпай. Бірінің малын бірі ұрлайды. Одан қалды, шарапқа шатылады. Бейнеттен жалтарады.

- Жетіскенің осы ма? Отыздан асқанша қу тізеңді құшақтап... Бауырларыңа бас ие болсаң, қой дедім бе саған?

Осымен сөз бітті де, салт басты, сабау қамшылы жігітіміз анасының жағдайын қарастыра бастады. Өледі деп емес, сауықтырам деп далбастады Дәрі-дәрмекті алдына үйіп тастады. Күшті-күштісімен ектірді. Емшіге қаратып еді, борсықтың майын тап деді. Содан бері жүгірісте. Үш аяқты мотоциклмен тау-тасты шарлап, дала кезгелі де екі аптаның мұғдары болды. Жем іздеу жорығын түнде ғана жалғастыратын момын хайуандар бұл төңіректе ырымға жоқ боп шықты. Жер бетінен жойылып құрып кетудің аз-ақ алдында екен. Осы маңдағы малды ауылдарды мазалап, қораға түсетін ұры борсықты індете алмай-ақ қойды. Анасы пақыр күн санап төмендеп барады. Содан да қыстығұлы. Кәттебай аңшының өзі, түнімен шарлайды жапан түзді. Күндіздің өзінде де дамылдық жоқ мұнда. Аңшылық жарағы сайлы. Қыбыр еткенді қағып түсіретін бердеңкесі коянға ғана бағытталады. Өзге аң ырымға жоқ. Дағдарған бұған: «Борсықты сайды» торуылда деп бағыт сілтеген-ді ауылдастары.

Бір емес, үш бірдей аңды дүрбімен бақылаған мұның нақ осы сәттегі толқынысын тап басу мүмкін еместей еді. Оқ

жетер тұста майдандасқан «екі серіні» қастарындағы нақ сүйерімен қоса қабат мүрдем кетірудін сәті түссе де, аңшылаған жігіт шарасыздық шырмауында қалғандай дағдарды. Кәдімгі момын аң да махаббат үшін майдандасып, шыбын жанын отқа салғаны ма?! Сырт көзге қолапайсыз көрінетін болбырақ борсықтардың да қанында тұқым шашып, әулетімді молықтырсам деген құштарлық атойлағанда, мұның жаратылыс қалыбынан сырттауы ақылға сыйымды ма?

Жігіт бойын тезбе-тез жиып алды... Өзіне есеп беріп жатуға орын тар, мұршасы да жоқ. Бәлен күнгі әуре-сарсаңның нүктесі қойылар сәтте қапы қалса, өкініші естен кетпейді. Бірін қалдырмай жайпайды. Інге кіріп алмай тұрғанда, бұрынырақ қимылдап қалсын. Шешесі үшін ғой, әйтпесе момын борсықтарда несі бар.

Қоңыр қайсар-тын. Жортуылға көп-көп шығып, қиындыққа әбден көндігіп, қатып-пісіп алған оның бойында үнемсозар қуат молынан еді. Тістері лыпыған өткір, азуы қыжырлы. Үнемі шөп тамырын қазбалаған аяқтары ымқырулы, тырнақтары әндемді-тін. Алғашқы жұлқыста Жағал үстем шығып, Қоңырды қатты тықсырды. Айқас ұзаған сайын Жағалдан әл кете бастады. Үнемі дайынға жүгіргіштеп, ұрлыққа дәніккен оған жойдасыз семіздігі кедергі жасады. Шалт қимылға бара алмай діңкеледі. Толассыз сілкілесуден титықтаған Жағал қарсыласына есесін жіберіп алды. Сол-ақ екен, Қоңыр тарбайысты үстемелей үдетіп, жойқын шабуылға көшті. Жағалды астына басып алып, оңдырмай езгіледі. Тіпті болмаған соң, тамағынан алып, тістесіп қатты да қалды. Тынысы бітіп, үзілуге шақ қалған Жағалдың тұмсығынан сигектеген қан біразға дейін тыйылмады. Қоңырдың әндемді тістері тамағын тіке орып түсіруге шақ қалған-ды.

Үстем шыққан Қоңыр «нақ сүйерімен» інге кіріп алды да, жеңіліп өлесі болған Жағал мылтық қарауылына ілікті.

Жаратылыс заңы осы. Ит тартыс жұлқыстан шет қала алмайсың. Жеңілгеннің жігері жасиды. Күші асқанның мәртебесі өседі. Бәрінен де тұқымыңның өскенін, көбейгенін айт. Өзге тырбаныс соның садағасы.

ЖҰП

♦ Жапа-жалғыз қалбалақтағалы да айдан асты. Топ бастаған Ата қарғамен келісе алмай қалған. Сағыныш пен мұңға ішін жегізе-жегізе әбден жұқарса да, райынан қайтар емес. Қасарыса түседі. Жапан далада сауысқанға кез болған еді.

— Шерт кебіңді, Қарға мырза, — деді Сауысқан жылуарсып. — Ел таппай, жер таппай жүрген жоқ шығарсың.

— Оның рас, — деді Қарға көзін жыпылықтатып. - Қиястықпен шығандаған жайым бар. Даңғазалықтан қашамын. Сұңқылдақ беймаза әдетке төзе алмаймын. Қаладан да дала ұнайды. Осыны айтсам, құлағына ілмейді тұқымдастарым.

—Біздің арамыздан да табылады қалаға үйірлер. Сендер тым «қалашыл» боп барасындар. Даурықпа даңғазалар нақ солар. Қаланың у-шу, тарсыл-гүрсіліне үн қосқысы келеді білемін.

— Ол бер жақтағысы. - Қарға ішінде түйілген наразылығын шығара бастады. —Неше түрлі тағам қалдықтарына сұғынып таласа-тармаса шоқығанда сақтықты мүлде ұмытады.

— Сонда емес пе қарқылға басып улап шулайтыны, - деп Сауысқан іліп әкетті. — Біз ондай қалдыққа әсте жоламаймыз. Басты айналдырып есірік қылатын бірдеңесі бар. Иісінен байқалады. Адамдардың айқай-сүреңге басатыны жағымсыз асты қорек етуінен шығар, бәлкім.

—Топшылауың орынды. — Қарға тағы бір дәлелін алға тартты. — Қарқылдактар өліп жатады. Сонда да қайтпайды, ентелеп өле жаздайды жуынды-шайындыға. Кең дала тұрғанда қалаға үймелей бермейік деп айта-айта шаршадым. Содан ғой жапа-жалғыз жүргенім.

— Мұнымен не тындырасың? — Сауысқан аяушылық білдірді. - Ең құрыса, жұптасың да жоқ қасыңда.

— Жұптас деген не?

— Серіктесің. Нақ сүйерің.

— Карғалар бұл тірлікке мән бере қоймайды. Маусымдық шағылыспен тынамыз. Бей-берекет қауышуға үйреніп алғанбыз. Біздердікі өткінші махаббат. Бірді ғана таңдаған талғамнан жұрдаймыз. Бір сәттік ләззаттың құлымыз. Жұптасына үздігіп өліп-өшкен «сүйіспеншілік» жоққа тән қарғаларда.

— Топталып жүргендіктен шығар? — деп Сауысқан аңғарын ашық байқатты. —Тобыннан бөлініп, қанаттасыңнан жерініп, қиянды кезгенде нендей мұратқа жетпексің? Бірге ұшып, бірге қонақтайтын «қимасың» да жоқ.

— Сендер де жүрсіңдер ғой... жалғыз-жалғыздан. Бастарың бір қосылмайды.

—Сырт көзге солай боп көрінгенмен, біздер махаббатқа берікпіз, — деді Сауысқан сәл мұнайыңқы кейіпте. — «Құстың қуы сауысқан» деген атақ бізге қисынсыз таңылған. Қу болсақ, екі жүзді болмаймыз ба, сатқын болмаймыз ба? Тұрлаулының нақ өзіміз. Опалымыз бір-бірімізге. Әу баста қатарымыз жарасқан, жүрегіміз үйлескен сыңарымызбен, сеніскен серігімізбен бірге боламыз. Бір-бірімізден еш ажырамаймыз. Әне қарашы, жұптасым сыртымнан бағып жүр. Күндіз «сақтықта қорлық жоқ» деп жеке-жеке жүреміз де, түнгі дамылда бірге боламыз.

— Маған не ақыл бересін? — деді Қарға тұнжырап. - Өздеріңмен серіктессем қайтеді.

— Оның бола қоймас, - деді Сауысқан шықылық-шықылық етіп. — «Қарға қарғаның көзін шұқымайды». Тұқымыңнан безгенінді, жапа-жалғыз шығандағанынды менен басқалар білмей-ақ қойсын.

Қарға қолайсызданды. Қателігін мойындамасқа амалы қалмады. Сүйкімсіз ала атанған сауысқандар да опалы боп шықты. Жұптастыққа берік. Өле-өлгенше серіктесіп бірге жүреді екен.

— Серігім шақырып жатыр, — деді Сауысқан еш

құйтырқысыз. — Мені көзінен таса қылғысы жоқ. Есің барда тамырластарыңды тапқаның жөн. Мен саған серіктесе алмаймын. Жұптасым шақарлау. Шоқып жіберуі кәдік сені.

Адасқақ жапан далада қала берді. Қанаты талып, қажыры сарқылып өлесі болған пақыр қоймай-коймай сұңқылдасын-ай! Сөйткенше қарқылдаған таныс үн жетті құлағына. Бір топ қарға төбесінен даурығыса ұшып өте бергенде, қанат қомдаған.

Тобына қосылғаны сәттілік болды-ау өзі. Шамасы қалмай шалдыққанын ұмытып та кетті. Қанат сермесі пәрменді еді. Өзіне ғайыптан күш біткендей-тін..

ШАМА

♦ - Қайда тарттың? - Тасбақа кесірткеден жөн сұрады. — Тым асығыссың ғой өзің?

— Тауға шығамын, — деді Шұбар кесіртке нық сеніммен. — Құм шағылда жүре-жүре жалығып біттім.

Тасбақаға ой түсті. Кесірткеден несі кем? Талаптанып көрсе қайтеді. Биікте қасиет болуға тиісті. Қанат бітуі кәдік. Өнімсіз мимырт жүрістен құтылып, жолы ашылуға тиісті. Мәртебесі өсіп, атағы шықса, бауырымен жорғалаушыларға бас ие боп, патшалық құрмай ма. Тау басынан төмендегілерге төнгенде, бұған алапат айбар бітіп, төбесі көкке жетуі бек мүмкін. Өзін басынған жорғалақтар бұғынып кірерге тесік таппай қалса ғой. Барша жәндіктер аяғының астында қалып, табанын жалауға дейін бармай ма.

Қиялға мықтап берілген Тасбақа шұғыл сергіді. Нар тәуекелге табан тіреді де, тауды бетке алып қасқая тіке тартты. Жүре берді, жүре берді. Алған беттен тайқып орта жолдан қайтатын өлі сүйек өңезең бұл емес. Тегінен ауысқан шыдам-төзімді жанына серік етеді де, шыңға шығып бір-ақ тоқтайды. Сонда өлермен өжет қайсарекеңе мүтін жандылар таң-тамаша боп таңырқамаса қара да тұр! Ересен ерлігіне ұшқан құс, жүгірген аң қайран қалады.

«Ортамызда жүргенде қадір-қасиетінді жете бағаламаппыз» деп аяғына жығылып, әке-жәкелейтіні құдайдың бірлігіндей.

Тасбақа жүрісін ширатты. Өршелене тырмысты. Өз әлінше амал тауып еді. Жалтыр тасты жалаңаш беткейге іліге бере, әккі бұлтарысқа салып, көлденеңдей қыңырттады. Етекке домалап түспес үшін тапқан далбасасы өнімсіз жүрісіне екпін берді. Соның өзінде сан аунады. Етекке домалап кетуге шақ қалса да, қайтпады алған беттен. Сауыты тасқа соғылып, бауыры жырымдалғанына да қарамады. Есіл-дерті биіктік. Шыңға жетпей тоқтамайды.

Нешеме ай жүргенін есептеп жатпады. Бәлкім, жылдарды артқа тастаған да шығар. Межелеген тұсқа жетіп жығылған Тасбақа қуаныштан талықсып кетіп еді. Өз-өзіне келіп жағдайын шамалағанда барып шұғыл сергіді. «Мұратына жеткен» деген осы. Бауыры езіліп, босаңсыды қапелімде. Құдайдың мұнысына мын да бір шүкіршілік! Тырбаңдаған өнімсіз жүріспен-ақ тауға шыққаны, биіктікті бағындырғаны ел айта жүретіндей ерлік болы-ау өзі! Есімі әлемге танылып, таңғажайыптар кітабының бетінен ойып тұрып орын алатындай мүмкіндікке қол жеткізгені — жәндіктер мен адамдар былай тұрыпты, бір аллаға да аян.

Кенет ойы бөлінді. Баяғыда өзін теңсінбеген Шұбар кесірткені көзі шалды да, оған бірден шешілмей, сыртымен сызданды.

— Сен шыққан шыңға мен де жеттім, — деді паңсына қырыстанып. — «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» деген дәл рас. Соны дәлелдеп шықтым.

— Шамаңа қарасаңшы?! - деді Кесіртке құйрығын нәштеп шиырып. — Тау қайда, біреу қайда?! Сен бар болғаны, төбешікте тұрсың. Төбенің басына да жете алмағансың.

— Не дейсің-ей?!

— Сүйдеймін! — деді Шұбар кесіртке табалауын мүсіркеуге жеңдіріп. — Сенікі: «Әліне қарамаған әлектің» кері. КҰР тырбаныс, өлімші өлермендік.

Тасбақа қолма-қол жуасыды. Көп жасаған көне көкіректе де аздаған сәуле бар боп шықты. Тым биікке өрлегені басына сор болмаса не қылсын? Тауға шыққанда тамтығы қалмайды екен. Төбешіктен төменге түсудің өзі қияметтей киынға соқты. Етекке домаландап бара жатқанын ғана біледі, одан арғысы бұлдыр елес.

Әркім әр қилы жорыды тасбақаның кейінгі тағдырын. Биіктен ойға түсем дегенде, екпінін тоқтата алмай майып боп кетті десе, енді бір көргіш көздер: «Үйреншікті құм шағылда аман-сау жүріп жатыр» десті. Ойпаңда ғана мөртебелі білемін. Шамасынан оза алмайтынына көзі анық жетсе керек.

ОРЫНТАҚ

♦ Мансаптың буы балқытпай қойсын ба, кең бөлмеге сыймай кетеді. Онымен қоймай, қырыс мінезге басады. Көбінесе үстелге соқтығады. Қырына алып, іліп-шалады, кекетіп-мұқатады.

— Үндемейсін, ә?

— Әдетім солай.

— Айта қойшы. — Орынтақ төтесінен қойды сұрақты. — Қайсымыз өтімдіміз кеңсе қожайынына?

Үстел ойын бірден білдіре қоймады. Екеуінің күңкілін естіп қалған кәбинеттің жасау-жабдықтары пікір таласты өршітіп жіберді. Өзеурей өрекпіген Ұзынқұлақ дес бер емес. Одан Күлсалғыш шіренсін. Қалам жеңілтек әдетімен сүйреңдеп ала жөнелді. Қабырғаға аркасын беріп қатарласа жайғаскан Орындықтар және өршітсін дауды. Еденге төселген масаты жаймаға шейін «кеңсегердің сүйіктісі нақ менмін» деуден танбады. «Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болардың» керімен Орынтақ жеңіліс тапты да, кеңсегерді тағатсыздана күтті.

Қайтып оралмады үйреншікті қожайын. Орынтаққа басқа бір мықты жайғасты. Жаңа бастықты ізетпен қарсы алған Орынтақ үстемдігінен жаңылмады. Шіреністі қайта

жалғастырып: «Дөдеңді көріп тұрсыңдар ма? Жаңа келген билікшіміздің менсіз күні жоқ. Ол кісінін пікірлесі боп қала беремін. Менің айтқанымнан шықпайтын боласыңдар. Қиқақтасаңдар, билікшіге айтып біріңді қалдырмай құдырамын. Ескіріп тозған деп нұсқаймын, — деп өзеуреді.

— Кешіре гөр! — деп жалынды кең кәбинеттегі кеңсе құралдары. — Өзіңсіз күн жоқ бізге. Қанатыңның астына алып, қамқорлық көрсет.

Апта өтіп, ай жаңалана бере басталды дүрлігіс. Кеңседегі құрал-жабдықтардың бірі қалмай сыртқа шығарылды. Осы заманғы озғын үлгідегі жаңасымен алмастырылды. Әркім-әркім тасып әкетіп жатты арзан бағаға. Кезінде биік мәртебелілер жайғасқан Орынтаққа ешкім жуымады. Киесі бар деп тартынды. Енді біреулер: «Пәлесінен аулақ, орнынан жемқорлықпен түсіп қалған «бұрынғының» қырсығы жұғып жүрер», — деп сырт айналды.

Орынтақ құлазыды. Келмеске кеткен күндерін аңсағанда, жәпірейіп шөгіне берді. Кең кәбинетте шалқақтағаны келмеске кеткеніне көзі анық жетіп, өкініші өзегін өртеді.

САППАС

♦ Ешбір құсқа сүйкімі жоқ Көкектен аянып қалмайды қанаттылар. Әсіресе оған Ала қарға наразы. Шоқып жібергісі келеді-ақ. Бірақ оның мұңкіген жағымсыз иісінен қашады. Ұя салмайтын әйеншектігін біле тұрса да, сұғанаққа жасайтын түк қайраны қалмаған. Бауырына басып шайқаған жұмыртқадан жат құстың балапаны жарып шыққанда, зәресі зәр түбіне кетеді. Байбаламдап ойбай-аттанға басып орманды басына көтереді Еңбектеніп домбалдаған ұясына қайтып барғанда, өз көзіне сене алмай дал болады. Шайқап шығарғаны жат құстың, кәдімгі көкектің балапандары боп шығады. Өз ішінен шыққан қызыл шақалары төменде бырдай боп шашылып қалған. Топыраққа былғанған шала-жансар балапандардың біреуі

де қатарға қосылмайды. Жұмыртқадан шыға сала қаскүнем әрекетке басқан Көкектің қасақы балапандары қарғаның қызыл шақаларын тал бұтағына орналасқан ұядан төменге құлата берген. Жат ұяда жұмыртқадан шыққан балапандарына ие бола қалған Көкек қарғаны маңына жолатпады.

Ала қарға зар қақсады. Сұңқылы көпке дейін тыйылмады. Есіл еңбегінің зая кеткеніне жаны ауырды. Балапандарының қатарға қосылмағанын арман қылып жүрегі езіле қайғырды. Тілекшілер оған басу айтты. Құдай берерін тауыспасын, төлеуі тез болсын деп жұбатты ұябасар момын қарқылдақты.

Уақыт емші ғой. Аналық зары бәсеңдеп, келер көктемге үмітін оздырған қамкөңіл ұябасар бір күні, ойламаған жерде, Көкекпен ұшырасып қалды.

- Қайтсаңшы райдан, тыйылсаңшы жаман әдеттен! — деп өтінді оған Ала қарға — Сән түзеп өзіңді өзің қызықтағаннан түк опа таппайсың. Сенен де өткен көрнекті әсем құстар бар. Сұлулығын бұлдамайды. Қисынсыз бәлденіп кергімейді. Табиғат заңына бағынады. Ұя басып, балапан өрбітеді. Аналық қабілетін еңбекпен ұштастырып, қақ өзегін жарып шыққан өркенін жүрек жылуымен аялайды. Ал сен... өзгенің ұясын қатыгездікпен тартып аласың. Онымен де қоймай, жұмыртқаңды мен тәрізді аңқаушалыс момын құстарға бастыртып жаттың еңбегін пайдаланасың. Өзге құстың шайқауымен шыққан балапан өз анасының жылуын сезіне алмағандықтан жатбауыр қатыгез боп өспей ме?! Соны неге ойламайсың? Сен жасаған әділетсіздікті, ертеңгі күні, мен шайқаған балапандарың да қайталайды. Ана мейірімін көрмегендер рахымсыз келеді.

Көкек сәтте мұңайды. Бір түрлі жабырқау кейіпте көзіне мұң тұнып пысылдап жіберді. Байқаусызда бойынан жағымсыз иіс шығарып алды да, қарадай қуыстанып берекесі кетті.

—Бізден бұрынғы өткендер айтып жүруші еді, - деп

Көкек әріден қозғады. — Алла тағала он сегіз мың ғаламды жаратып жансызға жан бергенде, біздің тұқымды ең маңызды үлестен құр қалдырыпты. Оған себепкер — тым әсіре шошақай әдетіміз екен. Өз атымызды өзіміз шақырып, айдарымызды қызықтап әсемсіп-сәнсіп жүргенде, үлестен қағылыппыз.

- Қандай үлес ол?! — деп таңғалғансыды Қарға. — Бой-басыңда бір мін жоқ. Мінсіз жаратылсыс көкектерге бұйырған.

- Олай емес. — Көкек манағыдан бетер мүсәпірсіді. - Бой жылуынан, ұя басатын қызудан адамыз. Балапан шайқап шығара алмайтынымыз содан.

- Жаратушы иенің кеңшілігі мол емес пе? Зәредейден жарылқай салады.

- Жарылқағаны сол - бізге жұмыртқаны басқа құстардың ұясына салуға кеңшілік беріпті.

- Сасық атанғандарың қалай?! - деп Қарға қадала түсті.

- Оның себебі мынадан, — деп Көкек расына көшті. — Көрінген құстың бой жылуын пайдаланып, балапан шығартып алған сұғанақ амалымызға бола, басқа құстардан қарғыс алыппыз. Содан да «Сасық көкек» атандық.

Адалын айтқанның күнәсі кемиді деген шариғатты есіне алған Ала қарға пысылдақты іштей мүсіркеп, аяушылық білдірді. Өзінің ешкімге қылаудай зәбірі тимей жүргеніне шүкіршілік етті.

Көкек бір сарынды шақыруын жалғастырып кетті. Мүңкіме жағымсыз иісін төңірегіне жая түсті. Айдарын қызықтауды да ұмытпаған. Саппасқа не шара?!

БҰЙЫРМАҒАН АТАҚ

♦ — Бірге өстік, біте қайнастық, — деп бастады сөзін Аңқоймас. — Көріп тұрсың ғой, құлағым жырым-жырым, кезім жыртық, аяғым және ақсақ. Арқа-басым жарақат іздерінін салдарынан шұп-шұбар боп сиқымды кетіріп тұр. Көк аламын ба, сары аламын ба, біліп болмайды.

— Енді оны өзіңнен көрмесең кімнен көресің? — деп Жолдыаяқ салғаннан жәдігөйсіді. — Сен алған аңды мен де алдым. Қасқырға да ұрындым. Көрші ауылдың арсылдақтарымен талай-талай майдандастым.

—Беттілігіңе тәнтімін, - деп мойындады Аңқоймас. - Онымыз жиылып бата алмай тұрғанда, жау қайдалап ұрандаған өжеттігіңді неге ұмытайық. Шайқасқа шәуілдектерді бастап шыққан ересен ерлігіңді мойындаймыз. Үріске де барсың, жағаластан да жалтармайсың. Таңым бар, тұла бойында бірде-бір жарақат ізі жоқ.

— Онда тұрған не бар? - Жолдыаяқ еш іркілмеді. - Қорғана білемін. Қаша ұрыс салып, титықтатып барып тіс батырамын аңдысқан дұшпаныма. Басқа-көзге қарамай ұрыншақтап ұпайымды жіберіп алу маған жат.

Аңқоймас танданысын парықсыз есінеумен білдірді.

— Денеңе дұшпан тісін тидірмегеніңе таңмын?! Соған қарағанда... бізге байқатпаған бір бүкпең бар-ау, тәрізі?!

— Бір ұядан өрбідік. Қатар жетілдік. — Жолдыаяқ мәймөңкеге басты. — Ауыл торыған аран ауызға бірлесе тойтарыс бердік. Не бір сойқанды жағаласты жылдардың ыстық-суығынан жалтарған жерім болса мойныма қойып бер. Менің сырттандығыма күмән келтіргенің көре алмастығың. Бас-көзге қарамаған ұрыншақтығыңа, төбелесқор шатақ мінезіңе кінәлі өзің. Мені жау қашырмады, ата дұшпанға қарсы шаппады деп ешбір тұқымдасым айта алмайды. Сен көрген қоқайды мен де бастан өткіздім. Түнде ұйқы, күндіз дамылдық көрмегенім иелеріме мәлім. Сыртым бүтін болғанымен, ішімнің сау-тамтығы жоқ. Бәрінен де жүрекке түскен дақты айтсаңшы. Намыстан өлесі боп жауда кеткен есеңді қайтара алмай булыққанда, қолқа-жүрегіңе түседі салмақ. «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтардың» кері мен көрген зобалаң. Сен сыртыңды жұлмалатсаң, мен ауыл-аймақ, қора-қопсының тыныштығы үшін өзімді уайымға жегізіп, қайғы жұтып, қан сидім.

Аңқоймас оның қисынды уәжіне иланбады. Жолдыаяққа деген күдігі жуықта сейілетін түрі жоқ. Иелеріне өзінен ол өтімді. Бұған қатаған қара қабырғаның мүжуірі тисе, оған жіліктің кемік басы тиеді. Ол босағадан ұзамаса, бұл күресіннен тапжылмайды. Иелері мұны бірде-бір еркелетіп көрген емес, зекіндіге тап болады ылғи. Талайсыздығына жұқарды, сырттандық атақтан шет қала беретіні қалай?! Қотандағы қой мен жайылыстағы жылқыны, өрістегі тайынша-торпақты қасқырдың тісінен, ұрының құрығынан қорғанған есіл еңбегі босқа кеткені ме? Иелеріне адал болғаны баршаға мәлім. «Айт» десе тұра жүгіріп, ауыл тыныштығын кетірген көкжалмен басқа-көзге қарамай, айқаса кетуші еді. Денесіндегі жарақат ізі соның айғағы. Сөйте тұра еркелетуден, елеп-ескеруден шет қалады. Дұшпан көзі ғып қарғы тағуға да ерінеді. Асыл таспен өрнектеліп, күміспен көмкерілген былғары қарғыны өмір бойы армандап келеді. Бұған тиемел елеп ескеру ылғи да Жолдыаяққа ауады.

Мұқалып жәбірленген Аңқоймас азды-көпті жүріп өткен жолына ой жіберді. Қапы кетіп тая соққан, жалтарған сәттерін көз алдына әкеліп, ата жаумен жағаласқан кезін түйсігінен өткізді. Сүрінісі көп болғанымен, жығылысы аз бопты. Азулының астына түсіп таланғанын тап басып айта алмайды. Неге десең, не бір жан алып, жан берген айқаста қарсыласынан жеме-жемде үстем шықты. Жараланғанына қарамастан, қасық қаны қалғанша шайқасып, намысты қолдан бермеді. Тарбайысқанның алқымына азуын аямай батырып, жеңіспен аяқтайтын толассыз жұлқысты.

Бұлардың тәжікесін үйшіктегі кәрі төбет Маубас естіп жатты. Сыртқа шығып, бой жазды да, Аңқоймасты шақырды қасына.

- Екеуіңе не жетпейді? - деді қарлығыңқы қырылдақ үнмен. - Еркіндікте жүресіндер. Ғұмырым байлауда өтіп келеді. Әуелгіде иелерім Құтжол дейтін. Келе-келе Маубас атандырды.

— Соған риза шығарсың? — Аңқоймас төбетке

аяушылық білдірді. — Расында, түк көрмегенсің ғой. Маубастан да өткен миғұла кеще демегеніне шүкір де.

— Сөзіңе болайын-ау?! - Маубас езуін жалағыштады. - Анада бір байлаудан босатып, бой жаздырғанда, сендердің де шамаларыңды байқағанмын. Бақталасың Жолдыаяқ арсылдақтарды майданға бастап шығады да, сендерді жұлқыстырып қойып сырт айналады екен.

— Сонда ол бастаушы да, біз оны қоштаушы ғанамыз ба?

— Мұндай тәсілді адамдар «көзге түсу» дейді. «Жақсы атты көріну» деп те айта береді. Ұраншылдар мен айқайшылдар, жалған жау түсіргіштер адамдардан да табылады.

— Мен қай жағындамын?

— Сен бе сен... ақ көкірек, көз жұмбайсың. Жанкешті өлерменсің. Намыстың құлысың.

— Сөйте тұра еленбейтінім қалай?!

Кенет ит үрді. Жолдыаяқтың адуындана арсылдағанына еліккен Аңқоймас ымырттағы «жау жетті» айқай-сүреннен шет қала алмады. Қотандағы қойға кеп араласқан көкжалға салды ауызды. Алқын-жұлқын жағаласты, шәуілдектер сыртқары тұрып тамашалады. Өңшең су жүректердің шамасы сол ғана-тын. Жолдыаяқтың міндеті — жау жетті, ел көшті. Одан арғысында жұмысы жоқ — бірі өліп, бірі қалсын. Қашанғы машықтан жаңылып не көрініпті бұған. Атақ-абыройдан құр емес. Бұйырса басқасын да көре жатар.

—Келсеңші көмекке! — деді жанталасқан Аңқоймас. — Екеулеп жықпасақ бой беретін емес.

— Алдымен сен, сосын мен, — деді Жолдыаяқ түк шімірікпей. — Көрсет, кәне, кереметіңді! Атақ-абыройдан жұрдаймын деп қыңсылай беруші едің. Сыналар сәтке енді жеттің. Қапы жіберме, сал барыңды! Алда-жалда жеңе алмасаң, шық былай тайқып! Өзім-ақжайғаймын. Күндей беруші едің атақ-абыройымның асқанын. Өз көзіңмен көретін боласың.

Жағаластан тайқығанды ар көрген Аңқоймас қайтпай шайқасты. Қанды езу қорқау кеуделі екен. Оңайлықпен алдыратын түрі жоқ. Толассыз жұлқысты өлермендене жалғастырып берген. Ұзақ алысты бұлар. Аңқоймас көкжалдың осал тұсы жұқа шапқа тұмсық жүгіртіп үлгерді. Қапысын тапқан бөрі иттің қыл кеңірдегіне жармасты. Қарны жарылып, шегі шұбалғанына қарамастан алқымдай берді өжет арланды.

Селт етпеді аттан құмар Жолдыаяқ төбет. Дала бөрісі мен ит сырттанының соңғы айқасына бейтарап қарады. Жеңістің иегері өзі болатынына масайрап терісіне сыймай барады. Тұқымдасы Аңқоймасқа деген аяушылықты, мадақ-марапатқа құмартқан өзімшілдігі жеңіп кете берген.

Тірі жүргенде де сырттандыққа ілікпеген Аңқоймастың соңғы ерлігін ешкім елемеді. Оған тиесілі мадақ-марапат аттаншыл жарамсаққа бұйырды. «Айтулы көкжалдың түбіне жеткен ит сырттаны» деген абыройға ие болды. Аңқоймасты әркім-әркім айтыңқырап жүрді. Бірде бір атақ бұйырмағанына қынжылыс білдіріп: «Сырттандығында қапы жоқ еді-ау» десті бір ауыздан. Бәтуасыз шәуілдектер ержүрек тұқымдасының өліміне қайғыра қоймады. Шер көкірек шерменде Маубас қана жоқтады, өлермен өжет арланды. Қоймай-қоймай ұлып, ұзақ мазаланды.

ДАУ

♦ Көліктер тоқайласқан дамыл тұрақта да тыныштық жоқ. Жыбыр-жыбыр сөз, күбір-күбір күңкіл ұрыс-керіске шауып, айқай-сүреңге ұласқанда, шыдап тұра алмайсың. Құлағыңды алақанынмен жауып безе жөнелгеннен басқа амалың қалмайды. Ойдан-қырдан тоқайласқан жеңіл көліктер қызыл шеке боп төбелесуге де бар. Күншілдік пен көре алмастық, астам кеуде бұларда да молынан екен. Сөзге тоқтауға әсте жоқ. Қызыл кеңірдек боп қиқылдасады да жатады. Әсіресе «мерседес» мәркілі әсем көліктердің беті қатты. Бір-бірімен иықтасқанда, дамыл тұрақтың

қарауылшылары амалсыздан тәртіп сақшыларын шақыруға мәжбүр. Бұлардың ұрыс-керісі саябырси бере, кеуделі «джиптер» шығарады ілікті. Қыжыртпаға басып, кыршаңқы сөзбен қажайды бір-бірін. Арқар кейіпті, құлжа бітімді «джиптердің» теке тіресі саябырси бере, сәнді де әдемі темір тұлпарлар құлшынады. Алкара көгі, күміс реңдісі неше қилы түспен құбыла көз арбағандары да шет калмайды.

Сандаған мәркілі көліктердің дау-дамайын бүге-шігесіне дейін санамалап шығу мумкін емес. Бірі әдемілігін тілге тиек етсе, екінші біреуі қымбат бағалы екендігіне мақтанады. Арзан қолдылары жаппай сұранысқа ие өтімділігін алға тартады. Сүйектерінің асылдығын, ұшқыр жүйріктігін һәм су төгілмес жорғалығын дәлелдеп бой бермейді. Қызды-қыздымен өздеріне иелік ететіндерді де санамалайды. Бай-бағландар мен атақтылар мінетін көліктер мардымсып-ақ бағады. Қарапайым халыққа жақын көпшілік қолдылары және шығады ереуілдеп.

Дау өршіді. Басалқыға тоқтайтын бірі жоқ. Бірі кіндігі кесілген жерін мақтады. Отаншылдары шыққан елін айта түсті. Асыл сүйек дегдарлығын, елде-күнде жоқ озғындығын дәріптеді. Ұшқыр жүйріктігі есепке алынбады. Бағасының көтеріңкілігі артықшылыққа жатпады. Көзді арбаған келісті мінсіз әдемілік қана озғындық делінді. Өзге ерекшелік соның айналасынан табылады екен. Әсемдік пен көркемдікке пар келетін не бар?

«Бопты» десті бір ауыздан. Енді сол сұлу бітімді әдемі көліктерді кімдер жүргізсе жарастықты? Рөлге еркек отырғаны жөн дегенді құптаушылар көп болғанымен, қолдаушылар аз боп шықты. Әсем мәшине керімдерге жарасады. Бірақ олардың да ала-құласы бар емес пе? Қыз-қырқын, қатын-қалаш, ерке-тотайлар жүргізген көлікте нендей қасиет қалмақшы?!

— Олай емес, — деп бір тұстан сыңғыр үнді әсем иномарка тіл қатты. — Мен жапондық «тойотамын». «PAY-4» мәркілі джиппін. Біліп қойыңдар, бұрнағы жылы Женевада өткен су жаңа көліктер көрмесінде: «ең көрнекті

әдемі» деген атаққа қол жеткізгенмін. «Ондай атақ бізде де бар» деп жамырасты басқалары Алайда, жапондық даукес ығыспады кеудемсоқ кекірлерден.

— Дәл осы кезде, жиырма бірінші ғасырдың кірісінде менен өткен әсем көлік жоқ. Жүлде алғаным былай тұрыпты, бүгінде мені кілең күлімкөз бикештер жүргізеді. Оларға мен бек жарасамын. Жай ғана бір қылығы сүйкімді сұлулар емес, еркектердің екінші нөмірлі нақ сүйерлері иеленеді. Оларды «жас иіс» немесе азаматтық некенің ай қабақ алтын кірпік бірегейлері десе де болады. Әйтпесе қазақы жалпақ тілмен «тоқал» десе тіптен жарастықты. Бүгіндері дамыған елу елдің қатарына ілігуге талпынып жатқан Қазақстанда мені: «Тоқал мінген «тойота» , «Тоқал-джип» деп атайды.

Көліктер басылып қалды. Ұтылғандарын мойындамасқа шарасы жоқ-тын.

III

Шымшымалар

АЙТАҚАЙ ЖӘНЕ МЕН

♦ Мені білесіндер. Қой аузынан шөп алмас жуас Мондыбаймын. Арыз-шағым, айқай-сүренге жоқпын. Жиында бұғып отырамын. Алқалы бас қосуларда тіптен берекем кетеді. Құдай берген мінез ғой, иықты сорайлау біреудің ығында бұғынып жерге кіре жаздаймын. Мәжіліс аяқталғанша жан терім шығады. Ас пен тойда да берекем қалмайды. Сөз беріп қала ма деп әйелімді ықтаймын. Сондайда кыршаңқылар сүйкенеді маған. «Сөйле, Мондыбай» дегі тіке шырмауықша жабысады. Ән сал деп те қолқалайды. Басымды шайқап, отырып аламын. «Олай болса, бәйбішеңнің атын ата» деп кадалады. Жан дәрменде Жанымбикені аузыма аламын.

Үйде тағы тыныштық жоқ. Жұбайымның сұғына ілігемін. Табыс таппайтыным, жұмыссыз қалғаным, саудаға икемсіздігім - бәрі-бәрін бетіме басады. «Бұға берсең, сұға береді бұлар, ширамайсың ба? Жоғарғы жаққа арыз жаз. Жұмыссыз қалғанынды, шиеттей балаларыңды асырай алмай күл-қоқыстан темір-терсек жиып жүргенінді хабарла».

Өлсем өліп-ақ қалайын. Жазбаймын. Жер ортасына келгенде арызқой атанар жайым жоқ. Шағымшылдық кісіге абырой әпермейді. Сөйтіп жүргенде құдай ондап бір жұмысқа іліктім. Бастығым менен де аласа тапалдау кісі екен. Үн толтырған қаптай нығыз.

— Сіздің есіміңіз?

—Моңдыбаймын. Бұқпа деп те атайды былайғылар.

— Уақа емес. Қосалқы аттын зияндығы жоқ, — деді бастығым жайма шуақ қалыпта. — Дұшпандарым мені де ондырмайды. Айтақай деп әжуалайды.

—Онда тұрған не бар? — дедім аяқ астынан білгішсініп. — Айтаны не, айтақайы не, бәрібір емес пе?!

—Е, міне, сөйледің ғой! — деп қожайыным қуанып кетті. — Ширау керек. «Бұқпа торғай» деген намысқа тиетін сөз.

Бастығым мені қайта тәрбиелеуге кірісті. Кәбинетіне кіргізіп алып, сұрақ-жауап әдісімен сөйлеу дағдымды жетілдіріп ұштай бастады. «Ол олай десе, сен былай дейсің» деп әр қилы адамдармен тәжікелесіп салғыласуымды, керкілдесіп қызыл кеңірдек болуымды мәнерледі. Сөз сөйлеу дағдым ұшталайын деді. Көрбала боп қалған пақырмын ғой, көмейімде қалауы бұзылмай жатқан тың ой, пікір-ұсыныстарым, заманға деген сыни көзқарасым, үкіметке наразылығым, әкім қараларға өшпенділігім лықсып аузыма келіп тіліме орала бастады. Сондайда өз-өзіммен сөйлеп кететін әдет шығардым. Шенділермен сырттай ұстасып сөз өрбітемін.

Алғашқы сынақтан сүрінбей өттім. Айтан бастығымның үйреткен сөздерін шағын бас қосуда мүдірмей айтып шықтым. Үлкен бастықтың орынбасарына соқтықтым. «Сіз жұмыс істемейсіз, кеңседен шықпайсыз», — деп жібердім. Әлгі қызарақтап, не айтарын білмей қалды. Келесі жолғы жиналыста дөкейдің өзіне жармастым. Айтан Жайбағаровтың құлағыма құйып тастаған уытты пікірлерін қарсы қақпаға допша ұрдым.

—Сен кімсің-ей? — деді арыстан жалданған мықты қатты шамырқанып. — Маған бүйдейтіндей. Қайда әлгі Айтақайың?

—Жеке басқа тиіспеңіз, — дедім делебем қозып. — Ол кісінің азан шақырып қойған аты Айтан, сіз бұрмалап Айтақай дейсіз.

Бастығыма «олжалы» оралдым. Дөкейдің мысын басып

тастағаныма мағұрланған ол мені бір саты жоғарылатты. Көмекшіліктен кеңесшілікке ауыстым. Қарастыратын ісім — өзгелердің аузын бағу. Сыбырлақтар мен жыбырлақтарды аңдимын. Не айтқандарын қағаз бетіне бұлжытпай түсіремін. Көбік ауыз көпірмелерге тойтарыс беріп,қарсы шабуылға шығамын. Айтанның беделіне нұқсан келтіргендерге, тасты дәлдеп жіберемін. Ауыздарын аштырмай тастаймын.

Тағы бір саты жоғарыладым. Бөлім басқаратын дәрежеге жеттім. Мен жетекшілік ететін бөлім тұқырту саясатымен айналысады екен. Айтан Баққұмарұлының қарсыластарын ықтырып, оларды саясат сахнасынан алыстатып, қиян түкпірге қуалап тастауымыз керек. Қолданатын тәсіліміз —«дөңайбат». «Құртамын да жоямын». «Ішіп жатырсындар, жеп жатырсындардан» келеді сөзім. Бұл әдісім нәтиже бере қоймағасын «қара буралауға» бастым. Алғашқы тәсілімізден гөрі қара буралау ептеп нәтиже бере бастады. Айтан Жайбағаровтың қарсыластары менен ықтай бастады. Баяғы бұққыш, мына мен, бураша буырқанып, төніп-төніп барғанда, қарсы жақ бет-бетімен бытырап қашатынды шығарды.

Еңбегім еленді. Айтан мырзаның орынбасары боп шыға келдім. Одан әрмен үдеттім екпінімді. Ендігі айналысатын саясатым — «жүректің отын алу». Бұл өзі аса қатерлі амал. Біздің дөкейдің бақталасын күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айыру. Ол үшін «қоқан-лоққыға» басу керек. Қоқан-лоққы — лаңкестікке жақын шара. Қастандық жасаудың алғы шарты — «бөлен сағат, бәлет минутта өз еркіңмен орын-тағынды тастап, қызметіңнен кетпесең, жарылыс болады. Не кеңседе, не үйіңде. Күлің ғана қалады».

Айтан Жайбағаровтың бағы жанды. Ежелгі бақталасы орын-тағын өз еркімен босатып біздің мықтыға тапсырды. Мен ол кісінің орнында қалдым. «Бұққыш торғай» атанған Мондыбай едің, — деді Айтан мені оңашалап. — Қатарға қосылдың, дәрежең өсті. Бұрындары сен түлкі, қарсақ, күзен секілденген әлжуаздармен айқастың. Соларды

ықтырып-бұқтырып, жеңіске жеттің. Ендігі жұмыс азуы алты қарыс «көкжалдармен» болады. Олар сенің бұрындары қолданған: дөңайбат, қара буралау, қоқан-лоққы делінетін амал-айлаңнан ыға қоймайды. Басқаша әдіске көшіп, тәсілінді өзгертесің.

Ойландым бірнеше күн. Толғандым барынша. Кітап ақтарғыштадым. Таққұмарлар мен баққұмарлардың жеңіске жетуінің себептерін зерттеп, ұзақ іздендім. Сондағы көзімнің жеткені — ешбір баққұмар тағын өз еркімен тастап кетпеген. Мансап тұғыры биіктеген сайын ондайлардың араны ашыла түскен. Айбарланып арынын үдеткен. Жікшілдермен теке-тіресте небір озбырлыққа құрық берген. Ойлап-ойлап «жармасу тәсілін» ұштауға кірістім. Айтан Жайбағаровпен ұстасқан алпауыттың қыл кеңірдегін қиып жіберу керек. Сонда ғана жеңіс тұғырына көтерілеміз. Өйтпеген жағдайда, ол бізді жайғап тынады. Барлауға аттанған көмекшілерім түк бітірмей оралды. Көкжалдан да өткен қасқырдың сырттаны нағыз деп бас шайқасты. Ырғасып көрсем қайтеді деген есек дәмемен сыртынан тас атып, қаша ұрысқа басып едім, шыбын шаққан құрлы көрмеді. Жонын күдерейтті де қойды.

Дағдарыс басталды біздің жақта. Айтан Жайбағаров мені қайта тәрбиелеуді қолға алды. Табысқа мастанып, арқауды босатып алғанмын. Теке тірестің заманы өткен. Ол деген ескі дәуірлерден жеткен өлімші тәсіл. Ендігі амал-айла күш көрсетудің асқынған түрі — қыл кеңірдекке жармасу боп табылады.

- Көкжал ол деген. Сырттаны қасқырдың! — дедім безектеп. Бетім қайтып қалды. Дауаламайды жүрегім...

- Ол бөрінің алапаты болса, сен иттің жұлқарына айнал да жұлқыс тәуекел деп.

- Батылым жетпейді.

- Өйтсең жөнінді тап, жалтырат табаныңды!

- Дос-дұшпанға таба боп тағы да тентіреп...

- Тентіремейін десең, шират өзіңді. Шыныңып, шымырлан.

— Ана пәлемен, қара қасқыр тәрізденген құбыжықпен қалай ұстасарымды білмеймін?!

—Итше жұлқысасың, — деді Айтан тісін шықырлатып. — Тарбайысасың. Тамағына жабысып, тістесіп қат та қал!

— Сонда мен итке айналуым керек пе?!

—Дұшпаның қасқыр боп жолынды тосса, ит болмасқа амалың қайда?!

— Сі-сі-сіз қайда қаласыз?

— Артыңды бағамын. Сырт жағыңды қорғаштаймын соққыдан.

Сонымен қарсы жаққа шабуылдаудың әдіс-тәсілі қайта қарастырылды. Олардың жүрегінің отын алып, үрей тудырудың небір құйтырқы амалдары пысықталды. Іштеріндегі ең жойқыны дәс алып, бой бермеген жағдайда, ұрымтал тұстан шыға келіп, тарпа бас салып, тамағына жабысып, тістесіп қатып қалу маған жүктелді.

Жаттығудың тізгіні Айтан Жайбағаровтың қолында. Күн сайынғы бас қосу аздық етті де, сағат сайын жиналып талқыладық алдағы өтетін шайқасты. Сырт көзге байқатпау үшін «ит айтақ» деп алдық айқасты. Айтақшы боп Айтан белгіленді. Мен «итаршылықты» иемдендім. Жұлқарларды ұрысқа бастап кіремін. Дәрежем әзірше олқы. Шайқастың барысына қарай белгіленеді.

Адами қалпымды өзгерту қиынға түсті. Адамнан итке айналу деген оңай ма?! Басқа түскен соң көнбеске амалым қайсы?! Сәл тартындым ба, қызметтен қуылып, қаңғып кетемін. Жұмыссыз қаламын. Іздендім барынша. Кейбір ит мінезді қырыстардан ақыл сұрадым. Шәуілдекке ұқсаудың басты белгісі — ит кездену, одан соңғы өзгешелік ырылдасу, жонды күдірейту, ақыр соңында жұлқысып таласу. Мұның бәрінен де бұрын, үруді үйреніп, соған өзіңді қалыптастыруға тиістісін. Ақыл-кеңес берушілердің айтуына қарағанда, үрудің сандаған сарыны бар көрінеді. Шәу-шәу ету күшік иттерге тән. Байбаламдап жылап үру — үй күшік сабалақтардың қатын ойбайы. Нағыз сырттанның күмпілдеп үргені күндік жерден естіледі екен. Арпылы айға

жетіп, күнді шарпиды. Амалым қайсы, үйренуге тура келді. Тезінен-ақ дағдыландым. Әйелім байқап қалды бұл машығымды. Ұйықтап жатып итше қыңсылап ара-арасында үреді екенмін. Сықпытым да итке бейімделді. Бет-бейнемде арсылдақтарға тән белгі молынан. Әсіресе көзім өзгерді. Сырт кейпім жұмыр бастыға тән қасиеттен адаланып, итке жуықтады.

Бұған қуандым, жақсы нышан деп білдім. Болса да екі аяқты боп жарытпаған соң, төрт аяқтыларға бейімделгеніміз жөн. Оларды да құдай жаратқан. Он сегіз мың ғаламның терезесі тең жаратылысы. Бізге қарағанда соларында қанағат бар. Рақымшылық та, ізгілік те табылады бойларынан. Адамдар сияқты табиғат заңына қарсы шықпайды. Жаратылыс үйлесімінің ырғағымен бір беткей тіршілік етеді. Екі аяқтылар тәрізді обырланбайды. Мансап үшін жұлыспайды. Қызылды-жасылды дүниеге көздерін сатпайды. Атақ іздемейді. Адам боп жетіскенім шамалы. Көрінгеннің қол шоқпарына айналып, итаршылықпен күн кешкенше салпаңқұлақтардың қатарына қосылғаным жөн. Бастығыма жақпай жұмыстан шығып қалсам, бала-шағам аштан қатады. Тегін ғой, әйтеуір, сүйек-саяқ.

— Не ойлағаның бар? — дедім бірде Жанымбикеге.

—Е, не ойлаушы едім?! — деді ол сайқалдана қылымсып. — Шүкір, күн көрісіміз жақсы. Бәрінен де сенің дәрежең жоғарылап...

— Бүйтіп жоғарылағаны бар болсын! — дедім балаша кемсеңдеп. — Итаршылықта нендей қасиет бар?!

— Сонда жұмысты тастап кетпекпісің?

—Тастамаймын, — дедім әйелімді үркітпейін деп. — Біз бәріміз үй ішімізбен итке айналуымыз керек.

Жанымбике тіксініп калды.

— Неге олай дейсің?

Ойымды жинақтап:

— Заманның тәрізінен шошимын, — дедім ауыр қиналыспен. — Жаман айтпай жақсы жоқ, қызметтен қол

үзсем, шашылып далада қаласындар ғой. Мен ит болған қалпымда итшілеп жүре беремін. Сендерге қиын. Бірге болайық. Жуынды-төгінді тегін емес пе?! Жан сақтаудың бұдан басқа амалы жоқ.

— Ойбай, мынау не дейді?

— Сүйдеймін.

— Жоғал әрмен! Көрінбе көзіме!

Долырған Жанымбике тіке мені түтіп жіберердей боп төбемнен төнгенде, ежелгі бұққыш әдетіме басып құнысып, жерге кірердей боп қатты састым.

Пендешілік ой келе қалғаны басыма. Егер де бар ма, Жанымбике итке айналса жан шақ келтірмес еді. Үрісінің өзімен-ақ жаман ауыздарды жуытпас еді-ау ауыл маңына. Әлгі Айтанмен ұстасқан көкжалды көз ілеспес жылдамдықпен құйынша ұйпап, тірсегін қиып-шоңқитып тастамай ма?! Әттең-ай, келіспегені-ай ит болуға! Қатында қайбір опа бар?

Оны қайтып кажамадым.

Айқас алдында сынақтан өттік. Жасақшылар сәл сасқалақтады. Бас итаршы мына дөдең еш мүдірмеді. Айтан жарылқаушым: «Жарайсың, жандайшабым!» — деп арқамнан қақты.

Содан былай басқалар менен ықтайтынды шығарды. Бала біткен қарамды көргеннен безеді. Қыз-қырқын, қатын-қалашқа да жақындай алмаймын. Ит көрген ешкі көзденіп одырайысады. Жанымбикенің де қабағы пәс. Төсекте қойындасып бірге жатқанымызбен көңіліміз жік-жарма. Мінезіміз үйлеспегесін құшақтан да қызу қашады екен. Итше ырылдап, үріп қоямын. Көрсеткен қырым емес оған, сыртым мен ішімнің итке бейімделіп үндесуінің нәтижесі. Бірге болайық дегенге келіспеген өзі.

Біздің дөкейдің ата жауы да қарап жатпапты. Биліктен айрылып қалмау үшін төңірегіне өңшең тас шайнар қара құлақтарды топтастырып, шеп құрып шайқасқа әзір тұрған көрінеді.

Біздің жақтың да қарамы мол. Көшеде сенделіп

жұмыссыз бос жүргендерге жартылық үлестіріп, өңештерін жібітіп едік, Айтан Жайбағаров үшін жан пида деп ұрандап шыға келді.

— Ит болып үресіңдер, — дедік оларға.

— Ұлысақ ше?

—Оған да жол ашық, — дедім қуанышты мәтінде. — Ең бастысы — қарсы жақпен жұлқыса білулерің керек. Жауымыз кәдімгі қасқырлар.

—Қайтпаймыз алған беттен! — деді іштеріндегі сестісі. — Қасқырларды жер бетінен жойып, тұқымын құртпай, бізге тыныштық жоқ.

Сәрсенбінің сәтінде басталды ұлы жорық. Жұлқарлардың бас қолбасшысы боп тағайындалған мен шайқасқа бастап кірдім шәуілдектерді. Ата-баба аруағына сыйынып, аллаға жалбарынып, әулие-әмбилердің де аттарын атап, арғы-бергі ит сырттандарын да еске алып, ұран шақырдым.

— Қаптаңдар! Қайтпай жұлқысыңдар!

Белеңге біз бұрын көтерілдік. Бас итаршы емеспін бе қанша дегенмен, дүрбімен қарсы жақты шолып едім, өз көзіме сенбедім. Құлашты кең тастап еркін көсілген «жортушылардан» жер қайысады. Екпіндерінен тал жапырылып, терек теңселердей.

Қара құлақтарды ұрысқа бастап келе жатқан көкжал сонадайдан «ар-ұр» етіп күнше күркірегенде, иманым қасым болды. Аттың үлкендігіндей қара қасқыр тіке маған құдиды. Қорыққандығым сонша, үнім шықпай қалды. Бір жақсысы — айтақтау басым, соған дәс алдым. Айтан екен айтақтаған. Тасаланып көрінбей тұр көзге. Көрінбегені жөн. Жол шығын боп кетуі кәдік. Керек қой елге. Қайраткер емес пе?! Мен-ақ құрмалдығы бола салайын сол кісінің.

— Айт! Айт! Алға ұмтылыңдар! — Бар даусыммен байбаламдап итше арпылдағанымды қайтейін, артыма қарасам қаптаған шәуілдектердің бірі де қалмапты. Кейін қарай безіп барады.

—Ұстас! Қыл кеңірдекке жармас! - деген бастығымның әмірлі үнінен жігерленген мен қарсы шаптым қаптаған жауға. Таяп кеп тайқыдым. Көк бөрілердің көсемі манағыдан бетер зорайып, алапат арынымен кеп киліккенде, жалт беріп, жалтара қашып жан сауғалайтын қалтарыс іздедім. Сөйткенше жар дегенде жалғыз қатыным Жанымбикенің алдымнан шыға келгені бар емес пе?! Оған жабысып, жансауғалап жатып ояна келсем, түсім екен.

Қара терге түсіппін. Жүрегім кеудемді дүрс-дүрс ұрғылайды.

— Құрысын! — дедім өз-өзіме келгенде барып. — Ит болып жарытатын түрім жоқ. Қайыршы боп кетсем де құдай адами бейнемнен айырмасын. Адам боп жүргеніме не жетсін!

Жанымбике ояу жатыр екен. Менің күбірімді үнсіз құптады білемін, жақ ашпады. Айтпақшы, айтақшы Айтаннан не деп жалтарамын?! Ақыл беріңдерші, ағайын!

ЖЫЛАУЫҚ НҰРҚАН

♦ Үйреншікті әдетімен мырсылдап отыр. Бұл жолғы босаңсуы басқаша сарында. Екі иығы селк-селк етіп, шегін тартып балаша өксігенде, шағын кәбинет теңселгендей болады.

— Білеміз ғой аярлығыңды! — деп тәлімгер Шоманов сұрлана уыттанды. — Сауатсыз қалпыңмен пойыз жүргізген ненді алған?! Ілініп-салынып жүре беретін заман өткен. Еңбек заңы қатал. Кәсіби денгейің төмен болса, төбеге шыға алмай ойда қаласың.

—Жатамыз ғой әлі ойда, — деп Нұрқан кемсеңдеді. — Бір жылғы туған төл емес пе едік?! Аясаңшы! Зейнеткерлікке төрт-бес жыл қалғанда, үйреншікті кәсіптен қол үзіп қайда барамын?!

—Маған да жан керек, — деді Шоманов манағыдан бетер ширатылып. — Депоның бастығы жас адам. Шаш ал десе бас алатынның өзі. Пойыз жүргізушілердің біліктілігін

ұштамасам, тіке ұшырып жібереді. Жүремін сосын сенің қатарында.

— Білемін ғой, - деп жылауық Нұрқан сұрақ сұрап отырған Шомановқа жалынышпен мүсәпірси мөлтеңдеді. - Бала-шағалымын. Кенжем әлі үйленген жоқ. Кіші қызым оқуға түспекші еді. Үлкен ұлым келіннен айрылысып... Ортаншым жұмыссыз. Келіншегі екеуі үйде отыр, менің табысыма ортақтасып. Тұрмыстағы қызымның күйеуі табыссыз, ішуден басқаны білмейді.

—Оларыңда менің не жұмысым бар? — деп инструктор манағыдан бетер қырланды. — Алдымен мына сұраққа жауап бер. Дедуктив деген не?

— Детектип пе? Оқиғалы телесериал.

—Ой, кинода басың қалғыр! — Шоманов орнынан ұшып тұрды. — Отыз жыл пойыз айдағанда, немді бітіргенсің-ей?!

—Кіші жүргізушімін ғой, — деді ол ақталғансып. — Бізді бұрындары кеңестер одағы кезінде бүйтіп көп тексере қоймайтын.

—Әнені! Дәндегенсің ғой?! — Шоманов жаңағыдан бетер буырқанды. — Ақша салып карта ойнағанда сондайсың! Арақ десе аузыңнан суық ағып өле жаздайсың. Жаман әліңе қарамай жесір әйелдерге қырындайсың. Наныңды адалдап жеуге жоқсың-ә?!

— Ме-ме-мен ондайға жоқпын ғой, - деді Нұрқан сасқалақтап, төс қалтасына қолын жүгіртіп. Одан жан қалтасына сұғынып, дәмелендіріп тастады сынақ алушыны.

— Сүттен ақ, судан тазамын деймісің, ә? — деп инструктор Шоманов тосын сұраққа көшті. — Онда мынаған жауап бер. Кімдер ішеді? Ақша салып қарта ойнайтын мәшінистер кім? Анаша шегетіндер бар ма араларында? Соны түгел айтып бермесең біттім дей бер. Қош айтысасың жұмыспен.

Нұрқан аңырды. Артынша дағдарды. Өзінің құрығанымен қоймай, қатар жүрген әріптестерін әшкерелеп, қылмыстарын ашып беруге қалайша барады тәуекелге?! Мына емтихан алып отырған Шоманов кезінде

дәуірлеген. Депоның шендісі атанған. Пойыз құлап, содан төмендеп қалды. Кәнігі әккі Шоманов мәшинистерден сынақ алғанда, ежелгі қаталдығына басады. Бір кездері шылауында болып, алдында құрдай жорғалайтындар бүгінде мұны олқысынады.

— Айтамысың?

— Айта алмаймын. Обалыңа қаламын.

— Онда кәсіптік білімі мүлде жеткіліксіз деп қағаз толтырамын.

— Е-е-е-е-е-е...

— Көзін ақсын сенің, көзің аққыр!

— Ә-ә-ә-ә-ә-ә...

— Шығып тұр! Нөлсің...

Нұрқан кезегін тосып тұрған сапарласы Сақабайға шағынып: — Біттім. Құлатты! — деді басын жұдырығымен түйгіштеп.

— Өзіңнен! — деді Сақабай көмекшісіне қатты кейіп. — Қашанғы айта беремін, сізге?

— Айтканыңды орындадым, - деді ол ақталғансып. - Жалын деп едің, жалындым. Жыладым еңіреп тұрып. Сонда да жібімеді. Қарарсыз бұл Шоманов! Қан сүлік барып тұрған! Тас жүрек!

— Тас жүрегін жібітетіндей бірдеңе таппадың ба?

— Жыладым деп тұрмын ғой. Одан артық енді...

— Ой, сөзің бар болсын?! — Сапарласы түңіле сермеді қолын. — Ұсынбайсың ба?

— Түсінбедім, ол не?

— Көк қағазды ше?! — деп сапарласы Нұрқанға көзін ежірейтті.

— Азырқанады ғой деп... Әйтпесе ойымда бар-тын.

— Әкел соныңды! — деді ішке кіруге ыңғайланған Сақабай. — Дырдай басыңмен тырдай боп қаларыңды білмейтін не деген ашық ауызсың?!

жоқшы

♦ Оңдасын Кемелбаевті көрмегелі біраз болған. Бір көлемде бірге өсіп едік. Жасынан алғыр-тын өзі. Озғындығында қапы жоқ. Қазақ тарихынын қара нары деуге лайық.

— Сөйле, достым.

— Қалаға көшіп келгенмін.

— Кәсібің не?

— Шежіре жиыстырып. Ептеп тарихпен шұғылданып дегендей...

— Дәмең зор екен, - деді ол суықсып. — Түкпірде жатпадың ба, қойыңды бағып, қойыртпағыңды ішіп жайыңмен ғана!

— Ұранға үн қоспай бола ма?! Үкіметіміз қалаға жиналындар демеді ме?!

— Мұнда не бітірмексің?

— Ізденемін.

— Қай бағытта?

—Айттым емес пе, тарихымызға қолғабыс берем деп.

— Енді сен қалып едің! — деді ол суық жымиысын кекесінді күлкімен көмкеріп. — Шежіре де тарих, соны қаузай бер...

Сөйткенше есік қоңырауы зыңғырлады. Ішке кіргендер үй иесімен жете амандасып мәре-сәре болды да қалды. Тележорналшылар екен.

Үй иесі оларды түпкір бөлмеге бастап кірді.

—Сіздің үйді кішігірім мұражай деп естуші едік, — деді қырбық мұртты құбаша жігіт. - Тіке көзімді суырып барады.

Менде де таңданыс басым еді. Көзіме жылы ұшырады әрқилы көне құралдар мен бұйымдар. Әсерленгенім сонша, сүйегі баяғыда қурап қалған әкем есіме түссін. Ауылдың насыбайшы сөзуар шалдары ереуілдесін.

— Мынау не, ағасы?

—Бұл ма, бұл қазақтың соңғы ханы Қаһарманның күміс шақшасы.

— Ал, мынау ше?

— Білтелі мылтық деп осыны айтады.

— Бұны кім ұстаған?

—Ертегідегі Құба мерген бар емес пе?

— Иә, иә, білеміз ғой.

— Білсең, Құба мергеннің қара мылтығы осы.

— Мынау ше?

— Бұзау тіс қамшы. Атақты жорықшы Ақжолтай батырдікі.

— Мына күміс кісе?..

— Ақпа шешен Жобалайдан қалған көз.

— Мынаны не дейміз?

—Күпі ғой, күпі. Үш жүзге билік айтқан Естемес бидің ұрлақтарынан таптым.

— Мына біреу ескі шапан ба?

— Шекпен деп осыны айтады, - деп кекесінмен жымиды Оңдасын. - Атақты түйе балуан Таусоғар иығына жамылыпты бұл шекпенді.

— Мына бір пышақ?..

—Кездік дейді оны. Халқымыздың бір туары Бәйтемір сал ұстаған екен.

— Қыл қобыз ба мына аспап?

— Нар қобыз. — Оңдасын масаттана күлімсіреді. — Қойлыбай бақсыдан қалып кеткен.

— Мына бір домбыра да тегін емес-ау?!

—Әрине ғой, — деп үй иесі ерсілеу езу тартты. — Ақпа күйші Бектібектің аршадан қиюластырып, өз қолымен сомдаған аспабы. Сегізінші ұрпағында сақталыпты.

—О, міне, ғажап! — деді тілші ағаш табаққа таңырқай тесіліп. — Әбден ескірген екен-ау?!

—Үш ғасырдын куәсі, — деді Оңдасын, манағыдан бетер қодырайып. - Бұл табақтан қазақтың XVIII ғасырда өткен игі жақсылары дәм татқан. Мәселен мыналар...

Шұбыртып ала жөнелді. Жуықта тоқтайтын түрі жоқ.

— Батырекесі, мені тастап кеттің ғой? — дедім шыдай алмай.

— Жап аузыңды! — деп зекірді Оңдасын маған. — Не білгендейсін сен соқыр?!

Білгенде мен білейін. Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқтың керімен ішкі қызылымды зорға тежеп, әліптің артын бақтым. Жүрегім елжіреп, бір түрлі боп барамын. Енді қайтейін?! Оңдасын иеленген әр зат әкем мен шешемнің тұстастарын көз алдыма әкеп, іші бауырымды ерітіп жіберді. Қойлыбай бақсынікі делінген қара қобыз Көкеннен қалған. Ол кісі қобызын шалғанда, алыстағы аз ауылдың адамдары көзінен жасын төгілдіріп жылап отырар еді. Қарағайдан оймыштаған күміс шытыралы кәрі қобызды талай рет қызықтағанмын. Әкем марқұм басыңа жастанып ұйықта деген соң, сол үйде ұйықтап та қалатынмын. Көкеннің қобызынан да бұрын ақ лақтай сүйкімді қызына қызығатынмын. Атақты бидікі деп нұсқаған күміс кісе қойшы Бердеш шалдың төрінде тұратын еді. Оны да талай-талай ұстағанмын. Уакыт табы таңбалаған белгілері көзіме оттай басылып, жанарымды суырып барады. Әсіресе ағаш табақтан назарымды айырмадым. Бір түрлі ыстық ұшырап кетті. Ернеуі кетілгесін шешем марқұм ауылдағы ұстаға жезбен жиектетіп алып еді. Сонысына дейін мөрдей ап-айқын көрінді. Түйе жүн шекпен әкемдікі болатын. Төрде ілулі тұратын еді. Осы мына Оңдасын бір келгенде, докторлық қорғаймын деп жүрмін деген сылтаумен алып кеткен-ді. Шешейдің құрт езетін жез жиекті ағаш табағын қоса алған.

Бұдан әрі шыдамадым, сағынышқа малына-малына әбден езіліп біткен жүрегім көзге ыстық нәрсе — қараның арбауына төтеп бере алмай, езілгеннің үстіне езіле түсті... Көзімнен төгілген жасым сықырлауық сырлы еденге тырс-тырс тамды.

—Өй, Ботабай! Мұның не қатынша сықсыңдап?! — деді Оңдасын оқыс тіксініп.

— Жәй, әншейін, — дедім неге бүлінгенімді оған сездіргім келмей. — Сенің ғылымдағы қайраткерлігіне, тарихымызды тірілткен жан қиярлық еңбегіңе... қазақ

тарихының жоқшысы екеніңе сүйсініп, соған көңілім босап...

Осылай дегенімше болмады, Көкеннің қара қобызы өз-өзінен түйеше боздап қоя бергені. Күңіреністі азалы үннен есім шығып, қобызға қол соза беріп едім, үй иесі: «Сенің ойыншығың ба, қасиетті аспап?!» — деді түсін суытып.

Жақ ашпауға күштедім 'өзімді. Бүлдіретінімді біліп тұрмын. Домбыра мен ер-тоқым да нағашымның көзі. Бір барғанымда тарихшы Оңдасын балама бәсіреледім деп мақтанған.

— Мынау не кітап?

— Мәңгудегі құран. Қожа Ахмет Яссауидің саусағының табы қалған әр бетінде.

Құранды да танып тұрмын. Ауылдағы Құлжан қожаның кигіз сөмкесінде жүретін.

—Қалай екен? — деді Оңдасын менен сыр тартқансып. — Еңбегімнің ғылыми ізденістерімнің төлемі.

— Ғажап! - дедім қинала күлімсіреп. - Тегіндікпен «жоқшы» атанбаған екенсің. Жақсы болды маған. Ауылды сағынғанда мауқымды басу үшін кеп тұрам ғой осында. Өткенді еске түсіріп...

МЕН ҚАЛАЙ ЖАЗҒЫШ АТАНДЫМ

♦ — Кірістіңіз бе?

— Кіріскенде қандай!

— Пәкті керек, пәкті! — деді жел берушім.

— Ол не?

— Бәлен жыл қалам ұстағанда не бітіргенсіз? — деп ол танауын тыржитып, маған бір түрлі аяушылықпен қарады. — Жоғарыға жолдаған арызыңызда қаны сорғалаған айғақ болуға тиісті. Арыз тексеруге келгендерді қимылдатпай тастайтын. Соны «пәкті» дейді.

— Оны қайдан аламын?

—Менен аласыз, — деп Тымпи досым арыздың түрлерін таратып айта бастады. — Алғашқы жіберетін шағымыңыз

«барлаушы арыз» делінеді. Келесі жолдайтыныңыз үстемесі шағымның. Мұны «қосымша күш» дейді.

— Осымен тынамыз ба?

—Әгарда, зар-налаңызды жоғарыдағылар елей қоймаса, онда тіке «шабуылға» көшесіз. Қайталап жазасыз.

«Боса да бастан қан шықтыға» басқан мына мен, Шимайбек деген пақырыңыз Тымпи досымның айтқанымен болып жаза бердім, жаза бердім. Шағымды жазған сайын елігіп шабыттана түстім. Бізбен теке-тіреске түскендердің аузын аштырмай уытты һәм зәрлі сөздерді лек-легімен төпедім.

—Келе жатыр, — деді жел берушім қолына түкіріниіп. — Сіз ашуланшақтаусыз. Шыдамсыздық әлсіздіктің белгісі. Мұндайда сабыр сақтаған ұтады. Әр сөзді тісіңіздің арасынан сыздықтата шығарып, салмақтап жеткізуге тырысыңыз. Артық-ауыс пікірден сақтаныңыз. Пәктімен, дәлелмен тұжырыңыз ойңызды. «Қырам да жоям» дегеніңіз көпірме бос сөзге жатады.

—Немене сонда мен өзімді жоққа шығаруым керек пе?! — дедім шыдай алмай. - Табиғи қалпымды, құдай берген мінезімді қалайша өзгерте саламын?!

—Өзгертпегенмен сәл-пәл қалыпқа түсесіз.

Расында солай боп шықты. Арыз тексерушілердің алдында өзімді асқақ ұстадым. Кекірейген паң кейіпте ішімді бірден ашпай, шалқалап отырып алдым. Жөндеп тексеріп, кемшіліктің бетін ашпасаңдар, қайталап жазамын. Дөкейдің өзіне жөнелтемін деп қасарыстым.

Нәтижесінде енселеттім қарсыласымды. Тіке тоңқалаң асты. Ісі сотқа беріле жаздап, әупіріммен аман қалды. Арызқойлығым жемісін берейін деді. Үлкен де, кіші де иіліп тағзым ететінді шығарды.

— Сізді біз білмей жүр екенбіз, — деп тап бір маған бұрындары кінәлі боп жүргендей-ақ мөлтеңдесін-ай! — Кешіріңіз, ағасы! Нағыз жазғыш сіз екенсіз. Тіліңіз тотияйындай ащы-ақ! Тиген жерін ойып түсіреді екен.

— Ау, мен деген, Шимайбек Дарынсызов деген

жазушымын ғой, — деймін әлгіндей көтермешілерге. — Бес-алты кітаптың иегерімін. Жазушылыққа арнадым саналы ғұмырымды.

—Білеміз. Білгенде қандай! - дейді әлгілер бір ауыздан. - Сіз онда атақ-дәрежесі жоқ жай ғана шимайкеш болатынсыз. Енді ашылды алдыңыз. Нағыз жазғыш боп шықтыңыз.

— Иә, иә, жазғышпын! — дедім көңілшектеніп. - Қолымнан қаламымды тастап көрген жоқпын. Жазбасам отыра алмаймын.

—Нағыз дарындылардың арқасы болады дейтін. Солсыз нағыз.

— Рахмет, бауырым!

Көзіме жас келіп қайтып, келіп қайтып көңілім босасын. Енді қайтейін, өліп-өшіп жазған кітаптарым жарыққа шыққанда да жұртшылықтан мұндай жабыла мақтау естімеген едім.

— Қатырыпсыз! — дейді бір бейтаныс.

—Тіке сұлатып салыпсың тұрғызбастай ғып, — дейді жүз танысым.

— Талантты екенсіз ғой өзіңіз, — дейді үшінші біреу.

— Иә, нағыз «жазғыш» деп сізді айтса рәуа, — дейді жастар жағы.

Осындай көтерме мадақтаудан жаным семіріп қанаттандым. Дарынсыз жазушы атанғанша, арыз-шағымның майталманы болғаным қайырлы екен-ау.

Қайырлы болсын айтушылар толастар емес. Келіп жатыр, кетіп жатыр. Көшеде тоқтатып алып құттықтайды. Телефонда маза жоқ.

— Дұрыс-ақ, атыңыз енді шығады.

— Өзі де солай, — деймін тебіреніспен. - Тымпекенді білесіңдер ғой. Тымпи Айдапсаловты. Сол інімнің демесіні менің осындай атаққа жеткенім.

— Е, білеміз ғой оны.

— Білсеңдер, соған қарыздармын мен.

—Ол сізге борышты боп жүрмесін, — дейді тағы бір

ауылдасым. - Қаламыңыздың құдіретінің арқасында бақталасын құлатып, орнына қонжиып отырып алған жоқ па?!

— Ә, солай ма еді?!

— Солай, ағасы.

Мейлі, деймін ішімнен. Себепсіз салдар жоқ. Оның, Тымпи досымның қызметі, жоғарыласа, менің атым шықты. Бұрындары үнемі түнеріп, бір түрлі көңілсіз жүретінмін. Кейіпкерлерімнің ішіне үңіліп, мұң мен сағынышқа малтығып, өзімді азапқа салғанша арызқой жазғыш атанғаным қайырлы. Жазушы болғандағы шыққан биігім қайсы?! Алған сыйлығым да жоқ. Жазғандарым сыншылардың назарына да ілікпейді. Құр қара көбейтіп, дарынсыз жазушылардың қатарында жүргенше осының жөн. Осы күндері мені екінің бірі таниды. «О, жазғышым-ау» деп арқамнан қағады.

Солай, достар! Жазушы емес жазғышпын, арызқоймын. Қараулардан шеккі, шенділерден тепкі көрсеңдер, салып ұрып маған келіңдер. Сықитып тұрып жазамын арызды. Қалам ақы алмаймын. Қызметім тегін.

ЖАҢАЛЫҚШЫ

♦ Әркімнің өзіне оңтайлы сөзі болады. Үйреншікті, меншіктелген. Біреулер жау қайдалаған одағай тіркеске, енді біреу екпіндісіне үйір. Тымырайған тырсылдақтар қотыр шалыс тікенектеуіне тіл үйіреді. Ісік кеуде бүйен көкіректер сызданған зілдісіне сүйенеді. Менің үйреншіктім заман ыңғайына орайласқан «не жаңалықтан» келеді. Осы күндері аяқ басқан сайын жаңалық. Оны білмесең, өмірге ілесе алмай шеттеп қаласың.

— Ауылда не тіршілік?

— Әлгі пермер ше, Қоқымбай?

— Иә, иә, оған бірдеңе боп қалып па?!.

— Қорықпаңыз. Соның елудегі әйелі егіз ұл тауып...

— Тапса табатындай еді қатыны. Семіздіктен шайлап қалды деп еді. Қалай туды екен егізекті?

— Соған менің де таңым бар.

— Тағы не жаңалық?

—Бөкебай сараңның бір үйір жылқысын ұрылар айдап кетіп...

— Оған сол керек. Құдайын ұмытып кетіп еді.

— Айтпақшы, біздің жақта иттер кісі жарып жатыр.

— Құтырған ғой, құтырған...

Бұл ақпар ауыл арасының жеңіл хабарлары. Әншейін, жаяу жаңалық. Шет жұрттардан кеп жеткен сыбыста жік жоқ. Бірін де құтқармауың керек. Өйтпесең заманға ілесе алмай, жолда қаласың. Мисыздарға бәрібір, өзен өртеніп жатыр десең де селт етпейді. Құдай сондай кешелерден сақтасын. Мен деген елгезекпін, сыбыс-сыбырға оң иығымды беріп тұрамын. Содан да сөзімнің біссімілләсі «не жаңалық бардан» басталады.

— Жақсымысыз, Түкесі?

— Әйбатпын.

— Не жаңалығын бар?

— Ашқанымды ма?

—Осы күні кім жаңалық ашып қарық қып жатыр дейсін. Естігенінді айтсан да жетеді маған.

— Жаңалық аштым десем сенбеймісің сонда?!

— Қалтаң жұқа. Бәрібір ол ашқан жаңалығың өзіңе бұйырмайды, — дедім еш құйтырқысыз.

—Неге бұйырмайды? - Түктібай жерлесім тез тұтанатын әдетіне бағып, шырт ете қалды. — Мен елде-күнде жоқ озғындыққа қол жеткізген екенмін. Оны ақшалы біреу қымқырады екен. Қарай көр-ей өздерін?! Ақымақты тапқан?!

— Долларға қызығып, біреулерге еншілетіп жібере ме деген сақтығым ғой, — деп жайып-шудым. — Қане, табысыңнан бөліс. Өзіңе тиемел. Мен тек жұртқа жайып сүйіншілеймін.

— Онда тыңда, - деді Түктібай жерлесім барынша маңызданып. — Сен деймісін сыбыс құмар. Біз деген жаңалық ашамыз. Жай ғана жаңалық емес, озғыны. Елдігімізге ірге тас болатын, жақсылар мен жайсаңдардың

мерейін үстем ететін, басшылардың беделін биіктетін ғажайып жаналық! Біліп қойғын, жігітім! Менің ізденісім қара дүрсін емес, заман сұранысына жауап беретін, ата заңымызға қайшы келмейтін, дәйек-дәлелі тұжырымды ғылыми ойға негізделген соны да бірегей жаңалық. Так что, жігітім, бұдан былай менімен байқап-байқап сөйлесетін бол. Саған ілесіп халықшыл болғандағы жетіскенім шамалы. Ел жанды, жер жандымыз деп көкіп! Сонда атымыз тарихта қаладыны шығарған сен емеспісің? Ендігі заманның нысанасы басқа. Тарихта қалам десең депутаттыққа сайлан. Министр бол. Саясаттану ғылымына сүбелі үлес қос. Бизнеспен айналысып, бағыңды сына. Қалтаңды ақшаға сықа. Сонда сенің жолың ашық. Ендігі жерде жер бауырлаған «отаншылдарға» түк те тимейді. «Тілім, дәстүр-салтым» дегенің де құр сандырақ.

Ойланып қалдым. Жазығым жаңалыққа жаршы боп, халықтың көзін ашқаным ба?! Әпәзитсиада болсам, ел-жұртыма жаным ашығаны. Билік тізгінін ұстағандармен жағалассам сыбайластыққа, жемқорлыққа қарсы шыққаным. Құлқын құмар өңеші кең өкімдердің шылауында жүргенше, мойныма қыл шылбыр салып қылғынып өлгенім артық.

— Ал тыңда! — деді Түктібай жаңағыдан бетер қоразданып. — Ашқан жаңалығымды, ғылымға қосқан соны үлесімді ескі көйлек жерлесім сенен жасырып, бұлдағаным керт басыма лайық емес,

—Е, бәсе, біздің Түкең екі сөйлемесе керек! — деп астына көпшікті қалыңдата түстім. — Ашқан жаңалығыңа, озғын еңбегіңе қосалқы иегер болайын. Жерлесімсің ғой ескіден келе жатқан.

— Алдымен мен ашқан жаңалықты халыққа жеткізіп санасына сіңіресің. Жан-тінін қалмай жүгіргіштейсің. Еңбегіңе қарап, күн уағында көре жатармыз.

—Ойланып көрейін, — деп солқылдақсып едім, Түктібай қолыма құран ұстатып, мәселені келтесінен бір-ақ қайырды. Түктібайдың ашқан озғын жаңалығын насихаттаудан бас тартсам, онда мені құран атады.

Ұстамауым керек еді құранды. Енді маған шегінер жер жоқ. Өліп-талып бар қайратын жұмсап жазған еңбегін, ашқан жаңалығын парақтардың алдында Түктібай епте кекіреңдеді. Түсінікті тілмен айтқанда, қоразша қоқиланды. Одан дүрдиді. Тапалдау еді, көз алдымда еңсесі көтеріліп, қапсағайлана бастады. Пендешілік ой келді маған. Бұрындары мұндай ерекшелігін қалайша байқамағанмын?! Мына сабазыңның ойы да, бойы да биік екен-ау өзі. Бет құбылысында да өзгеріс бар тәрізді. Маңдайы жазық, ақыл тоқтайтындай екен. Қабағында аздаған кейіс бар. Онысы жұрт қамын ойлағандық шығар. Үнемі қыдырыстап, кісінің іші мен сыртын тінткілейтін ұры көзі байырқалап байсалдылыққа бейімделгендей ме?! Бұрын байқамаған екенмін. Бас бітімі де келісті. Қазан бас пен сопақ бастың қосындысына келеді. Ауқымды.

Ширыға түсті ол. Дүрдиіп арыстан жалданып алған, әшейін. Кенет тырқылдап күліп ала жөнелгені.

- Хе-хе-хе-хе-хе! Ойбай, шегім-ай, том-том кітап жазып, тарихта қалам деп шала бүлініп!.. Алда есіл желге ұшқан еңбек-ай!

- Күндеймісің?

- Мүсіркеймін, аяймын сені!

- Не себепті?

- Себептен бұрын салдарын, нәтижесін білген жөн, — деп ол сұқ саусағын өңменіме қадады. — Жалпы, сендер қалам ұстағандар тым асыра шашпа дарақысыңдар шеттеріңнен. Әсіресе дәп сенің жазғаныңның мән-мағынасы сұйық. Келістіремін деп сөйлемді шұбалтып... одан сөз ойнатып, әлекке түсіп... Мәселе сөзде емес оқиғада. Жазғаныңның мазмұны қою болғаны ұнайды оқырманға. Мен сен тәрізді мылжыңбай жазғыш емеспін. Тоқ етерін айтып қарап отырамын. Еңбегімнің салмағы да сол ерекшелігінде. Сенікі құр сөз, қимыл жоқ, қозғалмайды бір орыннан.

- Жарайды, сенің-ақ айтқаның болсын, - дедім кәдімгідей-ақ қиналғансып. — Жазғандарымды

жариялаудан бас тартамын. Сол ма саған керегі?! Өзің не бітіргендейсің?

—Бірдеңе бітіргесін ғой, әйтпесе сенде нем бар? — деп нығыздалды ол. — Жазғаным, ашқан жаңалығым мүлде соны. Өзгенің ізін басудан қаштым. Адам аяғы баспаған құз-қиялы шатқа, тым-тым биікке сермедім құлашты. Сен деген көшірмешісің ғой!

Меселім түсіп, бетім қайтып қалды. Түктібайдан ықтайын дедім. Расында, бұл сығыр ғажайып жаңалық ашқан-ау тәрізі! Үндемей жүріп үйдей еңбек жазып шықса, оған енді нендей дау айтарсың. Сырты жұқалаң келгенімен ішінде жатқан екен-ау бар маңызы.

—Айта қойшы, - деді Түктібай күлмеңдеп. - Қай әріп пәрменді?

—Меніңше, «А» қарпы.

Түктібайдың ұнататыны — «Х» боп шықты. Дау өршіді. Бүткіл әлемнің әміршісі Алла қайда қалады? Анадан ардақты кім бар. Ең мағыналы: абзал, ардақты, ақыл, адал, сөздері де «А» қарпінен басталады.

Түктібай қасарысты. «Х» әрпінің кереметіне халықты мысалға алды.

—Халыққа ең жақын кімдер? — деді ол көзін ежірейтіп. — Сенбісің әлеуметтің қамқоршысы? Қияли шатпақпен жұртты бұзатын. Арбайтын.

—Елім деген ойшылдар, отаншылдар, ақылмандар мен әлімдер, халық қалаулылары депутаттар, — деп шұбыртып ала жөнелдім.

—Бөсесің-ау! — деді ол шұғыл ширығып. — Көпшілікке, қара тобырға, барша жамағатқа сүйеніш-тірек қамқоршы басшылар емес пе? Билік тізгінін ұстағандар емес пе? Оның ішінде әкімдерді бөле-жара атаған абзал. Олар болмаса сәтсиәлизмнен кәпитализмге шұғыл ойысқан қара тобыр шашылып қалатын еді ғой. Солардың, әкімдердің көрегендігінің, алысты болжайтын кемеңгерлігінің арқасында тәуелсіз ел болып есімізді жидық. «Әкім бол, халыққа жақын бол» деп бекер айтылмаған. Тобырдың көш

басшысы да, кеменгері де әкімдер. Ел басымыздың саясатын дұрыс ұстанып, халыққа жеткізуші солар. Сен тәрізді жел көкірек пәтриотсымақтар әкімдерді аяқтан шалып, сүріндіруге құмар. Ішіп қойды, жеп қойды деп, парақор жегіш деп күн көрсетпейсіндер. Сендердің, әсіресе жазғыштардың, жазушысымақтардың, ақынсымақтардың пиғылы жаман. Сары уайымшыл, көткеншек шеттерінен. «Әкімдер халықтың дұшпаны» дегенге дейін әйгілеп, басшылықтың беделін түсіруге бардыңдар. Біле білсек біз басшылықтың беделін көтеруге жұмылайық. Әкімдерді өзін-өзі қорғайтын адвокат көпшіліктен қашатын бұққыш торғайдай әккі жоғарыдағылардың тыңшысы деп жақпайтын бәлелерің жоқ. Осыларың адамшылыққа жата ма?!

— Тоқ етерін айтсаңшы, — дедім шыдай алмай.

—Былайша... — деді ол барынша маңызданып. — Менің ашқан жаңалғымның, қаузап жатқан еңбегімнің мән-мағынасы тереңде. Әкімдерді ардақтауды бүйірінен қоямын. Бөжекейге айналған сүйкімсіз мағына беретін «әкім» атауын сөздік қордан шығарып тастап, оның орнына «хакім» сөзін қолданысқа енгізуді ұсынамын. Бұл тақырыпқа докторлық зерттеу жазып шықтым. Тұжырғанда былай — бүгінгі өтпелі кезеңде ел билігін ұстағандар жай ғана әкім емес, хәкім. Хәкім болатыны — олар шетінен оқымысты, кең қолтық кеменгерлер. Алысты болжайтын саясаткерлер.

Ойланып қалдым. Түктібайдың бұлтартпас дәлелді пайымдауына қарап, өз-өзімнен жатып кеп қуыстанайын. Расында, осы күні «әкім» десек: жегіш, парақор, қомағай деген анықтама олармен қабаттасып жүреді. Тамыр-таныстыққа жол беріп, кәрупсияны қоздырып, ел дәулетін сүйек құртша жеміріп жатқан солар деп қисынсыз кінә тағамыз. Соның салдарынан тілімізде бар - байырғы билік атауы, терең мағыналы «әкім» сөзі негізгі мәнінен айрылып, аларман, қомағай деген тікенек сөзге жақындап барады. Осы қолайсыздықтың алдын алып, әкімді хәкімге өзгерту расында қисынды-ақ.

— Бұныңа қосыламын, — дедім шарасыз мойындап. — Сонда билік басындағылар хәкімдікке лайықты ма?

— Неге лайықты емес? Басқаға бас қатырмай-ақ өз облысымыздың атқа мінерлерін көз алдыңа әкелші. Кемеңгер Мұрттыбаев саясаттану ғылымының докторы. Оның бірінші орынбасары Көмірбек Шахтербаев экономика ғылымының кандидаты. Облыстарды былай қойғанда, аудан әкімдері де шетінен ғылым кәндидаттары. Мәселен, біздің ауданның басшысы ауыл шаруашылық ғылымының кәндидаты. Сол әкімнің ғылымға берілгендігінің арқасында ауданымызда мал саны жылдан жылға мыңғырып көбейе түсуде. Солай жігітім, бүгінгі ел билігін ұстағандар шетінен ғұлама.

-Оған дауым жок,- дедім Түктібайды амалсыз қоштап. — Сонда әкімият хәкімият боп өзгере ме?

— Енді қалай? - деп ғылыми еңбегінен үзіндіні жатқа оқи бастады.

—Хәкімдерге тіл тигізген, оларға қисынсыз жала жауып, «обыр», «қылғытпа» деп таңбалаған сумаң қол жазғыштардың тіке саусағын қырқып тастайтын құқық еркіндігі болуға тиісті. Хәкімдерді дәріптеп кітап жазу — жатпай-тұрмай қолға алынын, оған қаламы желісті өзің тәрізділерді жаппай жұмылдырған абзал.

Ол барып-барып зорға тоқтады. Мойындамасқа амалым жоқ, Түктібайдың бұл ашқан жаңалығын. Мен тәрізді кәсіпсіз қалғандарды пайдалы іске жұмылдыратын болды деп қуандым.

Іле кірістім. «Хәкімдерім, ақылгерім» деген дастан жазып шықтым бір деммен. Газеттер таласа-тармаса жариялап жатты. Қаламақыға да жарыдым. Ұмытқан едім ғой жазу-сызудың ақысын. Есесіне Түктібай досым «Жаңалықшы» деген атақ алып, мәртебелі болды. Маған да ермек табылды. «Ел тұтқасы — хәкімдер жасасын» деген кітапқа кірістім. Келешекте Түктібай жөнінде жеке еңбек жазбақ ойдамын.

БАЙҚА, БАЙҚАП БАС

♦ — Немене-ей, танауыңды көтеріп?

- Қуаныштан ғой, қуаныштан.
- Жұмысқа тұрдын ба?
- Қайдағы жұмыс.?! Бас киім сатып алып...
- Байқа, жігітім.
- Не байқайтыны бар? - Шырт еттім анаған. - Жөндеп киінгенімді де көре алмаймысың?

Ол суық жымиды да, бұрылып кетті. Келесі танысымнан да жылы сөз ести алмадым.

- Жөн-ақ, — деді ол құндыз бөркіме әуестікпен тесіліп. — Қымбатына ұрынған екенсің. Байқасаңшы. Байқап жүр.

Қуыстандым қапелімде, танысымның қамқорсыған екі ұшты сөзіне. Нан тауып жерлік жұмысқа қолым жетпей жүріп, бас киім жаңалап нем бер еді?! Еңбекпен қамту орталығына бас сұққанымда, томар бас Мұсабай бастықсымақ: — Жаман әліне қарамай құндыз бөрік киеді-ей мынауың?! — деп ернін шүйіргенде, жарылып кете жаздадым. Оған мінез көрсетуге шамам қайсы?!

- Бар, көше сыпыр! — деді дүңк етіп. — Байқағайсың, жігітім. Өлімсектенбей жан-жағыңа қарап сақ жүр. Білдің бе?

Сыпырғышты қолыма зорға алдым. Қимылым шабандап, кежегем кейін тартатындай. Көңілім алаңытты аяқ астынан. Томар бас Мұсабайдың табалағаны есімнен кетер емес. Сыпырғышты атып ұрып, кәсіп іздесем қайтеді деген ой келді. Олпы-солпы киінген жүдеңсіген жадау сықпытымнан қорынатынмын. Не жөні түзу қызметке қолым жетпей, не жөндеп киіне алмай, итінумен күн кешкен кор тіршілік еңсемді көтертпей иығымнан басып, езіп жанши бергесін де адамда құн қала ма?! Үйге барсаң балаларың қолдарын жаяды нан қайдалап. Жасына жетпей кемпір беттеніп, ажарын жоғалтқан әйелімді аяп тағы жұқарамын. Байшыкештердің үйін сылап, кірін жуып

тапқан болмашы табысын балалардың үстіне жапсырады. Қара торының әдемісі еді. Қақтаған балықша қатып-семіп барады. Мамандығы есепші-тін. Шот қаққанда көз ілестірмейтін. Дара шаруаның заманы туды да, шеттеп қалды қаптаған қара тобыр. Менде басынан тұрақты мамандық жоқ еді. Қара жұмыстың адамымын. Қой да бақтым, сиыршы да болдым. От та жақтым. Соған енді қол жетпей тұр. Көше сыпырушылықтың өзі уақытша ғана. Томар бас Мұсабай ығыстырып жіберсе, оған да зарсың.

Қимылдадым барынша. Сыпырғышка жан біте бастады.

- Әй, Бөгеш! — деген дауыстан бойымды тіктедім. Жалпақбай құрдасым екен.

—Бөркің құтты болсын! — деді жанасалап өте беріп. — Байқа, жарқыным, байқағайсың.

Сүйкеншіктік әдетінде жоқ оның құйтырқысыз ескертпесі жүйкемді сүйкеп өтті. «Бұлардың менде не жұмысы бар? Бас киімсіз жалаңбас жүруім керек пе сонда? Қараптан-қарап інімді жазғырдым. Келіншегіме кейідім. Бас киімді сатып әперген бауырым-тын. «Ки!» деп жанымды қоймаған әйелім еді. Қайтсін-ей, жаны ашығаны ғой маған. Тозған ескі малақайымды пештің көмейіне жытырып жібергенін өз көзіммен көргем. Енді міне екінің бірі жөн айтады. «Байқағайсың!» дегеніне жол болсын! Кезінде мен де жаман әліме қарамай шалқақтағанмын. Ішпесті ішіп, киместі кигенмін. Енді ғой заманның амалына қарай: жаман атқа жал бітсе жанына торсық байлатпастар шығып... талтаңбайлар дараланып... Қарай гөр өздерін?! Олардың ғой, талтаңбайларды айтам да, жүрген-тұрғаны сөлекет емес, бәрі жарасады. Ашық-шашық жүре береді. Дөкей-сөкейлерің шетінен алғыш «парақор» деуге аузым бармайды. Әкім-сәкім, сот-мот, кеден-меден, пәлисейлерің, қыл аяғы менің төбемнен қарайтын томар бас Мұсабайдың өзіне дейін дәметкіш. Жымқырғыш шетінен. Алмаса, қалталарына доллар салмаса, ұйықтай алмай қиналатын көрінеді. Басқаны білмеймін, Мұсабай соққан менен бірдеңе алғысы келгенде, ұйқым қашып жүр

деп емеуріндейді. Аздаған қаражаттан ауысамын сосын. Өліп-талып қолым зорға жеткен бөркімді сұрап қала ма деп қыпылдаймын. Енді қалай, соның арқасы ғой епте жұмысқа ілігіп жүргенім.

Оқыс шыққан дауыстан жалт қарадым.

— Көше қожайынына жалынды сәлем! — деп кәдімгі ішкіш Бозабай. — Басың жөнделіпті. Аяғың келіспейді екен. Ал батырекесі, жумаймысың сусар бөрікті.

— Айдың аяғына шыда, - деп жалтардым қолма-қол.

—Оған дейін бармын ба, жоқпын ба? — деп қолын түңіле сермеп, теріс бұрылды. - Байқа, байқа! - деді ұзап бара жатып. — Есіңде болсын, сен екеуімізге тыраштық жараспайды.

Көшеден көңілсіз оралдым.

—Аман-сау келдің бе? — деп жұбайым жұмсақ жымиды. — Дос-дұшпанға таба боп жүрме. Алдымда не бар деп, аяғынды байқап-байқап бас, жарқыным.

Зекіріп қалдым әйеліме.

—Жап аузынды! Менің көргенім осы ғана деймісің?!

Жым болды байғұс. Есесіне алаңыттым. Ұйқым қашты. Тар төсекте дөңбекшумен зорға түгестім қыстың ұзақ таңын. Көзім іліне береді де, самбырлаған дауыстан селт етіп оянып кетемін. Дәл құлағымнын түбінен «байқа, байқалап» тұрғандай ма әлдекімдер?! Күндіздің өзінде жарғағымда тұрады әлгі самбыр. «Байқа-байқа! Алды-артыңа қарап аяғынды аңдап бас».

Қос үрей халдегі мен жүз таныстардан ықтайтынды шығардым. Кезіге қалса жалт беріп жөнелемін жылдамдата басып. Артымнан әлгінің: «Байқа, байқалаған» табашыл үні талып жетеді құлағыма. Бас киім құт болмады. Осылай дейін десем, әйелімді аяймын. Бір жағы, оған іштей ренжулімін. Ескі малақайымды отқа жағып, жаман ырымға басқаны осы қырсыққа ұшыратты мені.

Ұйқыны ұмыттым. Ішкен-жеген жұғар емес бойыма. Қайғысыз қара суға зармын. Бұрын ат құрсақ едім, жарауым әбден келісті. Бас-аяғы екі-үш аптаның ішінде

ішім қабысып, көзім шүңірейіп өлесі халге жеттім. Басқалар былай қалып, енді «байқа-байқаны» өзіме-өзім айтатынды шығардым. Сонымды аңдаған Бипаз: «Өзге сөз құрығандай, «байқа-байқаң не?» — деп ескертті. «Дерттімін, – дедім тікесінен. - О заман да, бұ заман бас киімді отқа тастағанды қай атаңнан көріп едің?»

Бипаз төменшіктеді. Оған да уайым кірейін деді ме, менімен қосыла күрсініп, қосыла үніледі. Енді «байқа-байқаны» екеулеп айтатынды шығардық. Аузымды буып жақ ашпасқа тырыссам да, әлгі бір сүйкімсіз сөздің езуімнен жырылып кеткенін бір-ақ білемін. Үйдегі әр мүлік, қыл-аяғы аяқ-табақ, қасық-шанышқыға дейін «байқа-байқаны» қайталап тұрған соң, сордын жеңгені емес пе? Көшеде тіптен үдейді әлгі самбыр. Табиғат аясында да жаңғырығады мені мезі еткен сүйкімсіз сөз.

Содан Бипазбен ақылдаса келіп, сусар бөрікті базарға шығарып сатпақшы болдым, есебі табылмады. Бірдеңе-бірдеңені сату үшін еп керек екен. Күлкі болармыз деп тартындық бас киім саудалаудан.

Ұйқым қашты да, көше сыпыруға түннен шықтым. Пәнерден жасалған жеңіл күрек пен қараған сыпырғышты иығыма артып, жылдамдата басып келе жатқанымда, оқыс тиген соққыдан жер сүзе құладым. Есім ауыңқырап барып, созалаңдап зорға түрегелдім. Күрегім бір жақта, сыпырғышым бір жақта. Аман екен, олардан айрылсам құр қол қалғаным ғой. Бөркімді ең соңынан жоқтадым. Қарауындай қарадым. Көк желкеме жұдырығын төндіргендердің қолтығында кеткенін ішім сезе қалды. - Барсын, — дедім еш өкінішсіз. — «Басқа келген пәледен бастан құлақ садаға». Бас киімім жоғалғанымен басым өз орнында. Құдай бассыз қалғаннан сақтасын.

Солай жарандар, байқамасақ бассыз қалатынымды мен пақыр маңдайым тасқа тигесін бір-ақ білдім ғой. Аюға намаз үйреткен таяқ демекші, енді бұдан былай алдымда не бар деп байқап-байқап басатын шығармын.

ТҮКТІ ДЕ БІЛМЕППІЗ

♦ - Білмедік қой, білмедік!

— Нені?

— Түкті де. Миғұламыз барып тұрған.

— Қой, жаман ырым бастама. — Досымды сабырға шақырдым. - Заман оңалды. Еркіндік алдық.

— Білем ғой, білем.

— Білсең несіне таусыласың?

— Өкінішім өзегімді өртеп барады. Текке жүріппіз ғой, бауырым-ау!

— Әлі де кеш емес. Қосыл дүрмекке, — дедім Сармақты жұбатып. — Сына бағынды.

—Ой, досым-ау, суымыз қайтып қалды ғой, суымыз! Деген отыз бен қырықтың арасында киліккенімізде, сен де, мен де құмардан шығып... Несін айтасың, еркін көсілетін едік.

—Ер жасы алпыстың, — деймін оған. — Дер шағың.

— Болмайды, болмайды! — дейді ол жыламсырап. — Көріңде өкіргір кәмөнестердің істеп кеткені!..

—Өткенді құстаналағаннан түк шықпайды, — дедім оны сабырға шаққырып. — Кетті біржолата оларың. Оңалып келеміз. Соған шүкір дейік.

— Жай кетпеді ғой оларың. — Сармақ мырс-мырс жыласын. — Санамызды улап, жүрегімізді мұздатып тастаған. Өзгені білмеймін. Менің сөзім нүктелерім мүлде өшкен. Өзіңдікі ше?

—Ептеп сезінемін бірдене-бірдеңелерді, — деймін мен.

—А, онда сенде тіршілік бар екен, — деп Сармақ маған жаман көзімен қарады. — Біздер ғой партия қатарына таласа-тармаса өтіп жатқанда сен қу шеттеп едің. Әліптін артын бағыпсың-ау.

—Енді қалай? — деп қасқана кергідім. — Сәуегей емеспін бе? Жаңа заманның келетінін ертеден-ақ білгемін.

—Сонда маған неге сездірмедің? — деп Сармақ жамандай бүлініп, өз басын өзі қойғыштасын. - Бала күнімізден бірге жүрген қияметтік дос емес пе едік.

— Шет жағалатқанымда тындадың ба?

— Ә, солай ма еді, менде онда көз жоқ-тын, — деп ол сабасына түсе бастады. — Кәмөнезімнің кең сарайын қайтсек тезірек бітірсек деп... Ес-түсіміз қалмай... Еліріп...

— Еліргендер жетісті ендігі.

—Соны айтам да, соны! — деп ол балаша кемсеңдеді. — Көр соқыр екенбіз. Ештенесінің иісі мұрнына бармаған.

— Мәселеңки?

— Мәселеңді қайдам, өмірге ілесе алмайтынима көзім жеткесін ғой. Әйтпесе сары уайым сапырып нем бар. Бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз.

— Е, сүйдесеңші.

— Ой, сөзің бар болсын!

Сармақ сарнауын шындап жалғастырды. Таяуда ол қалашылап келген. Кәсіпкер нағашы інісі қаланың келбетімен таныстырып, ойын-сауық орындарына апарыпты. Казино, түнгі ойнақ, ләззатхана орындарын көрсетіп шыққан.

— Ғажап екен! - деп тамсанды ол. - Шығай-ау, білмеппіз ғой білмеппіз. Өмір қалада екен, қалада! Біз әшейін ауыл-ауыл деп босқа отырмыз қу медейенде. Елбасымыздың, қазақтар-ау, бауырларым-ау, қалаға орнаңдар дегені нағыз жаны ашығандық.

—Иә, иә, содан кейін? — дедім, мені бір әуестік билеп. — Саунаға түсіп, сұлуға арқаңды ездіріп, түнгі ойнақта емін-еркін сайрандап, казинонық қызығына кенеліп, құмардан бір шыққан шығарсын?

— Несін айтасың? — Сармақ досым басын шұлғып-шұлғып қойды, Әйбат әншейін, кәрама! Нағыз сайранның не екенін білмей кеппіз.

—Кірістің бе емін-еркін? — дедім дегбірімді тауысып. - Еріте кетпеген екенсің мені.

— Соған өзім де өкіндім. Бір-бірімізді демеп... жүрек тоқтатып дегендей... сәті түсетін бе еді. Қанша дегенмен сен мендей емес, үнем созарсың. Икемдісің әр неге.

—Малтаңды езбей, тоқ етерін айтшы енді өзің! - Немді

айтам, Шығай-ау, немді айтам? - деді Сармақ босаңсып. — Білмеппіз. Білдірмепті ғой зымияндар. Өздері ғана шалқып... Қара халықты қуысқа тықсырып...

- Шыққан жоқпыз ба қуыстан? - деп Сармаққа зекіріп тастадым. - Құдайға шүкір, өз қолымыз өз аузымызға жетіп, дербестік алып... Қайда еркіндік? Жолымызға көлденең тұратын ешкім жоқ.

—Соны айтам да соны! - деп Сармақ бір айтқан сөзін қайталай беретін әдетіне басты. — Көрінде өкіргір, Совет өкіметі қара халықты езіп жаншып, құлданып...

—Қой, олай деме! — деп Сармақты сабырға шақырдым. — Кедейдің өкіметі еді ғой Сәбеттер Одағы. Оқытып қолымызға бір-бір пәпке ұстатты. Жазығы сол, адамша өмір сүріндер, тәртіпті болындар деді. Ызынағабармаңдардеді. Қанағатшыл болуға шақырды. Өле жегенше бөле жендер, байлықадамды бұзады деді. Жалғыз бір кемшілігі, жіберген қателігі демократияға жол ашпады. Бұзылып кетесіңдер деп шет жұрттарға қадам бастырмады. Сауданы жек көрді. Меншікті тұмшалады. Дүниеқоңыздықты әшкереледі.

— Сонда өмірде бізге нендей қызық тиесілі?! — деді Сармақ райынан қайтпай. - Бармақ басты, көз қыстысыз өмірде не қасиет бар?

- Кетті ғой оларың! Қалдық қой! — дедім дауыс көтеріп. - Мейлің, біліп жүрген жоқысың шалқып? Не жетпейді енді саған?

- Сол қасқыр ойнақ, қыз ойнақтарыңа икеміз болмаса, күлкіге қалсақ ше? — Сармақ сыңар езулеп қояр емес. - Сорлатып кетті ғой Советің! Қазармалық сәтсиәлизімнің тар шеңберінде ұйлықтырып... қойша иіріп...

- Өй, оттаған неме! — дедім оны түтіп жіберердей боп. — Кеңестер Одағынан садаға кет! Сенің мына былыққан лас заманың Сәбет өкіметінің тырнағына таттырмайды. Жетісесің әлі! Көрешегің алда!

— Білмейсің Шығай, білмейсің! — деді ол манағыдан бетер қынжылып. — Жай кетпеген соларың. Кәмөнестерді

айтам да. Жарымжан жартыкеш етіп... сүтін сезімдерімізді өшіріп тастаған.

- Дәлел келтір, — дедім, айналшықтап бір сөзін он рет қайталаған Сармаққа деген ызамды шарасыз тежеп. — Сенікі ізінді жасырудын амалы. Өтірік мүләйімсуге жаның құмар.

- Жарайды онда, жақсылап тында мені, - деп байсалды әңгімеге көшті. — Осы жолы барғанымда ғой шатылғаным. Нағашы інім қояр да қоймай ләззатханаға алып барды. Алдымнан жарқ етіп шыға келген ару көзімді суыра жөнелсін. Жас мөлшері он сегіз-жиырмадағы бойжеткеннің ашық-шашық денесі бір түрлі қолайсыздық тудырды маған. Шегіншектеп кетуге бейімделдім. Қыз сұңғыла ма қалай. Мені өзіне тартудың амалы ғой деймін, алдын ашып жіберді. Көзімді жұма қалдым. «Ағай, ұялмаңыз, — деді ол жұмсақ үнмен. — Сізге мен қызмет көрсетемін. Арқаңызды сипаймын. Көңіліңізді өсіріп, жаныңызды жайландырамын. Жастық шағыңызды есіңізге түсіртемін».

Жүрексініп тұрмын. Мана осында бас сұғарда, арқа-басым жыбырлап моншаның ыстық буын аңсағандай едім. Содан айрылып қалдым. Құтты бір мүрдеханада тұрғандай-ақ түршігіп кеттім. Қарсы алдымдағы жартылай жалаңаш қылымсы кебінін сүйреткен өлі әруақтай көрініп, алдамшы емес шырмауындағы мен көзімді жұмып алдым.

- Ағай, мені танымай тұрмысыз? Көршіңіздің қызы Күнбикемін ғой, — деді қылымсып. — Ақшам таусылып қап... Осында тіркелгенмін. Сабақ арасында кеп тұрамын. Ұялмаңыз, ағатай. Демократия дегеніміз осы. Бүгінде біздің елімізде секс революциясы жүріп жатыр. Әр саналы жан бұл дүмпуге араласып, өз үлестерін қосуға тиісті. Мен де, сіз де ұялғанды қойып революция жолында өзімізді шынықтыруымыз керек. Бұлғақ құрбандықсыз өтпейді. Сіздер өмір сүрген қоғам мейлінше әділетсіз, адам құқығы мен бостандығын шектеген қытымыр бопты. Ойнап-күлме, тек жұмыс істеуді ғана біліңдер, сонда коммунизмге тезірек

жетеміз деп коммунистік рухта тәрбиелепті сіздерді. Бұл деген, адам құқығын қорлағандық. Байыма, ләззатқа батпа, алқыма-шалқыма дегеніне жол болсын! Өздеріңіз көп айтатын қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда табиғат шебердің жұмыр басты пендеге бұйыртқан тән тұшынысы емес пе? Қазақ бабаларымыз тегін айтпаған. «Жақсыны жатқа қима» деп. Сіз тартынғанмен бәрібір мені өзгелер жұмырлайды. «Кетер қызды көріп қал» дейтіні қайда. Ұялмаңыз, ағатай. Уақытты текке кетіріп аласыз. Сізден басқа да кезегін тосқандар бар. Соларға қызмет көрсетуіміз керек. Ауылды сағынып жүр едім, сізді көріп мауқымды басып қалатын болдым. Келіңізші! Болыңызшы!

Ыстық демі бетімді шарпыды. Сондада илігер түрім жоқ. Тамырым байланып мүлде шиленіп қалғандаймын. «Ағатай-ау, болыңызшы! — деп үздікті қыз, — сізге ауылда жүргенде де қызығатынмын».

Жазған құлда шаршау бар ма, көзімді ашып жібергенде, тыр жалаңаш денені көріп шалқамнан бір-ақ түстім.

—Содан кейін ше? — деймін оны әрі аяп, әрі әжуалаған табашыл ниетте. — Бірдеңе еткен шығарсың?

—Қайдағы?! — Сармақ ал кеп өкірсін. — Көріңде өкіргір кәмөнестердің істеп кеткені ғой! Өмірге икемсіз ғып... тіршіліктің дәмін алдырмай... татымсыз бірдеңе-бірдеңелерімен алдандырып...

Оны зорға уаттым. Ақ жүректігіне ішім жылыды. Әуестікпен сөйлете түспекке түртпек салдым.

—Казиноға бас сұқтың ба?

— Кірдік қой.

—Картаға икемді едің, ұтқан шығарсың?

— Ұтқанда қандай! Алдым ат көпір боп үйіліп қалды долларға. Ақ сирқ қып сыпырдым шетінен.

— Ой, жаса Сармағым!

— Иә, саған?! Жасағанды көресін қазір, — деп ол тағы бір шатақтың шетін шығарды. — Жігіттер, мен кетейін енді. Бала-шағамды, ауылдағы жоқ-жітікті қуантайын. Мына ұтқан ақшаға соларға мол қып базарлық апарайын дедім.

Өздері бір айналып кетейіндер екен. Түк қарсылық жасамады. Қошеметпен шығарып салды. Ұтылдық-ау деп ойларына кіріп те шығатын емес. «Мұндайда шеккен де керек» деп қалтама салып жатты шылым тәрізденген бірдеңені. Ақшасы түскір есімді алып, нағашы інімнің қайда кеткенін де естен шығарып алабұртқан есірік халде таксиді тоқтатқанымша болмай, бұзықтардың қоршауында қалдым. «Ұтысыңыз қайырлы болсын, — деді маска кигендер суық сызбен. - Есеп айырысайық. Сізден бізге тәбәрік».

Таксиге тыйын таппай дағдарған мені нағашымның су жұқпасы кеп қолтықтады. «Қайтайық, Сармақкөке, — деді ол асты-ұстіме түсіп. — Ұтысыңызды біреулер қағып кетіп жүрер». «Тапсырдым оныңды», — дедім шарасыз қиналыспен.

—Кімге?

—Иелеріне...

Күмілжіді ол. Қаладағы тәртіпсіздікке кінәлі өзі сияқтанып тұрғанына кешіріммен қарап: «Тәуір шылымыңнан әкел, — дедім қападар екенімді жасыра алмай. — Ішім жанып барады».

Нағашымның жылмақайы мұндай сұңғыла болар ма: «Сіздей ауылдың қараңғы қазақтары «шеккенді» білуші ме еді», - деп кергіді.

—Обалымыз кеткендерге. Ауылды жазғырма, онсыз да оңып жатқан жоқпыз.

— Шексеңіз бәрін де ұмытасыз. Мынадан бірер сорсаңыз, көзіңіз шырадай жанады.

— Қалдығын өзіңе, жаңағы айналып кетейіндер сыйлағанды көрейін, — дедім.

— Міне, жаңа икемге келдіңіз! — деп ол қарық боп күлсін-ай. — Ауылда жатып алып, түктің иісі мұрындарыңа бармай... жабайыланып кеткенсіндер. Шынайы тіршілік, сайран өмір қалада, ағасы.

Үндей алмадым. Есесіне «айналып кетейіндер» сыйлағанды бұрқыраттым. Шылымнан жұмсақ көрінді де,

еліге сорғыштадым. Сорған сайын алдым кеңіп, көгілдір мұнар көмкерген кеңістікте құсша қалықтап бара жаттым. Астамсып кекірейген адамдар шайтан көзденіп, қараңғылықты жарқылдағымен тініткілеген мәшинелер легі, асқақтап шекесімен аспан тіреген үйлер — бәрі-бәрі табанымның астында жаншылып қалғандай. Нағашымның сумақайын да көзге ілмей,.құлашты кен тастап адамдардан қара үзіп биіктеп кете бардым. Толған айдың дидарын алақаныммен бір сипап өттім. Жұлдыз біткенді сыпырып-сиырып қалтама тоғыта бердім, тоғыта бердім. Басыма ғажайып ой келіп, ертеңгі күні о дүниеде керек боп қалар, осы бастан таныса берейін деп пейішті іздемеймін бе жеті көктен. Жарықтық сәнді екен, мен мұндалаған қызылды-жасылды жарқылымен өзіне шақырып тұр. Сырты әйбат болғандықтан, ішіне де кіре кетейін деп ентеледім. Есік көзінде тұрған періштелер қошеметтеп төрге шығарды. Ойым әріде. Пейіштің хор қыздарына көз сала бастадым. Үзіліп тұр. Нәп-нәзік. Құмырсқа бел бұраң бөкселері де, аршын төс алма мойындары да, бойшандары да бар. Бірінен-бірі өтеді. Мәгнитше тарта жөнелді, әйтпесе пейіштің хор қыздары атана ма. Біздердегідей шайпауы, дүрдік ерін ұрысқағы, кергіме кесірлісі, бәлденуден жалықпайтын тотайы ырымға жок. Еркек сыйлай білетін есті екен шеттерінен. Кісіге еміне елтіп үздіге қарағаны — жүрегіңді тіке балбыратып жібереді. Заманның амалынан ба, адыра калған ауылдың қайғысынан ба, ішіп-жемі әбі-тәбі күн көрістің төмендігінен бе, өзгені білмеймін, өз басым жігітшілікті ұмытқанмын. Бәлкім, Шығай сен ондай халде емес шығарсың. Біткен едім ғой мен, біткенмін деп жүргем. Құдай қосқан қосағым Дәмдігүл де тартпайтын. Бір көрпе астында жатқаным болмаса, оны әйел деп сезінбейтінмін. Оған деген ынтығым Кеңестер Одағымен бірге кеткендей көрінетін. Басқаға көз салу деген, сені қайдам, менде жоқ басынан. Жігітшілікке берілгендерді жиналысқа салып сілкілеп, басымен қайғы ғып қоятын еді ғой. Біткенмін десем орынсыз екен оным. Өзімді босқа төмендетіп қор

қылыппын. Ақыл-парасатым, дене қуатым, құмарлық аңсарым, сүйіспеншілік ынтызарым — бәрі бір жанымның терең түкпірінде бұғып жатыпты. Құштарлық сезімдерім оқыс тұтанғанда, «айхой, жиырма бес» есіме түсіп, пейіштің хор қыздарына тап берейін. «Сәке, Сәкесі, сабыр — сабыр! Таңдаңыз біреуін алдымен», — деген таныс үн құлағыма шалынды. Періштелердің бірі ме десем, нағашымның кәсіпкер ұлы екен.

— Біз қайда тұрмыз осы?!

— Ләззат үйінде. Түнгі ойнақтын ең бір айтулы ордасында тұрмыз, — деді тоқпақ жіліктей ғана толыкша жігіт тұла денесімен селкілдей күліп. — «Қуыс үйден құр шықпа» деген емес пе. Бір сұлуды жұмарлаудың реті кеп тұр сізге. «Сенің-ақ айтқаның болсын, - дедім еш іркілмей. - Әлгіңнен әкелші. Сорайын. Сұлулар қашпас...»

Сармақ манағыдан бетер бүлінді. «Білмедік қой, білмеппіз, нағыз өмірдің не екенін?! Айналма болған қойдай бір орыннан ұзамаппыз. Санамызды коммунизмнің соқыр елесімен улап мәңгүрт қып тастаған. Еркіндік алсақ та содан әлі арыла алмай жүрміз. Сен де, мен де, біздің жеткіншектеріміз де...»

— Нендей қайран бар оған? — дедім Сармақтан дәмеленіп. — Үлкен жерден, бас қаладан оралдың. Бұрынғыдан гөрі сауатын ашылып қапты. Бір амалын тапсаңшы.

— Оған бас қатыратын түгі жоқ, — деп, Сармақ нық шешімін салтанатпен мәлімдеді. — Көшеміз! Қалаға орнаймыз!

—Жо-жоқ, айта көрме! - Шоқ басқандай ыршып түстім. — Көз ашқалы ауылдамыз. Атамекеннің киесі ұрып жүрер. Ата-бабаларымыздың қорымынан, әке-шешеміздің сүйегі жатқан туған ауылдан безгенде не барқадар табамыз? Шығар биігіміз қайсы?

— Биігің не-ей, сенің? — Сармақ көзін ежірейтіп, жұдырығын танауыма төндірді. — Жұмақты көріп келдім мен, жұмақты!

— Жұмақ о дүниеде емес пе? - деп қасақана қарсыластым онымен. - Ойынын ба десем, расын ба?!

—Ауылды қиып кету маған да онай емес жер ортасына келгенде. Заманына қарай адамы деген ғой бұрынғылар. Бүгінімізді ойлайық та. Кешегі кер заманда кеткен есемізді қайтаратын сәт енді келді, - Сармақ байыпты нұсқау тастады. — Ойлан Шығай, ойлан. Шылқа майға батамыз. Қатып семген сезімдерімізге қозғау түсіріп, құмарлыққа жол ашамыз. Шеккенді де, әбіскенді де өз басымыздан өткеріп өзегімізді жібітіп балқимыз бір!

Осы жана ғана шала бүлініп өткенді қарғап-сілеген Сармақтың оқыс шешімі мені де ойландырып тастады. Дүрмектен қалмайық дегені құптарлық. Жанашырлық. Қайтсем екен?! Үйдегі кісіге ақыл салатын әдетіммен: «Бәйбішеммен ақылдасып көрейін», — дегенім бар емес пе. Сол-ақ екен Сармақ құрдасым тарқылдап күліп ала жөнелгені.

— Ойбүй, бақырана байғұс-ай! — деп қолын сермеп-сермеп жіберді. — Пейіштің хор қыздары қол бұлғап кел-кел, тезірек жет деп тұрғанда, кемпір-сампырын, ней, сенің?! Кәрі қатын аяққа оралғы. Қалсын ауылда. Ал біз қалаға...

Үтылып қалдым Сармақтан. Көзі ашылайын депті. Қой болмас, жиналайын. Сіздер де қамданыңыздар. Жұртта қалмай тұрғанда...

БІЗДІҢ КІСІ

♦ Ол да кезінде «біздің кісі» атанған. Кеткенді айтамын. Өлімшінің өзі-тін. Мынаған, біздің кісіге, кәбинетінің кілтін бермей, одан мөрді жоғалтып, мәшинені міне қашып... Қайтсін-ай, он жыл дәуірлеген әкімгерліктен сыпырылып қалу оңай деймісің. Даладай кеңсе қалды, жайлы орынтақ қалды. Қаптаған байланыс құралдары қалды. Бәрінен де есік көзінде отыратын қайнаң көз хатшы келіншектін қалғанын айтсаншы. Қия алмаған оны. Содан да ғой айналшықтағаны.

Маған керегі келген. Келген бастықтың қабағының ашық болғанына қуандым. Мәселе қабақта емес. Кеткеннен көрдік қой сан қоқайды. Не есігін, не қабағын ашпай, қыжымырланып діңкемізді құртып бітіп еді... Қабылдау бөлмесінде отыратынмын сағаттар бойында. Жалғыз мен емес, басқалар да отыратын. Оның қкабылдауында бір-ақ рет болғаным бар. Бір-ақ минөтке ғана. Кірдім де шықтым. Дидарын көргенге мәзбін. Жақ ашпайтын күніне тап болыппын. Тілін көрсетті де қойды. Тіліне теріскен шыққан екен.

Мына дөкейің, келген бастығымыз, айтары жоқ, кең қолтықтың өзі екен нағыз. Өтінішпен келгендерді қайткен күнде қабылдайды. Мен тәрізді бастықтың алдын көрмей шерменделікпен іш құса болған пақырларыңның құдайы жарылқады. Неше рет келсем, сонша қабылдайды. Жал бітейін деді маған. Дүрдиіп жүре жауап беремін кейбір қырыс қабақтарға.

— Қайдан келесін-ей?

— Үлкен үйден.

— Қабылдады ма?

— Қабылдағанда қандай!

Әбден шер көкірек боп қаппын. Бара беремін, барған сайын кіремін дөкейге. Бұрынғыдай кіруімнен шығуым тез емес. Сағаттар бойында отырамын үлкен кісімен шүйіркелесіп. Жасы кіші болғанмен лауазымы жоғары, содан да ғой «үлкен кісі» деп жатқаным. Үлкендікке жеткізсін оны, жағы түспей жамандық көрмесін. Бар ынты-шынтым сонда. Анық үш күн онымен жүздесе алмай қалсам құлазып бітемін.

Өзі де бір сүйкімді азамат. Мінезі қандай. Елпелектеп асты-үстіңе түсіп, бәйек болғаны жаныңды семіртеді. Сәл жылдамырақ сөйлейді. Қимылы ширақ. Қызметті беріле атқаратынына тәнтімін. Кемшілікке төзбейді. Үстелді шымыр жұдырығымен түйгіштеп-түйгіштеп жібереді. «Сұмдық қой мынау, кеткен кісілерің бүлдіріп біткен» деп күңіреніспен мәлімдегенде тіке жүрегім уылжиды. Қыбым

қанып, жаным сүйсінеді. Қарамағындағы бағынышты жұртын суық сызбен құрсаулап жаншыған бұрынғы мықтыға деген өшпенділігім қайтадан бас көтеріп, құдайдың өзі бере салған мынаған, су жаңа бастығыма телміріп, оның әр қимылын қалт жібермей бағамын да отырамын.

Екі күннің бірінде жиналыс. Жиынды басқарғаны да өзгеше. Сөйлейді дейсің. Кеткеніміздің аузынан екі-ақ сөз шығатын. «Балтай-шалтайды білмеймін, так што жұмыс істеу керек...» Келгеніміздің келістіріп сөйлейтінін айтамын да. Мақалдап-мәтелдеп, ақындардың өлеңін жатқа соққанда, аузымыз ашылып еліге түсеміз оның әр сөзіне. Оған деген сүйсінісімізде шек жоқ. Әсіресе менің. Мен де сілтеймін құлашты. Кеткеннің бүлдіргенін тізбелеймін, келгенді келістіре мақтаймын. «Кім-кімге де есігі ашық. Аузын ашса көмейі көрінеді. Жанның бәрін жан тартады. Алаламайды. Бәрінен де жұмысты беріле істейтінін айтсаңшы!»

Сайлау да кеп жетті. Тоқсан тоғыз пайызбен топ жарды біздің кісі. Оның сенімді өкілі болғантынмын. Мәртебем өсті. Зейнет жасындағы адамға жылы қабақтан артық не керек. Екеу ара байланысымыз нығая түсті сайлаудан соң. Көрінбей жүрсем, өзі іздеп тауып алады да, қасына отырғызып қояды. Сағаттар бойында тапжылмаймын. Жалықтырмайды. Іскерлігінде қапы жоқ. Келіп жатады, кетіп жатады. Алдына келгеннің шаруасын тындырмай жібермейді. Тындыра алмаса көңілін аулайды мүсіндердің. Онымен қосыла мұңаяды. Қисынды жерде жылап та жібереді. Сонда менің де жүрегім елжіреп кетеді.

Алдына келгендерді: «Мына кісінің кім екенін біліп қойыңдар», — дегеніне тәнтімін. «Бұл кісі атақты адам. Жазарман Жалпақбаев ағамыз. Оңы мен солы бірдей, өлең мен қара сөзді қосарлап төгілдіреді...»

Күндер өтіп жатты. Менің сүйіктім, біздің кісі қырыққа толыпты. Өлең керек.

Болмасты болдырған,
Келместі келтірген.
Елім деп елтіген.
Таймаған сертінен.
Жігіттің жампозы.
Ақ маржан әр сөзі...

Барып-барып тоқтадым. Жалықбас Өлерменовке арнаған тақпағым дүйім жұртты елеңдетті. Іскер басшыға деген көпшіліктің көңілінде титтей де татау жоқ. Шылымшыларды тежеген. Шарап ішіп, шатылатындарға рахымсыз. Қарамағындағы төмен етектілерге көз салу әдетінде жоқ. Әйелімен ғана болады. Ала жіп аттамайтын адалдығына баршаның көзін жеткізейін дегені ме, анда-санда мешітке бас сұғады. Пайғамбарымыз Мұхаммед саллола ғалайкісәламнын хадистерін жатқа соғады. «Басшылық алланың жердегі көлеңкесі» деген пайғамбар сөзін әр кез аузынан тастамайды. Соған қарағанда жоғарғы лауазымнан да үмітсіз емес-ау «біздің кісі».

Күндердің күнінде Жалықбас Өлерменов біздің үйдегі келініңізді мақта деп тапсырма берді. Жаздым сықитып тұрып газетке. Кызыма өлең шығар деді. Шығардым. Ұлымды дәріпте деді. Дәріптедім. Келе-келе аталарымды зертте деп өтініш жасады. Кірістім құлшына. Бабалары бай-бағылан бопты шетінен. Аузынан жыр төгілген ақындар да шығыпты бұл атадан. Тілмар шешендері де табылды. Тек батырдан шола боп шықты бұл әулет. Найза ұстап жауға шапқан ер жүректері жоққа тән. Ретін келтіріңіз деп өтінді. Нұсқау берді. Орындадым. «Жалықбас Өлерменовтың тоғызыншы атасы Жанкешті. Руда жоқ айтулы батыр болған. Жоңғарлармен шайқаста топ жарып қалмақтың Ботанай деген батырын жекпе-жекте тіке жарып тастаған. Абылай ханның оң тізесінен орын алыпты. Хан жау қолына түсіп қалғанда Абылаймен зынданда бірге жатқан. Бармақ дос екен қолбасымен...»

Еңбегім еш кетпеді. Бірден іліп әкетті жаңашыл басылымдар. «Ойбай, қазақтың тағы бір батыры табылды!

Керемет бопты. Кешегі кеңестік империяның шаңдағына көміліп елеусіз жұрт қалыпты».

Біздің кісі мәз. Астыма ат мінгізді, иығыма шапан жапты. Алмаймын деп жік-жапар болдым. Сендей елжанды іскер басшыға азын-аулақ енбегімді бұлдағаным жөнсіз деп арылдым.

Достығымыз жалғаса берді онымен. Жиналыс сайын сөйлетеді. Ел аралағанда қасынан қалдырмайды. Айына бір мәрте қонаққа шақырады. Ақ майға бөлеп тастайды. Сен же, мен жеден кекірігім азып, қоясы бар итше имеленděп зорға оңаламын.

Айтпақшы, дәрежем өсті. Ақсақалдар алқасының төрағалығына сайлатты. «Көсем шал» атандым қартайғанда. Еруліге қарулы, біздің кісінің батыр бабасына бір көше атын беруге жанымды салдым. Қаланың орталық көшесінің біріне Жанкешті батырдың аты берілді.

Бұл жолы біздің кісі мырзалық танытты. Қалтама доллар салды. Тумысымда шет жұрттың ақшасын ұстағаным осы еді, көк қағаздан бойыма жылу тарағандай жүрегім дүрс-дүрс соғып, қантамырларым кеңіп сала берді де, мыңқы-тыңқы көңілсіздікті көкірек қуысымнанқуалады да шықты. Басыма сан ой келіп, санам сандақтана бастады. Қиялым құсша талпынып қоя берге басты. Жұмыс істеу қабілетім төмендеп семе бастаған миымда шұғыл өзгеріс болған сияқты. Қуаты артып баяғы саңлақ қалпына келгені байқалады. Көңілім шыт жаңа қалыпқа түскендей ме. Шіркін, көк қағаздың қуаты-ай! Төрт-бес жапырағының өзі көңілімді аспанға шығарды. Миллиондап доллар уыстағандарға кінə жоқ екен. Кешірімді олардың ілгерілі-кейінді жүрісі. Болмашы тиын-тебенге жарылқанған менің өзімде нардың күші бар қазірде. «Не тапсырасын? - дедім біздің кісіге аузымнан қағынып, — Орындауға әзірмін!»

«Ой, көсем шалым-ау, сол! — деп қарық боп күлгенде қабинетті жаңғырықты. — Біз деген оңай адамды қолтықтамаймыз. Кісі танимыз ғой, кісі танимыз...»

Жексенбінің сәтінде қыдыртты мені. Айтуға ауыз да

бармайды. Әлгі, не деуші еді, көнілшектер үйіне ат басын тіредік. Жұп-жұмсақ алақанның жылуына елтіп кәйіп боп жатқаным есімде. Одан соңғысы көрген түстей. О дүние есігін ашыппын. Пейіштің хор қыздары кезектесе қасиды арқамды.

- Кірісіңіз, — деді ол арада төрт-бес күн өткенде, — Батыр бабамыздың бейітін іздеп табуымыз керек. Соған сізді басшылыққа аламыз. Аузыңыз дуалы. Сөзіңізде өтіріктің иісі де жоқ. Атыңыз бар. Қаламгерсіз. Кітаптарыңызды жұрт іздеп жүріп окиды. Тарихты сізден артық білетін бұл төңіректе ешкім жок.

«Жазамын» дедім елігіп. «Жазуға ірге тас негіз керек, — деп мұртын копсытты біздің кісі. — Халкымыздың сан ғасыр армандаған ізгі мұратына тұяк іліктіріп тұрғанда кимылдап қалуымыз керек. Темірді қызған кезінде сок деген атам қазак».

Сүйсіндім оның ауқымды пікіріне. Текті адам асығын осылай шиырса керек қой. Пах-пах аңғарлысың-ау, сабазым!

Сәрсенбінің сәтінде жолға жиналдым. Қоржыным толық, жол азық жетерлік. Астымда су жаңа иномарка. Түйе табан арқар кеуде, омырау соқ жүйрігі барып тұрған. Тау-таудың қолтық-қойнауын тініткілеп, жыра-жықпылды сүздім. Атам заманғы кәрі бейіттердің бірін қоймай адақтадым. Кәрі құлақтардан сұрадым. Ілімділердің пікіріне ой жібердім. Мұрағат ақтарғыштап тарихи романдарды қайта оқыдым. Қызды-кыздымен көрші елдердің қоймасына қол салдым. Ешқандай дерек байқалмады. Моласы тұрмақ Жанкешті деген батырдың өмірде болғандығы жөнінде із қалмаған.

Біздің кісі жолға шығарып сап тұрғанда, бір сырдың ұштығын шығарып: «Сіз бабамыздың басын нұсқайсыз, біз құптаймыз. Қалай да табасыз», — деген.

Итім шықты. Айлап сапарда жүрген адамда қайбір жағдай болсын. Елсізді шарлап діңкеледім әбден. Біздің кісінің бетін не деп көремін. Жүдеп-жададым.Ұйқым қашты, көрер таңды көзіммен атырып жүрдім. Жүріп-жүріп

кеп елсіздегі жалғыз молаға ат басын тіредім. Бейіт көрнекті екен. Жанкешті батырдың күмбезі деп ауыз толтырып айтуға тұратындай. Кім де болса аруақты адам. Әп деп аят оқи бастағаннан-ақ қарлығыңқы даусым ашылып, үнім зорайып шыға келгені. Жаттап алған төрт-бес құран сүресін ағыттым кеп. Жүйе-жүйем босап, көзімнен төгілген жас жыра-жылғаны бойлап аға бастады. «Уа, пақырым, сенде жазық жоқ, рухыңа қиянат жасап аруағыңды қорлағаным үшін кешіре гөр, күнәһар ұрпағынды! Қазақ байғұс алыс-жұлыс, атыс-шабыспен өткізген ғой бар ғұмырын. Біресе қалмақ шыққан қоқаңдап, одан жармақтар жабысты жағаға. Жан — құдайдікі, мал — бас садақасы. Бәрінен де ата қонысымыздан шеттеткені батты. Одан отарлады. Құлданды. «Орыс ойына келгенін істейді» деуші еді үлкендер. Ақ боп, қызыл боп өзді-өзі қырқысып, патшасын тақтан аударып, көсемсіген жанкештісіне құрық беріп... Ақырында кім бай, кім текті, солардың тамырына балта шауып... Онымен қоймай ортақтасындар деп күштеп... Малдыны жер аударып, малсызды құтыртып атқа мінгізіп, ақырында талғажаусыз сорлы қазақ ауа көшіп, көше алмағандары тау-тастың арасында аштан қырылып, енді-енді ес жия бастағанда халық жауысыңдар деп марқасқаларымызды мылтықтың қарауылына іліктіріп атып тауысты. Содан, күндердің күнінде, алланың әмірімен бостандыққа шықтық. Тәуелсіздік алдық. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Соның әуселесімен жүрмін ғой. Әйтпесе атам заманғы кәрі молада нем бар?! Кешіре гөр мендей қараусыған ұрпағынды! Есіміңді өзгеге бұйырып, сүйегіңді қорлағаным адамшылыққа жатпайды».

Жол серігім өзге ұлттан еді. Менің шала бүлінгеніме таңданып:

— Неге жылайсыз? - деді.

— Бабамыз Жанкешті батырдың бейіті ғой.

— Ата біздің дөкейдің аталары ма?

— Дөп түстің. Сол кісінің тоғызыншы бабасы Жанкешті батырдың сүйегі осы молада жатыр.

— Кәраматтай батыр ма?

— Орыстың Кутузовынан бір де кем емес.

Жолсерігім басын шайқады. Мақұлдағаны еді.

Мен жылауды жалғастыра бердім. Есім ауғанын осыдан-ақ білерсіңдер. Әбден талып ұйықтап кеткен екенмін. Сауыт-сайманмен құрсанған батыр қылышымен түртіп: «Қапа болма. Мен қазақтың Жанкешті деген атақты батырымын. Осы қорымда жатырмын, тоғызыншы ұрпағым Жалықбасқа айта бар, бақ қонып қыдыр дарысын. Басыма күмбез тұрғызыңдар».

Ояна келсем, түсім екен. Бозқасқалап түрегелдім. Серігім шошып кетті.

— Што-што?!

— Штон өзіңе. Батыр маған аян берді.

— Аян деген не?

— Сөйлескенский, батасын бергенский.

— Браво!

Шүйіншілеп жеттім шаһарға. Бара құқақтадым біздің кісіні. Онда ес қалмады, мен боса-болмаса.

Іле күмбез көтерілді. Маңғыстаудың ұлу тасынан тұрғызылған мазар күндік жерден мен мұндалап тұрды. Атағы Жәкемдікі, машахаты менікі. Ақ бейіттің иесі Жанкешті батырдың ересіндігін дәлелдеп жаза-жаза діңкеледім. Батыр да сол, әулие де сол, тілмар шешен де сол дегізіп төпей бердім, төпей бердім. Дарынды да алымды Жалықбас Өлерменов батырдың кіндік ұрпағы дегіздім.

Батырға ас берілетін болды. Біздің кісі не айтса соны орындауға дағдыланған мен пақыр енді шежіре жазуға отырдым. Жанкештіден тараған ұрпақтарды тізбелеп шықтым. Өмірде болған, бірақ та аты-жөні белгісіз аталарын қайта тірілтуге тура келді. Батыр — бес ағайынды екен. Төртеуі кіндікті де, Жанкешті батырдын ұрпақтары селкеу. Жіңішкере-жіңішкере кеп біздің кісіге кеп тоқтаған. Ақылдастым онымен. Әріден ойлайтын іштілігіне баққан ол: «Егерки батырдан мені, менің туыстарымды ғана таратсаңыз онда өзгелер дау шығарады. Ер-тоқымдарын

бауырына алып тулайды. Бәрі-бәрін Жанкешті бабамнан тартыңыз».

Солай еттім. Бұрын бес ағайындымыз, бес рулы елміз деп күпілдейтіндер мен нұсқалаған шежірені оқи сала даурықсын кеп! Алты ағайынды екенбіз. Бәріміз де алты ата ұрпақтары Жанкешті батырдың кіндігінен тарағанбыз деп бір ауызды бола қалды. Қоштағанын айтасың, бір-бірінен сүйінші сұрасып, мәре-сәре боп жатты.

Ас ойдағыдай өтті. Абыройы Жалықбас Өлерменовтың еншісіне тиді де, маған жұрт алдында оқалы шапан бұйырды.

Осымен «ух» деп бір тыншыдық. Бұрлығып қалыппын. Бір жеті бойында ұйқыдан бас көтермедім. Мысықша пырылдадым да жаттым. Сілтей беретін едім ұйқыны, кемпірім дәрігер шақыртып тамырыма сергітетін сұйық жіберіп, зорға деп оятып алғаны ғой.

Дегенмен, бетім қайтып қапты. Дөкейдің алдын көргім жоқ. Болмады. Мәгниті тартты да тұрды.

— Келдіңіз бе?

— Келгеннің қадірін білсең, келдік батырекесі.

— Шаруа көп, бастан асады.

—Көмектесіп көрейін. Сіз үшін тауды теңсеуге бармын, — дедім өз-өзімнен елігіп.

—Тауға тиіспей-ақ қояйық. Бабамыз Жанкешті батырға атағына сай таудай ескерткіш орнату керек боп тұр.

— Атадан ұл туса сендей боп тусын!

— Ендеше соны дәлелдеп шығыңыз.

—Қайтіп?!

—Өз қолыңызда емес пе. Сықитып тұрып кітап жазасыз.

Сонымен қадірлі оқушым, кітап жазуға отырған жайым бар. «Тілеп алған аурудың дауасы жоқ» деген осы. Өзім ғой ұрлаған. Десек те досқа опалы болғанға не жетсін. «Жанкешті батыр» делінетін төрт кітаптан тұратын трилогия жазуға кірістім. Алла қуат беріп, аруақтар қолдаса жиырма бірінші ғасырдың алғашқы оңдығында аяқтап қалармын деген үмітім бар.

Айтпақшы, кеткенді ұмытып барады екенмін. Өз арамызда жүр оның. Жоғарылаған. Қыжымыр Кержікбаев мырза. Тым паң кекірлеу еді, сөйтсек ол да текті атадан екен ғой. Арғы бабалары Жорғабай би атаныпты.

Дегенмен, менің де асығым түгелденіп қалды. Сендерден несін жасырайын, біздің ата атақты Жанкешті батырдың нағашылары еді деп шежіреге енгізді. Алда-жалда біреулер Жәкең екеуіміздің достығымыздан жең ұшынан жалғасудың ізін тапса, нағашылы-жиенді едік деп жалтарамыз.

IV

Нақылдар Ой орамдары

Қаламмен ойнау қауіпті. Онымен әуреленген не өзін, не өзгені жаралайды. Қаламнан алған жарақат шилі келеді, сүйекпен бірге кетеді.

***

Қалам ақымақтың қолына тисе, көсеуге айналады. Ақылдының қолында, ақ найзаның кейпінде. Досқа сілтенбейді, жауға жұмсалады.

* * *

Ымырашыл білікті боп жарытпайды.

* * *

Арызданып мақсатқа жетем дегенше, іштен тынып буылып өлген қайырлы. Арыз жазудың да ығыты бар: төпей берсең өзінді жоққа шығарып аласың.

* * *

Саппасқа сабағаның дүйім емес. Шағымшыдан жақыны да ығысады.

Басшының, қосшысы дұрыс келмесе, халыққа ырыс келмейді. Қой семізі — қойшыдан, ел берекесі — басшыдан. Шала пісті — шалағайлығын өзгеге таңады. Надандық — бықсыған шала: не жанбайды, не сөнбейді.

* * *

Ұшқалақ сөз — ұшынды ас тәрізді: ауызға сын, немесе қауымға сын. Көпірме — мылжыңмен ағайындас. Сөзі мылжыңнан, ісі берекесіз сүйкімсіз. Жәдігөй — жаныннан бір елі қалмайтын тыңшы есепті.

Көпте ақыл неге болмасын — бастаушысы жөндем болса, елде береке неге болмасын, жаман жақсысын қолдаса. Елді жамандаған — есірік, жерді жамандаған — жетесіз. Ауыз байлық — кедейліктің жауы. Көтерімдіге таяу да салмақ түсіре алмайды. Ерегіске ер ғана шыдайды, ездің орны - бұқпалау. Есті есінегенше, есалаң елге танылып үлгереді. Сары уайым — сасып кеткен ас сияқты. Жомартқа жорға құтаймайды. Екі дегенге бір деме, нөлмен қорқытады. Өлермен — өлгенше өзім деумен өтеді. Көпшілдің — көңілі көл. Өзімдікі жөн дейтіндер ойда жүріп те тауға шіренеді. Жемқордың жегені жемтік болса да, женттей көрінеді өзіне.

* * *

Тауықты тауға шығарсаң да іздейтіні дән. Парақорға ісің түссе, қалтаңды қағар; сырғытпаға ісің түссе, әуреге салар. Жалқауға жалынсаң, жарты күні зая кетер. Өсекшіге — сиырдың өкіргені де таңсық. Ішкішке жұғыссаң, бір жарты алдырар; мылжыңға жұғыссаң, жолыңнан қалдырар.

* * *

Әнді мансінбей айтқан әншінің тәкаппарлығынан өткен сорлылық жоқ. Шынайы әнші — жақсы әннің құлы. Өр көкірек — тауға да танауын көтергіштейді. Көрсе қызар — көлеңкеңе де қызығар. Күншіге күлгенің де түрпі. Көзсіз

қызғаныш - көрге тығады. Сыбысшыл — сыбырыңнан да сыр ұғады. Құлқыны жаман — құдашыл. Өзін мақтаған — өркендемейді. Өзіңді мақтағаның — өшкенің, өзгені мақтағаның өскенің. Әңгүдік — айқайласа да ән салдым деп алдаусыратады өзін. Ақкөңіл жыласа, аяр дауыс қояды. Қолпаштың қойнында тас жүреді. Әйел кесірленсе — ерден қағылады, ат жерігіш келсе, жемнен қағылады. Досыңды отбасында емес, қос басында сына. Асыңды ішкеннің бәрін дос санама, тоқтығы басылғансын ұмытып кетеді.

* * *

Сарғайтып берген асыңнан,
Мезгілімен ішкен көже артық.
Бағасы қымбат торғыннан,
Арзанға түскен боз артық.
Ықылассыз берген сәлемнен,
Бас изескен көп артық.

* * *

Ақыл қожыраған жерде, бос ділмәрсу үстемдік алады. Ақылды басшы — ұқтырады, айқайшыл бастық — бұқтырады. Баланы күлдіруге әуес мұғалімнің айтары тапшы. Мысықты еркелетсең — алдыңа жатады, балаңды еркелетсең — табысыңды шашады.

* * *

Әлем — жұмбақ, шешуі оның табылмас,
Алла — біреу, жаратқанның бары рас.

* * *

Есалаңды есірке де есіңе ал,
Сумақайдың суық қолын кесіп ал.

* * *

Алдыменен өзіңді жең — сал тезге,
Ақылыңа қарауыл қой әр кезде.

* * *

Жұлма гүлді қызықтап, өт қасынан,
Сұлулардың сипағандай шашынан.

* * *

Тәтті сөйле, молаяды сауабың,
Қисық сөзге түзу келсін жауабың.

* * *

Намыстыщан ақыл үркіп қашпайды,
Шын арлыны алла есіркеп коштайды.

* * *

Ит мінезді адамдар бар қабаған,
Қаш пәледен, бұрылып кет сен одан.

* * *

Қыздың ары, елдің ары біліп қой,
Қыз қорғаған нағыз жайсаң жігіт қой.

* * *

Сенімсіздік көбейтеді дұшпанды
Өзіне де сенбей өтер ит жанды.

* * *

Еркек иттің едіреңі, есердің «ехелесі» таусылмас.

* * *

Ақыл — сүзгі, қыл-қыбырдан арылтар,
Асығыстық — жоқ іздетіп сабылтар.

* * *

Тіршілік — қозғалыстар үйлесімі.

* * *

Өлім — мәңгілік азаттық.

Әйел ішсе, көрпесі ашылар, еркек ішсе, табысы шашылар. Түлкі мінезді бұлаң құйрықтарды көргенде, тазы мінезді алғырлар еске түседі. Жылқы — бір беткей келсе, оппаға малтығар, адам — бір беткей келсе, дұшпанына алдырар. Жау жеттіге сырыңды ашсаң, өрісін өрт алды деп көптірер. Сұлу сөйлейтіндерден қашындар. Жарамсақ — қосшы боп жарытпайды. Сырғытпаның ертең келінен, болмайдының бас шайқасы қайырлы. Көлгірден күн де теріс айналады. Тұмсасынан жеріген тұсақ саулық боп жарытпас. Үндемей қабатын иттен, үндемейтін іш мерезден сақтан. Күншіл күліп тұрып та күл шашады жолыңа. Сатымсақтан сарқыт дәметпе, сыбаға бердім деп даулайды. Көкіректен көр де тіксінеді. Кеудемсоқтың аяғы төрде тұрғанымен, кеудесі есікке сыймай кептеліп жатады. Көре алмастар көрде де күнкілдесіп жатады. Жылқы шағыры — шәлкес келеді, адам шағыры — даукес келеді.

* * *

Кербез — тындырғанына емес, көзге түсіп көлбендегеніне мәз. Күншіл — күлгенінді де ерсі көреді. Шалды шал деп демеме, нар деп деме. Сары уайым — сасық су сиякты, не жуынып, не ішіп жарытпайтын. Махаббат — адамды сүюдің жиынтық ұғымы. Махаббат — жүрекпен емес, мінезбен ерекшеленеді. Мансап — сұлу әйел сияқты, емексітіп-емексітіп жолда қалдырады. Мансап — азғырынды; арбаса Отаныңды да ұмыттырады. Дәрежеге дәніккен Алладан да жоғары ұстайды өзін. Арсызға базынаң өтпейді - сылтауы судан да сұйық келеді. Екі жүзді — айнадағы дидарынан да айналып өтеді. Салмақсыған-ның бәрі салиқалы емес. Анасын аңыраткан Отанына лаң салғанмен бірдей. Туған жердің қара қоңызында да қасиет бар. Өз қонысыңның бақасын да сыйла. Бауырыңа бақан тілеме, ұштығы өзіңе тиеді. Сауысқан сұқтығынан жаңылса да, сақтығынан жаңылмайды. Жағымпаздың жаңғалағынан аяры қауіпті: өп-өтірік мүләйімсіп сеніміңе кіріп алады.

Ақылды бала әкеден озбайды. Шарап құмар шатақшылдың тәрбиесінде кінәрат бар. Дала — алып кітап, түсініп оқысаң - ұқтырары мол. Туған жерінді шөлейт деме, дұшпаның табалайды. Ішмерез - тастақты жол тәрізді, ізін басқаныңмен ішін ашпайды.

* * *

Опасыз пәни жалған бір-ақ күндік,
Кәрілік саған жетер әлі-ақ сырғып.

* * *

Қарттық - дәреже. Шалға шатасқан жараспайды. Кәріге кәрлен кесемен шай ішкен қол емес. Сұғанақ шал келініне сұқтанар. Кәрі төбеттің қапқаны жаман, кәрі адамның лаққаны жаман. Шал шатасса, жатты жағалайды. Үлкеннің үлгілісі үйден ұзамайды. Шарап ішпе. Жақсы ене келінін «жанарым» дейді, шайпау ене келінін «тажалым» дейді. Үлкендік — ұлықтық. Ұлыңа жағамын десең, қазымыр болма; келініңе жағамын десең, тамақсау болма. Әйелді тұлдырлап күйетін де, құлпыртып түзейтін де еркек. Әйелдің бір ақылы кем еркектен, керісінше бір уайымы артық. Жақсы әйелдің қабағында нұр тұрады, жаман әйелдің қабағында зіл тұрады. Жеңілтек әйелдің құшағында жылу болғанымен, жаққан отында қызу болмайды. Қылымсының ойраны үйде, сайраны түзде. Опалы ұрғашы — үйінде күң, түзде ханша. Жақсының жақсылығы сол — кемшілігін бүкпейді. Жаманның жамандығы сол — өзгені күстаналап ит дейді.

* * *

Жастық — мастыққа үйлеспейді; білім мастығы, ақыл мастығы, шынайы махаббат мастығы жарасады саналы жасқа. Жас адамға есерлік те жарасымды, есаланғдық кешірімсіз. Ой қуаты мен бой қуаты өлшеулі, бұл екеуін болмашыға ысырап ету — өкінішке соқтырады. Жас

адамға аңғалдық ерсі емес, нағыз ерсілік - өз шамасын білмеу. Нағыз шуақты махаббат отбасында, далада бастау алған сүйіспеншілік тал көлеңкесінде қалып кетеді. Ой шабандаса, кітапқа үңіл. Табашы — қабіріңе топырақ үйіп жатып та, «жайғадым ба, бәлем» дейді. Әсіре ширақ — түсінде де ширақтық танытады. Кісі — кісілігін бұлдап қабиетті бола алмайды. Нағыз жүйрік дүбірде ғана елігеді. Жаманның жалпышынан, жақсының ызбарлысы қайырлы. Өмір көргеннің бәрі өрелі емес. Досың сұрамшақ болса, бөктеріңшегің құтаймайды. Сараңнан тобық алма, сыбаған бердім деп даулайды. Туысың сұрамшақ болса, қотаның толмас. Қарғыстың ең жаманы — «балаңнан тап!» Бала жасында тәтті, өскен соң ащы. Акылды бала ата-ананы жауға бермес айбын, ақымағы — таусылмайтын қайғың. Болатын бала ата-анасын тыңдап өседі, болмайтын бала кері кетеді. Ішкіштің ішірткісі арақ. «Әкесі ішкен арақты - баласы баптап жаратты». Жалқау бала күнде масыл, есті бала айда масыл. Кім-көргенге жағынып өмір сүргенше, жан да таусыл. Жалтақ — жарамсақтың бауыры. Аталы сөз — арсыздың қыл бұрауы. Діндары көп ауылдың өсегі аз. Сөзі майданың көңілінде кір жатпас.

* * *

Ақының сыйламаған елдің ақыры оңбайды. Ақынның алды арынды; соңы жаймашуақ. Ақынды мақтасаң өлеңге жүгінеді, ішкішті мақтасаң дүкенге жүгіреді. Атың үркек келсе, тақымның соры; қатының жеңілтек болса, шашыңнын соры. Үнді айғыр үйірлі болмас, тойшыл жігіттің қотаны толмас. Құлқын құмар құлап жатып та бір асатшы дейді. Көре алмастың — түсіне енбе, бере алмастың — сөзіне сенбе. Күншілдің күлкісі де күңіреніп шығады. Жеңілтек қыздың — қылығы үйде, қызығы — түзде. «Ұлы кесір — ұйқышылдықтан, кіші кесір — күлкішілдіктен».

Мансапқұмар жорғалақ,
Жағымпаздан сақтасын.
Құлқыны кең тойымсыз,
Алымпаздан сақтасын.
Сөз тасыған өсекші,
Аярлардан сақтасын.
Жарғы бұққан жалтақай,
Қояндардан сақтасын.
Өп-өтірік елім деп,
Күпінгеннен сақтасын.
Іші — кірлі, сырты — сыз,
Ісінгеннен сақтасын.

МАЗМҰНЫ

I

ӘҢПМЕЛЕР

ШҮЛЕНГЕР....3
АТАМЕКЕНІН АҢСАҒАН ҚОЖАНАСЫР....13
КӨСЕНІҢ ХАНДЫ АЛДАҒАНЫ....19
АЛАШЕКЕ....29
ЖЕТІМ БҰРЫМ....46
АЙТӨБЕЛ ҺӘМ ГҮЛЗЕЙНЕП....62
БАҚТАШЫНЫҢ СОРАЙЫ ҺӘМ
ҰЗЫН ШАШТЫ ҚЫЗ....75
АҚ ПЕРІШТЕ....85
БІР НӘЗІК СЕЗІМ....94
ТЕКЕ ТОЙЛЫ....103
СӘУЕГЕЙ....108
АРАША....118
БОЙЖАЗУ....122
ТҮН....129
ТҰМАН....135
ПАЙДАКҮНЕМ....142

II

МЫСАЛ ӘҢПМЕЛЕР

АСТАМШЫЛ....151
КӨЛ ЖОҚШЫСЫ....152
ОПАЛЫ....155
ТҰРЛАУСЫЗ....155
СҮЛІК....156

ШЫРМАУЫҚ..... 158
ҚЫТЫМЫР..... 158
ЖАС ҚЫРАН.....159
КЕРЕНАУ..... 161
МАЗАСЫЗ ШҰБАР.....162
БҰҚҚЫШ..... 163
ИКЕМСІЗ БӘКІ.....164
ҚЫРСЫҚ..... 165
ГҮЛ МЕН АРУ..... 166
ЖЕЛӨКПЕ.....168
КӘРІ ҚАСҚЫР.....169
АЗҒЫРЫНДЫ..... 172
ЖАРАЛЫ СҰҢҚАР.....173
КЕУДЕМСОҚ.....175
ӨЗІМШІЛ БҮЙІ.....176
ҚОМАҒАЙ.....178
ТЫРАҚЫ.....180
ҮРГІШТЕР.....182
МАМЫРЛАҚ.....185
БОЛБЫРАҚ..... 186
ӘЛІМЖЕТТІК..... 188
ГҮЛ МЕН ТІКЕНЕК.....189
ҚЫРАҒЫ..... 191
СҮЗЕГЕН..... 193
АМАЛСЫЗДЫҚ.....195
ӨКІНІШ.....198
СҰҒАНАҚ.....200
СҮЛДЕР..... 202
ҮНЕМ СОЗАР..... 204
ҚЫЛЫҚ.....204
ДҮНИЕ ҚОҢЫЗ..... 206
ҚОҚИ.....208
СҰҒАНАҚ.....209
АЛҒЫШ.....210
ОПАСЫЗ.....211
ТАМЫЗЫҚ ПЕН ОШАҚ..... 212
ҚОЛШАТЫР..... 213
АҚТАУЫК.....213
КЕРЕКТАС..... 216
БҰЙРЫҚ.....217
ЖОРТУЫЛШЫ..... 218
ШИРЫҒЫС.....222

ҚАРАЖАРЫС..... 227
КӨМПІС.....229
БАТАГӨЙ.....231
ӘДЕТ..... 234
ЖАБЫСҚАҚ..... 235
КӘРТЕМІС..... 238
ЖҮЙРІК..... 240
ҚҰШТАРЛЫҚ..... 242
КЕКІР..... 246
МЕКЕН.....248
ДАҢҒЫРАҚ.....253
ІЗБАСАР..... 256
ТӘУБЕ.....260
ҰРЫС.....262
ЖҮГІНІС.....265
ТҮНЕК.....268
ТҰҚЫМ.....271
ЖҰП..... 281
ШАМА..... 283
ОРЫНТАҚ..... 285
САППАС..... 286
БҰЙЫРМАҒАН АТАҚ..... 288
ДАУ.....292

III

ШЫМШЫМАЛАР

АЙТАҚАЙ ЖӘНЕ МЕН.....295
ЖЫЛАУЫҚ НҰРҚАН 303
ЖОҚШЫ.....306
МЕН ҚАЛАЙ ЖАЗҒЫШ АТАНДЫМ..... 309
ЖАҢАЛЫҚШЫ.....312
БАЙҚА, БАЙҚАП БАС..... 319
ТҮКТІДЕ БІЛМЕППІЗ.....323
БІЗДІҢ КІСІ..... 331

IV

НАҚЫЛДАР, ОЙ ОРАМДАРЫ 341

ISBN 978-601-7074-13-5

Өмір
КӘРІПҰЛЫ

ТАМЫЗЫҚ

(Әңгімелер)

Баспаның директоры
Бейсенбай СУЛЕЙМЕНОВ

Редакторы *Б. Оңғарбай.*
Суретшісі *Н. Сергожаұлы.*
Корректоры *С. Ыбраева.*

Теруге 11.10.2008 жіберілді. Басуға 24.11.2008 қол қойылды.
Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$ Қаріп түрі "Таймс". Көлемі 22 баспа табақ.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2306

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.